

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Қ. Х. СӘТБАЕВА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ
2011**

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі**

**Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

Қ. Х. СӘТБАЕВА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**

Дәрістер курсы

**Қарағанды
2011**

УДК 342 (075.8)
ББК 67.400.1 я73
С 28

Пікір берушілер: Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті халықаралық және конституциялық құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор **С. К. Амандықова**; Қарағанды «Болашақ» университеті азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент **А. А. Нүкішева**.

Қ. Х. Сәтбаева
С 28 Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Дәрістер курсы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011. — 321 б.

ISBN 978-601-7231

Берілген дәрістер курсына Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының курсы жүйелі түрде баяндалады.

Тарихи құқықтық және салыстырмалы әдістердің пайдалануы барысында қазіргі қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңдері және оның негізгі заңда бекітілуі мәлімденіп, кеңестік конституциялармен және шет ел конституцияларымен салыстырмалы талдаулар жасалады.

Дәрістер курсына Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының, Қазақстандағы адамның және азаматтың құқықтарының, мемлекет басшысы мәртебесінің, оның Парламент және Үкіметпен өзара әрекеттері тәртібінің, мемлекеттегі конституциялық бақылау, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару мәселелерінің жалпы ережелері, олардың алдағы уақытта Қазақстан Республикасының заңдарымен, Республика Президентінің нормативтік актілерімен дамуы есепке алына отырылып, қарастырылады.

Оқу материалы конституциялық құқықтың күрделі курсын тиімді меңгеруге мүмкіндік беретін қарапайым және түсінікті тілмен баяндалған.

Аталмыш дәрістер курсы жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттарына, оқытушыларына арналады.

УДК 342 (075.8)
ББК 67.400.1 я73

ISBN 978-601-7231

**© ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2011**

1-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ

1. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы — ұлттық құқықтың маңызды саласы. Конституциялық құқықтың құқық жүйесіндегі орны.
2. Конституциялық құқық ғылымы, зерттеу тақырыбы және әдісі.
3. Конституциялық-құқықтық нормалар: мазмұндарының ерекшелігі, құрылымы.
4. Конституциялық құқықтың қайнар көздері.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ — ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ САЛАСЫ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы — бұл барлық құқық нормаларының біріккен түрін көрсетуші, Қазақстан Республикасының құрылысын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде, яғни конституциялық құрылыс негіздерін бекітуші, сонымен бірге жеке адамның құқықтық жағдайын, қоғам және оның құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін бекітуші Қазақстан Республикасының ұлттық құқығының маңызды саласы.

Осы берілген анықтама қандай нормалар өз мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының конституциялық құқығын құратынын білуге, қай норманың конституциялық құқыққа жататынын анықтауға көмектеседі.

1991 жылғы 16-желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң Республикамыздың мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялады. 1995 жылдың 30-тамызында қабылданған өзіміздің төл Конституциямыз — Ата Заңымыз мемлекеттік тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтты. Осы Негізгі Заңда көрсетілгендей «Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылады». Осыған орай

конституциялық құқық міндеті ең алдымен халық билігін қамтамасыз ету.

Конституциялық құқық өз нормаларымен қоғамның саяси жүйесін, халықтың өз билігін тікелей және өз өкілдері арқылы жүзеге асыруын бекіте отырып, Қазақстан Республикасында халықтың толық билігінің саяси негізін құрайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Конституциялық құқық өз нормаларымен Республика азаматтарының құқықтық жағдайларының негізін бекіте отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтар мен бостандықтардың иесі екенін көрсете отырып, Қазақстан Республикасындағы халықтың толық билігінің құқықтық негізін құрайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Конституциялық құқық өзінің нормаларымен Республиканың сан алуан меншік түріне негізделген экономикалық жүйесін бекіте отырып, (бұрын еңбек құралдарына социалистік меншік) Қазақстан Республикасындағы халық экономикалық негізі болып табылатын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Конституциялық құқық өз нормаларымен Республика азаматтарының әлеуметтік құқықтарын бекіте отырып, Қазақстан Республикасындағы халықтың толық билігінің әлеуметтік негізін құрайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Жоғарыда айтып өткендей, халықтың билігі Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатыннан көрініс береді. Міне, осы билікті жүзеге асыруда конституциялық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар пайда болады. Конституциялық құқық Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін бекіте отырып, халық өз билігін тікелей және өз өкілдері арқылы жүзеге асыратынын, мемлекеттік билікті жүзеге асыру құқығын халықтың қандай да бір бөлігі не ұйым, немесе жекелеген адам иемдене алмайтынын, Қазақстанның бүкіл халқы атынан билік жүргізуге өздерінің конституциялық өкілеттігі шегінде Республика Президенті мен Парламентінің ғана құқы бар екенін анықтайды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік халық еркін білдіретін мемлекеттік билік органдары арқылы жүзеге асырылады. Республикамыздағы мұндай органдар — Парламент және жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіндегі өкілді органдар, яғни мәслихаттар.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік оны заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципіне негізделеді. Соған сәйкес

мемлекеттік органдар өз өкілеттігі ауқымында дербес болады, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, өзара ықпалдасып іс-әрекет жасайды. Конституциялық құқық осы мемлекеттік органдар арасындағы қатынастарды өз нормаларымен реттейді.

Сайлау да мемлекеттік биліктің халық арқылы жүзеге асуының бір түрі, өйткені сайлау кезінде халық өзінің мемлекеттік билік органдарын құрады, мемлекет басшысын яғни Президентті сайлайды. Сайлау барысында азаматтар мен мемлекет органдары арасында, депутаттыққа кандидаттар тіркеу жөнінде аймақтық сайлау комиссиялары мен қоғамдық бірлестіктер арасында, дауыс беруге байланысты учаскелік сайлау комиссиялары мен азаматтар арасында қатынастар пайда болады. Міне осы қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері конституциялық құқықпен белгіленеді және реттеледі.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік референдум, яғни төтенше маңызды мәселе туралы бүкіл халықтың пікірін сұрастыру арқылы жүзеге асырылады, бұл да халықты мемлекет басқару ісіне қатыстырудың бір түрі.

Конституциялық құқық халық билігінің негіздерін құрайтын қоғамдық қатынастар мен халықтың мемлекеттік билікті жүзеге асыру барысында пайда болған қоғамдық қатынастарды бекітеді және реттейді. Бұл — конституциялық құқықтың құқықтық нормаларды реттеуіш ретіндегі анықтамасы.

Конституциялық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекше, тек өзіне тән белгісі — халық билігінің негіздерін бекіту.

Халық билігі ұғымы, оның мемлекеттік билікті жүзеге асыру ұғымынан өзгеше ұғымды білдіреді. Халық билігі әр алуан нысандардан, оның ішінде, ең алдымен мемлекеттік билік нысанынан көрінеді. Сондықтан екінші топқа халыққа тән мемлекеттік билікті жүзеге асыру кезіндегі қоғамдық қатынастар кіреді. Бұдан біз конституциялық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың тек өзіне ғана тән тағы бір ерекшелігін көреміз.

Сонымен бірге көңіл аударуды қажет ететін жай, мемлекеттік билік ұғымы мен «билік өкілдігі» ұғымы барабар емес, теңдестіруге келмейтін ұғымдар, яғни бір-бірінен өзгеше ұғымдар. Бүкіл мемлекет органдарына билік өкілдігі тән болғанымен, олардың бәрі бірдей мемлекеттік билік органдарына жатпайды. Жоғарыда айтып кеттік, Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билікті заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципіне негіздейді.

Жоғарыда айтылған конституциялық құқық пәнін реттеуге берілген анықтама тек биліктік қатынастарға берілген анықтама емес. Қатынастың бір жағында билік өкілдігі болып, келесі жағында осы билікке бағыну міндеттері болуы биліктік қатынастарға тән құбылыс екені бәрімізге белгілі. Әрине, конституциялық құқық реттейтін қатынастар арасында да биліктік қатынастар бар, мысалы, мемлекеттік биліктің жоғары және төменгі органдары арасындағы қатынастар, мемлекеттік билік пен оның өзі құрған мемлекеттік басқару арасындағы қатынастар. Дегенмен, мемлекеттік билікті жүзеге асыру барысындағы көптеген қатынастар биліктік қатынастарға жатпайды. Мысалы, дауыс беру күнгі сайлаушылар мен учаскелік сайлау комиссиясы арасындағы қатынастар. Мұнда сайлаушының сайлау бюллетенін алуға құқы бар, ал учаскелік комиссия бюллетеньді беруге міндетті; сонымен бірге осы комиссия сайлаушыдан оның жеке басын куәландыратын құжат талап етуге құқылы, ал сайлаушы комиссияның талабын орындауға міндетті.

Енді осы түсініктерімізді басшылыққа ала отырып конституциялық құқыққа төмендегідей анықтама беруге болады:

Конституциялық құқық — бұл Қазақстан Республикасының құрылысын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітуші және халыққа тән билікті жүзеге асыру барысында халық билігінің негіздерін құрайтын қатынастарды реттеуші құқықтық нормалар жиынтығынан тұратын құқық саласы.

Конституциялық құқық жүйесі — бұл мазмұнына, өздері реттейтін қоғамдық қатынастардың сипатына және нормалардың маңызына қарай топталып, белгілі бір жүйелілікпен орналасқан конституциялық нормалар жиынтығы.

Конституциялық құқықтың құқық жүйесінен алатын орны оның нормаларымен анықталады. Бұл нормалар Қазақстан Республикасының құрылысын демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, республика халқының толық билігін жүзеге асыру барысындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Осы айтылғанның бәрі конституциялық құқықтың ең маңызды жетекші орында тұрғанын көрсетеді.

Конституциялық құқықтың құқық жүйесіндегі жетекші орында тұрғаны оның нормаларының басқа құқық салаларының негізгі принциптерін, негізгі бастауын белгілейтіні арқылы да анықталады.

Енді осы конституциялық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатысы қандай, соны көрейік.

Конституциялық құқыққа экономикалық жүйені, меншік түрлерін азаматтардың жеке меншік және мұрагерлік құқықтарын т. б. бекітуші нормалар кіреді. Осы нормалар мүліктік қатынастарды реттеуші азаматтық құқықтың негізін құрайды.

Жоғарыда айтып өткендей конституциялық құқық мемлекет органдарының, оның ішінде мемлекеттік басқару органдарының жүйесін, қызметі мен ұйымдастыру принциптерін анықтайды. Сондықтан ол мемлекеттік басқару саласында туындаған қоғамдық қатынастарды реттеуші әкімдік құқықтың негізін белгілейді.

Конституциялық нормалар азаматтардың еңбек ету, тынығу, қартайғанда, ауырып-сырқаған, еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан айрылған жағдайда қамсыздандырылу құқықтарын бекітеді. Бұл нормалар еңбектік қатынастарды реттеуші еңбек құқығының негізгі бастауы болып табылады.

Конституциялық құқық жердің мемлекет меншігі екенін белгілейді, сонымен бірге ол ұжымдық шаруашылық орналасқан жерлерді, сол шаруашылықтардың қоғамдық меншік объектілерін анықтайды. Бұл нормалар ауыл шаруашылық құқығының негіздерін белгілейді.

Конституциялық құқық мемлекеттік билік органдарының құзыретін бекіте отырып, олардың бюджеттік және салықтық құқықтарын анықтайды. Мұндай конституциялық нормалар мемлекеттік қаражатты шоғырлау және бөлу барысында пайда болған қатынастарды реттеуші қаржы құқығының бастауы болып табылады.

Конституциялық құқық Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау, мемлекеттік нышандарды — Елтаңбаны, Жалауды, Гимнді құрметтеу, әскери қызмет міндеттерін атқару және Қазақстан Республикасын қорғау борышын бекітеді. Бұл ережелер қылмыстық құқық негізін салады.

Конституциялық құқыққа Қазақстан Республикасының соты және прокуратурасының қызметі мен ұйымдастыру принциптерін анықтайтын нормалар кіреді. Бұл нормалар қылмыстық істер мен азаматтық істер жүргізудің негізін салады.

2. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫ, ЗЕРТТЕУ ПӘНІ ЖӘНЕ ӘДІСІ

Егер конституциялық құқық ғылымының зерттеу тақырыбын қысқаша анықтар болсақ, онда ол Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретіндегі мемлекеттік құрылысын зерттейді деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасының құрылысын зерттеу үшін ең алдымен конституциялық құрылыс негіздерін, азамат оның құқығын, бостандығы мен міндеттерін, қоғам, оның құрылыс негіздерін, мемлекет, оның органдары мен институттарын анықтау керек.

Қазақстан Республикасының құрылысын білу үшін оның мемлекеттік органдарының жүйесін, олардың қызметі мен ұйымдастырылуының негізгі принциптерін зерттеу керек.

Қазақстан Республикасының құрылысы өзінің тұтастығымен ерекше құқық саласын жасаушы заң нормаларымен бекітіледі. Бұл сала Қазақстан Республикасының құрылысын бекітетін құқықтық нормалар жиынтығынан тұрғандықтан, конституциялық құқық деп аталады. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының құрылысы туралы заң білімдерінің жиынтығынан тұратын ғылым да — конституциялық құқық деп аталады.

Осы айтылғаннан «конституциялық құқық» термині екі маңызды аспектіде қолданылатыны көрініп тұр. Заң ғылымы осылай аталады және құқық аталуына сәйкес жоғары оқу орындарында оқытылатын пән де осылай аталады.

Конституциялық құқық заң ғылымы ретінде ең алдымен конституциялық нормаларды зерттейді. Бұл нормалар белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейді. Сондықтан конституциялық құқық ғылымы тек қана конституциялық нормаларды зерттеумен шектелмейді, ол осы нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастарды да зерттейді.

Осы жерден біз конституциялық құқық ғылымы мен конституциялық құқық саласының арасындағы айырмашылықты көреміз. Конституциялық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар ғылым үшін зерттеу тақырыбы, ал құқық саласы үшін реттеу тақырыбы.

Сонымен конституциялық құқықтың ғылым және құқық саласы ретіндегі ара қатынасын былай тұжырымдауға болады: конституциялық құқық саласы ретінде белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуші конституциялық нормалар жиынтығы болып табылады, ал

конституциялық құқық ғылымы осы нормалар мен қатынастарды зерттейді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, конституциялық құқық ғылымына толық анықтама беруге болады. Сонымен, конституциялық құқық, бұл — Қазақстан Республикасының құрылысын, яғни конституциялық құрылыс негіздерін, азамат, оның органдары мен институттарын бекітуші конституциялық нормаларды және осы нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастарды зерттеуші заң ғылымы.

Конституциялық құқық ғылымы — бұл халық билігінің жүзеге асырылуының, мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздерінің азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің белгіленуі анықтамасының заңдылықтары мен көзқарастардың мемлекеттік-құқықтық жүйесі.

Конституциялық құқық ғылымы бұрын кеңес ғылымы (советская наука) ретінде құрылды. Ұлттық ғылым өз зерттеулерін кеңес ғылымының қорына кіргізді. Сондықтан Қазақстан Республикасының конституциялық құқық ғылымы бергін келе дами бастады. 1990 жылдан бастап конституциялық құқық ғылымының алдында үлкен проблема тұрды. Ұлттық конституциялық құқық ғылымының дамуы тәуелсіздік табалдырығын аттатқан қос құжат — ҚазКСР-нің егемендігі туралы Декларация мен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңнан басталды. 1993 жылғы 28-қаңтарда қабылданған Конституция конституциялық құқық ғылымының одан әрі дамуына себеп болды. Қазақстан халқының төл Конституциясы болды. Отандық ғалымдардың зерттеулері, жан-жақты ізденістері алғашқы Конституцияны қабылдауға мүмкіндік берді. Ұлттық конституциялық құқық ғылымы референдум жолымен қабылданып, бүкіл халқымыздың көңілінен шыққан әрекеттегі Негізгі Заңның қабылдануы тұсында жедел дами бастады. Қазіргі уақытта да көптеген нормативтік актілерді қабылдау үшін жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуге тиіс. Конституциялық құқық ғылымының алдында тұрған мәселе — ең тиімді деген тәжірибелерді талдап қорыту, қоғамдық қатынастарда қолданылатын конституциялық нормаларды одан әрі дамыту, ғылыми кадрлерді дайындау, алыс шетел, жақын шетел тәжірибелерін есепке алу, конституциялық құқық проблемаларына арналған халықаралық, республикалық конференциялар өткізу.

Сонымен қатар, кез келген ғылым белгілі бір әдіске құрылады. Конституциялық құқық ғылымының әдістері:

Диалектикалық яғни анықтаушы әдіс — бұл әдіс ғылымда болып жатқан құбылыстарды даму барысында зерттейді.

Салыстырмалы әдіс — ғылымдағы құбылыстарды салыстыру арқылы зерттейді.

Жүйелік әдіс — жүйедегі зерттеу. Өкілетті билік ішіндегі бөлек элемент — сайлау құқығы.

Тарихи әдіс — құқықтың даму тарихын зерттейді. Мысалы, Қазақстанның атам заманғы, қазақ халқы аталғаннан бергі ережелерін, онан бергідегі Тәуке ханның бастауымен жеті би шығарған «Жеті жарғысын» яғни әдет-ғұрып құқығын, сонан соңғы 1926, 1936, 1978 жылдары қабылданған Конституцияларын зерттеу.

Статистикалық әдіс — жергілікті өкілді және атқару органдарының қызметін зерттеу.

Социологиялық зерттеу әдісі және социологиялық эксперимент — қоғамдық пікірді сұрау және есепке алу (1998 жылы атқару органдарына экспериментті түрде Төралқа құрылды, біраз уақыт өткеннен кейін, Төралқаның қажеті жоқ екеніне көзіміз жетті).

Міне осы әдістерді пайдалана отырып, Республика ғалымдары өздерінің ғылыми зерттеулерімен Қазақстан Республикасының конституциялық ғылымына үлестерін қосып отыр. Атап айтар болсақ, академиктер М. Т. Баймаханов, С. З. Зиманов, С. Сартаев, заң ғылымдарының докторлары — К. Д. Мұхамедшин, С. К. Амандықова т. б.

3. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР: МАЗМҰНДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ, ҚҰРЫЛЫМЫ

Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберін анықтағанда қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу, осы қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуден тұратынын есте ұстау керек. Конституциялық-құқықтық нормалар өздері реттейтін қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілей отырып, осы қатынастарға конституциялық сипаттама береді.

Өз жиынтығында конституциялық құқықты құрайтын құқықтық нормалар конституциялық-құқықтық нормалар деп аталады. Олардың өзге құқық салаларының нормаларымен салыстырғанда өзіне тән ерекшеліктері бар.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы көптеген нормаларды құрайды: олар қоғамдық қатынастардың кең шеңберін реттейді. Конституциялық қатынастардың барлық әр алуандылығынан олардың жалпы негізгі мазмұнын табу, түбінде нақты қатынастардың осы мазмұннан пайда болатынын көрсету, міне мәселе осында жатыр. Бұл конституциялық қатынастарға жалпы сипаттама беруге мүмкіндік береді, сонымен қатар көрсетілген қоғамдық қатынастардың бір топқа бірігуі мен оларды реттеу бір дербес құқық саласы екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Құқықтық нормалар үш бөліктен: гипотеза, диспозиция, санкциядан тұрады. Ал конституциялық-құқықтық нормалардың көбіне диспозиция элементі тән. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабына сәйкес «Парламент — Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы» болып табылады. Мұнда гипотеза да, санкция да жоқ, тек диспозиция бар. Бірақ гипотеза мен санкцияның болмауы 49-баптың құқықтық нормаға жататынын жоққа шығара алмайды, себебі бұл бап парламенттің құқықтық жағдайын анықтап тұр, 2 элементтен: гипотеза мен диспозициядан тұратын конституциялық-құқықтық нормалар да бар. Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабының 5-тармақшасында: «Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі» делінген. Бұл нормадағы гипотеза — деп жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуы — шарт болып, ал осы отырыстың өткізілуі — диспозиция болып табылады. Бұл жерде диспозиция гипотезасыз әрекет ете алмайды.

Конституциялық-құқықтық нормаларға тән ерекшелік санкцияның болмауы. Бірақ, қажет болған жағдайларда конституциялық-құқықтық нормаларда жауаптылық жөнінде сөз болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабының 2-тармақшасында: «Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады» — делінген.

Конституциялық-құқықтық нормаларды түрлері бойынша топтау әр-түрлі белгілер бойынша жүргізілуі мүмкін.

Конституциялық-құқықтық нормалар өз мазмұны бойынша бекітуші нормаларға бөлінеді. Мұндай нормалар Қазақстан Республикасы азаматының құқықтық жағдайының негіздерін, конституциялық құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін бекітеді.

Конституциялық-құқықтық нормалар өз ұйғарымдарының сипаты бойынша құқық беруші, міндеттеуші, тыйым салушы болып бөлінеді. Құқық беруші нормалар Қазақстан Республикасы азаматтарының негізгі құқықтарын, Республикадағы мемлекет органдарының құзыретін анықтайды. Міндеттеуші нормалар Республика азаматтары мен мемлекеттік органдардың міндетін белгілейді. Мұны Қазақстан Республикасы Конституцияның 34, 35, 36, 37-баптарынан аңғаруға болады. Онда Республика азаматтарының негізгі міндеттері белгіленген. Тыйым салушы нормалар тыйым салу сипаттағы ережелерді қамтиды. Бұл жерде де мысал ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін қарауға болады. Конституцияның 5-бабының 3-тармағында «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады дейді.

Конституциялық-құқықтық нормалар өз ұйғарымдарының анықталу деңгейі бойынша императивті және диспозитивті болып бөлінеді. Императивті нормаларға мысал ретінде Парламент немесе жергілікті өкілді органдардың 1 жылда шақыратын сессиялардың санын белгілеуші нормаларды, ал диспозитивті нормаларға осы сессияларды кезектен тыс шақыру ережесін белгілеуші нормаларды жатқызуға болады.

Конституциялық-құқықтық нормалар аймақтық әрекеті бойынша республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

4. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Құқықтың жалпы теориясында — құқық қайнар көздерінің ұғымын заңдық мағынада материалдық және формальды деп ажырату қалыптасқан. Бірінші жағдайда құқықтың қайнар көзі деп осы құқықтың мазмұнын анықтайтын факторларды айтады. Әдетте оларға қоғам өмірінің материалдық жағдайын, қоғамға тән экономикалық қатынастарды жатқызады.

Формалар заңдық мағынада құқықтың қайнар көзі ретінде қаралып, құқықтық нормалар осы формалар арқылы қалыптасады және міндетті күшін алады. Осындай қызмет атқарушы формалар

құқықтық актілер болып табылады. Сондықтан конституциялық құқықтың қайнар көздері туралы мәселе осы мағынада зерттеледі.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, конституциялық құқықтың қайнар көздерін былай анықтауға болады:

Құқықтық актілер конституциялық құқықтың қайнар көздері болып табылады, осылар арқылы конституциялық-құқықтық нормалар қалыптасады және заңдық күшін алады.

Уақыттың қазіргі кезеңінде әрекет етуші құқықтық актілер ғана конституциялық құқықтың қайнар көздері бола алады.

Құқықтың қайнар көздері үшін, оларды қабылдауда ғана емес, жоюда да, өз күшін жойды деп тануда да ерекше тәртіп белгіленген. Акті жойылғаннан кейін әрекеттегі құқықтың қайнар көзі болып есептелмейді.

Конституциялық құқықтың қайнар көздері болып табылатын құқықтық актілер жүйесі әр алуан. Оларды сипаттағанда, ең алдымен Қазақстанның барлық аумағында әрекет етуші құқықтық актілерді атап көрсету керек.

Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етуші, қоғамның құрылыс негіздерін және мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуын реттеуші нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының қайнар көздері болып табылады.

Конституциялық құқық қайнар көздерін топтастыруға келетін болсақ — Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының негізгі қайнар көзі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Себебі, Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады (ҚР Конституциясы, 4-бап, 2-тармақ). Басқа қайнар көздердің бәрі де Конституциядан туындайды және оған қайшы келмеу керек. Оған себеп келесі факторлар:

Конституцияда қазіргі кезеңдегі барлық конституциялық-құқықтық реттеудің негізі болып табылатын, жалпы сипаттағы құқықтық нормалар белгіленген.

Конституция құқықтың қайнар көзі ретінде өзінде белгіленген нормалар мазмұнының кеңдігімен сипатталады. Бұл нормалар өз әрекетімен қоғам өмірінің барлық саласын саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани салаларын қамтиды. Мұнымен Конституция конституциялық құқық қайнар көздерінің бір ғана саладағы қатынастарды реттеумен байланысты басқа түрлерінен ерекшеленді.

Қазақстан Республикасы Конституцияның басқа қайнар көздермен салыстырғанда ең жоғары заңдық күші бар, Республиканың

бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Мемлекетіміз қабылдаған заңдар және басқа да құқықтық актілер Қазақстан Республикасы Конституциясына қайшы келмеу керек.

Конституцияда құқық саласы қайнар көздерінің көптеген басқа түрлері анықталған. Онда құқықтық актілердің аталуы, олардың заңдық күші, қабылдау тәртібі, жойылуы және жариялануы белгіленген.

Саланың негізгі қайнар көзі ретіндегі Конституция маңызды, ондағы белгіленген нормалар халықтың мемлекеттік еркін жүзеге асыру нысаны ретінде көрінуімен де анықталады. Онда заңдық түрде қоғамның алға қойған мақсаттары, осы қоғамды ұйымдастыру принциптері және оның тіршілік әрекеттері белгіленеді.

Конституция, басқа қайнар көздермен салыстырғанда, ең жоғары құқықтық маңызы бар акті ғана емес, ең жоғарғы қоғамдық маңызы бар акті. Оның нормалары әр азаматты, қоғамдық әрекеттің барлық субъектілерін қамтиды.

Келесі орындағы маңызды қайнар көздердің бірі — маңызы зор мемлекеттік-құқықтық мәселелерді реттеуші конституциялық заңдар. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының келесі топтағы қайнар көздері — заңдар. Сонымен бірге Парламент бекіткен халықаралық шарттар мен келісімдер де конституциялық құқықтың қайнар көздері болып табылады. Конституциялық құқық қайнар көздерінің ішінде Декларациялардың да мәні аса зор.

Конституциялық құқық қайнар көздерінің келесі түрі Қазақстан Республикасы Парламентінің, Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары.

Конституциялық құқықтың қайнар көзі ретінде Конституция мен конституциялық заңдарға ресми түсінік беруші актілерді де көрсету қажет. Парламент және Парламент Палаталарының Регламенттері конституциялық құқықтың қайнар көздері болып табылып, Республика Парламентінің қызмет тәртібі мен ішкі құрылымын анықтайтын нормалардан тұрады. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдері, конституциялық құқық қайнар көздерінің ішінде маңызды орынды иемденеді. Үкімет қаулылары да конституциялық құқықтың қайнар көздері болып есептеледі. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімдері мемлекеттік билік және оның жеке адаммен қарым-қатынасына байланысты қатынастарды реттесе, онда мұндай шешімдер конституциялық құқықтың қайнар көздері болып табылады.

2010 жылғы 31-маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы:

- Конституциядан;
- 10 конституциялық заңдардан;
- 16 кодекстерден;
- 287 заңдардан;
- 922 бекіту туралы заңдардан тұрады¹.

Турецкий Н. Н. Вопросы уголовной ответственности Конституции РК
// Конституция — основа демократического развития государства.
Материалы международной научно-практической конф. Том 2. —
Астана, 2010.

2-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМІ

1. Конституция ұғымы, мәні, заңдық қасиеттері.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау, өзгерту және толықтыру тәртібі.
3. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның ерекшеліктері.
4. Конституциялық Кеңес — Конституцияны қорғау органы. Құрылу тәртібі, құрамы және өкілеттіктері.

1. КОНСТИТУЦИЯ ҰҒЫМЫ, МӘНІ, ЗАҢДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Конституциялық құқық саласының қайнар көздерін сипаттау барысында олардың ішіндегі ең негізгі қайнар көз Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылатыны айтылды және оның осы сападағы рөлі анықталды.

Дегенмен біздің де, шет елдің де конституциялық-құқықтық ғылымы конституцияны зерттеудің тек осы тұрғымен ғана шектелмейді.

Конституцияның кезкелген қоғам өміріндегі аса үлкен маңызы, мемлекеттің барлық құқықтық жүйесіндегі ерекше орны конституцияны ғылыми танымның дербес объектісі ретінде жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Әрбір мемлекетте конституциялар өзіндік ерекшелік жолдармен пайда болып, алмасып отырады. Бұл құбылыс әрдайым қоғам өміріндегі конституциялық ережелермен бекітілген немесе осы ережелерден туындаған маңызды және көбіне түбірлі өзгерістермен тығыз байланысты. Сондықтан ғылым конституцияның тарихи үдеріс барысына ықпалын аша отырып, тиісті мемлекеттің конституциясының даму тарихына аса үлкен маңыз аударады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы нормативтік-құқықтық актілердің дәл осы түрінің табиғатына тән жалпы, түбірлі белгілерді білдіреді.

Барлық мемлекеттердің құқықтық жүйесінде Конституция орны ерекше. Конституцияның болуы — билік институттары заңдылығының, құқықтық тәртіптің және тұрақтылықтың алғышарты.

Конституция мемлекеттік биліктің қызмет етуімен, азаматтар құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуімен, сонымен қатар мемлекет құрылысы және басқару нысанымен байланысты құқықтық қатынастарды реттейді.

«Конституция» термині рим императорларының билік ету тұсында пайда болған. Олар өздерінің жарлықтарын «Рим республикасы қаулы етеді» деген сөзден бастаған.

Алғашқы қабылданған Конституциялар қатарына АҚШ-тың 1787 жылғы, Францияның 1791 жылғы Конституциялары жатады. Бұдан кейін 1814 жылы Норвегия, 1831 жылы Бельгия, 1853 жылы Аргентина, 1868 жылы Люксембург, 1874 жылы Швейцария Конституциялары қабылданды.

Екінші дүниежүзілік соғыс алдында қабылданған Ливан, Ирландия, Австралия, Мексика Конституциялары қазіргі уақытқа дейін әрекет етеді. Азия, Африка, Латын Америкасы Конституциялары колониялық жүйе жойылғаннан кейін ғана қабылданды.

Конституция саяси құжат. Оның негізгі мазмұны — жеке адамның құқықтық жағдайы, меншік түрлері, билік, мемлекеттік құрылыс. Конституциялық нормалар белгілі бір мемлекет азаматтарының, осы мемлекет аймағында тұратын шетел азаматтарының, қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың қызметтері үшін негіз болып табылады.

Сонымен бірге Конституция — құқықтық акт, негізгі заң.

Конституцияның негізгі заң ретіндегі сипаты келесі белгілерден көрініс береді:

1. Негіз болу сипаты. Конституция ең маңызды деп танылатын қоғамдық қатынастарды реттейді, құқықтық қоғам құру жолында негіз болып табылады.

Конституциялық реттеу жалпы жинақтап, қорыту сипатта болады. Оның мақсаты, біріншіден, қоғамдық қатынастардың ең маңыздысын ашып және оларды бекіту; екіншіден, бұл үшін нормаларды барынша аз мөлшерде қолдану; үшіншіден, осы нормалардың бағыт беруі үшін және ағымды заңдар актілерінде әрі қарай реттелуі үшін таңдап алынған нормаларда қоғамдық қатынастардың мәнін барынша дәл және айқын етіп көрсету.

2. Халықтық сипаты. Негізгі заң халық мүдделеріне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да ол халықтың мақсатын кең мөлшерде көрсе-

тіп, оның тірегі болуы керек. Қазақстан Республикасы Конституциясының халықтық сипаты халықтың Негізгі заңды жасауға тікелей қатысуынан да көрінеді.

3. Шынайылық сипаты. Конституцияның шынайылығы — бұл ең алдымен оның өмірдегі болып жатқан қоғамдық қатынастармен сәйкестігі.

4. Тұрақты сипаты. Тұрақтылық — конституциялық нормаларға елеулі өзгерістер енбей, олардың ұзақ әрекет етуі.

Конституцияның тұрақтылығы оны қатып қалған құжатқа айналдырмайды. Ел өміріндегі өзгеріс Конституциядан да көрініс береді, оған өзгерістер, толықтырулар енгізіледі. Бірақ енгізілген өзгерістер қоғамдық қатынастардың принципті реттелуін қозғамайды — олар осы қатынастардың нығаюына, конституциялық ережелер әрекеттеріне әлеуметтік кепілдіктердің кеңеюіне бағытталады.

Конституция заманауи демократиялық мемлекеттің құқықтық жүйесінде ерекше және дербес орын алатын нормативтік құқықтық акті ретінде өзге құқықтық актілерден келесі белгілермен ажыратылады:

- конституцияны бекітетін немесе қабылдайтын ерекше субъект болады, яғни Конституция нақты субъектімен немесе соның атынан қабылданады (Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдаған ерекше субъект — Қазақстан халқы);

- конституциялық ережелердің құрылтайшылық, біріншілік сипаты болады;

- конституциялық реттеудің жалпы қамтушылық сипаты, яғни оның ықпалы тиетін қоғамдық қатынастар салалары болады;

- ерекше заңдық қасиеттер: үстемдік, ең жоғары заңдық күш, қабылдау, түзетулер енгізу тәртібі, қорғаудың ерекше түрі және т. б.

Енді осы белгілерді жан-жақты қарастырайық:

Конституция осы ұғымның заманауи мәнінде халықпен немесе халық атынан қабылданатын акті болып табылады.

ХҮП ғасырда конституция тәрізді актінің қажеттігі туралы пікірдің пайда болуы, оның дәл осы белгісімен байланысты.

Өз бостандықтарын қорғау үшін жаңа пайда бола бастаған буржуазиямен қойылған король мен феодалдардың құқықтарын шектеу талаптары барлық ұлттың, барлық халықтың еркін білдіретін жоғары билік актісін қабылдау жолымен ғана қамтамасыз етілуі мүмкін еді. Осылай, 1653 жылғы тәжірибеде жүзеге асырылмаған Кромвельдің «халық келісімі» жобасында оған барлық халықтың қол қоюы шарты қарастырылды. Соңынан дәл осындай талап Ж.-Ж.Руссомен

де қойылды. Ол конституцияны қабылдау үшін барлық азаматтардың келісімі қажет деп ұйғарды. Оның пікірінше Конституция бір ауыздан қабылданған шешімнің нәтижесі болуы қажет, оған барлық азаматтармен қол қойылуы тиіс, ал конституцияға қарсы шыққандар шетелдіктер ретінде есептелуі қажет.

Конституцияның мұндай мәнділік белгісі қазірдің өзінде конституциялық теория мен тәжірибеде өз басымдығымен танымал. Әлемнің көптеген демократиялық мемлекеттердің конституцияларының «Біз, халық ... қабылдаймыз (жариялаймыз, құрамыз)» деген сөздермен басталуы кездейсоқ емес.

Қазақстан Республикасы Конституциясының Преамбуласында «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» делінген. Шынында да бұл Қазақстанда (Кеңес Одағы кезеңін қоса алғанда) халық атынан емес, сол халықтың өзімен тікелей қабылданған ең алғашқы Конституция.

Конституцияны қабылдайтын субъектінің ерекшелігі Конституцияның келесі мәндік белгісінің болуын да ұйғарады — бұл оның құрылтайшылық сипаты. Демократиялық мемлекетте халық егеменділік иесі және биліктің бірден-бір бастауы болғандықтан, тек қана халық биліктің жоғары көрінісін, яғни құрылтайшылық билікті иемдене алады. Құрылтайшылық билік мазмұнында конституцияны қабылдау және сол арқылы халықтың өзі үшін таңдаған қоғам мен мемлекет құрылысының негіздерін құру жатыр. Тек құрылтайшылық билік қана қоғам мен мемлекет құрылысының негіздерін түбегейлі өзгерте алады.

Конституцияны қабылдаудың ерекше тәртібі, үстемдігі, мемлекеттің барлық құқықтық жүйесіндегі рөлі, конституциямен құрылған барлық биліктер үшін оның бұлжымастығы конституцияның дәл осы құрылтайшылық табиғатын мойындауға негізделеді.

Шет елдердің конституциялық құқық ғылымында құрылтайшылық билік пен құрылған билік арасын ажыратушы тұжырымдама кең көлемде көрсетіледі. Ал Германия Конституциясында ол тікелей

көрсетілген. Оның преамбуласында: «...Неміс халқы өзінің құрылтайшылық билігіне сәйкес өзіне осы Негізгі заңды берді», делінген².

Конституцияның құрылтайшылық сипаты оның ұйғарымдарының алғы негіз ретінде болуынан, бастаушы болып табылуынан көрініс береді. Бұл конституция ережелерін белгілеу үшін ешқандай құқықтық шектеулер болмайтынын білдіреді. Мемлекеттің қандай да бір құқықтық актісіне сәйкес келмеу белгісі бойынша конституцияға енгізуге болмайтын құқықтық норма болуы мүмкін емес. Айталық, Қазақстан Республикасының заңдары оның Конституциясына қайшы келе алмайды.

Конституциялық реттеудің ерекше пәні, яғни оның реттейтін және бекітетін қоғамдық қатынастар ерекшелігі Конституцияны сипаттайтын маңызды белгі болып табылады.

Конституция ықпалы басқа ешбір нормативтік құқықтық актіде жоқ барлығын қамту сипатымен ерекшеленеді. Конституция қоғам өмірінің барлық саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани және өзге де салаларын қамтиды. Осы салалардағы қоғамдық қатынастардың негізгі, түпкі, іргелі негіздерін реттейді.

Конституцияны басқа нормативтік актілерден оның ерекше заңдық қасиеттері ажыратады.

Олар жоғарыда аталған конституцияның мәндік белгілерінен туындайды және:

- оның жоғары заңдық күшімен;
- мемлекеттің құқықтық жүйесі мен құқық жүйесінің өзегі ретіндегі рөлімен;
- конституцияның ерекше қорғалуымен;
- конституцияны қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізудің ерекше тәртібімен анықталады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында аталған заңдық принциптердің барлығы да айқындалған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы Конституцияның ең жоғары заңды күші барын және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылатындығын білдіреді.

Конституцияға заңдық үстемдік тән, яғни Конституция бүкіл заңдардың үстінен қарайды. Бұл оның барлық басқа нормативтік актілерге, оның ішінде, ағымды заңдарға қарағанда жоғары заңдық күшін білдіреді. Өзге заңдардың барлығы дерлік Конституцияға

Конституция США: история и современность / Под ред. А. А. Мишина, Е. Ф. Языкова. — М.; Юрид.лит-ра, 1988.

сәйкес болуы керек, олар Конституцияға қайшы келмеуі тиіс. Конституцияға қайшы келетін актілер не жойылады, не Конституцияға сәйкестендіріліп қайта қабылданады. Осы Конституцияға тән белгі әрекеттегі Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 2-тармағында көрсетілген. Онда «Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» делінген.

Әрине, кейбір кезеңде нақты бір жаңа қоғамдық қатынастарды конституциядан өзгеше реттеу қажеттігі пайда болуы мүмкін. Оны ағымды заңның көмегімен істеуге болады және сонымен бір уақытта Конституцияға өзгерістер енгізу туралы заң қабылдануы керек, сонан соң Конституцияға қоғамдық қатынастарды реттеудің жаңа түрінің негізгі ережелері кіреді.

Конституцияның ең жоғары заңдық күші заңдар мен өзге де нормативтік актілердің Конституцияға қайшы келмеуі қажеттігімен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен олардың бірлестіктерінің Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтау міндетін білдіреді.

Осылайша, Конституцияның ең жоғары заңдық күшін Қазақстан Республикасында әрекет етуші нормативтік-құқықтық актілердің иерархиясындағы оның алатын орны сипаттайды.

1995 жылғы Конституция Қазақстанның құқықтық жүйесінің өзегі болып табылады. Конституцияның принциптері мен ережелері барлық құқық жүйесі мен заңнама жүйесінде бағыт беруші рөлді атқарады.

Конституция құқық шығармашылық процесін өзі анықтайды, яғни әр түрлі органдардың қандай негізгі актілерді қабылдайтынын, олардың қалай аталуы керектігін, заңдық күшін, заңдарды қабылдау тәртібі мен шараларын белгілейді.

Конституцияға сәйкес қабылдануы қажет көптеген конституциялық заңдар мен заңдар Конституцияның өзінде көрсетілген. Әдетте, жаңа Конституцияны қабылдау ағымды заңнаманың маңызды түрде өзгеруі мен жаңаруына әкеліп соқтырады.

Қазақстан Республикасының заңдық қасиеттерінің тағы бірі — оның ерекше қорғалуы. Оны қорғау үшін мемлекеттік билік органдарының осы қорғауды әр қилы нысандарда жүзеге асыратын барлық жүйесі жұмылдырылады.

Конституцияның 40-бабы Қазақстан Республикасы Президентінің Республика Конституциясының мызғымастығының кепілі болып

табылатынын бекітеді. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясын қатаң сақтауға ант етеді (42-бап).

Қазақстан Республикасының Президенті, Сенат Төрағасы, мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кем дегенде бестен бір бөлігі, Премьер-Министр дау туған жағдайда қабылданған нормативтік актілердің Конституцияға сәйкестігі туралы Конституциялық Кеңесте істердің шешілу шараларына бастамашылық жасай алады.

Қазақстан Республикасының Конституциясын қайта қараудың және оған түзетулер енгізудің ерекше, күрделі тәртібі де Конституцияның өзге актілерден ерекшелігін айқындайды. Аталмыш мәселе арнайы параграфта қарастырылады.

Көптеген елдер Конституциялары бірқатар белгілермен жіктеледі. Жазылған, жазылмаған Конституциялар болады. Жазылған Конституция — бұл ерекше тәртіппен белгіленген мемлекеттің Негізгі Заңы. Ресей Федерациясының Конституциясы, Мексика, Германия, Испания, Қырғыз, Өзбек т. б. елдер Конституциялары. Кейбір жазылған Конституциялар бірнеше мемлекеттік-құқықтық актілерден тұрады. Айталық, Литва, Канада, Сауд Аравиясы. 1992 жылғы Литва Конституциясының құрамына осындай екі акті енгізілген. Олар: 1991 жылы 11-ақпанда қабылданған «Литва мемлекеті туралы» конституциялық заң және 1992 жылы 8-маусымда қабылданған «Литва мемлекетінің Шығыс Одағына кірмеуі туралы» конституциялық заң.

Бірқатар мемлекеттерде Конституция рөлін құқықтық актілердің, әдет-ғұрыптардың және соттық прецеденттердің жүйесі орындауы мүмкін. Мұндай мемлекеттерде Конституция біртұтас акті ретінде қабылданбайды, тек әр жылдардағы бірқатар актілер мен әдеттер конституциялық маңызы бар деп танылса, онда олардың барлығын қосып «жазылмаған конституция» деп атайды. Мысалы, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия Конституциялары осындай жазылмаған Конституциялар қатарына жатады.

Сонымен қатар Конституциялар белгілену тәртібі бойынша октроиленген және октроиленбеген болып бөлінеді. Октроиленген Конституциялар — бұл монархпен сыйға берілген Конституциялар, октроиленбеген Конституциялар — бұл биліктің жоғарғы заң шығарушы органымен немесе референдуммен қабылданған Конституциялар.

Өзгеру тәсілі бойынша: қатал, бейімделгіш болып бөлінеді. Дағдылы тәртіппен қабылданған Конституциялар — бейімделгіш, күрделі тәртіппен қабылданған Конституциялар — қатал.

Саяси биліктің бекітілу нысанына байланысты монархиялық, республикалық болып бөлінеді.

Мемлекетте орнаған саяси режимге байланысты — демократиялық және авторитарлық.

Әрекет ету уақытына байланысты — тұрақты, уақытша. Таиланд Конституциясы 1959 жылғы Конституция қабылданғанға дейін уақытша сипатта болды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының нысандық белгілері:

- а) заңдық нысаны бойынша — жазылған;
- б) өзгеру тәсілі бойынша — қатал;
- в) шынайылық дәрежесі бойынша — шынайы;
- г) мемлекеттік құрылыс нысаны бойынша — біртұтас.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе Қазақстан Республикасының Конституциясына келесідей анықтама беруге болады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы — бұл халыққа тән мемлекеттік билікті жүзеге асыру барысында пайда болған қоғамдық қатынастарды реттейтін, тұрақты және тікелей қолдануға есептелген, өз әрекетінде Қазақстан Республикасының күші мен беделіне сүйенуші, Республика халқымен жалпыға бірдей бүкілхалықтық дауыс беру арқылы референдум жолымен қабылданатын жалпы міндеттілік сипаттағы ең жоғары нормативтік акт.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУ ТӘРТІБІ

Конституциялар келесі жолдармен қабылдануы мүмкін:

- а) құрылтай жиналысы немесе парламентпен;

АҚШ Конституциясы 13 тәуелсіз штаттан 12 штатының өкілдігінен өздері өздеріне құрылтайшылық өкілдікті иеленген 55 делегат қатысқан конституциялық конвент арқылы қабылданды. АҚШ Конституциясының жобасы 1787 жылы 13-қыркүйекте дайындалды. Оны 11 штат қолдады (қажет 9 штат). Аталмыш Конституция 1789 жылы 4-наурызда ресми күшіне енді.

Сонымен қатар 1791 жылғы Француз Конституциясы, 1947 ж. Италия Конституциясы, 1974 ж. Үнді Конституциясы т. б. бірқатар

елдердің Негізгі Заңдары құрылтай жиналысы тарапынан қабылданды;

б) атқарушы билік басшысының актісімен (октроирование);

Конституция жобасы атқарушы билік тарапынан дайындалып, оны мемлекет басшысы бекітеді. Алғаш рет Францияда осы тәсіл арқылы Король Людовик XVI 1814 жылғы Хартияны бекітті. Сондай-ақ, 1831 жылы Бельгияда, 1867 жылы Канадада, 1963 ж. Кувейтте қолданылды.

1990-1995 жылдар аралығында Қазақстан қоғамында полисубъективті көппартиялы саяси жүйе мығым бекіді. Бұл азаматтардың өздерінің саяси еріктерін жүзеге асыруы үшін мүлдем жаңа жағдайлар жасады, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің кең желісінің бекітілуіне себеп болды.

Мемлекеттік меншіктің монополиялық жағдайы мен орталықтандырылған мемлекеттік басқаруға негізделген жоспарлы экономиканың орнын нарықтық экономикалық қатынастар белсенді түрде баса бастады. Бұл көпсекторлық экономиканың қалыптасуына жағдай жасады, шаруашылықтың барлық қатысушыларының бостандығын қамтамасыз етті.

Кеңес кезеңіне тән жалғыз ресми коммунистік идеологияның орнына идеологиялық және діни әр алуандылық келді. Оның негізінде ой мен сөз еркіндігі бекіп, жариялылық дамыды.

Еліміздің өзін егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде жариялауы, оның Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық валюта қорына және т. б. халықаралық деңгейдегі бірлестіктерге мүше болуына жол ашты. Қазақстан Республикасы қазіргі халықаралық өмірге белсенді қатыса отырып, өзінің халықаралық құқық принциптерін ұстанатынын ресми түрде жариялады және халықаралық құқық нормалары мен принциптерін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын өз құқық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде таныды.

Аталған жағдайларға байланысты Қазақстанда жаңа Конституцияны дайындау мен қабылдау қажеттілігі туындап, 1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық дауыс беру арқылы референдум жолымен Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясы қабылданды. Біртұтас мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінуіне және осы билік тармақтарының тепе-теңдік әрі тежемелік жүйесі арқылы іс-әрекет жасауына негізделген мемлекеттік биліктің бастауы халық болып табылатын республикада президенттік басқару жүйесін

конституциялық деңгейде бекіткен мемлекет пен қоғамның Негізгі Заңын Қазақстан халқы тарихта алғаш рет өзі қабылдады.

Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұрынғы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.

Бейімді Конституцияларды өзгерту жәй дағдылы заңдар қабылдау нәтижесінде жүзеге асырылады. Англия, Израиль, Сауд Аравиясы, Жаңа Зеландия, Швеция.

Қатал Конституцияларды өзгерту күрделі тәртіппен жүзеге асырылады. Италия Конституциясы — парламентте кемінде екі оқылым өткізіледі және әрбір Палата депутаттарының басым көпшілік даусы қажет. АҚШ Конституциясы — Конгресс әрбір палата мүшелерінің үштен екісі дауыс берсе немесе заң шығарушы жиналыстардың төрттен үш штаттары қолдаса. Австралия Конституциясы — парламент қабылдаған өзгерістер жобасы референдуммен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қатал Конституциялар қатарына жатады. Сол себепті оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу күрделі жолмен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабына сәйкес Республика Конституциясына Президенттің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі қарастырылды (91-бап., 1-т.) және осы Конституцияның 44-бабы 10-тармағына сәйкес республикалық референдум өткізу туралы шешім тек Президентпен қабылданады. Осы берілген баптардан Республика Президентінің ғана Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бастамашылығын жасай алатынын, заң билігінің Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша бастама көтере алмайтынын, тек осы мәселе бойынша республикалық референдум тағайындау туралы ғана бастамашылық жасау құқығы бары анықталады. Егер Президент Парламенттің айтылған мәселе бойынша референдум тағайындау туралы бастамасын қолдамаса, мұндай мәселелер республикалық референдум талқысы бола алмайды деген ұғымды білдіреді.

Дегенмен, егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Парламент ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталары әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінің көпшілік даусымен

Парламент республикалық референдумға ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хакылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады. Республикалық референдумға қатысу құқығы бар республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысып және осы дауыс бергендердің жартысынан астамы референдумға ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп есептеледі (91-бап, 1-тармақ).

Конституцияда белгіленген мемлекеттің біртұтастығын және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабына сәйкес Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшік дауысымен енгізіледі және Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқым өткізу міндетті 62-б. 6-т.).

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясына екі мәрте өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Алғаш рет 1998 жылғы 7-қазанда енгізілген өзгерістер тобы (19 өзгерістер мен толықтырулар) Парламенттің өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару бастамашылығын көтеруге байланысты енгізілді. Бұл жолы ел Президенті өзінің республикалық референдумға қатысты шешім қабылдау құқығына сәйкес ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар тобын Парламенттің өз қарауына беру қажет деп ұйғарып, Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы республикалық референдумға шығарылған жоқ. Осы жағдайда Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен қабылданды, яғни Парламент Палаталарының бірлескен отырысында әр Палата депутаттары жалпы санының төрттен үшіннің көпшілік даусымен енгізілді.

1995 жылғы қыркүйек пен 1999 жылғы шілде аралығында қазақстандық парламентаризмнің әрі қарай дамуына мүмкіндік туғызып, оның мәртебесін біршама биіктеткен Парламент туралы заңдарға енгізілген өзгерістер болды. Бұл өзгерістер «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (1998 жылғы қазан), «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі

туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне сәйкес Конституциялық заңдарда (1999 жылғы сәуір-мамыр) бекітілді.

Сонымен бірге, осы енгізілген өзгерістерге сәйкес Президент пен Парламенттің өзара қарым-қатынастарына да елеулі ерекшеліктер енді. Енгізілген толықтыруларға дейінгі Конституцияның 91-бабының 1-тармағы бойынша Парламенттің Президентке Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысын қою құқығы болып, ал осы ұсынысты қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім Президент құзырында болды. Енді, егер Президент ұсынысты қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік дауысымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Президент осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады. Президент Парламентпен қабылданған заңға қол қойса — бұл жағдайда заңның бастамашысы да, авторы да Парламент болып табылады. Егер Президент заңға қол қоймаған жағдайда да, осы заңға деген үзілді-кесілді қарсылығын өз шешімімен жүзеге асыра алмайды. Мұндай жағдайда заң жобасы референдумға шығарылып, республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан астамы дауыс беруге қатысса және дауыс берген азаматтардың жартысынан астамы ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп есептеледі. Осы әрекеттерге байланысты Парламенттің заң шығарушылық қызметінің аясы ұлғая түседі.

Енгізілген өзгерістерде Парламент Мәжілісінің құрылу тәртібіне қатысты жаңа ережелер де қарастырылған. Конституцияның 50-бабының 3-тармағына енгізілген өзгерістерге сәйкес Мәжілістің 67 депутаты (өзгерістерге дейін барлығы 67 депутат) әкімдік-аумақтық бөлініс ескеріле отырып құрылатын, шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтерінен сайланып, ал 10 депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағымен партиялық тізімдер негізінде сайланады. Сонымен бірге Конституцияның 48-бабында белгіленген жағдайларға байланысты Президент қызметінен мерзімінен бұрын босаған ретте, оның өкілеттіктерін қалған мерзімге қабылдаушы тұлғалар Мәжіліс Төрағасымен толықтырылды.

Жаңа, жас мемлекеттің, оның мемлекеттік билік жоғары органдарының 10 жыл мерзімінде аяғынан қаз тұрып, елімізді өркениетті мемлекеттер қатарына қосуда жоғарыда көрсетілген заң актілерінің маңызы, әрине, ерекше. Сонымен бірге осы актілерді қабылдаған халықтың, халық өкілдері — Президент пен Парламенттің еңбектері ересен екенін де мойындамауға болмайды.

Қазіргі уақыттағы ең соңғы конституциялық реформа 2007 жылғы 21-мамырда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен байланысты. Аталмыш Заңға сәйкес қолданыстағы Конституцияның көптеген баптарына елеулі өзгерістер енгізілді.

Конституциялық реформа әсіресе Республика Президенті және Парламентінің мәртебесі мен өкілеттіктерін кеңінен қамтыды.

Республика Президентіне қатысты енгізілген өзгерістерге сәйкес Президенттің өкілеттік мерзімі жеті жылдан бес жылға ауыстырылды (41-баптың 1-тармағы). Осы баптың 2-тармағындағы тұрғылықты тұру бойынша Президенттікке кандидаттарға қойылатын талап бойынша «кемінде он бес жыл» деген сөздер «соңғы он бес жыл» деген сөздермен ауыстырылды. 42-баптың 5-тармағы толықтырылды. Аталмыш тармаққа енгізілген толықтыру бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайтындығы туралы шектеудің Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайтындығын анықтайды. Сонымен қатар Республика Президентінің өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партиядағы қызметін тоқтата тұратындығы туралы 43-баптың 2-тармағындағы норма алынып тасталды.

Келесі өзгерістер тобының кең ауқымы Конституцияның Республика Президентінің дербес өкілеттіктері мен Парламент Сенаты және Мәжілісімен бірлесіп атқаратын өкілеттіктерін анықтайтын 44-бабына енгізілді. Аталмыш өзгерістерге сәйкес:

1. Президент Сенат ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды (өзгерістерге дейін — 15 күн ішінде).

2. Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракциялармен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Премьер-Министрдің кандидатурасын енгізеді. Парламент Мәжілісінің келісімімен Премьер-Министрді қызметке тағайындайды және қызметтен босатады (өзгерістерге дейін Парламенттің келісімімен).

3. Сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қызметке тағайындайды (өзгерістерге дейін Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, яғни көрсетілген министрлер нақтыланған жоқ).

4. Парламент Сенатының келісімімен Ұлттық Банктің Төрағасын, Бас Прокурорды және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады (өзгерістерге дейін Ұлттық Банктің Төрағасын Парламенттің келісімімен тағайындайды).

5. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды (өзгерістерге дейін Президенттің ұсынуымен Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, оның орынбасарын, хатшысы мен мүшелерін сайлайтын және қызметтен босататын Парламент Мәжілісі).

Сонымен бірге енгізілген өзгерістерге сәйкес Республика Президентінің заң шығаруға қатысты өкілеттігі де кеңейді. Егер өзгерістерге дейін Конституцияның 61-бабының 1-тармағына сәйкес заң шығару бастамасы құқығына ие Парламент депутаттары мен Үкімет болса, енді заң шығару бастамасы құқығы Президентке де тиесілі.

Аталмыш Заңға сәйкес келесі маңызды өзгерістер тобы Парламент Сенаты мен Мәжілісінің құрылу тәртібі бойынша енгізілді. Осы өзгерістерге сәйкес Республика Президенті Сенаттың он бес депутатын (өзгерістерге дейін жеті) қызметке тағайындайды. Енгізілген өзгерістерге дейін жетпіс жеті депутаттан тұратын және оның оны партиялық тізім негізінде сайланатын Мәжіліс Палатасы енді жүз жеті депутаттан тұрады. Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты партиялық тізім негізінде сайланып, тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Парламент Мәжілісінің құрылуы тәртібіне қатысты конституциялық норма Қазақстанның демократиялық қоғам құрудағы шұғыл бетбұрысының айғағы болып табылады. Себебі, Парламент Мәжілісіне сайланатын депутаттар қоғам өкілдерінің өздері құрған әр алуан саяси ұйымдарының өкілдерін қамтуды ұйғарады. Демократия — бұл халық билігі. Қоғам өкілдерінің өздері құрған бірлестіктерінің шынайы әрекеті осы биліктің шынайы жүзеге асырылу жолдарының бірі болып табылады. Қазіргі демократия көппартиялылыққа негізделеді. Қоғам ортасынан шыққан партиялар қызметін халықтың әлеуметтік мүдделерін жан-жақты ескеруге негіздеу арқылы осы мүдделерді өз әрекеттерінің тірегі деп таныса, олардың күшті, қуатты партияға айналары даусыз. Мұндай партиялар қазіргі демок-

ратияның орнын автократиялық тәртіптің қандай да болмасын бір түрінің басуына кедергі жасайды. Өкілді билік тиімді институттарының осындай партиялардан тыс өмір сүруі мен дамуы мүмкін емес. Бұл қазіргі демократия әліппесі.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1995 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы — жаңа саяси-заңдық құжат. Негізгі Заңның мәндік жаңалығы ең алдымен оның барлық институттарының мазмұны мен нысанын нақты анықтайтын принциптерден көрініс табады. Еліміздің Конституциясына қазіргі уақытта қоғам өмірінен лайықты орнын тауып жатқан бұрынғыдан мүлдем өзге жаңа идеялар тән. Олар: мемлекеттік биліктің бөлінуін ұйғарушы халық билігі мен халық егемендігі; конституционализм, заңдылық және құқықтық мемлекет; адам және азаматтың табиғи, ешкім айыра алмайтын құқықтары мен бостандықтары; біртұтастық және ұлттардың даму еркіндігі; халықтар мен мемлекеттер арасындағы бейбітшіліктің нығаюы, халықаралық құқық принциптері мен нормаларын сақтау; қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдум немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Жеке адамның конституциялық мәртебесін бекітуші Конституция нормалары айқын жаңалықтармен ерекшеленеді. Бұл нормалар адамның табиғи құқықтарын, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кезкелген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығын ұйғаратын барлық азаматтардың теңдігін бекітеді. Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерге аластауға болмайтындығын бекітуші ережелер де бұрын-соңды болмаған тың ережелер.

Сонымен қатар әрекеттегі Конституцияда жеке меншікке деген көзқарас түбегейлі түрде өзгерген. Ол жеке меншіктің қорғалатындығын анықтайды. Конституция меншіктің барлық конституциялық нысандарының теңдігін айқындай отырып, меншік, оның

ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік берілетіндігі туралы принципті бекітеді.

Конституция Президент, Парламент, Үкімет және сот арасындағы конституциялық өкілеттіктерді бөлу туралы мәселені шешуде билік бөлу принципіне сәйкес жаңа қадам жасады, аталмыш принциптегі «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесі жан-жақты ескерілді.

Конституция өзін қорғау органын да жаңа тұрғыдан анықтады. 1993 жылғы Конституцияға сәйкес Конституциялық Сот конституциялық қадағалау органы ретінде танылып, мемлекеттік биліктің сот тармағына жатқызылса, әрекеттегі Конституция бойынша оның құзыреті Конституциялық Кеңеске көшіп, енді бұл орган ешқандай билік тармағына кірмейтін жеке орган болып табылды.

Конституция мемлекеттің Негізгі Заңы болғандықтан елдегі нақты жағдайды және жаңа жағдайдағы қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-адамгершілік шынайы қажеттіліктерін білдіруі тиіс. Қазақстан мемлекеті жас мемлекет болғандықтан өз мемлекеттілігін жылдам нығайтуды, өркениетті мемлекеттер қатарына тезірек қосылуды мақсат етеді. Сол себепті қоғамдық қатынастар да тез дамып, заман ағымына сәйкес жиі өзгеріп отырады. Осындай қатынастар қатарында Негізгі Заңмен реттелуді қажет ететін қатынастар болатыны анық. Осыған байланысты бүгінгі күнге дейін еліміздің Конституциясына екі рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енгізілген өзгерістер өздерінің жалпы адамгершілік құндылықтар және жалпы демократиялық принциптермен ұйғарылған мәні мен мазмұны бойынша халықаралық құқық принциптері мен нормаларына, конституциялық заң шығарудың еуропалық және әлемдік стандарттарына толығымен сәйкес деп айтуға болады. Конституцияға өзгерістер енгізілуі барысында алғы қатардағы демократиялық мемлекеттердің тәжірибесі пайдаланып, сонымен қатар Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі қоғамдық қатынастарды ағымды заңнамалық реттеу тәжірибесі де ескерілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі идеясы жақын және алдағы ұзақ мерзімде қазақстандық қоғамның әр алуан қоғамдық-саяси күштерінің татулығы мен келісімінің қамтамасыз етілуі қажеттігімен анықталады. Бұл Конституцияны саяси тұрақтылықтың, азаматтық бейбіт өмір кепілдігінің, әлеуметтік және ұлттық татулықтың аса маңызды факторы ретінде айқындайды.

4. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС — КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ. ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ, ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылаудың қалыптасуы 1993 жылдан басталды. 1993 жылы 16-желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда алғаш рет Конституцияны соттық қорғаудың жоғары органы ретінде Конституциялық Сот органы бекітілді.

1992 жылғы 5 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» және «Қазақстан Республикасындағы конституциялық сот ісін жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары конституциялық бақылау институтының одан әрі дамуына себеп болды.

1993 жылы 28-қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы конституциялық бақылау институтын ең жоғары конституциялық деңгейде бекітті. Бұл Конституция бойынша Конституциялық Сот конституциялық қадағалау органы болып табылды.

Қазіргі уақытта 1995 жылғы 30-тамыздағы Конституцияға және 1995 жылғы 29-желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес Конституциялық Кеңес Республикадағы конституциялық бақылау органы болып табылады.

Жоғарыда аталған Конституциялық заңның 1-бабы Конституциялық Кеңес мәртебесін бекіту барысында Конституциялық Кеңестің мемлекеттік орган ретінде Республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары тұруын қамтамасыз ететіндігін анықтайды.

Сонымен қатар Конституциялық Кеңестің өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербестігі және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіздігі, Республика Конституциясына ғана бағынатындығы әрі саяси және өзге себептерді негізге ала алмайтындығы анықталады. Осыған сәйкес Конституциялық Кеңестің төрағасы мен мүшелері олар тағайындалғаннан кейін Парламент Палаталарының бірлескен отырысында салтанатты жағдайда Республика Президентіне өздеріне жүктелген міндетті адал атқаруға, әділ болуға және басқа ешкімге, еш нәрсеге емес, тек Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана бағынуға етеді.

Конституциялық Кеңес жеті мүшеден, соның ішінде Конституциялық Кеңестің Төрағасынан тұрады. Бұған қоса Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңес мүшелері болып табылады. Конституциялық Кеңес құрамы келесі тәртіппен қалыптасады: Конституциялық Кеңестің екі мүшесін Республика Президенті қызметке тағайындайды, Конституциялық Кеңеске екі-екі мүшеден Парламент Палаталары төрағаларының ұсынуы бойынша тиісінше Парламент Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды.

Конституциялық Кеңестің өкілеттік мерзімі алты жылмен анықталады. Оның мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады. Сонымен қатар конституциялық заңнама Конституциялық Кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар тобын анықтайды. Конституциялық Кеңестің құрамына отыз жасқа толған, Республика аумағында тұратын, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтелімі бар Республика азаматы тағайындала алады.

Конституциялық заңнамаға сәйкес Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Республика Конституциясының 71 бабы 5 тармағына сәйкес Конституциялық Кеңес мүшелері мен төрағасы өздерінің өкілеттік мерзімінде оларға ешкімнің тиіспеу құқығын (иммунитет) пайдаланады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және тек Конституция мен Конституциялық заңға ғана бағынады. Олардың конституциялық іс жүргізу мәселелері жөніндегі қызметі есеп беруге жатпайды. Өз өкілеттігін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкімнің хақы жоқ. Сонымен қатар Конституциялық Кеңестің мүшелері өкілеттік мерзімі ішінде ауыстырылмайды. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелері мәселелерді дербес қарау мақсатында ешкім тиіспеу құқығын иеленеді: өз өкілеттігі мерзімі ішінде оларды тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасалған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің конституциялық Іс жүргізу мәселелері жөніндегі қызметі есеп беруге жатпайды. Өз өкілеттігін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкімнің хақы жоқ. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері Конституциялық Кеңес жүргізіп жатқан мәселелерді қарауда және олар бойынша шешімдер қабылдауда, тең құқықтарға ие болады («Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңның 12, 13 баптары.).

Конституциялық Кеңес Төрағасының өкілеттігін Республика Президенті тоқтатады, Конституциялық Кеңес мүшесінің өкілеттігін оны тағайындаған Қазақстан Республикасының Президенті, Парламент Сенаты, Парламент Мәжілісі тоқтатады.

Конституциялық заңнама Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату немесе тоқтата тұру үшін негіздер қарастырған. Олар:

- орнынан түсу туралы өтініштің қанағаттандырылуы;
- Жоғарғы соттың заңды күшіне енген айыптау үкімінің болуы;
- заңды күшіне енген сот шешімімен Іс-әрекетке қабілетсіз деп танылу;
- заңды күшіне енген сот шешімімен өлген деп танылу;
- қайтыс болу;
- Конституцияның 71-бабының 4-тармағында, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңның 10-бабының 2-тармағында көзделген шарттарды сақтамау;
- антты бұзу, Республика Конституциясы мен Конституциялық заңның талаптарын орындамау, оның жоғары мәртебесімен сыйыспайтын атына кір келтіретін қылық жасау;
- Конституция мен Конституциялық заңда белгіленген талаптар бұзыла отырып тағайындалу;
- қызметте болуының Конституцияда белгіленген мерзімінің аяқталуы;
- саяси мақсаттарды көздейтін саяси партияға немесе өзге де қоғамдық бірлестікке кіру.

Конституциялық Кеңес мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда оның орнына бір ай мерзім ішінде басқа адам тағайындалады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құзырындағы мәселелер тобын Қазақстан Республикасының Конституциясы

(72-бап) мен «Конституциялық Кеңес туралы» Конституциялық заң (17, 18 б.б.) бекітеді.

Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Республика Президентінің сайлауы Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті сайлау учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) жарамсыз деп танылады. Президент сайлауын Конституцияға сәйкес деп тану сайланған Республика Президентін тіркеуге жол береді. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының сайлауы Орталық сайлау комиссиясының шешімі мен тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде және сайлау округтерінде жарамсыз деп танылады. Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының сайлауын Конституцияға сәйкес деп тану сайланған депутаттарды тіркеуге жол береді. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған республикалық референдум нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті дауыс беру учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) жарамсыз деп танылады. Өткізілген референдумды Конституцияға сәйкес деп тану референдум қорытындыларын шығаруды қайта бастауға жол береді.

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды.

Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Республика заңдары мен халықаралық шарттарына қол қоюға не тиісінше бекітуге және күшіне енгізуге болмайды. Заңдарды Конституцияға сәйкес деп тану оларға қол қою мерзімінің өтуін жаңартады. Республиканың халықаралық шарттарын Конституцияға сәйкес деп тану оларды бекіту процесін жаңартады.

Конституцияға сәйкес (78-бап) соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқық-

тық актiлердi қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиiстi заң немесе өзге де нормативтiк құқықтық акт Конституциямен баянды етiлген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтiредi деп тапса, iс жүргiзудi тоқтата тұруға және осы актiнi конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгiнуге мiндеттi. Конституциялық емес, оның iшiнде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етiлген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтiредi деп танылған заңдар мен өзге де нормативтiк құқықтық актiлер заңдық күшiнен айрылады, қолданылуға жатпайды және олардың күшi жойылады. Мұндай заңға немесе өзге де нормативтiк құқықтық актiге негiзделген соттардың және өзге құқық қолданушы органдардың шешiмдерi орындалуға жатпайды.

Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген Қазақстан Республикасының Президентi науқастануына байланысты өзiнiң мiндеттерiн жүзеге асыруға қабiлетсiздiгi болмаған жағдайда қызметiнен мерзiмiнен бұрын босатылуы мүмкiн деген Конституциялық Кеңес конституциялық рәсiмдердiң сақталғаны туралы қорытынды бередi.

Сондай-ақ Конституцияның аталмыш бабының 2-тармағына сәйкес Республиканың Президентi өзiнiң мiндеттерiн атқару кезiндегi iс-әрекетi үшiн тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап бередi және бұл үшiн Парламент оны қызметiнен кетiруi мүмкiн. Бұл мәселе бойынша белгiленген конституциялық рәсiмдердiң сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестiң қорытындысы болуы қажет.

Конституцияның 47-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес Парламенттiң тиiсiнше Республика Президентiн лауазымнан, мерзiмнен бұрын босату туралы шешiм, қызметiнен кетiру туралы түпкiлiктi шешiм қабылдауы алдында белгiленген конституциялық рәсiмдердiң сақталмағандығы туралы қорытынды тиiсiнше Президенттi лауазымынан мерзiмiнен бұрын босату туралы, қызметiнен кетiру туралы мәселенiң қаралуын тоқтатылуына әкелiп соғады. Белгiленген конституциялық рәсiмдердiң сақталғандығы туралы қорытынды тиiсiнше Республика Президентiн лауазымынан мерзiмiнен бұрын босату туралы, Республика Президентiн қызметiнен кетiру туралы мәселенi қарауды жалғастыруға жол бередi.

Конституциялық Кеңестiң Конституцияны қорғау бойынша маңызды өкiлеттiктерiнiң тағы бiрi — бұл Конституцияның норма-

ларына ресми түсіндірме беруі. Мұндай түсіндірме беру тек Конституциялық Кеңестің құзырындағы мәселе.

Конституциялық Кеңес өз қызметін конституциялық іс жүргізу нысанында жүзеге асырады.

Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар болып өтініштері бойынша конституциялық іс қозғалып отырған адамдар мен органдар танылады. Олар:

- 1) Республика Президенті;
- 2) Парламент Сенатының Төрағасы;
- 3) Парламент Мәжілісінің Төрағасы;
- 4) өздерінің жалпы санының кемінде бестен бірі болатын Парламент депутаттары;
- 5) Премьер-Министр;
- 6) Республика соттары;
- 7) актілерінің конституциялылығы тексерілетін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар.

Қажет болған жағдайда конституциялық іс жүргізуге қатысушылар Конституциялық Кеңеске өз өкілдерін жібере алады, олардың өкілеттігі азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен ресімделеді.

«Конституциялық Кеңес туралы» Конституциялық заңға сәйкес конституциялық іс жүргізуге қатысушылар өкілеттігі шегінде тең іс жүргізу құқықтарын пайдаланады. Олардың іс жүргізу материалдарымен танысуға, осы материалдардың қысқаша үзінділері мен көшірмелерін алуға; дәлелдер келтіруге, дәлелдерді зерттеуге қатысуға және өтініштері мен қарсылықтарының негізі ретінде өздері сілтеме жасап отырған мән-жайларды дәлелдеуге; конституциялық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өздерінің дәйектері мен ойларын Конституциялық Кеңеске айтуға; өтініштерін мәлімдеуге және мәлімденген өтініштер бойынша өз пікірін айтуға; Конституциялық Кеңеске ауызша және жазбаша түсініктер беруге құқығы бар.

Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар өз құқықтарын адал пайдалануға міндетті. Олардың Конституциялық Кеңеске көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы немесе Конституциялық Кеңес талап еткен құжаттарды, материалдар мен өзге де ақпаратты бермеуі Конституциялық Кеңесті құрметтемеу ретінде бағаланады және заң бойынша жауапкершілікке әкеліп соғады.

Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар Республика Конституциясына, Конституциялық Кеңеске, оның талаптарына жә-

не Конституциялық Кеңесте қабылданған рәсімдерге құрметпен қарауға міндетті.

«Конституциялық Кеңес туралы» Конституциялық заңның 24-бабына сәйкес Конституциялық Кеңес Іс жүргізуге қабылданған өтінішті қарап, өтініш келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде ол жөнінде қорытынды шешім шығарады. Егер мәселені кейінге қалдыруға болмаса, Республика Президентінің жазбаша нысанда жасаған талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

Конституциялық Кеңес өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдардан, ұйымдардан құжаттар, материалдар мен өзге де ақпараттар сұратуға және алуға, сондай-ақ белгіленген тәртіппен сарапшылық және ғылыми-консультациялық жұмысқа мамандар тартуға хақылы.

Конституциялық Кеңестің отырысында қабылданатын кез келген акт оның шешімі болып табылады. Конституциялық Кеңестің шешімдері Конституциялық Кеңестің конституциялық өкілеттігін жүзеге асыратын қорытынды шешімдер және Конституциялық Кеңестің өзге де өкілеттігін жүзеге асыратын басқа да шешімдер болып бөлініп, келесі нысандарда қабылданады:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқығының құрамдас бөлігі болып табылатын қаулылар, соның ішінде нормативтік қаулылар;
- 2) қорытындылар;
- 3) жолдаулар.

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімі ол қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың барлық аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасауға жатпайды. Өзге шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Кеңес белгілейді. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешіміне тұтастай немесе белгілі бір бөлігінде Республика Президентінің қарсылықтары енгізілуі мүмкін.

Президент қарсылықтары Президент шешімінің мәтінін алған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей енгізіледі. Президент қарсылығы Конституциялық Кеңес мүшелері жалпы санының үштен екісінің даусымен еңсеріледі. Республика Президентінің қарсылығы еңсерілмеген жағдайда, Конституциялық Кеңестің шешімі қабылданбады деп есептеледі және конституциялық Іс жүргізу тоқтатылады.

3-ТАҚЫРЫП.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС НЕГІЗДЕРІ

1. Конституциялық құрылыс негіздері, олардың мазмұны және конституциялық бекітілуі.
2. Мемлекеттік билікті жүзеге асыру принципі. Халық билігінің механизмі.
3. Қазақстан Республикасы экономикалық жүйесінің конституциялық негіздері.
4. Қоғамның саяси жүйесі және оның элементтері.

1. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС НЕГІЗДЕРІ, ОЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БЕКІТІЛУІ.

Әрбір мемлекет оның ерекшеліктерін білдіретін нақты белгілермен сипатталады. Ол демократиялық не тоталитарлық, республика не монархия және т. б. болуы мүмкін. Осындай белгілер жиынтығы белгілі бір нысан, мемлекетті ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі немесе мемлекеттік құрылыс туралы айтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттің конституциясымен бекітілген осы құрылыс, оның конституциялық құрылысы болып табылады. Сонымен, конституциялық құрылыс — бұл мемлекеттің конституциясында бекітілген белгілі бір нысан, мемлекетті ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі³.

Дегенмен конституциялық құрылыстың Қазақстан Республикасының Конституциясында орын алған және барлық мемлекеттерге бірдей қатысты емес, тек нысаны, ұйымдастыру тәсілі оны конституциялық мемлекет деп тануға мүмкіндік беретін нақты қатал белгілері бар мемлекетке ғана қатысты өзге де ұғымы бар.

Мемлекетте конституцияның болуы мұндай мемлекетті конституциялық мемлекет қатарына жатқызуды білдірмейді. Конституциялық мемлекет ең алдымен онда мемлекеттің құқыққа бағынуы қамтамасыз етілуімен сипатталады.

Кезкелген мемлекеттің, соның ішінде тоталитарлық мемлекеттің де, белгілі бір деңгейде құқыққа бағынышты екені белгілі.

Е. И. Козлова, О. Е. Кутафин. Конституционное право России .— М.: Юристъ, 1998.

Бірақ, мемлекеттің толық мөлшерде құқыққа бағынуы үшін, тиісті кепілдіктер қажет. Олар өз жиынтығында конституциялық құрылыс деп атауға лайық нысанды, мемлекетті ұйымдастыру тәсілін қамтамасыз етеді.

Сондықтан, конституциялық құрылыс — бұл мемлекеттің құқыққа бағыныштылығын қамтамасыз етуші және оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттаушы мемлекетті ұйымдастыру нысаны (не тәсілі).

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс тұжырымдамасының және оның Конституциясының негізінде адам және азамат құқықтары мен бостандықтары мызғымастығынан туындайтын ұлы идеялар жатқызылған. Еліміздің Негізгі Заңында мемлекет өзіне Конституциямен бекітілген мәселелерді шешуге ғана құқығы бар қоғамның ресми өкілі ретінде бекітілген.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы қалыптасушы қоғамдық қатынастардың тұтас жүйесін біріктіретіндіктен, оның бекітілуіне жекелеген құқықтық нормалар ғана емес, тіпте жекелеген құқық салалары мен заңнамасы да емес, қазақстандық құқық пен заңнаманың барлық салалары қатысады.

Қазақстанның конституциялық құрылысын реттеуші құқықтық нормалар арасында Қазақстан Республикасының Конституциясы негізгі орынды иемденеді, өйткені Конституция жоғары заңдық күшке ие және ағымды заңнаманың базасы болып табылады.

Ал Конституция нормалары арасында мемлекеттік құрылыстың адамгершілік мәнін, Қазақстанның демократиялық елдер қатарына жататынын анықтайтын қазақстандық конституциялық құрылысты бекітуші нормалар ерекше орында тұр. Бұл Қазақстанды конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын конституциялық құрылыс негіздері туралы нормалар.

Басқаша айтар болсақ, мемлекет құрылысы, оның конституциялық мемлекет сипатын қамтамасыз етуші негізгі принциптері Қазақстанның конституциялық құрылыс негіздері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында конституциялық құрылыс негіздеріне арналып, конституциялық реттелуші қоғамдық қатынастардың кең көлемін қамтыған арнайы бөлім бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес конституциялық құрылыс негіздеріне, ең алдымен, әрбір конституциялық мемлекетке тән негіздер жатады. Олардың қатарында халық егемендігімен, биліктің бөлінуімен, идеологиялық және саяси әр алуандылықпен жергілікті өзін-өзі басқаруды мойындаумен және оған ке-

пiлдiк берiлуiмен анықталатын демократизм, сонымен қатар конституциялық мемлекет орнауының көрiнiсi болып табылатын құқықтық мемлекет. Конституциялық мемлекет негiзi адам, оның құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып танылуынан тұрады.

Құқықпен бекiтiлген әлеуметтiк теңдiк принциптерi басты мақсаты болып табылатын конституциялық құрылыстың әлеуметтiк мемлекет ретiндегi негiзi және саяси әр алуандылықты рухани әр алуандылықпен толықтырушы зайырлы мемлекет ретiндегi негiзi жоғарыдағы негiздермен үзiлiссiз байланысты.

Конституциялық құрылыс негiздерiнiң қатарына мемлекет Конституциясымен бекiтiлген бiртұтастық, егемендiк және президенттiк басқару нысаны да жатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (1-бап) Қазақстан Республикасы өзiн демократиялық мемлекет ретiнде орнықтырады. Демократия, ең алдымен, халық билiгiнен; билiктiң заң шығарушы, атқарушы сот билiктерiне бөлiнуiнен; саяси әр алуандылықтан; жергiлiктi өзiн-өзi басқарудан көрiнiс бередi.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзiн зайырлы мемлекет ретiнде орнықтыратындығы анықталған. Ешқандай дiн ресми, мемлекеттiк дiн ретiнде танылмаған және қандай да болмасын дiндi ұстану мiндеттi болып табылмайтын, ешқандай дiнге мемлекет тарапынан артықшылық көрсетiлмейтiн мемлекетте зайырлы мемлекет орнау мүмкiндiгi болады. Мұндай мемлекетте дiннiң, сонымен қатар дiни бiрлестiктердiң мемлекеттiк құрылысқа, мемлекеттiк органдар қызметi мен олардың лауазымды тұлғаларына, мемлекеттiк бiлiм жүйесiне және өзге де мемлекет қызметiнiң салаларына ықпал ету құқығы жоқ. Мемлекеттiң зайырлы сипаты, әдетте, дiни бiрлестiктердiң мемлекеттен ажыратылумен және мемлекеттiк бiлiмнiң зайырлы сипатымен қамтамасыз етiледi (мектептi шiркеуден айыру). Мемлекет пен шiркеудiң (өзге де дiни орындардың) мұндай өзара қатынастары көптеген елдерде белгiленген (АҚШ, Франция, Польша және басқа.).

Дегенмен, қазiргi заманауи әлемде мемлекеттiк немесе ұлттық деп аталатын ресми дiн заңды түрде әрекет ететiн мемлекеттер де бар. Мысалы, Англияда мұндай дiн англикандық дiн болып табылса, ал Израилде — иудейлiк. Барлық дiндердiң теңдiгi жарияланған мемлекеттер де бар (ГФР, Италия, Жапония және т. б.). Дегенмен, мұндай мемлекетте аса дәстүрлi дiннiң бiрi, әдетте, белгiлi бiр

артықшылықтарды пайдаланады, мемлекет өміріне ықпал жасай алады.

Мемлекеттік билікке шіркеу иерархиясы иелік ететін, зайырлы мемлекетке қарама-қарсы теократиялық мемлекеттер де болады. Бүгінгі күні мұндай мемлекет — Ватикан.

Әлемде бірқатар клерикалық мемлекеттер де бар. Клерикалық мемлекет шіркеу не өзге де діни орындармен бірікпеген. Дегенмен олар заңнамада бекітілген институттары арқылы мемлекеттік саясатқа белгілі деңгейде ықпал ете алады, ал мектептегі білім жүйесіне міндетті түрде діни догматтарды оқыту енгізіледі. Мұндай мемлекеттер қатарына Иранды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде ондағы діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінгендігімен, ешқандай дінге артықшылық көрсетілмеуімен сипатталады.

Діни бірлестіктің мемлекеттен бөлінуі мемлекеттің азаматпен қандай дінді таңдауына, оның дінге деген қатынасын өзі анықтауына, ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың өз сенімдеріне сәйкес және баланың ар-ождан бостандығы мен діни бостандыққа құқығын ескере отырып тәрбиелеуіне араласпауын білдіреді. Мемлекет діни бірлестіктерге мемлекеттік билік органдарының, өзге мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін орындауды жүктемейді, олардың қызметіне заңсыз араласпайды, мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім берудің зайырлы сипатын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде діни дәстүрлер және рәсімдер қолданылмайды.

Сонымен қатар мемлекет діни бірлестіктердің заңды қызметін қорғайды. Ол діни ұйымдарға салықтық және басқа жеңілдіктер беруді реттейді, тарих пен мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен объектілерді қорғауда, оларды жөндеуде діни ұйымдарға материалдық, қаржылық және өзге де көмектер көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес діни ұйымдармен құрылған білім беру мекемелерінде жалпы білім беру пәндерін оқытуды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлудің конституциялық принципіне сәйкес діни бірлестік өзінің иерархиялық және институциялық құрылымының негізінде құрылады және қызметін жүзеге асырады, өз қызметкерлерін өзінің ережелеріне сәйкес сайлайды, тағайындайды және ауыстырады. Діни бірлестік мемлекеттік билік органдарының, өзге мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекеме-

лер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін жүзеге асыра алмайды, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға қатыса алмайды, саяси партиялар қызметіне қатыспайды, оларға материалдық және өзге де көмек көрсете алмайды. Бұл дін басыларының мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мүлдем сайлана алмайтындығын білдірмейді. Дегенмен діни қызметкерлер бұл органдарға діни бірлестіктер атынан және тиісті шіркеу өкілі ретінде сайлана алмайды.

Діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі оның мүшелерінің өзге азаматтармен қатар мемлекеттік істі басқаруға, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға, саяси партиялардың, саяси қозғалыстардың және өзге қоғамдық бірлестіктердің қызметіне қатысуға құқықтарын шектемейді.

Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер заңды сақтау шартын қатал ескере отырып, өздерінің ережелері негізінде әрекет етеді. Қазіргі уақытта аталмыш мәселелерді реттейтін 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы⁴.

Осы Заңға сәйкес жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары және монастырлар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер болып танылады.

Діни мүдделері мен қажеттіліктерін бірігіп қанағаттандыру мақсатында құрылған азаматтардың ерікті бірлестіктері Қазақстан Республикасындағы жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар) болып табылады.

Діни басқармалар (орталықтар) өздерінің жарғыларына (ережелеріне) сәйкес діни оқу орындарын, монастырларын және өзге де бірлестіктерін құруға құқылы және олар осы құжаттар негізінде әрекет етуі қажет.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады (1-бап).

Құқықтық мемлекет идеясының көп ғасырлық тарихы бар. Оның түбірі антик қоғамында жатыр. Құқықтық мемлекет теориясының философиялық негізі И. Кантпен қалыптастырылған.

⁴ «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-ХІІ Заңы // Халық Кеңесі. 1992. 18-қаңтар.

Құқықтық мемлекет идеясының мәні — оның дәйекті демократизмі, халық егемендігінің билік бастауы ретінде бекітілуі, мемлекеттің қоғамға бағынуы. Өзінің ең қажетті ерекшеліктері мен институттары ретінде билік бөлуді, тәуелсіз сотты, басқару заңдылығын, азаматтардың құқықтарын мемлекеттік биліктің бұзуынан құқықтық қорғау және оларға жария мекемемен келтірілген зиянның орнын толтыру. «Құқықтық мемлекеттің қалыптасуында заң ережелерін мемлекеттің, оның органдарының және лауазымды адамдардың орындауының айрықша мәні бар»⁵.

Құқықтық мемлекет белгілері:

1. Құқықтың мемлекеттен үстемдігі.
2. Дамыған азаматтық қоғамды қалыптастыру.
3. Барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ету үшін материалдық, саяси, ұйымдық, т. б. кепілдіктер.
4. Мемлекеттік биліктің бөлінуі (заң шығарушы, атқарушы, сот).

Құқық үстемдігі құқықтық мемлекеттің аса маңызды принципі болып табылады.

Құқық үстемдігі — бұл заң үстемдігі. Заң үстемдігі негізгі қоғамдық қатынастардың заңдармен реттелуінен көрінеді. Заң үстемдігі оның жалпыға бірдейлігінен де білінеді. Яғни қоғам өмірінің аса маңызды салалары заңмен реттелуі керек, керісінше жағдайда өзге актілер заңдарды ығыстырып, олардың орнын басып алуы мүмкін.

Заң үстемдігі ондағы жазылған ережелердің мызғымастығын, ал қоғам өмірінің барлық субъектілерінің оның нормаларына мүлтіксіз бағынуын білдіреді. Сондықтан мемлекеттің Негізгі Заңының 34-бабында әркімнің Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтау міндеті бекітілген.

Әрине, құқықтық мемлекетте барлық құқықтық нормалар сақталуы қажет. Дегенмен осы нормалардың өзі халық мүдделері мен еркіне толық деңгейде сәйкес келуі қажет. Мұндай жағдайға қол жеткізу үшін барлық құқықтық нормалар Қазақстанның заң шығарушы органымен қабылданған және аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік актілерге — заңдарға сәйкес болуы қажет.

Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: академиялық курс: оқулық. Өңд., толық. 3-ші бас. — Алматы: Жеті жарғы, 2008.

Зандар халықтың мемлекеттік еркін білдірудің жоғары нысаны ретінде мемлекеттің басқа нормативтік актілеріне қарағанда басым заңдық күшке ие және құқықтың барлық жүйесінің негізін құрады.

Сондықтан құқықтық мемлекет заң үстемдігін жариялаумен және қамтамасыз етумен конституциялық құрылыстың заңда бекітілген іргелі принциптері мен құндылықтарын нығайтады және оның басты идеяларын жүзеге асырады.

Құқықтық мемлекет — бұл ең алдымен конституциялық мемлекет. Конституциялық құрылыстың негізгі принциптері, қоғам дамуының маңызды бағыттары, оның негізгі идеялары ең жоғарғы конституциялық деңгейде бекітіледі. Конституция құқықтық жүйенің кіндігі болып табылады. Құқықтық мемлекеттегі заңдылық механизмі Конституциямен белгіленеді: «Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» (4 бап).

Құқықтық мемлекет өзінің мәні бойынша нормативтік құжат нысанында жасалған және мемлекеттік биліктің белгіленген тәртіп негізінде әрекет етуін міндеттеуші Конституцияның болуын талап етеді. 4 баппен анықталған Конституцияның басымдығы оның нормаларын қазақстандық құқық нормаларының бірегей жүйесіне енгізеді. Бұл ағымның әрі қарай дамуы конституциялық құқықтық тәртіп құру болып табылады.

Әлемдік қауымдастықтың толық құқықты мүшесі болап табылатын Қазақстан халықаралық құқықтың жалпы танылған принциптері мен нормаларын және Республиканың халықаралық шарттарын өзінің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде таниды. «Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкес елдің құқықтық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнама одан әрі дамытуды, атап айтқанда қолданыстағы заңдарды кезең-кезеңімен жетілдіруді, сондай-ақ қажет жағдайда қоғамды одан әрі демократияландыру талаптарына және оны әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттеріне сай келетін жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылдауды талап етеді»⁶.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады (1-бап). Әлеуметтік мемлекеттің не-

4

Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы //Егемен Қазақстан, 2002. 21-қыркүйек.

гізгі мақсаты — құқықпен бекітілген әлеуметтік теңдік, жалпыға ортақ ынтымақтастық және өзара жауаптылық принциптеріне негізделген қоғамдық алға басуға қол жеткізу. Әлеуметтік мемлекет әлсіздерге көмек көрсетуді, адамға лайық өмір сүруді әркімге қамтамасыз ету үшін экономикалық игіліктерді әділеттілік принципіне орай бөлуге ықпал жасауды жүзеге асырады.

Адамның табыс табу мүмкіндігі, табыс табу көзінің, яғни жұмыстың болуын ұйғарады. Әлеуметтік мемлекетте, әдетте, осыған байланысты еңбек ету құқығы бекітіледі. Қазақстан Республикасының Конституциясында әркімнің еңбек ету бостандығына, қызметпен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы ғана бекітілген (24-бап). Әрине, бұл ереже еңбек ету бостандығын толық деңгейде қамтамасыз етеді, дегенмен ол әлеуметтік мемлекеттің әрбір адам өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін еңбектен кіріс кіргізудің қамын ойлау қажеттігі туралы маңызды талабына күмән тудырады.

Әркімнің өз әлеуметтік жағдайының деңгейі үшін жеке жауаптылығы отбасымен тікелей байланысты. Отбасы қоғамның аса маңызды элементі. Қоғамды жетілдіруде, азаматтардың жаңа ұрпағын толыққанды тәрбиелеуде отбасы әрқашан негізгі факторлардың бірі болып табылады. Отбасы әл-ауқатының артуы, оның қоғам өмірінің барлық салаларындағы белсенділігі, неке-отбасы қатынастарының нығаюы — осының барлығы елдің әлеуметтік дамуына, оның мүмкіндіктерін толық пайдалануға тікелей қатысты.

Отбасы қоғам үшін де, мемлекет үшін де бірдей маңызды. Олай болса отбасы, ана, әке, бала құқықтық және әлеуметтік тұрғыда қоғамның да, мемлекеттің де қорғауында болуы керек. Дәл осыған байланысты әлеуметтік мемлекет отбасының жұмыс істейтін мүшесі оның белгілі қажеттіліктерін қанағаттандыра алмаған жағдайларда осы отбасылар үшін тамақ, тұрғын үй тәрізді өмірлік маңызды игіліктердің болуына ерекше жауаптылықта болады. Республика Конституциясының 27 бабы неке мен отбасының, ана мен әке және баланың мемлекет қорғауында болатындығын бекітті.

Әлеуметтік теңдік те әлеуметтік мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Құқықтық мемлекет барлығының заң алдында теңдігін қамтамасыз етсе, әлеуметтік мемлекет әлеуметтік теңсіздікті жоюға ұмтылады. Осы мақсатқа жету үшін мемлекетпен қолданылатын тәсілдер әр алуан. Олар құқықтық қатынастарға енгізілетін түзетулер болуы мүмкін (мысалы, еңбек құқығының көмегімен); қоғамдық қатынастарға мемлекеттің араласуы (еңбекті қорғау, тәрбиені қадағалау); аса маңызды игіліктер мен қызметтерге

барлығының бірдей қол жеткізе алуын қамтамасыз етуі (бағаларды реттеу, мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру жүйелерін дамыту); әлеуметтік жағдайды мемлекеттік төлемдер жолымен жақсарту (мысалы, әлеуметтік көмек)

Бүгінгі күні әлеуметтік мемлекеттің үш үлгісі мәлім:

1. Позитивті мемлекет. Онда әлеуметтік қамсыздандыру дара-шылдыққа және корпоративтік мүдделерді қорғауға негізделеді. Мұндай мемлекетте әлеуметтік саясат бақылау құралы болып қана қалады.

2. Жұмыспен толық қамту саясаты жүргізілетін, кепілді ең төменгі тұрмыс деңгейі мен табысқа тең үміт қамтамасыз етілетін жеке әлеуметтік мемлекет.

3. Бәріне бірдей қызмет етуші әлеуметтік саясат жүзеге асырылатын, баршаның игілігіне арналған мемлекет. Мұндай мемлекетте жалақылар шамамен біркелкі болуы, жұмыспен толық қамтылуға кепілдік берілуі, еңбекшілердің саясаттағы өктемдік жағдайы қамтамасыз етілуі тиіс.

Әлеуметтік мемлекеттің мәні мен мақсаты — қоғамдағы бейбітшілік пен татулық үшін жағдай жасау, әлеуметтік серіктестік институттарын дамыту, еңбекшілерге әділетті де лайықты еңбекақы төлеу құқығына және қауіп-қатерден қорғауға кепілдеме беру.

Қазіргі кезеңде демократиялық мемлекет бәсекелестікті шектеу мен оны қайта қалпына келтіру арасындағы тәсілді ұстануға, өз іс-әрекеттерінде құқықтық және әлеуметтік принциптердің тиімді мөлшерін табуға ұмтылуда. Кез келген қоғам тіршілік құрылымының ғылыми тұрғыда дәлелденген үлгісіне, нақты белгіленген мақсатқа сүйене отырып, дами алады. Қазақстан Республикасының Конституциясында біздің еліміздің әлеуметтік мемлекет қатарында екендігі ерекше көрсетілген. Алайда, әлеуметтік құқықтық мемлекеттің идеясын конституциялық бекітуден оны шын мәнінде жүзеге асыруға дейінгі аралықта ұзақ та қиын жол жатыр. Сол үшін де саяси реформалар жасау, қажетті әлеуметтік-саяси базаны құру, мәдениетті өркендету және басқа да алғышарттарды дамыту қажет. Қазақстан алдында сапасы мен саны әлемдік нарыққа сай келетін жалдамалы еңбекке жалақы төлеуді ұйымдастыру міндеті тұр. Сонда ғана реформаның жағымды нәтижесі туралы сөз қозғауға болады. Мемлекеттік биліктің қандай түрі болғанына қарамастан, жуық арада өндірістік процестер мен қажеттіліктерді үйлестіре алмайды, сондықтан да таяу арада бізде әлеуметтік мемлекет құрылуы өте қиын. Әлеуметтік мемлекеттің жемісті өмір сүруі — қоғамның барлық

топтары мүддесіне қызмет ететін, дамыған экономика негізінде ғана қалыптасады.

Бұл мемлекеттің негізгі функциясы және мұқият қарастыруды қажет ететін маңызды мәселе болып табылады. Әлеуметтік мемлекеттің пайда болуы мен қалыптасу тарихын саралап талдау, әлеуметтік қамсыздандыру функциясының кезек күттірмейтін проблема екендігін дәлелдеді. Ол — мемлекеттің алғаш заңдастырылған міндеттері болғандықтан және әлеуметтік сапаға жетуге жасаған қадамы болғандықтан, қоғам және тұлға қатынастарының өзгеруінің бастамасы болды. Сондай-ақ, әлеуметтік қамсыздандыру өндірістегі материалдық игілік — жасына, жынысына, денсаулық, т. б. жағдайына қарамастан қоғамның барлық мүшесіне тиісті болуы керек. Әлеуметтік қамсыздандыруды қалыптастыру кезеңі құқықтық негіздің пайда болуы мен әлеуметтік процестерді құқықтық реттеу функциясын мемлекеттің өз міндетіне алуымен тікелей байланысты. Одан әрі бұл функция әлеуметтік бағдарламаны бюджеттік қаржыландыру арқылы және әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік құрылымын құру барысында жүзеге асырылады. Осындай мемлекеттің басқа да атрибуттары — әлеуметтік сақтандыру, әл-ауқат деңгейі үшін мемлекеттің жауапкершілігі, әлеуметтік қолдау мүмкіндігін алуы әлдеқайда кейінірек.

Әлеуметтік мемлекеттің екінші функциясы — білім және денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Бұл екі функция тек әлеуметтік мемлекетке ғана тән еместігін айта кеткен жөн. Адамдардың физикалық және экономикалық өмірінің маңызды алғы шарттары болғандықтан олар кез келген мемлекеттің типіне қарамастан жүзеге асырылады. Ал әлеуметтік мемлекетке келетін болсақ, онда олар адамдардың ажырамас құқығы болып қалыптасады да, сол құқықты қамтамасыз ету — мемлекеттің маңызды міндетіне (мемлекеттік қаржыландыру, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құру) айналады.

Әлеуметтік мемлекеттің үшінші функциясы — әлеуметтік қорғау. Оның пайда болуы, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатының деңгейіне мемлекет жауапкершілігінің қалыптасуына байланысты еді.

Әлеуметтік мемлекеттің төртінші функциясы — әлеуметтік теңсіздікті бәсеңдету. Оны жүзеге асыру — барлық адамдардың бірдей әлеуметтік қолдау табу атрибутының пайда болғанынан бастап мүмкін болды. Әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз етудің ертеректе қалыптасқан механизмі мен жалпыға бірдей әлеуметтік

қолдау принциптерін жүзеге асыру — теңсіздікті толығымен жоюға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік мемлекеттің бесінші функциясы — еңбекпен қамтамасыз ету. Германияда Веймар Республикасы кезінде мемлекеттік функция ретінде пайда болған және Ф. Рузвельттің «Жаңа курс» саясатында маңызды рөл атқарған бұл функция тек қана екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, шын мәнінде, мемлекеттің ажырамас қызмет бөлігіне айналған.

Әлеуметтік мемлекеттің барлық жиынтығы негізінде әлеуметтік мемлекеттің алтыншы функциясы қамтамасыз етіледі: ол — әлеуметтік қызмет көрсету. Бұл XX-ғасырдың соңғы он жылдығында әлеуметтік мемлекеттің жаңа сапасы ретінде көрінеді және оның дамуының ең жоғары деңгейдегі қозғалысын білдіреді. Іс жүзіне келсек, бұл функцияның пайда болуын мемлекеттің индивидті жаппай басып-жаншу күйінен, әрбір адамның мүддесіне бағындырылған және қоғамға қызмет көрсететін мемлекетке өту деп қарастыру жөн болады. Бұл функция әлеуметтік мемлекеттің барлық атрибуттар жүйесіне сүйене отырып, азаматтық қоғам механизмі арқылы тікелей іске асырылады. Ал азаматтық қоғам, сайып келгенде, әлеуметтік мемлекеттің базалық функциясы болып табылады.

Әлеуметтік мемлекеттің жетінші функциясы — мемлекеттік саясат жүргізу. Бұл функция әлеуметтік мемлекет дамуындағы жаңа құбылыс. Ол интеграциялау негізінде әлеуметтік мемлекеттің механизмі арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік саясатты жүргізу құрылымдағы өзгерістерге, олардың материалдық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына байланысты топтар арасындағы қоғам мен оның мүшелерінің өзара арақатынасына қатысты мемлекеттің жалпы саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен, мемлекеттің әлеуметтік саясаты — ынтымақтастық принциптерін жеке жауапкершілік принциптерімен толықтыруды, оларды біріктіруді ұсынады. Орталық және аймақтық билік органдары өзара көмек көрсету мен қорғау, әлеуметтік қамсыздандырудың қажетті құрылымын құруға қабілетті әлеуметтік топтарды қолдауға өз күшін жұмсауға міндетті. Мұндай топтар кәсіби құрылымдарды, жергілікті қауымдарды, кооперативтерді, аймақтық ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктерді т. б. біріктіреді. Практикалық тұрғыда мемлекет, ең алдымен, жеке жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етуге тиісті. Жеке меншікті тануға негізделген экономикалық салада адамдардың іскерлік белсенділігін арттыруға қажетті жағдай жасау қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және адамның өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына ретінде анықтайды (1-бап). Бұл мемлекет пен жеке адам қарым-қатынастарында алғы кезекте жеке адамның тұратынын білдіреді. Жеке адамды құрметтеу және оны қорғау конституциялық мемлекеттің ажырамас белгісі болып табылады.

Мемлекеттің адамға деген қатынасына байланысты Конституциямен белгіленген принципті ережелер Қазақстан Республикасындағы адам және азамат мәртебесін құқықтық реттеудің барлық нақты проблемалары шешімінің алғышарты қызметін атқарады. Осылайша, адам және адам өмірінің, оның құқықтары мен бостандықтарының ең қымбат қазына болып танылуы Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының іргелі нормасы болып табылады. Бұл норма конституциялық ұйымдасқан қоғамның негізін ғана емес, сонымен қатар жеке адамды басып-жаншуға, оның құқықтарына қысым жасалуына, адамдардың жеке мүдделері мен қажеттіліктеріне құлақ аспауға ұмтылыстың туындауынан осы қоғамды құқықтық қорғау негізін салады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының көбіне адамды ең қымбат қазына деп танумен тығыз байланыстылық тән. Мұндай тану оларда белгілі деңгейде анықталып қана қоймайды, олар Қазақстанның конституциялық құрылыс негіздерімен бірге осы құқықтар мен бостандықтарды қорғау үшін қызмет етеді. Адам және адамның өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп тану принципі демократиялық қоғамның даму жағдайында адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының барлық жүйесін жетілдіру үшін нақты бағдар ретінде қызмет етеді.

Адам және адамның өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп тану мен адам және азаматтың нақты құқықтары мен бостандықтарының арасындағы байланыс Конституцияның 2-бабының адам мен азамат арасындағы өзара қарым-қатынас принципін адам құқығының бұзылуы мүмкіндігі тұрғысынан баяндауынан, және қорғау объектісін ғана ескеруінен, ал адам және азаматтың нақты негізгі құқықтары мен бостандықтарына арналған Конституция баптары позитивтік тұрғыдан құрылуынан тұрады (Мысалы, Конституцияның 18-бабында әркімнің жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абройы мен ар-намысының қорғалуына құқығы бар екендігі бекітілген).

Бұл өзара байланыс қорғау объектісін көрсетуші Конституция нормасының белгілі бір өмір саласына немесе нақты жағдайға қатысты адам және азаматтың қоғам мен мемлекеттегі жағдайын нақтылауға жасалған алғашқы қадам ретінде көрінуімен анықталады. Ол азаматтардың теңдік принципінің Конституцияда бекітілуінен көрінетін келесі қадамды жасауға мүмкіндік береді.

Айтылғандардың барлығы адам және азамат негізгі құқықтары мен бостандықтары туралы Конституция нормалары мен адам және адамның өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына ретінде тану принципін өзара байланыссыз қарауға болмайтындығын, яғни олардың тығыз байланыста болатынын, аталмыш нормаларға осы принципке қайшы келетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болмайтындығын айқындайды.

Адам және адамның өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына ретінде тану принципі адам және азамат негізгі құқықтары мен бостандықтарының мазмұнына ғана емес, сонымен бірге демократиялық мемлекеттің барлық қызметіне, оның құзыреті мен мүмкіндіктеріне белгілі бір ықпал жасауы қажет. Осы принциптің әрекет ету жағдайларында мемлекет өз қызметінде адаммен өзара қатынасындағы өзі белгілеген шектен шығуға құқығы жоқ. Тек осы шекте ғана және адам мүдделері үшін әрекет еткен мемлекет, оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын белгілерге ие бола алады.

Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет (ҚР Конституциясының 2-бабы). Сайланатындық және мемлекет басшысының алмасып отыруы, оның негізгі анықтаушы белгісі болып табылады. Мемлекет басшысының мәртебесі мұрагерлікпен сипатталатын монархиядан республикалық басқару түріндегі мемлекеттің айырмашылығы осыдан көрініс береді.

Республикалық басқару түріне демократия тән, ал демократияға республикалық басқару түрі тән. Демократия барлығы үшін тең бостандық ретінде республикалық басқару түрін толықтырып отырады. Республикалық түрдегі демократия осы тең бостандыққа қызмет етеді, оның дамуына әрекет жасайды.

Республиканың екі негізгі түрі бар — президенттік және парламенттік. Президенттік республиканың негізгі ерекше өзгешелігі президент қолында мемлекет басшысы мен үкімет басшысының өкілеттілігінің бірігуі болып табылады. Президенттік республиканың тағы бір ерекше белгілері, президент парламенттен тыс әдіспен сайла-

нуы (тікелей немесе жанама сайлау арқылы) және үкіметтің парламенттен тыс тәсілмен қалыптасуы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет» делінген. Қазақстан Республикасының Конституциясы осы бап арқылы мемлекетті басқару жүйесін бекітіп отыр. Бұл жүйе бойынша мемлекет басшысы жалпы халық сайлаған Президент болады да, ол Премьер Министрдің басқаруындағы, өзінің алдында жауапты Үкіметті тағайындайды.

Қазақстандағы президенттік басқару нысанының ерекшелігі Президент билік жүйесінде билік тармақтарының келісіп жұмыс істеуін және мемлекеттік билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық тәртібіне сәйкес Үкіметтің өкілеттігін тоқтатуға, негізгі Заңда көрсетілген жағдайларда еліміздің Парламентін таратуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (45-бабы) Президент облыстық және төменгі соттардың судьяларын тағайындайды. Қажет болған жағдайларда заңдық күші бар жарлықтар мен заңдар шығарады.

Президент — мемлекет басшысы, ол елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын ең жоғары лауазымды тұлға. Республикада мемлекеттік билік біртұтас болғандықтан, мемлекет басшысы — оның бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі.

Президенттік басқару нысанының таңдап алынуы кездейсоқ емес. Ол мемлекеттік биліктің ықтимал әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы келіспеушіліктен өрбитін ауытқушылықтарға жол бермейтін қуатты және біртұтас жүйесінің қажеттігінен туындайды.

Президентті билік тармақтарынан үстем етіп, оны жоғарғы төреші дәрежесіне көтеретін осындай мәртебе ғана олардың келісіп қызмет істеуін қамтамасыз етеді, Қазақстан жағдайында қоғамның саяси және экономикалық жүйесін ойдағыдай әрі бұлтарыссыз реформалауға кепілдік бере алады. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда да көпұлтты әрі алуан дінді қоғам үшін, әсіресе ол қоғамда аса күшті әлеуметтік жіктелу жүріп жатқан кезде, азаматтық татулықтың, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлтаралық түсіністіктің Президент сынды кепілі болуының өмірлік маңызы зор.

Сонымен қатар, биліктің жеке тұлғадағы көрінісі, дара басшылық принципі сол биліктің өзіне құрылтайшылық еткен халық алдындағы жауапкершілігін арттырудың тиімді тәсілі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік құрылыстың басты бағыттары мен келешегі айқындалған. Онда, Қазақстан Республикасының президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылатыны, оның өзін адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып есептелетін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жария ететіні белгіленген.

Негізгі Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы біртұтас мемлекет болып табылады. Біртұтас мемлекеттің сипаттамасындағы ең бастысы — оның ішінде өзге ұлттық-мемлекеттік және автономиялық құрылымдар болмайды. Біртұтастық бірыңғай азаматтықтың, заңдардың, мемлекеттік билік жүйесінің болуын көздейді.

Біртұтас мемлекеттік құрылыс елдің әкімшілік-аумақтық бөлінісін жоққа шығармайды, әрі бір деңгейдегі аумақтық бөліністердің бірдей мәртебесі болады, мұның өзі біртұтас мемлекеттік саясат жүргізуді жеңілдетеді. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары тиісті аумақ үшін міндетті жергілікті мәні бар мәселелер бойынша ғана шешімдер қабылдай алады. Мұндай шешімдердің заңдық сипаты болмайды әрі мемлекеттің аумақтық тұтастығының мәселелерін қозғай алмайды.

Қазақстанның біртұтастығы — тарихи бұлжымайтын факт. Республиканың көпұлтты құрамының өзі біздің мемлекетіміздің біртұтас құрылысына ықпал ете алған жоқ. Қазақстанның ұлттық құрамы негізінен алғанда толығымен өздерінің мемлекеттілігі бар өзге этникалық қауымдастар мен топтардың келіп қосылуының есебінен өзгерді. Оған қоса, Қазақстан мемлекеттілігінің шекарасы қандай өзгеріске ұшыраса да, ол ешқашан басқа мемлекеттердің аумақтары есебінен кеңейтілген емес.

Мемлекет егемендігі — бұл белгілі бір мемлекеттің өз аумағында және одан тыс жерлерде, халықаралық қатынастарда өз қызметін басқа мемлекеттерден тәуелсіз және дербес жүзеге асыру қасиеті.

Мемлекет егемендігі мемлекеттік биліктің үстемдігінен, оның біртұтастығы мен тәуелсіздігінен көрінеді.

Мемлекеттік биліктің үстемдігі, оның мемлекеттілігі барлық құқықтық қатынастарды анықтайтынынан, жалпы құқықтық тәртіпті, құқықтық қабілеттілікті, мемлекеттік органдардың, қоғамдық

бірлестіктердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуінен көрінеді. Мемлекеттік биліктің жоғары органдары шығарған Конституция мен басқа да заңдардың мемлекеттің барлық аумағындағы үстемдігі мемлекеттік биліктің айқын көрінісі болып табылады.

Сонымен, мемлекеттік биліктің үстемдігі — бұл осы биліктің үстінде ешқандай басқа билік тұрмайтынын және тұруы мүмкін емес екенін дәріптеуші билік жағдайы. Дегенмен билік үстемдігі оның шексіз екенін білдірмейді. Конституциялық мемлекетте ол үнемі заңмен шектеліп отырады. Конституциялық мемлекеттегі кез келген басқа билік тәрізді егемендік билік те құқыққа негізделеді және құқықпен шектеледі. Айырмашылығы, құқықпен белгіленген барлық басқа биліктен, егемендік билік жоғары болып табылады.

Мемлекеттік биліктің үстемдігі, осы биліктің жалғыз саяси билік екенін, егеменді мемлекеттік биліктің қандай да болмасын басқа саяси билікпен қатар тұруы мүмкін емес екенін көрсетеді.

Мемлекеттік биліктің біртұтастығы жиынтығында жоғары мемлекеттік билікті құраушы біртұтас орган немесе органдар жүйесінің болуынан көрініс береді.

Егеменді мемлекеттік биліктің маңызды қасиеті оның тәуелсіздігі болып табылады. Мемлекеттік биліктің тәуелсіздігі осы мемлекеттің басқа мемлекеттермен қатынастарындағы дербестікті білдіреді.

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «ҚазКСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы» ҚазКСР-ның Декларациясы біздің еліміздің егемендікке бет бұрған ең алғашқы маңызды қадамы болып есептеледі.

Республиканың егемендігі — мемлекеттік биліктің бірлігін, үстемдігі мен тәуелсіздігін анықтайтын мемлекеттің мәні.

Аталған қасиеттер тығыз байланысты және олардың арқасында мемлекеттің азаматтарын жалпыға бірдей тең құқықпен мемлекеттік-құқықтық бірлікке топтастырып отырған Қазақстан Республикасының осындай егемендік жайына толық сипат бере алады.

Мемлекеттік биліктің біртұтастығы осы биліктің Қазақстанда тәуелсіз, жалғыз саяси билік екендігін, қандай да болмасын басқа саяси биліктің бұл биліктің шегіне келе алмайтынын, қатар тұруы мүмкін емес екенін көрсетеді.

Республика мемлекеттік билігінің үстемдігі еліміздің бүкіл аумағында бір орталыққа бағындырылған құқықты тәртіпті орнықтырып, ұстап тұру, лауазымды адамдар мен азаматтарға құқық пен

міндеттер үлестіру, ұжымдарды заңды құқығы бар мекеме деп тану жөніндегі оның шын мәніндегі қабілетін көрсетеді.

Мұндай билік белгілі бір аумақтың ең жоғары билігі немесе мемлекеттің аумақтық басымдығы деп аталады. Бұл мемлекет өзінің билігін тек ұлттық аумақта ғана емес, одан тыс жерлерде де тарата алады; өзінің елшілік қызметінде, шекарадан тыс жерлердегі әуе және теңіз көліктерінде, ғарыштық аппараттарда т. б.

Республикадағы мемлекеттік биліктің тәуелсіздігі оның мемлекетаралық қатынастағы егемендігі болып табылады. Қазақстан мемлекетінің басқа бір мемлекеттің билігіне бағынбауы оның дербестігін, сөзсіз сыртқы саясаттық құқықтық субъектілігін білдіреді. Ешқандай басқа мемлекеттің Қазақстанның ішкі ісіне араласуға құқығы жоқ, себебі тұтастығына қол сұғушылық жалпыға бірдей халықаралық құқық принциптерін өрескел бұзушылық болып танылады. Мұндай озбырлық әрекеттердің кез келгеніне Қазақстан Республикасы өзінің Қарулы Күштерінің барлық қуатымен тойтарыс беруге хақылы. Бұл оның мемлекет ретіндегі егемендік құқығы.

Тарихи тұрғыдан келгенде, мемлекет әдетте ұлттық мемлекет ретінде пайда болады, оның құрылтайшысы әрі әлеуметтік базасы белгілі бір этникалық қауым болып табылады. Этностың даму қисынының өзі — ұлттың өмір сүруі мен дамуының материалдық және рухани жағдайын қамтамасыз ететін құрал ретінде мемлекеттің пайда болу қажеттігін негіздейді. Мұның өзі тарихи және адамзаттық тәжірибе. Оған қазіргі заманда халықаралық құқық принципі мәртебесі беріліп отыр, әрі мұның өзі кез-келген ұлттың мемлекеттік, өзін-өзі билеуге құқығының бар екенін білдіреді. Міне, сондықтан да байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құру жөніндегі конституциялық қағиданы халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары мен принциптерінің аясында қабылдау қажет.

Қазақтардың этникалық кіндігі — Қазақстан. Қазақтардың этнос ретінде сақталуы мен өсіп-өркендеуіне, мәдениетіне, өмір салтына, тіліне, дәстүріне қамқорлық жасайтын әлемде бұдан басқа мемлекеттілігі жоқ. Қазақстанның ұлттық мемлекет ретінде көрінуіне осыдан артық қандай дәлел керек.

Тарихи жағынан мемлекет қазақтардың мүддесін ғана қорғап келді, өйткені бұл уақытта осы аумақта өзге этностар болған жоқ. Дегенмен, уақыт өте келе ұлы дала өзге халықтардың өкілдерін де қабылдай бастады. Осыған орай мемлекеттің функциялары мен мәні де өзгеріп отырды. Ұлттық мемлекет бола отырып, Қазақстан Республикасы бүгін қай этносқа жататынына қарамастан, елдің барлық

тұрғынының мүддесін білдіреді. Мемлекеттің осы жаңа мәні біздің Конституциямызда қуатталып отыр.

Сонымен бірге, Қазақстанның ұлттық мемлекет ретінде айқындалуы, мемлекеттік сәйкестілікті дамытудағы стратегиялық бағыты — келешекте мемлекет ұлт болып қалыптасуды да ескереді. Азаматтары қандай этноскоға жататынына қарамастан, мұндай мемлекет біртұтас халықты құрайды және оның осы халықтың құрамына кіруі ең басты сәйкестендіруші белгі болып табылады.

Мемлекеттілік сәйкестілікке қол жеткізу үшін өзін-өзі сәйкестендіру мен сыртқы сәйкестендіру процестерінің маңызы зор. Бұл үшін, бір жағынан, елдің барлық азаматтары өздерін тәуелсіз мемлекеттің біртұтас халқының бір бөлігіміз деп бағалауы, мемлекеттік институттардың өздерін тәуелсіз мемлекет шеңберінде жұмыс істеп отырмыз деп бағалауы, сондай-ақ барлық саяси күштердің бәрінің осы мемлекеттің игілігі үшін күш-жігерді ұштастыра іс-қимыл жасаудамыз деген өзіндік бағасы сәйкес келуі қажет. Екінші жағынан, әлемдік қоғамдастық, сондай-ақ оның жекелеген мүшелері тарапынан Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде бағалауы сәйкес келуі қажет. Міне, осындай бағалаудың дәл келуі Қазақстан Республикасының шын мәніндегі мемлекеттік сәйкестілігімен тәуелсіздігінің басы бола алады. Бүгінгі таңда Қазақстан егемен мемлекетке тән негізгі белгілерге іс жүзінде ие болды деп тұжырым жасауға болады.

Мемлекеттік сәйкестіліктің қалыптасуы үшін шынайы азаматтың қалыптасуы мейлінше маңызды. Мұның өзі қоғамда саяси және құқықтық жоғары мәдениет болғанда ғана жүзеге асуы мүмкін. Бұл үшін азаматтарға саяси-құқықтық білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру қажет.

Мемлекеттік сәйкестілік тұрғыларының мемлекеттілік тілдің болуы және тіл саясатында белгілі бір басымдықтарды ұстану болып табылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Бұл ретте мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Елдегі мемлекеттік тілді және басқа тілдерді білмегені себепті кемсітуге жол берілмейді.

Қазақстан қоғамында орын алып отырған тілдік ахуал жағдайында мемлекеттік тілді ерікті түрде оқып-үйренуге ынталандыру, оның рөлін біріктіруші қатынас құралына дейін көтеру, сондай-ақ

Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің тілдерін еркін дамыту көкейтесті міндет болып табылады. Қазақстанда тілдерді дамыту тұжырымдамасын әзірлеумен бірге, аумақтардың этникалық, демографиялық, білім беру факторларын ескере отырып, практикалық жұмыстың негізін аймақтарға ойыстыру қажет.

2. МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПРИНЦИПІ. ХАЛЫҚ БИЛІГІНІҢ МЕХАНИЗМІ

Қазақстан Республикасының Конституциясында (3-бап) мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екені көрсетіледі. Бұл Қазақстанда мемлекеттік билікті халық жүзеге асыратынын, басқаша айтқанда, оның демократиялық мемлекет екенін айқындайды (ежелгі гректерден аударғанда демократия — халық билігі деген ұғымды білдіреді).

Билік — бұл біреуді не бір нәрсені басқару, басқаларды өз еркіне бағындыру. Билік — әлеуметтік құбылыс. Ол қоғамның пайда болуымен қатар пайда болады және ол барлық қоғамда бар, өйткені кезкелген қоғам әртүрлі құралдармен, оның ішінде мәжбүрлеу де бар, қамтамасыз етілетін басқаруды талап етеді.

Мемлекеттің пайда болуымен қатар мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі ретінде мемлекеттік билік те пайда болады. Мемлекеттік билік өзінің негізгі элементтері ретінде қоғамның барлық мүшелерін бағындыруды қамтамасыз ету қабілеті бар жалпы ерік пен күшке ие.

Мемлекеттік билік үстемдік, бірлік және тәуелсіздікпен анықталатын мемлекет егемендігімен сипатталады

Мемлекеттік билік ерекше мемлекеттік аппаратпен жүзеге асырылады. Ол мемлекет қызметін атқаратын мемлекеттік мекемелер жиынтығынан тұрады. Мемлекеттік аппарат барлық мемлекеттік органдарды, сондай-ақ әскер, барлау, мәжбүрлеу мекемелерін біріктіреді.

Мемлекеттік билік мемлекеттік мәжбүрлеу күшіне ие. Мемлекеттік мәжбүрлеуді осы мақсат үшін арнайы бейімделген, мемлекеттік аппараттың бөлігі болып табылатын мәжбүрлеу аппараты жүзеге асырады. Мемлекет, қажет жағдайларда, құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданады. Бұл шаралар құқық бұзушылық сипатына байланысты тәртіптік жазалау,

әкімдік ықпал ету, азаматтық-құқықтық жауаптылық және қылмыстық жазалау болып бөлінеді.

Мемлекеттік билік — халық билігінің жалғыз нысаны емес. Халық билігінің тағы бір нысаны — жергілікті өзін-өзі басқару. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік билік органдарының жүйесіне кірмейді.

Халықты барлық биліктің жоғары иесі ретінде тану халық егемендігімен анықталады. Халық егемендігі деп халықтың өз билігін ешкіммен бөліспей және қандай да болсын әлеуметтік күштерден тәуелсіз өзі жүзеге асыруын, тек өз мүдделеріне пайдалануын айтады. Халық егемендігі бөлінбейді, оның тек бір ғана субъектісі бар — ол халық.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстан халқының барлық билікке шексіз құқығын, оның толық биліктілігін бекітеді. Бұл халықтың билікті ешкіммен бөліспейтінін және оның өзінен өзге ешкімнің де Қазақстан Республикасындағы билікті иемдене алмайтынын білдіреді. Негізгі Заңның 3-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді».

Сонымен, халық билігі — бұл барлық билікке халықтың иелік етуі, сондай-ақ халықтың осы билікті өзінің егеменді еркі және түпкілікті мүдделерімен толық сәйкестікте еркін жүзеге асыруы.

Халық билігі жағдайында билікті жүзеге асыру халықпен, яғни мемлекет азаматтарымен конституцияландырылады, заңдастырылады және бақыланады, өйткені барлық азаматтар тең құқықта қатысуы мүмкін билік халықтың өзін-өзі анықтау және өзін-өзі басқару нысандарында көрініс береді. Осылайша халық билігі мемлекет нысаны және басқару тәсілі ретінде кезкелген мемлекет мақсаттарын шешу немесе биліктік өкілеттіктерді жүзеге асыру халықпен қабылданатын заңдастыруды қажет етуін анықтайтын билікті иелену және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру принципіне айналады.

Қоғамда жүзеге асырылатын жария билік — бұл адамгершілік, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық мазмұны бар аса күрделі құбылыс⁷.

Биліктің мәні мен мазмұнын сипаттауда оның нысандары мен түрлерін анықтаудың маңызы зор. Халықтың егеменді жағдайы ретіндегі билік, оны қандай адамдар бірлестігінің жүзеге асыратынын көрсететін әр қилы нысандарда анықталады. Айталық, әлеуметтік бірлестік ретіндегі халық билігі — жария билік, мемлекет билігі — саяси билік, отбасындағы билік — өзара бөлінуші билік, ал жергілікті аумақтық бірлік билігі — жергілікті билік. Бір билік нысаны әртүрлі субъектілермен жүзеге асырылуы мүмкін. Билікті жүзеге асыруға қатысушы субъектілер құрамы бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы, мемлекеттік билік құрылтайшылық, заң шығарушы, атқарушы, сот, бақылау биліктері түрінде болуы мүмкін.

Халық өзінің билік өкілеттіктерінің көп көлемін тікелей емес, мемлекет және оның органдары арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттік билік — бұл саяси сипаттағы билік нысаны, яғни тұтас қоғамның мүддесін білдіреді; мәжбүрлеу әрекетіне сүйенеді; заңдарды қабылдаумен не заң шығарушы билік институттарымен құрылатын органдардың заңдарды тікелей жүзеге асыруымен байланысты; мемлекеттің бүкіл аумағында тәуелсіздік пен үстемдікке иелік етеді.

Күнделікті қоғамдық-саяси тәжірибеде мемлекеттік билік үш негізгі міндетті қызметті атқарады. Бұл: заңдарды дайындау және қабылдау (заң шығару қызметі; заңдарды орындау (атқарушы қызмет); белгіленген іс жүргізу нысандарына сәйкес нақты заңдық істерді шешу жолымен заңдарды тікелей қолдану (сот қызметі). Аталмыш қызметтерге сәйкес мемлекеттің барлық органдары заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына бөлінеді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің заң шығарушы органы — Республиканың ең жоғары өкілді органы — Қазақстан Республикасының Парламенті.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің атқарушы органдары: Республика Президентімен құрылатын Республика Үкіметі, министрліктер және мемлекеттік комитеттер.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің сот органдары: заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары.

4

Сагиндыкова А. Н. Конституционное право Республики Казахстан: Курс лекций. — Алматы: Білім, 1999.

Жоғарыда аталған барлық органдар табысты дамуының негізі билік бөлу теориясы болып табылатын Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің жалпы жүйесін құрайды. Еліміздің Негізгі Заңына сәйкес «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады» (ҚР Конституциясының 3-бабы 4-тармағы).

Заң шығарушы, атқарушы және сот органдары өз өкілеттіктерін бір-бірімен өзара әрекеттесе және бір-бірін толықтыра отырып, дербес жүзеге асырады. Олардың бір уақытта әрекет етуі өзара бақылау жүйесін құрып, демократияның авторитарлық диктатураға айналып кетпеуіне кепілдік береді. Сонымен қатар мемлекеттің әрбір органының өзінің дербес құзыреті болады, өзге органдардың оған араласуға құқығы жоқ. Бірде-бір мемлекеттік орган өзіне Конституциямен және заңдармен белгіленген өкілеттіктер шегінен шыға алмайды.

Мемлекеттік билік халықпен тікелей немесе билік жүргізуге уәкілдік берілген арнайы органдар арқылы жүзеге асырылады. Екінші жағдайда да халық мемлекеттік билікті жүзеге асырудан тыс қалмайды, азаматтардың қатысуын қамтамасыз ететін өкілді және тікелей демократияның әр алуан нысандары заңмен қарастырылған және тәжірибеде кең дамыған. Бұдан өзге Конституцияның 89 бабы жергілікті маңыздағы проблемалардың кең тобының халықпен дербес шешілуін ұйғаратын жергілікті өзін-өзі басқаруды халық билігінің институты ретінде таниды.

Сонымен, Қазақстан халқы өз егемендігін әр қилы нысандарда жүзеге асырады:

- 1) елдегі барлық биліктің бастауы болып табылады;
- 2) аса маңызды мемлекеттік мәні бар, оның ішінде құрылтайшылық сипаттағы, шешімдерді тікелей қабылдайды;
- 3) азаматтар өздері тікелей немесе өздерінің бірлестіктері арқылы мемлекеттік билік органдарының шешімдер қабылдауына ықпал етеді;
- 4) жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырады.

Халықтың барлық биліктің бастауы ретіндегі мәртебесі, ең алдымен, мемлекеттік биліктің өкілді органдарын және заңмен көзделген лауазымды тұлғаларды сайлау барысында айқындалады. Конституцияның 3-бабының 2-тармағы сайлауды халық билігінің жоғары деңгейде тікелей жүзеге асырылуы деп таниды, бұл түсінікті де. Аталмыш принцип мемлекеттік билік органдарының жүйесі мен

жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру барысындағы бастау болып табылады. Сайлау барысында білдірілген халық еркі тиісті мемлекет органдарына мемлекеттік билікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негіз болып табылады.

Еркін сайлау — қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірінің барлық маңызды мәселелерін шешуге құқық қабілеті мен әрекет қабілеті бар азаматтардың тұрақты қатысуын қамтамасыз етуші тікелей демократияның аса маңызды институты.

Сайлаудың маңызды құрамдас бөлігі — бұл азаматтардың мемлекеттік және жергілікті билікті құру процесіндегі конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы бойынша қоғамдық-саяси қызметі. Азаматтың сайлауда иеленетін құқықтық мәртебесінің негізі — оның құрылтайшылық дауысқа егемен құқығының танылуы және ресми бекітілуі. Азамат бұл құқығын сайлауға қатысуы барысында жүзеге асырады. Дауысқа шығарылған мәселенің шешімі оның еркіне тәуелді болатын, құрылтайшылық дауыстың егемен иесі болған азамат билік қатынастарының негізгі субъектісі болып табылады. Яғни, кезкелген билік сайлаушыдан басталады және ешқандай билік өкілі шексіз тәуелсіздікте бола алмайды.

Тұтасынан алғанда сайлау институтын тиімді пайдалану сол қоғамдағы демократия және саяси мәдениет деңгейімен анықталады.

Референдумның Конституциямен халық билігін тікелей білдірудің тағы бір жоғары нысаны ретінде анықталуы (ҚР Конституциясының 3-бабының 2-тармағы) онда қабылданған шешімдердің аса жоғары беделін айқындайды. Референдумдар қоғам мен мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері бойынша өткізіледі, ал кейбір жағдайларда тек референдумды өткізу арқылы ғана саяси маңызды, оның ішінде конституциялық проблемаларды шешу мүмкіндігі болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару — азаматтарды қоғам істерін басқаруға қатыстыруға тартуға және мемлекеттік органдар құзырында шамадан тыс істердің шоғырлануына қарсы бағытталған терең демократиялық институт. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару танылып қана қоймайды, сонымен қатар әр қилы экономикалық, заңдық және ұйымдастырушылық кепілдіктермен қамтамасыз етіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың маңызын ашатын негізгі ұғымдардың бірі — оның дербестігі. Конституция оны мемлекеттік билік органдарының жүйесіне кіргізбейді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мәні тұрғылықты мекені бойынша азаматтардың өзін-өзі басқаруының әр қылы аумақтық нысандарының жиынтығы. Ол барлық жергілікті істердің дербес және жауапты шешімін әрекеттегі заңнама негізінде қамтамасыз етеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару келесі ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады:

- жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен институттары өз өкілеттіктерін тек өз-өзімен басқарылатын аумақтар, яғни халық тобы тығыз орналасқан аумақтарды қамтитын селолық және қалалық жергілікті қауымдастықтар шегінде ғана жүзеге асыра алады;

- олар тек жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу құқығына ғана ие, ал жалпы мемлекеттік мәселелерді шешуге қатысуы оларға мемлекеттік билік органдарымен жекелеген мемлекеттік өкілеттіктерді орындау тапсырылғанда ғана және осы өкілеттіктерді жүзеге асыру мемлекет бақылауында болған жағдайда ғана мүмкін.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСШІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шеңберінде тауарлар мен игіліктерді бөлу негізінен нарықтық қатынастар арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік нарықтық шаруашылық Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізі болып табылады. Оның қатысушылары өзара бәсекелестегі жеке шаруашылықтар. Қазақстан Республикасы осы бәсекелестікті қолдайды, сондай-ақ монополиялық артықшылықтарды болдырмау шараларын қабылдап, тиісті бақылауды жүзеге асырады.

Осыған байланысты мемлекеттің Негізгі Заңында әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығының болуы, монополистік қызмет заңмен реттелетіндігі әрі шектелетіндігі, жосықсыз бәсекеге тыйым салынатындығы бекітілді (26 бап, 4 тармақ).

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан

Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады⁸.

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бәсекелестік принциптері бекітілген. Олар:

- жарыспалылық;
- адалдық;
- заңдылық;
- тұтынушылардың құқықтарын сақтау болып табылады.

Сонымен қатар аталмыш Заңға сәйкес мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу принциптері заңдылық шектеулілік; негізділік, жарысқа қатыспаушылық болып табылады.

Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді және монополияға қарсы орган іске асырады. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған өз құзыреті шегінде бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады... Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде бәсекелестіктің дамуына жәрдемдесуге және бәсекелестікке теріс ықпал ететін іс-әрекеттерді жасамауға міндетті.

Құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған, сондай-ақ тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзатын бәсекелестіктегі кез келген іс-әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

Мемлекет тауарларды бәсекелес нарықта өткізу конституциялық құрылыстың, ұлттық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, халықтың денсаулығын сақтаудың жай-күйіне теріс ықпал етуі мүмкін, қызмет салаларында тауарды өндіруге және (немесе) сатуға, сатып алуға немесе оларды пайдалануға мемлекеттің айрықша құқығын Заңмен бекіту жолымен бәсекелестікті шектеуге құқылы.

Айрықша құқықты іске асыру мемлекеттік монополия субъектісін құру жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған мемлекеттік кәсіпорын ғана мемлекеттік монополия субъектісі бола алады.

4

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25-желтоқсандағы N 112-IV Заңы // Егемен Қазақстан, 2008. 27-желтоқсан.

Шаруашылық өмірдің мемлекетпен реттелуі адам мен қоғам мүддесіне сәйкес, ал экономикалық қатынастар мемлекет пен адам, жұмысшы мен жұмыс беруші, өндіруші мен тұтынушы арасындағы әлеуметтік серіктестікке сәйкес құрылуының жүзеге асырылуы үшін Қазақстан Республикасы әлеуметтік нарықтық шаруашылықты құра отырып, экономикалық қызмет еркіндігін, кәсіпкерлік пен еңбекті, адал бәсекелестікті және қоғамдық пайданы қамтамасыз етуге ұмтылады.

Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономиканың даму жағдайында игіліктердің өндірілуі мен бөлінуі жеке және мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелермен жүзеге асырылады.

Мемлекет тұтас елдегі, әсіресе халық мүдделеріне көбірек қатысы бар, өндіріс пен бөлуді ұйымдастырудың аса маңызды жақтары үшін әртүрлі нысандардағы жауаптылықта болуы қажет. Бұл жерде сөз:

а) халықтың барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілуге сенімділігі туралы;

ә) өндірістің өсу кепілдіктері мен барлық еңбекке жарамды тұлғалардың өндіріс пен бөлуге қатысуын қамтамасыз ету туралы;

б) экономиканың тұрақсыз салдарларын (бағаларды реттеу және т. б.) немесе халықаралық нарықтағы сұраныс тұрақсыздығын жұмсарту туралы;

в) аймақтардағы және өмір салалары мен адамдар топтары арасындағы шиеленістерді шешу туралы болып отыр.

Қазақстан Республикасының экономикалық жүйесі үшін меншік нысандарының әр алуандылығы тән. Меншік қатынастарын реттеу әртүрлі құқықтық нормалар арқылы жүзеге асырылады. Олардың ішінде меншік қатынастарын реттеудегі барлық құқықтық реттеудің негізі болып табылатын конституциялық нормалар негізгі орынды иемденеді.

Меншік қатынастарын конституциялық реттеудің өз ерекшелігі бар. Бұл ерекшелік мемлекетпен танылған меншік нысандарын заңдық бекітудің негізгі мақсат болып табылуымен анықталады. Сондықтан, қандай меншік нысандары мемлекетпен танылып және оларға кепілдік берілетіні туралы мәселені дәл осы конституциялық нормалар шешеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің танылатындығын (6-бап) бекітеді.

Сонымен қатар Конституцияда жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болатындығы, жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде, жеке меншікте де болуы мүмкіндігі бекітіледі (6-бап).

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жайындағы заңдардың міндеттері — Қазақстан Республикасының мүдделерін және оның табиғи ресурстарын қорғау, Қазақстан Республикасының жер қойнауын тиімді пайдалану және қорғау, жер қойнауын пайдаланушылар мүдделерін қорғау, шаруашылық жүргізудің барлық нысандарының бірдей дамуына жағдай жасау, жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастар саласында заңдылықты күшейту мақсатында жүргізуді реттеу болып табылады⁹.

Жер қойнауымен және жер қойнауын пайдаланумен байланысты құқықтық қатынастар мынадай принциптерге негізделеді:

1) жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;

3) республикалық және аймақтық мүдделердің үйлесуін қамтамасыз ету;

4) минералдық шикізат базасын толықтыруды қамтамасыз ету;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жариялы түрде жүргізу;

6) жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы;

7) жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды жүргізуге инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызу.

8) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін жер қойнауын пайдалану саласында өнімнің, оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, шетелдік азаматтар және заңды тұлғалар; сондай-ақ

⁹ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 1996 жылғы 27-қаңтардағы № 2828 Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан, 1996. 28-қаңтар.

азаматтығы жоқ тұлғалар жер қойнауын пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей құқықтармен пайдаланады және міндеттер атқарады.

4. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Қоғамның саяси жүйесі — мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдары бірігіп, елдің саяси өміріне араласуы, қоғамды дамытуға, нығайтуға үлес қосуы.

Саяси жүйенің ең күрделі, ең маңызды элементі — мемлекет. Саяси жүйенің қоғамды басқарудағы ең орталық буыны — мемлекет.

Біріншіден, ол саяси жүйенің билігін, мүдде — мақсатын іске асыратын ең негізгі аппарат.

Екіншіден, мемлекет саяси жүйенің барлық элементтерін біріктіріп, саяси функция арқылы қоғамның игілікті құндылықтарын әділетті бөлу процесін басқарып отырады.

Мемлекет саяси жүйеге белгілі бір жекелеген органдары арқылы емес, өзіндік бір саяси, аумақтық, құрылымдық бөлік ретінде кіреді. Ол өз функцияларын басқа әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіптік одақтармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып атқарады. Ол саяси жүйеде жетекші рөлді иеленген, себебі:

- а) оның аумақтық шекараларында азаматтық белгісі бойынша біріккен халықтың жалғыз ресми өкілі рөлін атқарады;
- ә) егемендіктің жалғыз иесі болып табылады;
- б) қоғамды басқаруға бағытталған әлеуметтік аппараты болады;
- в) қарулы құрылымдары болады;
- г) құқық шығармашылыққа қатысты монополияға ие;
- д) материалдық құндылықтардың ерекше жиынтығына (мемлекеттік меншік, бюджет, валюта және т. б.) ие.

Мемлекеттің қоғамдық саясатты орындаудағы ерекшеліктері:

- мемлекет өзінің саяси қызметін жалпы қоғам көлемінде тиісті нормалар арқылы жүргізеді;
- мемлекет барлық қоғамдық қызметтің негізгі бағыттарын анықтап, басқарып отырады;
- мемлекет ішкі-сыртқы істерді атқаруда егеменді тәуелсіз аппаратқа ие.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық ұйымдарды, бірлестіктерді, одақтарды, ұжымдарды біріктіріп, оларға көмек көрсетіп отырады. Мемлекеттің бұл бағыттағы жұмыстарының түрлері:

1. Мемлекет Конституция арқылы барлық азаматтарға өздерінің бірлестіктерін, ұйымдарын құруға толық мүмкіншілік береді.

2. Мемлекет қоғамдық ұйымдардың құқықтық құзыретінің көлемін, шеңберін анықтайды.

3. Мемлекет қоғамдық ұйымдардың дербес жұмыс жасауына толық мүмкіншілік беріп, оларды қорғап отырады.

Сөйтіп, мемлекет қоғамдағы барлық ұйымдарды, ұжымдарды біріктіріп, олардың қоғамға тиімді саясат түрін дұрыс таңдауына, сол саясатты жүзеге асыруда мүдде-мақсатын дұрыс, қоғамға зиянсыз орындауына, саяси жүйенің жан-жақты нығаюына мүмкіншілік жасайды.

Саяси жүйенің барлық саласы өздерінің қызметін әлеуметтік нормалар, оның ішінде басым түрде құқықтық нормалар арқылы жүргізеді. Мемлекет, барлық саяси партиялар, ұйымдар, ұжымдар заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтап, қорғайды.

Мемлекет қоғамдық және саяси жүйенің құрамындағы басқарушы, реттеуші, ұйымдастырушы ең маңызды бірлестік. Оның себептері:

1. Мемлекет қоғамдағы қайшылықтарды өршітпей, дамытпай дұрыс келісімге келтірудің төрешісі, әділ қазысы.

2. Мемлекет қоғамдағы сан қырлы қайшылықтарды, ретсіз жағдайларды халықпен, бірлестіктермен, ұйымдармен, одақтармен, саяси ағымдармен, партиялармен, еңбек ұжымдарымен бірлесіп, оларды бір келісімге келтіріп, іске асырушы күш.

3. Мемлекет адамдардың, саяси-әлеуметтік күштердің үздіксіз күрестерінің нәтижесінде қоғамдағы үзіліссіз қайшылықтарды келісімге келтірудің әділ қазысы.

4. Қоғамдағы барлық мәселені шешудегі егемендік, қоғамның дұрыс дамуы, адамдардың бостандығы мен құқықтарының сақталуы, әділеттік пен теңдіктің шын мәнінде қалыптасуы мемлекеттің құзырындағы мәселе. Өйткені қоғамдағы билік мемлекеттің қолында.

5. Қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағдайы үзіліссіз даму процесінде болғандықтан, бұл процесті дұрыс, пайдалы басқару тек мемлекеттің қолынан келеді. Өйткені мемлекеттің құзырында барлық материалдық, саяси, әлеуметтік, әскери

күштер бар. Мемлекеттік билікті іске асыратын құқықтық механизм бар.

Мемлекет өзінің билігін саяси партияларға, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге, еңбек ұжымдарына, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарына, азаматтарға сүйене отырып іске асырады. Енді осы байланыстарға қысқаша тоқталып өтейік.

Мемлекет және саяси партиялар — бұл екеуі бірігіп қоғамды басқарудағы ең шешуші күш. Басқарудың сапалы немесе сапасыз болуы осы екі бірлестіктің қызметіне байланысты. Сондықтан олардың іс-әрекеті халықтың, үкіметтің үнемі бақылауында болады.

Мемлекет және қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер. Қазіргі уақытта халықтың мүдде-мақсатын орындайтын тек мемлекет пен саяси партиялар емес. Ол мүдде-мақсаттың басым көпшілігі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қолында. Сондықтан мемлекет оларға көмек көрсетіп, іс әрекеттерін, қызметтерін бақылап отырады.

Мемлекет және еңбек ұжымдары. Өндірісте, шаруашылықта мәселенің басым көпшілігі еңбек ұжымдарының құзыретінде: шаруашылықтың нәтижелі жұмыс жасауы, тәртіптің жақсы дәрежеде болуы, адамдардың бірлігі, достығы, мәдени, рухани білімі, денсаулығы т. б. Осы бағытта ұжымның атқаратын қызметінің маңызы, құндылығы сөзсіз. Бұл мәселені ұжым мемлекетпен бірігіп іске асырады.

Қазақстан Республикасындағы демократия идеологиялық және саяси әр алуандылық принципін негізінде жүзеге асырылады (ҚР Конституциясының 5-бабы). Саяси әр алуандылық принципі — бұл әрекетінде саяси бағыт бар және Конституция шеңберінен шықпайтын барлық әлеуметтік-саяси және өзге де ұйымдарға, саяси процесске ықпал ету мүмкіндігін болдыру.

Саяси әр алуандылық халық билігінің тиімділігін арттыруға, саяси қызметке халықтың неғұрлым ауқымды тобын тартуға ықпал етеді, конституциялық саяси оппозицияны заңдастырады, халықты мемлекеттік билікке жақындатуға жағдайлар жасайды.

Саяси әр алуандылық принципін артықшылығы тек конституциялық шеңберінде ғана толық деңгейде ашылуы мүмкін. Яғни саяси әр алуандылық принципін жүзеге асырылуы үшін азаматтардың қоғамдық ұйымдарға бірігуіне кепілдік беру және қоғамның конституциялық құрылысын осы құрылысқа қауіп төндіруші саяси ұйымдарды қоғам өмірінен сот тәртібімен жою арқылы қорғау қабілеті бар барлық әлеуметтік-саяси құрылымдардың дәл құқықтық, ең алдымен конституциялық негізде әрекет етуі қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 5-бабында бекітілгендей «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады».

Саяси әр алуандылық — бұл азаматтардың тәуелсіз бірлестіктерінің әрекетінен туындайтын саяси пікірлер және саяси әрекеттер еркіндігі. Сондықтан да саяси әр алуандылықты сенімді конституциялық-құқықтық қорғау — халық билігі принципінің жүзеге асырылуының ғана емес, сонымен қатар құқықтық мемлекет әрекет етуінің алғышарты.

Саяси әр алуандылық принципінің жүзеге асырылуы үшін саяси процеске қатысушы және саяси әр алуандылықтың институциялық негізін құрушы саяси партиялардың, өзге қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстардың құқықтық мәртебесін анықтаудың маңызы зор. Олар осы процессте мемлекет пен оның органдарының заңды түрде бекітілген міндеттемелеріне сәйкес барлық қажетті құқықтарға иелік етуі қажет.

2002 жылғы 15-шілдедегі «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының № 344 Заңына сәйкес «Азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады»¹⁰. Заң негізінде бекітілген осы мәртебесіне сәйкес саяси партия саяси әр алуандылықтың институциялық негізінде маңызды орындардың біріне ие. Партиялар кезкелген

«Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15-шілдедегі N 344 Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, — 2002. — № 15. 153-күжат

демократиялық мемлекеттің саяси жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Бүгінгі күні оларсыз мемлекеттік биліктің жүзеге асырылуы мүмкін емес.

Заманауи демократиялық елдердің демократиялық жүйелері әр қилы. Мұндай әр қилылық әрбір мемлекетке тән әлеуметтік, ұлттық, тарихи, діни және өзге де ерекшеліктермен анықталады.

Демократиялық елдердегі көппартиялықтың қажеттігі және олардың ерекше белгілері, мүдделері бір-біріне қарама-қайшы әр қилы әлеуметтік топтардан тұратын қоғамның көппартиялықтың әлеуметтік негізі болып табылуымен шартталған. Және, қоғамның әлеуметтік құрылымы күрделенген сайын, әртүрлі саяси партиялардың құрылуы үшін себептер де көбейе түседі. Сондай-ақ, демократиялық қоғамдағы көппартиялық ондағы бәсекелес топтардың болуымен шартталған. Мұндай топтар парламенттік және өзге сайланбалы органдарға ықпал ету үшін, өздерінің жақтаушыларын сайланбалы лауазымдарға өткізу үшін күреседі.

Саяси партиялардың барлығының танысуы үшін жарияланған бағдарламалық құжаттары болады. Саяси партиялар кандидаттарды депутаттыққа ұсынуға, алдын-ала үгіт-насихат жүргізуге, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға құқылы.

Мемлекеттік биліктің өкілді органдарында саяси партияларды ұйымдық құрылымдарын (фракцияларын) құруға рұқсат етіледі.

«Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Саяси партиялардың құрылу және қызмет ету негіздерінің келесі ережелері ескеріле отырып, жүзеге асырылады:

1. Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық принциптеріне негізделеді. Осы Заңмен белгіленген шектеулерді қоспағанда, саяси партиялардың ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін еркін анықтайды.

2. Саяси партиялардың қызметі адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

3. Саяси партиялар Қазақстан Республикасының саяси партияға мүше болып табылатын азаматтарына саяси партиялардың басшы органдарында, депутаттыққа және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы қызметтерге кандидаттардың тізімінде өкілдік етуі үшін бірдей мүмкіндіктер жасауға тиіс.

4. Саяси партиялардың ұйымдық құрылымы аумақтық принцип бойынша құрылады.

5. Саяси партиялар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшы органдары Қазақстан Республикасының аумағында болуға тиіс.

6. Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің саяси партияларының қызметіне жол берілмейді.

7. Мақсаттары немесе іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, Ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты тұтатуға бағытталған саяси партияларды құру мен олардың қызметіне тыйым салынады.

8. Азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол бермейді.

9. Әскерлендірілген саяси партиялар, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерлендірілген құралымдар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

10. Білім беру ұйымдарының оқу үрдісінде саяси партиялардың бағдарламалық, жарғылық талаптарын насихаттауға жол берілмейді.

4-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ

1. Азаматтық ұғымы және принциптері.
2. Азаматтықты алу және тоқтату негіздері мен тәртібі. Балалардың азаматтығын өзгерту тәртібі.
3. Көші-қон ұғымы. Қазақстан Республикасындағы қоныс аудару процесі.

1. АЗАМАТТЫҚ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ

Конституциялық құқық саласының жүйесінде азаматтық институты маңызды орын алады. Азаматтық институты Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бөлімінде бекітілген. Әрекеттегі Конституция азаматтық ұғымына анықтама бермейді. Қазақстан Республикасы азаматтығының ұғымы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылы 20-желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Заңында берілген¹¹. Осы Заңның Преамбуласында «Қазақстан Республикасының азаматтығы адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқықтық байланысын айқындайды, бұл байланыс олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді» делінген.

Қазақстан Республикасы өз органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының алдында жауапты.

Мемлекет өз аумағынан тыс жерлерде де өз азаматтарының мүдделерін қорғауға міндетті. Азамат мемлекеттің егеменді билігін танығандықтан, шет елде жүрсе де, мемлекет алдындағы міндеттерін атқару керек. Мемлекет өз тарапынан оның осы міндеттерді атқаруын талап ете алады. Адам мен мемлекет арасындағы байланыстың құқықтық сипаты, оның заңдық тіркелуінен көрінеді.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20-желтоқсандағы Заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. — 1991. — № 52.

Мемлекет азаматтықты алу тәртібі мен негіздерін және оны тоқтату шарттарын заңды түрде бекіте отырып, өз азаматтарының шеңберін өзі анықтайды. Азаматтық заңды түрде сәйкес құжаттармен дәлелденеді (паспорт, жеке басының куәлігі, туу туралы куәлік). Сонымен қатар, мемлекет өз азаматтығының туу және қайтыс болу актісін тіркейді.

Азаматтық мәні оның негізгі принциптерімен сипатталады. Қазақстан Республикасы азаматтығының аса маңызды принципі азамат пен мемлекет арасындағы өзара жауаптылықты мойындау принципі. «Азаматтық туралы» Заңының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын қорғауға, мемлекеттік тіл мен оның аумағында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне, әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-құдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті.

Тағы бір маңызды принциптердің бірі бірлік пен теңдік болып табылады. Азаматтықтың бірлігі, Қазақстан Республикасындағы әрбір адамның азаматтыққа ие болу құқығынан көрінеді. Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына, саяси және өзге де сенімдеріне, кәсібін түрі мен сипатына, тұрғылықты жеріне және басқа мән-жайларға қарамастан заң алдына тең. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында жарияланған, кепілдік берілетін азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарға барынша толық иеленеді.

Азаматтықтың тұрақтылық принципі. Осы принципке сәйкес Республика азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан айыруға немесе оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды.

Азаматтықтың маңызды принциптерінің бірі моноазаматтық принципі: Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

Тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғау және оларға қамқорлық жасау принципі Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабында бекітілген. Осы принципке байланысты Респуб-

ликаның халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасы азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының соған сәйкес шығарылатын басқа да заң актілерімен реттеледі.

2. АЗАМАТТЫҚТЫ АЛУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ. БАЛАЛАРДЫҢ АЗАМАТТЫҒЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың келесі негіздерін белгілейді:

- тууы бойынша;
- Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау нәтижесінде;
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша;
- «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңда көрсетілген өзге де негіздер бойынша.

Қазақстан Республикасының азаматтығын тууы бойынша алу ең басты негіз болып табылады. Азаматтықты тууы бойынша алу екі принциптің: «қан құқығы» және «топырақ құқығы» принциптерінің үйлесіміне негізделеді.

«Қан құқығы» принципі бойынша бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, оның туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Қазақстандық бірқатар ғалымдар біздің мемлекетте «топырақ құқығы» принципі негізінде азаматтық берілмейді деген пікірді қолдайды. Бұл қате пікір. «Азаматтық туралы» Заңға сәйкес егер ата-анасы белгісіз болса, егер ата-анасы азаматтығы жоқ, бірақ Қазақстан Республикасының тұрғылықты адамдары болса, Республика аумағында туған бала Республика азаматы болып табылады — бұл баланың қай жердің топырағында дүниеге келсе, сол мемлекеттің азаматтығында болуын білдіреді. Яғни тууы бойынша азаматтық алу «топырақ құқығы» принципіне де негізделеді. Дегенмен, тууы бойынша азаматтық алудағы басым принцип, әрине, «қан құқығы» принципі.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау басқа мемлекет азаматының немесе азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не қабылдаудан бас тарту шешімін Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау үшін Заңмен нақты шарттар белгіленеді. «Азаматтық туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына Қазақстан Республикасының аумағында кемінде 5 жыл тұрақты тұрып келген, не Қазақстан Республикасының азаматтарымен 3 жыл некеде тұратын адамдар қабылдануы мүмкін.

Бұл шарттардың болуы:

- кәмелетке толмағандардан;
- пайым қабілетін жоғалтқан не Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге ие және талаптарға сай келетін адамдардан және олардың отбасы мүшелерінен;
- Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан;
- Қазақстан аумағынан саяси себептермен кетуге мәжбүр болған, тарихи Отаны ретінде тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына қайтып оралған адамдар мен олардың ұрпақтарынан талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі — баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады.

Әскери қызмет атқарып жүрген және Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан әскери қызметшілердің азаматтығы мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарымен белгіленеді.

Халықаралық шарттарда көрсетілген негіздер бойынша азаматтық алу репатриациямен яғни бір мемлекет халқы бөлігінің басқа мемлекет аумағына ерікті көшуімен байланысты болуы мүмкін.

Азаматтықты қалпына келтіру (рэнатурализация) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу тәсілдерінің бірі болып табылады.

Заң азаматтыққа қабылдау шарттарымен қатар, қабылдаудан бас тарту негіздерін де қарастырады.

Ең алдымен Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданбайтын адамдар, адамзатқа қарсы қылмыс жасаған не террорлық іс-әрекеті үшін сотталғандар. Бұл іс-әрекеті Қазақстан Республикасының конституциялық принциптеріне сәйкес келмейтін адамдарға да қатысты, яғни егер олар Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса; Қазақстан Республикасының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса; мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты қоздыратын болса; Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса; мемлекет қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін іс-әрекет жасаса.

Сот ерекше қауіпті бауқеспе деп таныған адамдар да Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданбайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша қос азаматтық танылмайтын болғандықтан, басқа мемлекеттің азаматы болып табылу азаматтыққа қабылдаудан бас тарту негіздерінің бірі болып есептеледі.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңның 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығы Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу немесе айрылу салдарынан тоқтатылады.

Қазақстан Республикасында азаматтықты тоқтатудың ең басты негізі азаматтықтан шығу болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу ерікті болып табылады. Сондықтан азаматтықтан шығу адамның өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Нақты жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматығынан шығарудан бас тартылуы мүмкін. «Азаматтық туралы» Заңның 20-бабына сәйкес бұларға келесі жағдайлар жатады:

- азаматтықтан шығару туралы өтініш жасаған адамның Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерінің немесе мүлктік міндеттемелерінің орындалмағандары болып, олармен азаматтардың немесе Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан кәсіпорындардың мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделері байланысты болса;

- егер адам айыпкер ретінде қылмысты жауапқа тартылған болса не заң жүзінде күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе;

- егер адамның Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келсе.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу заңмен көзделген жағдайларда пайда болады. Қазақстан Республикасының азаматтығынан адам басқа мемлекетте қауіпсіздік қызметіне, полицияға, әділет органдарына не өзге мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасу салдарынан айырылады.

Сонымен қатар, егер адам Республика аумағынан тыс жерде тұрақты өмір сүріп, бірақ елшілік есепке 5 жыл ішінде тұрмаса Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылады.

Адам Республика азаматтығын жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алса, ол Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылады.

Балалардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы және оны өзгерту тәртібі. Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда бала:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында туса;
- 2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде туса, бірақ, ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда, егер осы кезде ата-анасының екеуінің де Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері болса, Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады.

Бала туған кезде ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Баланың анасы азаматтығы жоқ адам болып, ал әкесі Қазақстан Республикасының азаматы деп танылып, әкелігі анықталған ретте 14 жасқа толмаған бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болады. Бұл бала Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрған ретте оның азаматтығы ата-анасының жазбаша арызы бойынша анықталады.

Қазақстан Республикасы аумағында тұрғылықты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың Республика аумағында туған баласы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай «Азаматтық туралы» Заңға сәйкес балалардың азаматтығы ата-анасының жазбаша келісіміне негізделген өтініші бойынша анықталады. Ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болып қалатын 14 жасқа дейінгі баланың ата-анасы азаматтықтан шығу туралы өтініш бергенде сол ата-анасының арызы да табыс етілуге, онда баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына көзқарасы көрсетілуге тиіс. Мұндай арызды — нотариат, ал басқа мемлекеттерде Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі, елшілік мекемесі немесе өкілетті өкілдігі куәландырады.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы балалардың азаматтығының өзгерілуі мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырған. Аталмыш Заңға сәйкес ата-анасының азаматтығы өзгеріп, соның салдарынан екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болған, не екеуі де Қазақстан Республикасы азаматтығынан шыққан жағдайда тиісінше олардың 14 жасқа толмаған баласының азаматтығы да өзгереді.

Сонымен қатар «Азаматтық туралы» Заң балалардың азаматтығы өзгерілуі, азаматтықты алуы немесе сақтап қалуының келесі жағдайларын қарастырады:

- егер баланың ата-анасының біреуі белгілі болса, осы ата-ананың азаматтығы өзгерген жағдайда тиісінше 14 жасқа толмаған баланың азаматтығы да өзгереді;

- егер ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығын алып, ал екіншісі басқа мемлекеттің азаматы не азаматтығы жоқ адам болып қала берсе, Қазақстан Республикасы аумағында тұратын 14 жасқа дейінгі бала ата-анасының осы туралы жазбаша өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы мүмкін;

- егер ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығып, ал екіншісі Қазақстан Республикасының азаматы болып қала берсе, 14 жасқа дейінгі бала Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалады. Ата-анасының осы туралы жазбаша өтініші бойынша, мұндай баланың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуына рұқсат етілуі мүмкін;

- егер Қазақстан Республикасының аумағында тұратын 14 жасқа дейінгі баланың ата-анасының екеуі де немесе жалғыз ата-

анасы Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығып, бұл орайда ата-ана болу құқынан айырылса, бала қамқоршысының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалады.

«Азаматтық туралы» ҚР заңнамасы асырап алынған балалар азаматтығына ерекше мән береді.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң шетелдіктер асырап алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланың Қазақстан Республикасының азаматтығын өзі кәмелетке толғанға дейін сақтайтындығын бекітеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының азаматтары асырап алған бала, асырап алушылардың екеуі де немесе асырап алушылардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығын өзі кәмелетке толғанға дейін сақтайтындығын, аталған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және оның тілегі бойынша ғана жол берілетіндігін анықтайды.

Сонымен қатар аталмыш Заңға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының азаматы асырап алған, басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын 14 жасқа дейінгі бала Қазақстан Республикасының азаматы болады;

2) біреуі Қазақстан Республикасының азаматы, ал екіншісі оның азаматы емес ерлі-зайыптылар асырап алған, басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын 14 жасқа дейінгі бала асырап алушылардың жазбаша түрде білдірілген келісімімен Қазақстан Республикасының азаматы болады;

3) 14 жастан 18 жасқа дейінгі баланың ата-анасы азаматтығын өзгерткен ретте, сондай-ақ асырап алған ретте оның азаматтығын баланың келісуімен ғана өзгертуге болады.

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы істерді шешу тәртібін және азаматтық туралы істерді жүргізуші мемлекеттік органдар шеңберін анықтайды. Азаматтық туралы мәселелер бойынша іс жүргізу, шешімнің орындалғаны және шешімді қайта қарау тәртібі заңды түрде бекітіледі.

Қазақстан Республикасында азаматтық мәселелер жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды адам Қазақстан Республикасының Президенті. Президент құзыретіне: Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат ету, заңмен көзделген реттерде азаматтықты сақтау. Азамат-

тықты қабылдау, өзгерту туралы барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Жарлық шығарады.

3. КӨШІ-ҚОН ҰҒЫМЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ПРОЦЕСІ

1997 жылғы 13-желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына сәйкес көші-қон — бұл жеке адамдардың Қазақстан Республикасынан және Қазақстан Республикасына біржолата, сондай-ақ жеке адамдардың республика ішінде тұратын жері, жұмысы өзгеруіне байланысты қоныс аударуы.

Халықтың көші-қонын реттеудің негізгі принциптері, халықтың көші-қонын реттеу:

- Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адамның тұратын жерін еркін таңдау құқығын, еңбек бостандығын, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауын, кету бостандығын, жүріп-тұру бостандығын қамтамасыз ету;

- шығу тегіне, әлеуметтік, қызмет және мүлік жағдайына, жынысына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кезкелген мән-жайларға қарай қандай да бір кемсітуге жол беруге болмайтындығы;

- Қазақстан Республикасы көші-қон заңдарының республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның өткен тарихы мен дәстүрлерін, даму перспективаларын ескере отырып, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның халықаралық нормалары мен ұсыныстарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

- қазақтардың өз тарихи отанына қайтып оралуына жан-жақты жәрдемдесу, олардың қоныс тебуін ұйымдастыру, жұмыс орындарын құру және байырғы ұлттың қоныс аударушыларына атаулы көмек беруді және оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін басқа да шаралар кешенін жүзеге асыру;

- көші-қон процестерін ретке келтіруді ұйымдастыруға тиісті мемлекеттік органдардың қатысуы;

- бастаманы мемлекеттік атаулы қолдау жағдайында көшіп-қонушылардың жаңа қонысқа жайласуға жеке өзінің қатысуы және әрқайсысының, ең алдымен экологиялық және дүлей зілзала аймақтарынан қоныс аударушылардың өз бетінше іс-әрекет етуі;

- халықаралық шарттарда көзделгеннен басқа реттерде босқындарды олардың келген еліне жөнелтуге немесе күштеп қайтаруға тыйым салу;

- басқа елдермен, әсіресе келушілерді қабылдаушы елдермен оқып білім алу, кәсіби даярлық, еңбек көші-қоны түрінде жасырын көшіп-қонуды азайту саласында ынтымақтастық жасау принциптеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасында халықтың көші-қонымен, көшіп келумен және көшіп кету эмиграциямен анықталады.

Еңбек көші-қоны — жеке адамдардың жұмысқа жалдану мақсатымен бір елден екінші елге көшіп қонуы. Көшіп-қонушы ретінде заңды түрде рұқсат етілген кезкелген адам еңбек көші-қонының субъектісі бола алады.

Көшіп келушілер репатрианттар (оралмандар), реэмигранттар, мәжбүрлі қоныс аударушылар, босқындар немесе қоныс аударушылар деп танылады. Оларға саяси баспана берілуі мүмкін.

Репатриант (оралман) — жаппай саяси қуғын-сүргін актілері, заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматығынан айрылған, Қазақстан Республикасында тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары.

Реэмигранттар — эмиграцияда болып отанына қайтып оралушы адам; байырғы ұлт адамдарының реэмиграциясы — қазақтардың тарихи отаны — Қазақстан Республикасына қайтып келуі.

Мәжбүрлі қоныс аударушылар — Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, өздеріне жасалған зорлық-зомбылық немесе өзге де нысандардағы қуғындау, не нәсілі, ұлты, діни наным, тілі, саяси сенімі, белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілігі бойынша тек өзіне ғана қатысты емес, сонымен бірге өзінің отбасы мүшелеріне қатысты қуғынға ұшыраудың нақты қаупі тууы себепті, сондай-ақ егер зорлық-зомбылық жасалудың немесе қуғындалудың арасында байланыс болса не қарулы және ұлтаралық жанжалдарда қуғындауға ұшыраудың нақты қаупіне байланысты өзінің тұрақты тұрғылықты жерін тастап кетуге мәжбүр болған, басқа (шет) мемлекет аумағында тұрып жатқан адам;

Босқындар — Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, өздеріне зорлық-зомбылық жасалуы немесе өзге де нысандарда қуғындалуы не нәсілі немесе ұлты, діни наным, тілі саяси сенімі, белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілігі белгісі бойынша тек өзіне ғана қатысты емес, сонымен бірге өзінің отбасы мүшелеріне де қарсы қуғынға ұшыраудың нақты қаупі тууы, сондай-ақ қарулы және ұлтаралық жанжалдарда қуғынға ұшыраудың нақты

қауі себепті өзінің тұрақты тұрғылықты жерін тастап кетуге мәжбүр болып, басқа (шет) мемлекет аумағында жүрген адам;

Сонымен бірге Заңда босқын-репатрианттар ұғымы да қарастырылған. Заңға сәйкес босқын-репатрианттар кезінде Қазақстаннан саяси, ұлттық, діни және басқа да дәлелдер бойынша қудалау салдарынан күштеп немесе заңға қарсы қуылған, қазіргі кезде Қазақстан Республикасына қоныс аударуға мәжбүр болған адамдар (олардың ұрпақтары).

Қоныс аударушылар — басқа мемлекет аумағындағы өзінің уақытша немесе тұрақты тұрғылықты жерін өз еркімен тастап Қазақстан Республикасына:

- Қазақстан Республикасының аумағында тұратын отбасымен қосылу мақсатында;

- бұрынғы тұрғылықты жеріне оралу, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдардың қылмыс жасағанға дейін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрған тұрғылықты жеріне оралуы мақсатында;

- өзінің тарихи отанына оралу мақсатында (репатрианттар);

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адаммен некеге отыруға байланысты келген адамдар.

Адамды оралман (репатриант), мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигранттар немесе босқындар деп тану туралы шешімді уәкілетті органның тиісті аумақтық қызметтері адамды оралман, мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп тану туралы өтінішті тіркеген күннен бастап 30 күн ішінде қабылдайды. Мұндай адамдарға тиісті куәлік беріледі. Адамды мұндай адамдар қатарына жатқыздан бас тартқан жағдайда, бұл туралы шешімге жазбаша хабарлама беріледі. Егер аталған адам республикадан тыс жерде болса, оған бас тартудың себептері мен қабылданған шешімге шағымдану тәртібі көрсетіліп, жазбаша хабарлама жіберіледі. Бұл жағдайда жазбаша хабарлама алынған күннен бастап 1 ай ішінде жоғары тұрған уәкілетті органға немесе сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Бас тарту туралы шешім бас тарту алған адамның Қазақстан аумағынан кетуін ұйымдастыру үшін тиісті органдарға да жіберіледі. Бас тарту туралы шешіммен келіспеген адам шағымданған кезде Қазақстан Республикасынан кетіруді ұйымдастыру шаралары тоқтатыла тұрады.

Өтініш берген және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адам қоныс аударушы деп тану туралы өтініші тіркелген жағдайда уәкілетті органның тиісті қызметімен міндетті түрде келі-

сілген, қоныс аударушылардың уақытша тұратын жеріне, оның ішінде өзі таңдап алған жеріне уақытша тұруға жолдама алады.

Қоныс аударушылар деп тану туралы мәселе шешілгенге дейін адамдар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген барлық құқықтарды пайдаланып, міндеттерді атқарады. Саяси баспана — саяси көзқарасы не әрекеті үшін бір мемлекеттен қуғын көрген адамға екінші мемлекеттің бас паналауға берген мүмкіншілігі.

Қазақстан Республикасының шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру туралы өтінішін қанағаттандыруды немесе қабылдамауды әрбір нақты жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді.

Эмиграция — жеке адамдардың Қазақстан Республикасынан басқа елге біржола немесе уақытша кетуі. Көшіп кеткен жеке адамдар эмигранттар деп аталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті әрбір күнтізбелік жылға көшіп келу квотасын белгілейді. Көшіп келу квотасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Президентінің айрықша құзыреті болып табылады.

Мемлекеттік көші-қон туралы ережені, оның қаражатын құрау мен нысанды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тарихи отанына ұжымды түрде қайтып оралуға тілек білдірген адамдарды ұйымдастырып көшіру туралы шешім қабылдайды, сонымен бірге Үкімет көшіп келушілердің Республика аумағына келуін рәсімдеу тәртібін белгілейді.

Өздерін репатрианттар (оралмандар), реэмигранттар, мәжбүрлі қоныс аударушылар, босқындар деп тану туралы өтініш жасаған адамның Республика аумағында уақытша тұратын жерлеріндегі тұру жағдайларын, коммуналдық қызмет, медициналық көмек, басқа да жеңілдіктер мен өтемақылар беру үшін шығындарды төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Эмигранттардың кетуін рәсімдеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі орталық атқарушы орган — халықтың көші-қоны саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы және көші-қонға қатысты бүкіл жұмысты үйлестіруші мемлекеттік орган «Көші-қон туралы» Заңда бұл орган уәкілетті орган ретінде қаралады.

Қазақстан Республикасында көші-қон процестерін басқаруды орталық атқарушы орган жүзеге асырады, яғни уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға уәкілетті органнан рұқсат алған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға тиісті органдар шетелдіктерге Қазақстан Республикасында тұруына арналған ықтиярхат, ал азаматтық жоқ адамдарға куәлік береді. Беру тәртібін Үкімет белгілейді.

Адамды көшіп келуші деп тану туралы өтініш Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдігіне немесе көші-қон процестерін басқару жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Республика азаматтарының басқа елге кетуіне, онда төтенше жағдай қалыптасқан болса, соның салдарынан ол елге бара қалған жағдайда азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төнуі мүмкін болса уақытша шектеу енгізеді.

5-ТАҚЫРЫП.

АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Адам құқығының теориялық тұжырымдамасы.
2. Адамның және азаматтың конституциялық мәртебесінің ұғымы және принциптері.
3. Адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының жүйесі және олардың кепілдіктері.

1. АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Мемлекет — бұл қоғамның саяси ұйымының нысаны. Жеке адам — бөлік, алғы клетка, оның жиынтығынан қоғам құралады.

Қазақстан Республикасының мемлекеті мен жеке адам арасындағы қатынастарды өзара жауаптылық деген кең ұғыммен сипаттауға болады.

Мұндай өзара жауаптылық тек мемлекет өмірінің заңдылық және адамгершілік заңы бәрінің — бірінің игілігіне, бірінің — бәрінің игілігіне қамқоршы болатын қоғамда ғана болады.

Мемлекеттің жеке адам алдындағы және жеке адамның қоғам мен мемлекет алдындағы жауаптылығы Қазақстан Республикасының Конституциясында әртүрлі тұрғыдан көрініс береді. Кей жағдайларда әлеуметтік, адамгершілік және саяси жауаптылық туралы айтылса, басқа жағдайда заңды жауаптылық туралы айтылады. Өзара жауаптылықты қоғамдық маңызы зор қатынастар деп түсіну керек. Жеке адам мемлекет арасындағы өзара жауаптылық өзара құқықтар мен міндеттерден көрінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген мемлекет міндеті:

- 1) тікелей түрде;
- 2) Ата Заңымызда жарияланған мемлекет мақсатынан;

- 3) мемлекеттік органдарға жүктелген міндеттер түрінен;
- 4) мемлекетпен белгіленген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарынан көрінеді.

Жеке адамның қоғам мен мемлекет алдындағы жауаптылығының мазмұны азаматтардың міндеттерінен және олардың ішінде, ең бірінші кезекте, Конституция мен басқа да заңдарда жазылған міндеттерден көрінеді. Азаматтардың шынайы құқықтары мен бостандықтары олардың қоғам алдындағы міндеттері мен жауаптылықтарымен байланысты, үйлесімді болуы керек.

Жеке адамның қоғам мен мемлекеттегі орнын дұрыс белгілеу үшін, оның қоғамдық жағдайын, яғни адам өндірісте және әлеуметтік игілікті бөлуде, қоғамдық және мемлекеттік істерді басқаруда, өмірдің өзге де маңызды салаларында қандай орын алатынын білу керек. Мемлекет құқық арқылы адамдардың қоғамдық, яғни фактілік жағдайын бекітеді. Жеке адамның құқықтық жағдайы, оның қоғамдағы және мемлекеттегі фактілік жағдайы. Ата Заңымызда көрсетілгендей біздің мемлекетіміз өзінің барлық азаматының құқық теңдігін қамтамасыз етеді. Республика азаматтарына нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, діни көзқарасына, қоғамдық бірлестік мүшелігіне, бұрын қылмыстық жазаға тартылғанына қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік береді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық жағдайының мазмұнын олардың қоғамдағы өмірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және адамгершілік фактілік орнымен байланысты мемлекет пен азаматтар арасында қалыптасқан барлық құқық нормалары мен олар реттейтін қатынастар анықтайды. Бұл қатынастар әр қилы болып келеді, сондықтан олар бір ғана құқық саласының нормалары емес, барлық құқық салаларының нормаларымен реттеледі.

Мұнда негізгі рөлде конституциялық құқық нормалары. Себебі конституциялық құқық нормалары, оның ішінде, ең алдымен конституция нормалары өздерінің жалпы реттеуіш сипатына байланысты азаматтардың жағдайларын негізгі, шешуші салаларында анықтайды. Осыған орай Конституция нормалары мемлекет пен азамат арасындағы аса маңызды, түпкілікті, принципті қатынастарды белгілей отырып, оларды әрі қарай реттеуді басқа құқық салаларына қалдырады. Басқаша айтқанда, конституциялық құқық нормалары Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық жағдайының тек қана негіздерін бекітеді.

Адамның құқықтық мәртебесі негізінің 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілуі адам құқығының жаңа тұжырымдамасын көрсетеді. Кеңестік кезеңдегі конституциялармен салыстырғанда тәуелсіз мемлекетіміздің Конституциясында адам мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастар өзгеше бағытта құрылған.

Өзгерістер адамның және азаматтың мәртебесін анықтаушы негіздердің барлығына дерлік енгізіледі.

1. Жаңа Конституция таптық принципті қабылдамады.

2. Адам құқығының қазіргі тұжырымдамасының негізі — адамды құқықтық мәртебенің субъектісі деп есептеу. «Адам құқығы» санаты бірінші рет конституциялық деңгейге заңды түрде танылды. Кеңестік кезеңдегі Конституцияларда әлеуметтік таптық ұғымдар «еңбекшілер», «қанаушы тап», «азамат». Осындай ұғымдар шеңберінен шығуда белгілі қадам жасаған 1997 жылғы Кеңес Одағының осыған сәйкес 1978 жылғы ҚазССР Конституциясы. Бұл конституцияларда «Мемлекет және жеке адам» деген тарау болды. Бірақ бұрынғысынша «адамдардың құқықтары мен бостандықтары» деген ұғым қолданылады.

«Адамның құқығы» және «азаматтың құқығы» бір-біріне жақын, бірақ өз мазмұны бойынша үйлеспейтін ұғымдар. Бұлар жеке адам мәртебесінің әртүрлі аспектілерін көрсетеді. Сондықтан Конституция осы мәртебені сипаттағанда екі ұғымды да қолданып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тіркейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы құқықтар мен бостандықтардың нақты тізімінде бұл ұғымдар көбіне үйлесімді түрде көрсетілген. Конституцияның көп баптарында құқықтар мен бостандықтар әркімге, кейбір баптарында азаматтыққа бағытталады. Соңғысы азаматтыққа байланысты туындайды.

Әрбір жеке адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының субъектісі болып танылуы адам құқығының конституциялық бекітілген қазіргі тұжырымдамасының маңызды белгісі.

3. Адам құқығының қазіргі тұжырымдамасының тағы бір белгісі — социалистік теорияға тән мемлекет мүдделерінің адам мүдделерінен басымдық принципін қабылдау. Қазіргі мемлекет қоғам өкілі. Оның қоғам, азамат, жеке адам алдында жауапкершіліктері мен міндеттері бар.

4. Қазіргі Конституция адам құқықтары мен бостандықтарының тумасынан жазылғанын, олардың абсолютті деп танылатынын,

олардан ешкімнің айыра алмайтынын мойындайды. Кеңестік теория — азаматтарға құқықтар социалистік мемлекетпен беріледі.

5. Әрекеттегі Конституцияда адам құқығы халықаралық актілердің нормалары мен принциптерінің негізі болып табылады.

2. АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ

Қазақстан Республикасы адамының және азаматының конституциялық мәртебесі Конституцияның 2-ші «Адам және азамат» деген бөлімімен анықталады. Адамның және азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесінің институты келесі элементтерді кіргізеді:

а) адамның және азаматтың құқықтық мәртебесінің негізін құрайтын конституциялық құқықтар, бостандықтар мен міндеттер;

б) мемлекет пен жеке адамның өзара қарым-қатынастар сипатын, сонымен бірге адамның қоғамдағы және конституциялық құқықтың басқа субъектілері арасындағы жағдайын анықтайтын адамның және азаматтың мәртебесінің конституциялық принциптері.

Қазақстан Республикасындағы жеке адам құқықтық мәртебесінің негіздері — бұл конституциялық-құқықтық дәреже (категория).

Қазақстан Республикасы мен жеке адам арасындағы құқықтық байланыс не осы адамның Қазақстан Республикасына саяси құқықтық тиістілігіне қарай, не болмаса Республика аумағында тұруына қарай анықталады. Біздің мемлекетімізде жеке адамның конституциялық-құқықтық жағдайы негіздерінің бірінші элементі — Қазақстан Республикасының азаматтығы, өйткені ол мемлекет пен жеке адам арасындағы қатынасты анықтайды.

Келесі элемент — бұл жалпы құқық қабілеттілік, яғни құқыққа ие болу және міндетті орындау қабілеттілігі.

Сонымен бірге азаматтардың конституциялық-құқықтық мәртебесі негіздеріне принциптер де кіреді. Бұл қоғамдық және жеке мүдделер үйлесімі, міндеттердің жалпыға бірдейлігі. Жеке адамның бүтіндей мәртебесін осы принциптермен анықтауға болады.

Қазақстан Республикасының азаматтары құқықтық мәртебесінің шынайылығы құқықтық, материалдық, рухани кепілдіктермен қамтамасыз етіледі.

Республика заңдары азаматтардың өздерінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін қажет жағдайлардың бәрімен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге ол Республика азаматтарының табиғи (жас мөлшері, жынысы, денсаулығы т. б.) және әлеуметтік (мамандық, әскери қызмет т. б.) ерекшеліктерін ескереді. Адамның жас мөлшерінің фактілік құқық қолдану мен міндетті орындауда бірінші деңгейлік маңызы бар. Жалпы ереже бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары кәмелетке толғаннан бастап (18 жас) барлық негізгі құқықтарды пайдаланады да, міндеттерді орындамағаны үшін заңды жауаптылыққа тартылады.

Республика азаматтары жекелеген конституциялық құқықтарды жас шағынан-ақ пайдалана бастайды. Мысалы, туған күнінен бастап Республика азаматтары өмір сүру құқығына, жеке меншік құқығына және оған мұрагер болу құқығына, денсаулық құқығына, асыраушысынан айырылған жағдайда жәрдемақы алу құқығына, тұрғын үй құқығына ие. 6-7 жастан бастап азаматтардың білім алу құқығы бар. Басқа конституциялық құқықтарды кемеліне толған немесе жасы ұлғайған, қартайған кезде жүзеге асыра алады. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша республиканың 25 жасқа толған азаматы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, 30 жасқа толған азаматы — Сенат, 20 жасқа толған азаматы — жергілікті өкілді органның депутаты бола алады. Ал 40 жасқа толған Республика азаматы Республика Президенті болып сайлана алады. Қартаюы бойынша жәрдемақы алу құқығы еркектер үшін 63 жастан, әйелдер үшін 58 жастан басталады. Азаматтардың конституциялық міндеттерді орындамағаны үшін заңды жауаптылық кәмелетке толған (18 жас) шағынан басталады. Дегенмен, кейбір қылмыстар үшін жауаптылық заңмен 14-16 жаста-ақ белгіленеді. Азаматтар әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін 16 жастан бастап жауапты болады.

Кейбір конституциялық құқықтар мен міндеттерді пайдалану үшін азаматтардың жынысының маңызы бар. Қазақстан Республикасының әйелдері өмірдің барлық салаларында еркектермен тең құқылы болуымен қатар, әйелдер өздерінің құқықтарын жүзеге асыруда белгілі жеңілдіктер мен артықшылықтарға ие.

Кейбір конституциялық құқықтарды жүзеге асыру үшін азаматтардың ұлты да негіз болып табылады. Мысалы сотта өз тілінде сөйлеу, өз ана тілінде білім алу.

Азаматтардың денсаулық күйі материалдық қамтамасыз ету құқығын жүзеге асыру үшін немесе кейбір конституциялық міндеттен

босану үшін негіз болып табылады (әскери қызметтен). Ақылынан адасқандар (ақыл-есі кемдер) сайлау құқығын пайдалана алмайды, азаматтық міндеттерді орындамағаны үшін жауапты болмайды.

Конституция жеке адамның аса мағыналы, әлеуметтік маңызды құқықтары мен бостандықтарын бекітеді. Осы құқықтар мен бостандықтар оның қадір-қасиетін қамтамасыз етеді. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар қоғамды басқару және құру мәселелерін шешуге қатысу құқықтарын шешеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында адамға тән құқықтар мен бостандықтар «әркім» деген ұғыммен анықталып, аталмыш құқықтар мен бостандықтардың адамға да, азаматқа да қатысты екенін айқындайды. Сонымен қатар Конституция Республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын да ажыратып бекітеді, олар «Қазақстан Республикасының азаматы» деген ұғымға сәйкес анықталады.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтар әр адам мен азаматқа беріледі және жеке адамның құқықтық мәртебесінің өзегі болып табылады.

Адам және азаматтың конституциялық мәртебесінің ұғымын анықтау үшін оның элементтерінің ұғымын ашу қажет. Жалпы «құқық» ұғымы жағымды әрекеттерді, оны жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтерді ұйғарса, ал «бостандық» ұғымы адамның ішкі әлеміне қол сұғушылықтан қорғануға және белгілі бір дербестікті көрсетуге мүмкіндік беретін өз мінез-құлқының шамасын таңдау мүмкіншілігін білдіреді.

«Құқық» ұғымы жағымды әрекеттерді, оны жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтерді ұйғарады. Ал «бостандық» ұғымы адамның ішкі әлеміне қол сұғушылықтан қорғануға және белгілі бір дербестікті көрсетуге мүмкіндік беретін өз мінез-құлқының шамасын таңдау мүмкіншілігін білдіреді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, конституциялық құқықтар мен бостандықтарға келесідей анықтама беруге болады: «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары — бұл оның тумысынан жазылған (тиісті жағдайларды оның азаматтығына байланысты), мемлекетпен қорғалатын және жеке адамның құқықтық мәртебесінің негізі болып табылатын, олардан ешкім де айыра алмайтын құқықтары мен бостандықтары.

Адам және азамат міндеттерінің конституциялық-құқықтық институты адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық қатынастар субъектісі ретіндегі міндеттерінің шеңберін бекітеді.

Адамның және азаматтың негізгі міндеттері жалпыға бірдей сипатта болады, адам және азаматтың нақты мәртебесіне байланысты емес және ең жоғарғы конституциялық деңгейде бекітіледі.

Негізгі міндеттер — бұл адам мен азаматқа қойылатын және оның қоғам, мемлекет мүдделері мен басқа адамдар мен азаматтардың мүдделерін қамтамасыз етуге қатысу қажеттілігімен байланысты конституциялық бекітілген және құқықтық жауапкершілікпен қорғалатын талаптар.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның және азаматтың конституциялық міндеттерін де «әркім» және «азамат» деген терминдерді пайдалана отырып бекітеді. Конституциядағы «әркім» ұғымы жалпы адамдарға қатысты болса, «азамат» ұғымы тек Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша әркімнің конституциялық міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтау;
- басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу;
- заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу;
- Қазақстан Республикасының азаматтарына жүктелетін міндеттер:
- Қазақстан Республикасын қорғау және әскери қызмет атқару;
- тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасау;
- тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау;
- табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау.

Адамның және азаматтың қоғам мен мемлекеттегі жағдайын анықтаушы негізгі принциптер Конституцияда, сонымен бірге Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасында бекітіледі¹².

Амандықова С. К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқу құралы. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2005.

Қазақстан Республикасындағы адамның және азаматтың құқықтық мәртебесінің конституциялық принциптеріне келесі принциптерді жатқызуға болады:

- құқықтар мен бостандықтардың әркімге тумысынан жазылғандық принципі;
- құқықтар мен бостандықтардың абсолюттігі және олардан ешкімнің айыра алмау принципі;
- құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудағы теңдік принципі;
- заң мен сот алдындағы теңдік принципі;
- адамның қадір-қасиетіне қол сұқпау принципі;
- адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының сот төрелігімен қамтамасыз етілу принципі;
- адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының тұтастық принципі;
- адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбау принципі;
- адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілдік принципі;
- саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандайда бір түрде шектеуге жол бермеу принципі;
- заңдар мен өзгеде нормативтік актілердің мазмұны мен қолдануы анықталу барысында адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының басымдылық принципі.

Бұл принциптердің мазмұны — Қазақстан Республикасы заңдарын қабылдаған кезде мемлекет және адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, адам және азамат мүдделерін алғы мақсат етіп қою керек.

Жоғарыда көрсетілген негізгі принциптерді үйлестіруші ортақ принциптер қатарына азаматтардың құқықтық жағдайының аса маңызды принциптерінің бірі — жеке және қоғамдық мүдделер үйлесімдігі және осыған негізделген құқықтар мен міндеттер бірлігін, тұтастығын жатқызуға болады.

Жеке мүдделер мен қоғам мүдделерінің бірлігі Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған адамдардың құқықтары, бостандықтары, міндеттерінің мазмұнында жатыр.

Егер қоғам мен мемлекет азаматтарының мүдделерін қамтамасыз етуге жан-жақты қамқорлық көрсетсе, әр азамат өз тарапынан Ата Заңымыздың ұйғарымына сәйкес Қазақстан Республикасының

мүдделерін қорғап, оның нығаюына ат салысу керек. Республика Конституциясында көрсетілгендей азаматтардың құқығы мен бостандығын, оның міндеттерінен ажыратып қарауға болмайды.

Құқықтар, бостандықтар, міндеттердің жалпылық (жалпыға бірдейлік) принципі де ортақ принциптердің бірі болып табылады. Бұл принцип конституциялық құқықтар, бостандықтар, міндеттерден анық білінеді. Мұны заңмен белгіленген жасқа жеткен және басқа қажетті жағдайларға сай Қазақстан Республикасының әр азаматы әрбір конституциялық құқық пен әрбір конституциялық міндеттің субъектісі болып табылатындығынан көруге болады.

3. АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

Конституциялық құқықтар мен бостандықтар мемлекет пен жеке адамдар арасындағы, сонымен қатар адамдардың өз арасындағы қатынастар сапасына қарай бөлінеді.

Бұлар жеке құқықтар мен бостандықтар, әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар, саяси құқықтар мен бостандықтар.

Жеке құқықтар мен бостандықтар азаматтыққа байланысты емес. Бұл адамның тумысынан жазылған және мемлекет немесе басқа адам еркімен берілуге жатпайтын құқықтар тобы. Бұл адамның өмірімен, бостандығымен, қадір-қасиетімен және басқа да табиғи құқықтарымен байланысты құқықтар.

Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтары кең көлемде анықталған. Оларға келесі құқықтар мен бостандықтарды жатқызуға болады:

- әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы (13-бап, 1-тармақ);
- әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар (13-бап, 2-тармақ);
- әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі (13-бап, 3-тармақ);
- заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең құқыққа ие (14-бап, 1-тармақ);

- тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-бап, 2-тармақ);

- әркімнің өмір сүруге құқығы бар (15-бап, 1-тармақ);

- ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар (15-бап, 2-тармақ);

- әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар (16-бап, 1-тармақ);

- заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады (16-бап, 2-тармақ);

- ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы (16-бап, 3-тармақ);

- адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды (17-бап, 1-тармақ);

- ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды (17-бап, 2-тармақ);

- әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар (18-бап, 1-тармақ);

- әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі (18-бап, 2-тармақ);

- мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен

және ақпарат көздері мен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті (18-бап, 3-тармақ);

- әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы (19-бап, 1-тармақ);

- әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар (19-бап, 2-тармақ);

- Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар (21-бап, 1-тармақ);

- әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар (21-бап, 2-тармақ);

- әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар (22-бап, 1-тармақ);

- ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс (22-бап, 2-тармақ);

Саяси құқықтар мен бостандықтар мемлекеттік билікті жүзеге асыру барысында қоғамдық қатынастар жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен жағдайларын анықтайды. Сонымен бірге саяси құқықтар мен бостандықтардың табиғи сипаты Қазақстан Республикасы халқының Республикадағы биліктің бірден-бір бастауы және егемендік иесі болып табылуынан туындайды.

Белсенді және бәсең сайлау құқықтарынан тұратын азаматтардың сайлау құқықтық субъектілігі аса маңызды конституциялық құқық болып табылады.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау және референдумға қатысу арқылы құру азаматтардың белсенді сайлау құқығы ретінде анықталады (33-бап, 2-тармақ). Қазақстан Республикасының азаматтарына конституциялық деңгейде берілген бұл құқық Қазақстан халқының мемлекеттік билікті тікелей жүзеге асыруының негізгі көрінісі болып табылады.

Бәсең сайлау құқығы мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлану мүмкіншілігінен көрініс береді.

Саяси құқықтар қатарына азаматтардың мемлекет ісін басқаруға қатысуы да жатады (33-бап, 1-тармақ).

Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар (33-бап, 4-тармақ). Қазақстан Республикасы азаматының саяси құқықтары қатарына жататын конституциялық құқығы бірлесу бостандығы құқығы болып табылады (23-бап). Азаматтар белгілі бір міндеттерді жүзеге асыру үшін өз күштерін біріктіру мақсатында қоғамдық бірлестіктер құрады. Алайда, әскери қызметшілерге, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға бұл құқықты пайдалану шектеледі.

Республика Конституциясы азаматтардың бейбіт жиналуға, митингілермен демонстрациялар өткізуге және тосқауыл қоюға құқығы барын таниды. Бірақ Конституцияда көрсетілген жағдайларда бұл әрекеттердің заңмен шектелуі мүмкін.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар жеке адамның құқықтық жағдайларын азаматтық қоғамның мүшесі ретінде анықтайды.

Жеке меншікке иелік ету әлеуметтік-экономикалық құқықтар қатарындағы маңыздылардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Әрекеттегі Қазақстан Республикасының Конституциясында алғаш рет жерге жеке меншік бекітілді (6-бап, 3-тармақ).

Нарықтық экономика жағдайында жеке адамды белсендендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігі, сонымен қатар өз мүлкін кезкелген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығы бекітілген.

Адамның еңбек саласындағы конституциялық құқығының мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілді. Бұрынғы Конституцияларда еңбек ету құқығы конституциялық деңгейде бекітілсе, ал қазіргі Конституцияда тек еңбек ету бостандығы, сонымен қатар кәсіп түрін еркін таңдау құқығы бекітілген (24-бап).

Еңбек саласындағы құқықтармен тынығу құқығы тікелей байланысты (24-бап, 4-тармақ).

Кезкелген қоғамның негізін салушы отбасы. Неке, отбасы, ана мен әке және бала Конституциямен қорғалады (27-бап).

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар (29-бап).

Әлеуметтік-экономикалық құқықтарға білім алу құқығы да жатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беріледі. Республика өзінің тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді. Олар:

1. Адамның және азаматтың қадірлі адамгершілік өмірге құқығына жеке адамның конституциялық құқықтарымен кепілдік береді. Олар: әркімнің сот арқылы қорғауға құқығы; әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы, әркімді заңда көзделген реттерде ғана, тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындау мен қамауда ұстау.

Конституция бойынша әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, абыройы мен ар-намысын қорғаудың заңды түрде соттық тәртібі белгіленген.

Әркімнің өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялығын сақтауына құқығы бар. Адамның және азаматтың жеке өміріне негізсіз күшпен кірудегі жауапкершіліктің заңмен көзделген әртүрлі формалары осы құқықтардың кепілдіктері болып табылады. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, телеграф арқылы алысқан хабарлар құпиясының жариялануы Қазақстан Республикасының заңымен қудаланады.

2. Экономикалық еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі; меншік оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі; Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі; азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі.

3. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі, цензураға тыйым салынады.

6-ТАҚЫРЫП. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

1. Сайлау, сайлау жүйесі және сайлау құқығының ара қатысы мен ұғымы. Сайлау құқығының принциптері.
2. Сайлау органдарын құру тәртібі мен олардың құзыреті: орталық сайлау комиссиясы, аумақтық сайлау комиссиялары, округтік сайлау комиссиялары, учаскелік сайлау комиссиялары.
3. Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу тәртібі.

1. САЙЛАУ, САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АРА ҚАТЫСЫ МЕН ҰҒЫМЫ. САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Сайлау — әрбір мандатқа екі не одан да көп кандидаттың болуы шартымен мемлекеттік билік органдарын қалыптастыру тәсілі.

Сайлау құқығы конституциялық-құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылуына сәйкес Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының маңызды құрамдас бөлігін, оның аса маңызды институттарының бірін құрайды.

Президентті, Парламенттің Сенат және Мәжіліс депутаттарын, Мәслихат депутаттары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау принциптерін, оны ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бекітуші заңдық нормалар жиынтығы Қазақстан Республикасының сайлау құқығы болып табылады. Сайлау және референдум халық билігінің ең жоғарғы нысаны болғандықтан, демократияның ең негізгі элементтері болып есептеледі.

Дегенмен, «сайлау құқығы» термині конституциялық институтты белгілеу үшін ғана қолданбайды, сонымен бірге ол Қазақстан азаматының субъективтік құқығының бірі ретінде қолданылады. Субъективтік сайлау құқығы белсенді және бәсең болып бөлінеді. Белсенді сайлау құқығы Қазақстан Республикасы азаматтарының 18 жастан бастап сайлауда дауыс беру құқығы, ал бәсең сайлау құқығы — бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының Президент болып, сонымен қатар Қазақстан Республикасының өкілді органдарына сайлану құқығы.

Сайлау құқығы Республиканың конституциялық дамуына байланысты үнемі өзгеріп, дамып отырады.

Сайлау заңдарындағы өзгерістер 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясында және 1993 жылғы 2-желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Кодексімен бекітілді. 1995 жылғы жаңа Конституция сайлау нормаларын әрі қарай дамытып, өзгерістер енгізді. Тағы бір осындай нормативтік актілердің бірі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңы болып табылады¹³.

Сайлау жүйесі — бұл заңмен белгіленген ережелер мен принциптер жиынтығы, осылар арқылы дауыс беру нәтижесі анықталады. Қазақстан Республикасында Президентті, Парламенттің Сенат және Мәжіліс депутаттарын, Мәслихат депутаттары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау тәртібі заңмен белгіленген ережелер мен принциптер арқылы жүзеге асырылады.

Осы ережелер, принциптер жиынтығы сайлау құқығын құрайды. Сондықтан да сайлау құқығы мен сайлау жүйесі тығыз байланысты, бірақ бұларды теңдестіруге болмайды. Сайлау құқығы Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының аса маңызды институты және ол сайлау барысында қалыптасқан қоғамдық қатынастарды реттейді.

Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) елу пайызынан астамының дауысын алған;
- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған.

Саяси партиялардан Парламент Мәжілісінің депутаттары біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдермен сайланады.

Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28-қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, — 1995. — №№ 17-18.

Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі жақтап дауыс берген кандидаттар сайланған болып саналады.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі және сайлау құқығы Республика азаматтарының сайлаудағы ерікті еркін қамтамасыз ететін сайлау құқығының басты кепілдіктеріне негізделеді. Бұл кепілдіктердің өзегі Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу принциптері болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары сайлауға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей тең және төте сайлау негізінде қатысады.

Сайлау құқығының маңызды принциптерінің бірі — оның жалпыға бірдейлігі, яғни 18 жасқа толған барлық азаматтардың сайлауға қатысу мүмкіндігі. «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 4-бабына сәйкес жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы — Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы, ал бәсең сайлау құқығы — Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы.

Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

Қазақстанның белгілі бір жерінде тұрақты тұру талабымен байланысты бәсең сайлау құқығының шектеулері Конституциямен белгіленеді.

«Қазақстан Республикасының Сайлау туралы» заңнамасымен азаматтардың бәсең сайлау құқығын жүзеге асыруы барысында олардың нақты жас мөлшеріне жетуіне байланысты қосымша шарттар белгіленуі мүмкін. Заңнама Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат үшін ең кіші жас мөлшері ретінде қырық жасты белгілейді, ал Парламент Сенатының депутаттығына кандидат отыз жасқа, Мәжіліс депутаттығына кандидат жиырма бес жасқа, мәслихат депутаттығына кандидат жиырма жасқа, жергілікті өзін-өзі басқару мүшелігіне кандидат он сегіз жасқа толуы қажет.

Сайлау құқығының теңдік принципі әрбір сайлаушының бір ғана дауысқа ие болуы және сайлаушылардың кез келген сайлауға тең негізде қатысуымен анықталады (Конституциялық заңның 5-бабы). Тек осы аталған екі элемент болғанда ғана сайлау теңдік принципі негізінде өткізілді деп есептеуге болады.

Сайлау құқығы теңдік принципінің бірінші элементі — әрбір сайлаушының бір ғана дауысқа ие болуы — әрбір сайлаушының бір ғана тізімге енгізілуімен және оның жеке өзі дауыс беру міндеттілігімен қамтамасыз етіледі. Сайлаушы сайлау бюллетенін алу үшін өзін куәландыратын тиісті құжатын көрсетуі қажет, сонда ғана сайлаушылар тізімінде сайлау бюллетенінің берілгендігі туралы белгі қойылады.

Сайлау құқығы теңдік принципінің екінші элементі — сайлауға тең негізде қатысу — ешбір сайлаушының басқа сайлаушының алдында артықшылығының болмауымен (мысалы, өкілдік нормаларына сәйкес халық саны бойынша бір-біріне тең сайлау округтері құрылады) қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасындағы сайлау төте болып табылады. Төте сайлау құқығы сайлаушылардың сайлауда кандидаттарды (кандидаттар тізімін) жақтап немесе оларға қарсы дауыс беруді тікелей жүзеге асыруын білдіреді. Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтар тікелей сайлайды.

Жанама сайлау барысында сайлаушылар таңдаушыларды сайлайды. Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар — мәслихаттардың депутаты болып табылатын Республика азаматтары қатысады. Таңдаушылар Сенат депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір дауысы болады (Конституциялық заңның 7-бабы).

Төте сайлаудың аса маңызды артықшылығы мемлекеттік биліктің барлық сайланушы органдары халықтың тікелей өкілді органы болып табылуымен байланысты. Дәл осы жағдайда аталмыш органдардың халықпен тұрақты түрде тығыз байланысуы, халықтың осы органдар қызметін тұрақты бақылауы мүмкіндіктеріне жол ашылады.

Қазақстан Республикасындағы сайлау жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Жасырын дауыс беру принципі — сайлаушылардың еркіне бақылау жасау және сайлау барысында аза-

маттарға қысымдық көрсету мүмкіндігін болғызбайтын принцип. Қазақстан Республикасында дауыс беру құпиясы сақталады. Сайлаушыға сайлау бюллетенін толтыру үшін жеке бөлме немесе жабық кабинет пайдалану мүмкіндігі беріледі. Сайлау бюллетендерін толтыру кезінде бұл бөлмелерде, сайлау комиссиялары мүшелерін қоса алғанда, кімнің болмасын кіруіне тыйым салынады.

Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

Республиканың одан тыс жерлерде жүрген азаматтары сайлау құқықтарының барлығына толық ие. Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық мекемелері Республика азаматының заңмен белгіленген сайлау құқықтарын толық деңгейде жүзеге асыруына көмек көрсетуге міндетті.

Сайлаудың жариялылық принципі демократиялық принциптердің бірі болып табылады. Бұл принцип әрекеті сайлау барысындағы барлық процестерді бұқаралық ақпарат құралдарының жариялап отыруымен қамтамасыз етіледі. Сайлау органдарының барлық шешімдері бұқаралық ақпарат құралдары, яғни баспа, теледидар, радио арқылы хабарланып отырады.

Тиісті заңнамамен көзделген мемлекеттік билік органдарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдарымен белгіленген мерзімдерде өткізіледі.

Сайлауды оны тағайындауға уәкілеттік берілген орган немесе тұлға заңмен белгіленген мерзімге сәйкес тағайындайды. Сайлауда дауыс беру күнтізбелік жексенбі күніне тағайындалады. Дауыс беруді мереке күндеріне тағайындауға жол берілмейді.

2. САЙЛАУ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ: ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ; АУМАҚТЫҚ, ОКРУГТІК, УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

Қазақстан Республикасында сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары сайлау комиссиялары болып табылады.

Сайлау комиссиясының біртұтас жүйесін құрайтын:

- 1) Республиканың Орталық сайлау комиссиясы;

- 2) аумақтық сайлау комиссиялары;
- 3) округтік сайлау комиссиялары;
- 4) учаскелік сайлау комиссиялары.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі 5 жыл.

Орталық сайлау комиссиясы комиссияның Төрағасынан және алты мүшесінен тұрады. Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының орынбасары мен хатшысы комиссияның алғашқы отырысында сайланады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін қызметке Республика Президенті (44-бап), екі мүшесін Республика Парламентінің Сенаты, екі мүшесін Республика Парламентінің Мәжілісі тағайындайды (57-бап).

Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларын саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлайды. Олардың әрқайсысы жеті мүшеден тұрады.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатура ұсынуға құқылы.

Мәслихат белгілеген, сайлау комиссияларын құру мерзіміне дейін бір айдан кем болмауға тиіс мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Сайлау комиссияларының жаңа құрамын құру сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын басталады және өкілеттік мерзімінің бітуіне кемінде үш күн қалғанда аяқталады. Сайлау комиссияларын құратын органдар сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы. Сайлау комиссияларын құру туралы шешім, олардың құрамы мен орналасқан жері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

Сайлау комиссияларының өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының орындауы үшін міндетті.

Сайлау комиссиялары өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде олардың қызметіне араласуға жол берілмейді. Сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойын-

ша немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы өтінішінің негізінде сот шешімі мен тоқтатылуы мүмкін.

Сайлау комиссияларының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Сайлау комиссиялары мүшелерінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Сайлау туралы» Конституциялық заңмен және өзге де заң актілері мен айқындалады.

Сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам, сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, мүшелері және оның аппаратының қызметкерлері өз өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады және сайлау өткізу кезеңінде өздерінің келісімінсіз жұмыс берушінің ұйғарымы бойынша жұмыстан шығарылмайды не басқа жұмысқа ауыстырылмайды. Сайлау комиссиясының төрағасы сотта және басқа да мемлекеттік органдарда комиссияның мүддесін білдіреді, сондай-ақ ол сайлау комиссиясының мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттікті тиісті сенімхат беру арқылы басқа адамдарға беруге құқылы.

Сайлау комиссиясының мүшесі:

1) тиісті сайлау комиссиясының отырыстары туралы, жедел шешім қабылдауды қажет ететін жағдайларды қоспағанда, қырық сегіз сағат бұрын хабардар етіледі;

2) сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, тиісті сайлау комиссиясының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге және олар бойынша дауыс берілуін талап етуге құқылы;

3) күн тәртібіне сәйкес отырыстың басқа қатысушыларына сұрақтар қоюға және оларға мәні бойынша жауаптар алуға құқылы;

4) өзі құрамында тұрған сайлау комиссиясының құжаттарымен және материалдарымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға;

5) өзі құрамында тұрған сайлау комиссиясы мүшелерінің төрттен үшінің даусымен расталған уәкілеттілігі бойынша төменгі тұрған сайлау комиссиясының қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы;

6) Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Сайлау туралы» Конституциялық заңның және өзге де заңдардың талаптарын, жалпыжұрт таныған әдеп нормаларын сақтауға міндетті;

7) өзіне жүктелген міндеттерді, сайлау комиссиясының және оның төрағасының, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдері мен нұсқауларын орындауға міндетті;

8) азаматтардың сайлау құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, шешімдер қабылдау кезінде әділ және тәуелсіз болуға, сондай-ақ кандидаттар мен партиялық тізім ұсынған саяси партиялардың қызметіне жария баға беруден аулақ болуға міндетті;

9) өзі өкілі болып табылатын саяси партияның не өзге де қоғамдық бірлестіктің шешімдерімен байланысты болмайды және олардың мүдделерін қорғауға құқығы жоқ.

Сайлау комиссиясының мүшесі сайлау комиссиясының белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанда, оның қызметі тоқтатылған кезде, сондай-ақ:

а) міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш берген;

ә) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;

б) тиісті сайлау комиссиясы құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен;

в) соттың оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;

г) оны іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп тануы немесе оны қайтыс болған деп жариялағаны туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

д) қайтыс болған жағдайларда сайлау комиссиясын құрған органның шешімі бойынша өз міндеттерін атқарудан босатылады.

Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі өзін ұсынған саяси партия қызметін тоқтатқан жағдайда өз міндеттерінен босатылады. Сонымен қатар саяси партияны тарату туралы шешімнің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қабылдануы ол ұсынған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиялары мүшесінің міндетінен босатылуына негіз болады. Комиссия мүшесі лауазымдық өкілеттігін немесе «Сайлау туралы» Конституциялық заңның талаптарын бірнеше мәрте бұзған жағдайда сайлау комиссиясын құратын орган оны лауазымын атқарудан босатады. Сайлау комиссиялары құрамдық жағынан келесі талаптарға сай болуы қажет:

а) сайлау комиссиясы бір ұйымның қызметкерлерінен тұрмауға тиіс.

б) сайлау комиссиясының мүшесі тиісті комиссия орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңына сәйкес Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Орталық сайлау комиссиясының өз аппараты болады.

Орталық сайлау комиссиясы:

- Республиканың аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады; олардың бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді; өзінің құзыреті шегінде бүкіл Республика аумағында міндетті шешімдер қабылдайды;

- Президент пен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады; Парламент Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге басшылық етеді; саяси партияларды Парламент Мәжілісі депутаттарының партиялық тізім бойынша сайланатын бөлігіне қатыстыру мәселесін қарайды;

- сайлау науқанын өткізуге жұмсалатын шығыстардың мөлшерлі сметасын жасап, Республика Үкіметіне ұсынады;

- Президентті, Парламент депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау комиссияларына басшылықты жүзеге асырады; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлінген қаражатын олардың арасында бөледі; сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуын бақылайды; аумақтық және округтік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; «Сайлау туралы» Заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді, сайлау жүйелері саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

- Президентті сайлау жөнінде дауыс беруге арналған бюллетеньдердің нысаны мен мәтінін, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөнінде дауыс беруге арналған бюллетеньдердің нысанын, оларды жасау тәртібін, сондай-ақ қорғалу дәрежесін сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдерінің, Президенттікке кандидаттарды қолдайтын сайлаушылардың қолдарын жинауға және Сенаттың депутаттығына кандидаттарды қолдайтын таңдаушылардың қолдарын жинауға арналған қол қою парақтарының, өзге сайлау

құжаттарының нысандарын, дауыс беруге арналып, мөлдір материалдан жасалған жәшіктің нысанын және сайлау комиссиялары мөрлерінің үлгілерін, сайлау құжаттарын сақтау тәртібін, сондай-ақ қорғалу дәрежесін белгілейді; Президентті және Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетендерін дайындауды қамтамасыз етеді; дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктерін жасауды ұйымдастырады, оларды беру және есепке алу тәртібін айқындайды;

- сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есебін, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тыңдауға хақылы;

- Республика Президенттігіне кандидаттарды тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді, кандидаттарды тіркеу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

- Президентті және Парламент депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау алдындағы науқанның барысы туралы сайлаушыларды хабарландырып отырады, мерзім-мерзім ақпарат бюллетенін шығарады;

- Республика бойынша тұтас алғанда Президентті және Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын шығарады, сайланған Президентті және Парламенттің депутаттарын тіркейді, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

- Президент сайлауы кезінде қайта дауыс беру мен қайта сайлауды тағайындайды және өткізілуін ұйымдастырады;

- Парламент депутаттарының қайта сайлауын тағайындайды;

- шығып қалғандардың орнына Парламент депутаттарының сайлауын тағайындайды;

- мәслихаттардың кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды;

- мәслихаттар мен өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссияларына әдістемелік басшылықты және олардың қызметінің осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асырады; Осы Конституциялық заңның бұзылуы анықталған кезде тиісті сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы өтінішпен сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

- әкімшілік-аумақтық бөлініс халқының мөлшеріне сәйкес олардан сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын анықтайды; Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсына сай-

лау заңдары жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді, сайлауды тағайындау мен өткізу туралы, сондай-ақ болып өткен сайлаудағы дауыстарды есептеу нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады; Қазақстан Республикасының сайлаушы азаматтарының бірыңғай электрондық Тіркеу тізілімін жүргізеді; электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып сайлау өткізу кезінде тиісті сайлау комиссияларының мүшелеріне оны қолдануды үйретеді; бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа сайлауда электрондық сайлау жүйесін пайдалануды үйретуді ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары аумақтық сайлау комиссиялары болып табылады. Аумақты сайлау комиссиялары Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін — он күннен, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:

- әкімшілік-аумақтық бөліністер аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

- Президентті, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етеді; партиялық тізімдерін ұсынған Президенттікке кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;

- төменгі тұрған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне басшылық етеді; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлінген қаражатын олардың арасында бөледі; округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуын бақылайды; округтік және учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде

құрылған барлық сайлау комиссияларының Орталық сайлау комиссиясының шешімдерін атқаруын ұйымдастырады; осы Конституциялық заңның бұзылуына жол берген сайлау комиссияларының қызметін тоқтату туралы сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

- сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша сайлау комиссияларының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есебін, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тыңдауға хақылы;

- Сенат депутаттары сайлауын өткізуді қамтамасыз етеді: Сенат депутаттығына кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді; бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабарлар жариялайды; дауыс беруге арналған пункттер дайындайды, дауыс беруге арналған кабинеттер мен жәшіктердің жасалуын қамтамасыз етеді; Сенат депутаттары сайлауындағы дауыс берудің нәтижелерін шығарады және дауыс берудің нәтижелері шығарылған хаттамаларды Сенат депутаттарын тіркеуі үшін Орталық сайлау комиссиясына береді;

- мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде сайлау округтерін құрады және олардың тізімдерін жариялайды, сайлау комиссияларының орналасқан жері туралы сайлаушыларға хабарлайды; дауыс беруге арналған учаскелердің бірыңғай нөмірленуін белгілейді;

- мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерінің жасалуын қамтамасыз етеді;

- округтік сайлау комиссияларынан тиісті мәслихаттың депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамаларды алады және округтік сайлау комиссияларының тіркелген кандидаттардың тізімдерін жариялауын қамтамасыз етеді;

- мәслихаттар депутаттарын сайлаудың қорытындыларын шығарады, сайланған депутаттарды тіркейді және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды; Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсында жариялау үшін тиісті сайлау округтері мен учаскелері бойынша дауыстарды санау хаттамаларын Орталық сайлау комиссиясына береді;

- қайта дауыс беру, қайта сайлау мен Сенаттың және мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау ұйымдастырады;

- мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау, қайта сайлау және шығып қалған мүшелерінің орнына сайлау тағайындайды және ұйымдастырады; тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында орналасқан мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиясының функциясын орындайды; мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді; жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабарлар жариялайды; мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаудың қорытындысын шығарады; жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлаудың қорытындысы туралы хабар жариялайды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіндегі келесі сайлау комиссиялары — бұл округтік сайлау комиссиялары. Округтік сайлау комиссиялары сайлау Округтерінде мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді. Округтік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Округтік сайлау комиссиясы:

- тиісті сайлау округінің аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады;

- мәслихаттар депутаттарын сайлаудың өткізілуін ұйымдастырады;

- учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастырып, үйлестіріп отырады; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдай жасалуын бақылайды; учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; Осы Конституциялық заңның бұзылғаны анықталған кезде сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы өтінішпен сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

- мәслихаттардың депутаттығына ұсынылған кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер

береді, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабар жариялайды;

- сайлаушылар тізімдерінің уақытылы әрі дұрыс жасалып, барша жұрттың танысуына ұсынылуын бақылайды;

- учаскелік сайлау комиссияларын сайлау бюллетеньдерімен қамтамасыз етеді;

- сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша учаскелік сайлау комиссияларының және округтің аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептерін, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тыңдауға хақылы;

- учаскелік сайлау комиссияларынан дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды алады, солардың негізінде округ бойынша сайлау нәтижелерін анықтайды, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

- қайта сайлау және мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өткізеді, сондай-ақ Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесінде учаскелік сайлау комиссияларының орны ерекше. Учаскелік сайлау комиссиялары тиісті сайлау учаскелерінде Президентті, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін - жеті күннен, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы үш күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Учаскелік сайлау комиссиясы:

- сайлау учаскесінде Президентті, Парламент Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау шараларын жүргізеді;

- учаскелік комиссияның орналасқан жері туралы сайлаушыларды хабарландырады;

- тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылардың тізімін нақтылайды;

- азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, тізімдердегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;
- сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады;
- дауыс беруге арналған үй-жай дайындайды, кабиналар мен жәшіктердің жасалуын қамтамасыз етеді;
- сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс берілуін ұйымдастырады;
- дауыс санауды жүргізеді және учаскедегі дауыс беру нәтижелерін анықтайды;
- дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды және Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде аумақтық сайлау округтерінің жүйесі құрылып, пайдаланылады. Сайлау округтері Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі және сайлаушылардың мөлшермен бірдей саны болуы ескеріліп құрылады. Бұл ретте облыс шегіндегі, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасындағы, аудандық, қалалық сайлау округтеріндегі сайлаушылар санының айырмасы осы әкімшілік-аумақтық бірліктегі әрбір депутаттық мандатқа сайлаушылардың орташа санының он бес процентінен аспауға тиіс.

Республика Президенті және бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын Мәжіліс депутаттарының сайлауы кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып табылады.

Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде жоғарыда белгіленген шарттар сақталып, бір мандаттық аумақтық сайлау округтері құрылады. Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде қалалық және селолық қауымдастықтардың аумақтарын қамтитын көп мандатты аумақтық сайлау округтері құрылады.

Сайлау округтерін аумақтық сайлау комиссиялары құрады. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекараларын және округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсетіп, сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірмей тиісті сайлау комиссиялары тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Сайлау округтерінің тізіміне өзгерістер енгізуді,

олардың шекаралары мен сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін анықтауды тиісті сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Аудандар мен қалаларда дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін тиісті әкімдердің сайлау комиссияларымен келісілген шешімдерімен сайлау учаскелері құрылады. Сайлау учаскелері сайлаушыларға барынша қолайлылық туғызу мақсатында, жергілікті және өзге жағдаяттар ескеріле отырып, құрылады. Сайлау учаскелері әрбір сайлау учаскесінде үш мыңнан аспайтын сайлаушылардың болуы және әкімшілік-аумақтық бөліністегі әкімшілік-аумақтық құрылым шекарасының сақталуы ескеріле отырып құрылады.

Қазақстан Республикасына қарайтын әскери бөлімдерде және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында олардың орналасқан жері, кеменің тіркелген порты немесе тұрған жері бойынша тиісті сайлау округтеріне кіретін сайлау учаскелері құрылады. Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасы өкілдіктерінің жанынан Республика Сыртқы істер министрлігі орналасқан аумақтағы сайлау округіне қарайтын сайлау учаскелері құрылады.

Тиісті әкімдер сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін жеті күн мерзім ішінде, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізген кезде үш күн мерзімде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлаушыларды әрбір сайлау учаскесінің шекарасы жөнінде хабардар етеді.

Қазақстан Республикасында мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде аумақтық сайлау округтерінің жүйесі құрылып, пайдаланылады.

Сайлау округтері Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі және сайлаушылардың мөлшермен бірдей саны болуы ескеріліп құрылады. Бұл ретте облыс шегіндегі, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасындағы, аудандық, қалалық сайлау округтеріндегі сайлаушылар санының айырмасы осы әкімшілік-аумақтық бірліктегі әрбір депутаттық мандатқа сайлаушылардың орташа санының он бес процентінен аспауға тиіс.

Республика Президенті және бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын Мәжіліс депутаттарының

сайлауы кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып табылады.

Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде жоғарыда аталған шарттар сақталып, бір мандаттық аумақтық сайлау округтері құрылады, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде қалалық және селолық қауымдастықтардың аумақтарын қамтитын көп мандатты аумақтық сайлау округтері құрылады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 22-бабына сәйкес сайлау округтерін аумақтық сайлау комиссиялары құрады. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекараларын және округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсетіп, сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірмей тиісті сайлау комиссиялары тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Сайлау округтерінің тізіміне өзгерістер енгізуді, олардың шекаралары мен сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін анықтауды тиісті сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Аудандар мен қалаларда дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін тиісті әкімдердің сайлау комиссияларымен келісілген шешімдерімен сайлау учаскелері құрылады. Сайлау учаскелері сайлаушыларға барынша қолайлылық туғызу мақсатында, жергілікті және өзге жағдаяттар ескеріле отырып, құрылады.

Сайлау учаскелері мынадай жағдаяттар:

- әрбір сайлау учаскесінде үш мыңнан аспайтын сайлаушы болуы;

- әкімшілік-аумақтық бөліністегі әкімшілік-аумақтық құрылым шекарасының сақталуы ескеріле отырып құрылады.

Тиісті әкімдер сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін жеті күн мерзім ішінде, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізген кезде үш күн мерзімде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлаушыларды әрбір сайлау учаскесінің шекарасы жөнінде хабардар етеді.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Респуб-

ликасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28-қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңымен және өзге де сайлау туралы заң актілерімен реттеледі.

«Қазақстан Республикасының сайлау туралы» заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының белсенді сайлау құқығы бар барлық азаматтарының тіркелуі (есепке алынуы) қажет. Нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады.

Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаған кезде сайлаушылар тізімі жасалады. Сенат депутаттарын сайлау кезінде таңдаушылардың тізімдері жасалады.

Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган халықты есепке алуды жүзеге асыратын органдар ұсынған мәліметтердің негізінде жасайды.

Әрбір сайлаушы сайлау жарияланған немесе тағайындалған кезден бастап тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы. Егер сайлаушыға сайлаудан кемінде отыз күн бұрын сайлау күні өзінің тіркелген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмайтыны белгілі болса, оның өзінің болатын жері бойынша жергілікті атқарушы органға өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Сайлаушылар тізімдеріне:

- 1) Республиканың белсенді сайлау құқығы бар азаматтары;
- 2) тиісті сайлау учаскелері аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелген азаматтар;
- 3) демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу оқшаулағыштары мен уақытша ұстау оқшаулағыштарында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме борттында болған азаматтардың бәрі;
- 4) әскер бөлімдері бойынша әскер бөлімдерінде тұрған әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар енгізіледі. Әскер бөлімдерінен тыс жерлерде тұратын әскери қыз-

метшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі;

5) шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі Республиканың жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі. Шет мемлекетке жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Республика азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасы азаматы деген жарамды паспорты болса, сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Таңдаушылар тізіміне:

- облыс аумағында орналасқан мәслихаттардың;
- тиісінше республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы мәслихатының барлық депутаттары енгізіледі.

Азамат (таңдаушы) сайлаушылардың (таңдаушылардың) бір ғана тізіміне ене алады.

Сайлау алдындағы үгіт — сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Мемлекет азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» заңнамасына сәйкес белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап не қарсы кедергісіз сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесу-

лерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу жолымен;

3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға, сайлау комиссияларының мүшелеріне, діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттар, саяси партиялар мүдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына құқылы. Кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды.

Сенат депутаттығына кандидаттың әрбір ауданда, қалада, қаладағы ауданда бір-бірден сенім білдірілген адамдары болуына құқығы бар.

Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, ол Сенат депутатын сайлау кезінде мәслихат депутаты, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс.

Сенім білдірілген адамдар Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады және кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның өздеріне жазбаша нысанда берген өкілеттігі шегінде әрекет етеді. Олар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін, өз ұйғарымымен, кандидаттың және партиялық тізімін ұсынған саяси партияның шешімімен, сондай-ақ кандидатты, партиялық тізімді тіркеудің күші жой-

ылған, «Сайлау туралы» Конституциялық заң бұзылған жағдайларда өз мәртебесінен айырылады.

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады.

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын қоспағанда, Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы республикалық бюджет қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың осы мақсаттарға арнап ашылған шоттары арқылы қаржыландырылады. Бұл шоттарға республикалық бюджеттен түсетін бюджет қаражатына иелік етуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленеді.

Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктер, шетелдік мемлекеттік органдар, шет елдердің Заңды тұлғалары мен азаматтығы жоқ адамдар тарапынан Республикадағы сайлауды қаржыландыруға, олардың қандай да болмасын тікелей немесе жанама түрде республикадағы сайлауды қаржыландыруға қатысуына тыйым салынады.

Президентті, Парламент және мәслихаттар депутаттарын сайлауда кандидаттардың сайлау алдындағы үгітін осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен құрылатын сайлау қорлары қаражатынан қаржыландыруға болады.

Сайлау қорлары мынадай көздерден:

1) кандидаттардың жеке қаражатынан, саяси партиялардың қаражатынан;

2) кандидатқа оны ұсынған Республиканың қоғамдық бірлестігі бөлген қаражаттан;

3) Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырымдылықтарынан құралады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қайырымдылық ұйымдарының, діни бірлестіктердің, өздерінің жарғылық капиталында шетелдік қатысушысы бар қазақстандық заңды тұлғалардың ерікті қайырымдылықтарына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың анонимдік қайырымдылықтарына тыйым салынады.

Президентті, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезіндегі сайлау іс-шараларын қаржыландыруды Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады. Сайлау комиссияларының төрағалары ақшалай қаражатқа иелік етеді және қаржы құжаттарының сайлау

комиссияларының қаржы мәселелері жөніндегі шешімдеріне сай келуі үшін жауап береді.

Президенттің кезекті сайлауы бес жылда бір рет тиісті жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

«Сайлау туралы» Конституциялық заңының 51-1 бабына сәйкес кезектен тыс президенттік сайлау Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және тағайындалған күннен бастап екі ай мерзім ішінде өткізіледі. Кезектен тыс сайлаудан кейінгі кезекті сайлау бес жылдан кейін «Сайлау туралы» Конституциялық заңмен белгіленген мерзімде жарияланады. Президенттің кезекті сайлауын Парламент Мәжілісі қыркүйектің екінші жексенбісінен кешіктірмей жариялайды.

«Сайлау туралы» Конституциялық заңының 61-1 бабына сәйкес кезектен тыс президенттік сайлау кезекті сайлау үшін аталмыш нормативтік актімен белгіленген ережелерге сәйкес өткізіледі және сайлау шараларын өткізу мерзімі Орталық сайлау комиссиясымен анықталады.

Президенттікке кандидаттар ұсыну құқығы белгіленген тәртіппен тіркелген республикалық, қоғамдық бірлестіктерде, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну жолымен — азаматтарда болады. Президенттікке кандидаттар ұсыну сайлау жарияланған күннен кейінгі күні басталып, сайлауға екі ай қалғанда аяқталады. Президенттікке кандидаттарды қоғамдық бірлестіктер атынан олардың жоғары органдары ұсынады. Қоғамдық бірлестіктер осы қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын адамдарды кандидаттыққа ұсынуға хақылы. Қоғамдық бірлестік Президенттікке бір ғана кандидат ұсынуға хақылы. Президенттікке кандидат ұсыну туралы шешім республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Президенттікке кандидаттыққа өзін-өзі ұсыну олардың Орталық сайлау комиссиясына тиісті өтініш беруі арқылы жүргізіледі. Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталатын күні Президенттікке екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

«Сайлау туралы» Конституциялық заңының 56-бабына сәйкес сайлаушылардың Президенттікке кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады. Президенттікке кандидатты сайлаушылардың Республиканың облыстарының, республикалық маңызы бар

қаласының және астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауға тиіс.

Президенттікке кандидатты қолдап қол жинауды сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады және кандидаттың Конституциямен және «Сайлау туралы» Конституциялық заңмен белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруден кейін бес күннен кем емес мерзімде оны ұсыну туралы құжаттар негізінде Орталық сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен ресімделеді.

Президенттікке кандидаттарды тіркеуді Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады. Президенттікке кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен «Сайлау туралы» Конституциялық заң талаптарына сәйкес келуі тексеруден өткеннен кейін, сондай-ақ оны қолдап жиналған қолдарды тексергеннен кейін Орталық сайлау комиссиясының есеп-шотына заңмен белгіленген ең төменгі жалақының елу мәрте мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Кандидат сайлау қорытындылары бойынша Республика Президенті болып сайланған немесе кандидат дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде бес процентін алған жағдайларда, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылмауға тиіс және республикалық бюджет кірсіне алынады.

Президенттікке кандидаттар нешеу болса да тіркеуге ұсынылады. Президенттікке кандидаттарды тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше көзделмесе, сайлауға дейін екі ай бұрын басталады және сайлауға қырық күн қалғанда аяқталады.

Егер сайлау бюллетеніне екіден артық Президенттікке кандидаттар енгізіліп және олардың бірде-біреуі сайланбай қалса, Орталық сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша Президент сайлауы жөнінде қайта дауыс беру тағайындайды. Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда, сайлау бюллетеніне неғұрлым көп дауыс алған келесі кандидат енгізіледі. Қайта дауыс беру осы екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі.

Президент сайлауында дауыстарды санау нәтижелері аумақтық сайлау комиссияларының мәжілістерінде белгіленеді және хаттамаға енгізіледі, оған комиссия төрағасы мен мүшелері қол қойып, екі күн мерзім ішінде Орталық сайлау комиссиясына жолданады. Орталық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау өткізген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде сай-

ланған Республика Президентін тіркейді. Егер учаскелердің немесе әкімшілік бөліністердің жалпы санының кемінде төрттен бір бөлігінде сайлау жарамсыз деп танылса не оның барысында немесе дауысты санау не дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде «Сайлау туралы» Конституциялық заңды бұзу орын алса, Орталық сайлау комиссиясы тиісті сайлау комиссияларының ұсынысы, азаматтардың арыздары бойынша сайланған Президентті тіркеуден бас тартуы мүмкін.

«Сайлау туралы» Конституциялық заңының 71-бабына сәйкес Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну сайлау тағайындалғаннан кейін келесі күні басталып, сайлау өткізілетін күнге бір ай қалғанда аяқталады.

Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну:

1) облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астана), қалалық, аудандық мәслихаттар сессияларында жүргізіледі. Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер өздерінің мәслихаттардағы өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар ұсынады. Бұл ретте бірнеше мәслихаттан бір кандидат ұсынылуы мүмкін;

2) өзін-өзі ұсыну тәртібі мен жүргізіледі.

Сенат депутаттығына кандидат болып тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе Республика астанасының аумағында тұратын азамат ұсыныла алады. Сенат депутаттығына кандидат етіп ұсыну жөніндегі шешім тиісті мәслихат депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Сенат депутаттығына кандидаттардың өзін-өзі ұсынуы азаматтардың тиісті аумақтық сайлау комиссиясына осы әкімшілік аумақтық бөлініс бойынша өзінің Сенат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті жайында өтініш беру арқылы жүргізіледі.

Облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституция мен «Сайлау туралы» Конституциялық заң қоятын талаптарға сәйкестігін анықтайды және оның ұсынылуы туралы құжаттар негізінде оған таңдаушылардың қолдарын жинау үшін қол қою парақтарын береді.

Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні Сенаттың депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы тиісті аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттарды ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Сенат депутаттығына кандидат облыс мәслихаттарының, республикалық маңызы бар қала немесе Республика астанасы мәслихатының өкілдері болып табылатын таңдаушылардың жалпы санының кемінде он процентінің қолдауына, бірақ бір мәслихаттан таңдаушылар дауысының жиырма бес процентінен аспайтын дауысына ие болуға тиіс. Таңдаушылардың қолдауы олардың қолдарын жинаумен куәландырылады. Бұл орайда таңдаушылардың әрқайсысы Сенаттың депутаттығына бір кандидатты ғана қолдап өз қолын қоюға құқылы. Сенаттың депутаттығына кандидат тіркелгеннен кейін қойылған қол тек сот шешімінің негізінде ғана кері қайтарылып алынады.

Сенат депутаттығына кандидатты қолдап қол жинауды сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады және бұл тиісті облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен ресімделеді. Қол қою парағының үлгісін Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеуді тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Сенат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституциямен осы Конституциялық заң қоятын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін, сондай-ақ оны қолдап жиналған қолдар тексерілгеннен кейін Орталық сайлау комиссиясының шотына депозит ретінде заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының он бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Кандидат сайлау қорытындылары бойынша Парламент Сенатының депутаты болып сайланған немесе кандидат дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан таңдаушылар дауысының кемінде бес процентін алған жағдайларда, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылмауға тиіс және республикалық бюджет кірісіне алынады.

Сенат депутаттығына кандидатты тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталып, егер сайлау тағайындау кезінде өзгеше көзделмесе, сайлау күніне жиырма күн қалғанда аяқталады. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешім күшінің жойылуына оны ұсынған мәслихат (мәслихаттар) немесе кандидаттың жеке өзі жеті күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады. Бұл ретте шағым берілген күнінен бастап жеті күн ішінде қаралады.

Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығып қалуы нәтижесінде Сенат депутаттығына екіден кем кандидат қалған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана), қалалық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша, өз қаулысымен сайлаудың мерзімін ұзартды, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс. Бұл жағдайда Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну «Сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Сенат депутаты сайлауындағы дауыс санау нәтижелері тиісінше облыстық, қалалық сайлау комиссиясының (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) дауыс беру пунктінде өткізілетін мәжілісінде анықталады. Облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша Сенат депутатын сайлау жөніндегі дауыс санаудың хаттамасын жасайды, оған сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды және сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзім ішінде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Мәжіліс депутаттарының өкілдігінің конституциялық мерзімінің бітуі — кезекті сайлауды, Парламент немесе Парламент Мәжілісі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы — кезектен тыс сайлауды; депутат өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, депутатты мандатынан айыру не оның қайтыс болуына байланысты шығып қалғандардың орнына депутаттар сайлауын тағайындауға негіз болып табылады.

Мәжіліс депутаттарының өкілдігінің конституциялық мерзімінің бітуіне байланысты депутаттар сайлауын Республика Президенті Мәжіліс депутаттары өкілеттігі мерзімінің бітуінен кемінде бес ай бұрын тағайындайды және ол екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Парламент немесе Парламент Мәжілісі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты депутаттар сайлауын Республика Президенті бір мезгілде Парламент немесе Парламент Мәжілісі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы шешім қабылдай отырып, Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдың ішінде тағайындайды.

Депутат өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, депутатты мандатынан айыру не оның қайтыс болуына байланысты депутаттар сайлауын депутат мандаты мерзімінен бұрын тоқтатылған және одан

айырылған не ол қайтыс болған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей Орталық сайлау комиссиясы тағайындайды.

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутатына кандидаттар ұсыну құқығы — белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға, ал Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарға қатысты Ассамблея Кеңесіне тиесілі.

Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Мәжіліс депутаттығына сайлау үшін адамдарды партиялық тізімге енгізу саяси партияның жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жүргізіледі. Саяси партиялардың партиялық тізімдерге осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын адамдарды кіргізуге құқығы жоқ. Саяси партияның жоғары органының шешімі азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтінішімен бірге Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі. Саяси партиялар партиялық тізімдерді мемлекеттік тілдің әліпбиі ретімен жасайды. Партиялық тізімді саяси партияның өкілі саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірмемен бірге бір мезгілде Орталық сайлау комиссиясына ұсынады. Өкілдің өкілеттіктері тиісті құжаттармен расталуға тиіс. Егер сайлауды белгілеу кезінде өзгеше көзделмесе, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну сайлаудан екі ай бұрын басталып, оған қырық күн қалғанда аяқталады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ұсынуды Ассамблея Кеңесі жүргізеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің шешімі көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің шешімі азаматтың сайлауға түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну сайлаудан бір ай бұрын басталып, оған жиырма күн қалғанда аяқталады.

Партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының он бес еселенген мөлшерінде Орталық сайлау комиссиясының шотына саяси партиялардың қаражатынан сайлау жарнасын енгізеді. Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының жеті және одан да көп процентін алған саяси

партиялар сайлау жарнасын төлемейді. Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының бестен жетіге дейінгі процентін алған саяси партия белгіленген сайлау жарнасы мөлшерінің елу проценті мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді. Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының үштен беске дейінгі процентін алған саяси партия белгіленген сайлау жарнасы мөлшерінің жетпіс проценті мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді.

Саяси партия сайлау қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде жеті процентін алған жағдайларда, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген жалғыз кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна саяси партияға қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылмауға тиіс және республикалық бюджет кірісіне алынады.

Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді және Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидаттарды тіркеуді Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Партиялық тізімдер бойынша сайлаудың нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының отырысында тиісті аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде белгіленеді, олар сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі. Сайлау нәтижелері туралы хаттама жасалады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының сайлауында дауыстарды санау нәтижелері дауыс беруге арналған пунктте өткізілетін тиісті аумақтық сайлау комиссиясының отырысында белгіленеді. Аумақтық сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша Мәжіліс депутаттарының сайлауы жөніндегі дауыстарды санау хаттамасын жасайды, ол Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында жария етіледі және сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Республиканы тұтас алғанда Мәжіліс депутаттары сайлауының қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде анықтайды. Сайланған Мәжіліс депутаттарын Орталық сайлау комиссиясы тіркейді.

Мыналар:

1) мәслихаттар өкілеттігінің конституциялық мерзімінің аяқталуы, заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, кезекті сайлауды;

2) мәслихаттар өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы кезектен тыс сайлауды;

3) депутат өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, оны мандатынан айыру не оның қайтыс болуы шығып қалғандардың орнына депутат сайлауын тағайындау үшін негіз болып табылады.

Мәслихат депутаттарының кезекті сайлауын Орталық сайлау комиссиясы мәслихаттардың өкілеттік мерзімінің аяқталуынан кемінде үш ай бұрын тағайындайды және ол мәслихаттар өкілеттігінің конституциялық мерзімінің аяқталуына кемінде бір ай қалғанда өткізілуге тиіс. Өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын Орталық сайлау комиссиясы мәслихат өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Президент Жарлығының, мәслихаттың өзін-өзі тарату туралы шешімінің негізінде тағайындайды және ол мәслихаттар өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс. Мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала және Республика астанасы) сайлау комиссиясы тағайындайды. Мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау наурыздың соңғы жексенбісінде және (немесе) қазанның соңғы жексенбісінде бір мезгілде өткізіледі. Орталық сайлау комиссиясымен келісім бойынша мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды тиісті аумақтық сайлау комиссиялары басқа күнге тағайындауы мүмкін.

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауы бір мезгілде өткізіледі және мерзімі жөнінен Президент сайлауына, Парламент Сенаты сайлауына тұспа-тұс келмеуге тиіс.

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсынууды белгіленген тәртіп бойынша тіркелген республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері және өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтар жүзеге асырады. Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуын, әрбір кандидат дауысқа түсетін сайлау округін көрсете отырып, олардың жоғары органдары жүргізеді. Қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын адамдарды депутаттыққа кандидат етіп ұсынуға құқығы жоқ. Қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі әрбір сайлау округінде мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлес-

тіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді.

Азаматтардың мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуы өзін-өзі ұсыну тәртібімен тиісті округтік сайлау комиссиясына осы аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі. Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды.

Сайлау тағайындалған кезде өзгеше белгіленбесе, депутаттыққа кандидаттар ұсыну, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне бір ай қалғанда аяқталады. Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттар ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады. Округтік сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституция мен Конституциялық заңда өзіне қойылған талаптарға сәйкестігін анықтайды.

Депутаттыққа кандидаттарды тіркеуді округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен Конституциялық заңда қойылатын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін жергілікті атқарушы органдардың шотына депозит ретінде заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Кандидат сайлау қорытындылары бойынша мәслихат депутаты болып сайланған немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде бес процентін алған жағдайларда, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және республикалық бюджет кірісіне алынады.

Мәслихат депутаттығына кандидатты тіркеу, егер сайлау тағайындалған кезде өзгеше белгіленбесе, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне жиырма бес күн қалғанда аяқталады.

Мәслихат депутатын сайлау нәтижелері учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде округтік сайлау комиссиясының отырысында анықталады. Мәслихат депутаттары сайлауының нәтижелері туралы округтік комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылып, сайлау өткізілген күннен бастап екі күннен ас-

пайтын мерзімде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберілетін хаттама жасалады.

Мәслихат депутаттары сайлауының қорытындыларын тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірмей анықтайды. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс берген кандидат мәслихаттың сайланған депутаты болып есептеледі.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайланған мәслихаттар депутаттарын тіркейді.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңмен белгіленген өкілеттігі мерзімінің аяқталуы сайлау тағайындауға, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, оның мандатынан айыру не оның қайтыс болуына байланысты шығып қалғанның орнына мүше сайлауын тағайындауға негіз болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауын аумақтық сайлау комиссиясы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттігі мерзімінің бітуінен кемінде екі ай бұрын тағайындайды және олардың заңмен белгіленген өкілеттігі мерзімінің бітуіне кемінде бір ай уақыт қалғанда өткізілуге тиіс. Сайлауларды өткізу тәртібін Орталық сайлау комиссиясы «Сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес айқындайды.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде:

- 1) халық топтары жинақы тұратын ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтардың аумақтары сайлау округтері болып табылады;
- 2) округтік сайлау комиссиясының қызметін тиісті аумақтық сайлау комиссиясы атқарады;
- 3) сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді учаскелік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар ұсыну құқығы сайлау құқығы бар әрі ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтарда жинақы тұратын кемінде елу азамат болған жағдайда құқылы азаматтар жиналысында, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтарда болады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына кандидаттар ұсыну туралы шешімді жиналысқа қатысқан азаматтар санының көпшілік дауысымен қабылданады, ол тиісті хаттамамен ресімделеді.

Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар ұсынуы өзін-өзі ұсыну тәртібімен тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне тиісті ауылдық немесе қалалық жергілікті қауымдастық аумағы бойынша кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі. Осы ауылдық немесе қалалық жергілікті қауымдастық аумағында тұрмайтын азамат жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат болып ұсыныла алмайды. Ұсынылатын кандидаттар саны шектелмейді. Кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындалғаннан кейінгі келесі күннен басталып сайлау күнінен он төрт күн бұрын аяқталады. Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттар ұсыну мерзімін ұзартады, бірақ ол жиырма күннен аспауға тиіс.

Кандидаттарды тіркеуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімінің жойылуына азаматтар жиналысы немесе кандидаттың өзі үш күн мерзім ішінде жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап үш күн ішінде шағым жөнінде шешім шығарады. Кандидатты тіркеу сайлау күнінен жиырма күн бұрын басталып, оған он үш күн қалғанда аяқталады.

Сайлау қорытындылары аумақтық сайлау комиссиясының мәжілісінде учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау өткізілген күннен кейін үш күн мерзімнен кешіктірілмей анықталады.

Басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көпшілік санын алған кандидаттар берілген мандаттарға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланған мүшелері болып саналады.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланған мүшелерін сайлау өткізілген күннен кейін үш күн мерзімде тіркейді.

7-ТАҚЫРЫП. РЕФЕРЕНДУМ

1. Республикалық референдум ұғымы.
2. Республикалық референдум талқысына қойылатын мәселелер. Республикалық референдумды тағайындау.
3. Республикалық референдумды өткізу тәртібі.

1. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ҰҒЫМЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабына сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық болып табылатыны, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асыратыны, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беретіні анықталады.

Қазақстанның демократиялық мемлекет ретіндегі сипаттамасы Қазақстан Республикасы Конституциясының көптеген бөлімдерінің мазмұнынан туындайды. Формальды демократияның да, нақты демократияның да болуы мүмкін. Нақты демократияның болуы мүмкіндігі жан-жақты кепілдіктермен қамтамасыз етіледі. Қазақстан мемлекетінің демократиялық сипаты конституциялық принциптермен анықталады. Мемлекет басшысының, Парламенттің, жергілікті өкілді органдар депутаттарының сайланбалылығы мемлекетті ұйымдастырудың негіз боларлық принциптерінің бірі болып табылады. Демократиялық мемлекет қызметінің тағы бір негіз боларлық принциптерінің бірі — мемлекет өміріндегі маңызды мәселелерді демократиялық әдістермен шешу. Бұған, атап айтқанда, референдум өткізу, Парламентте дауыс беру тәртібі жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 2-тармағына сәйкес халықтың тікелей билігін жүзеге асырылуының негізгі нысандарының бірі республикалық референдум болып табылады. Референдум тікелей демократия, яғни халықтың мемлекеттік мәселелерді шешуге тура қатынасу нысандарының бірі болып табылады. Референдумға мемлекеттің сайлау құқығы бар барлық азаматтары қатысады.

Конституциялық құқықта референдумның келесі түрлері ажыратып көрсетіледі: императивтік, консультативтік, конституциялық,

заң шығарушылық, міндеттеушілік, факультативтік, мемлекеттік, жергілікті¹⁴.

Императивтік референдум халықтың тура еркін білдіру жолымен референдум кезінде қабылданған шешімнің міндетті заңдық күші болатындығын білдіреді. Консультативтік референдум кезінде мемлекеттік билік органдары қайсы бір маңызды мәселе бойынша шешім (заң, басқа да нормативтік құқықтық актілер) қабылдаған кезде халықтың пікірі айқындалады. Конституциялық референдум кезінде конституцияның немесе оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын бүкіл халықтың дауыс беруімен қабылдау туралы мәселе қозғалады.

Заң шығарушы референдум халықтың дауыс беруімен заң шығаруға байланысты өткізіледі. Міндеттеуші референдум конституцияда қайсы бір мәселені шешу үшін көзделген. Мұндай референдум Конституцияның, өзінде белгіленген шарттарға сәйкес, құзыретті органға референдумды өткізуді міндеттеуіне байланысты өткізіледі.

Факультативтік референдум құзыретті органның заңда көзделген мәселелер бойынша өз бастамасымен референдум тағайындай алатындығын білдіреді.

Мемлекеттік референдум референдумның мемлекеттің бүкіл аумағында өткізілетіндігін білдірсе, жергілікті референдум референдумның мемлекеттің белгілі бір аумағында өткізілетінін білдіреді.

Жалпы біздің мемлекетіміз референдум өткізу тәжірибесіне бай емес. Бұл, әрине, халқымыздың тікелей билігінің жүзеге асырылмау салдары емес. Бұл мемлекетімізде қалыптасқан қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық көрінісі.

Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясында халықтың мемлекеттік билікті халық депутаттарының Кеңестері арқылы жүзеге асыра алатындығы бекітілген болатын. Басқаша айтқанда, азаматтар мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін шеше алатын өкілеттіктері бар өкілдерін Кеңестерге сайлай отырып, сол өкілдері арқылы өздерінің жанама билігін жүзеге асырады. Аталмыш Конституцияда халықтың тікелей билігінің жүзеге асырылу нысандары да қарастырылды, яғни мемлекет өмірінің барынша маңызды мәселелері бүкілхалықтық талқылауға енгізілетіндігі, сондай-ақ бүкілхалықтық дауысқа (референдумға) қойылатындығы анықталды. Дегенмен, халықтың еркінің қандай сипатта — императивтік сипатта болатыны,

жоқ болмаса консультативтік сипатта болатыны анықталған жоқ. Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін халық емес, оның орнына Коммунистік партия шешетіндіктен, референдумның айқындалмаған сипаты оның маңызына жәй қарай салудың салдары болды. Кеңестік социалистік Республикалар Одағын сақтауға орай 1991 жылы Коммунистік партия және ол құрған мемлекеттің күшімен бірақ рет өткізілген референдум — осының айғағы. Қазақ КСР-ы азаматтарының басым көпшілігі Одақты сақтап қалуға дауыс берсе де, референдум қорытындысының міндетті заңдық күші болмады.

1991 жылы 16-желтоқсанда мемлекетіміз өзінің тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңын қабылдады. Енді мемлекетіміз өз тәуелсіздігін алғаннан соңғы басты мақсат — оның құқықтық негізін қалыптастыру болып табылды. Елдің құқықтық негізін қалыптастыру, оның Негізгі Заңын қабылдаудан басталуы қажеттігі айқын. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюы және оның құқықтық жүйесінің қалыптасуы, оның заңнамасының негіздерінің негізі — Конституцияны қабылдаумен тікелей байланысты болғандықтан, мемлекетіміз 1993 жылы 28-қаңтарда өзінің алғашқы Конституциясын қабылдады. Еліміздің алғашқы Негізгі Заңы референдум жолымен емес, сол кездегі мәртебесіне сәйкес бірден-бір заң шығарушы ең жоғарғы өкілді орган Жоғарғы Кеңестің ХП-шақырылымымен қабылданды. Сонымен қатар айта кету қажет, Конституцияның парламентпен қабылдануы жаңалық емес, бірқатар мемлекеттер тәжірибесінде қарастырылған мәселе. Айталық, Италия, Үнді, Польша, Бразилия, Қытай мемлекеттерінің Конституциялары дәл осы парламенттік жолмен қабылданған. Ал біздің мемлекетіміздің алғашқы Негізгі Заңының референдум жолымен қабылданбауы — заңды құбылыс. Себебі ол уақытта жаңа ғана тәуелсіздігін алған жас мемлекетімізде референдумның құқықтық негізі қалыптаспаған болатын. Дегенмен, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясында республика азаматтарының мемлекет өмірінің мейлінше маңызды мәселелері бойынша заңдар мен шешімдер қабылдау үшін республикалық референдум өткізе алатындығы бекітілді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы Жоғарғы Кеңеске референдум өткізу өкілеттігін берді. Тек Жоғарғы Кеңеспен кеңескеннен кейін Президенттің де референдум өткізу туралы шешім қабылдау құқығы болды. Оны ұйымдастыру мен өткізу тәртібі конституциялық заңдармен реттелетіндігі анықталды. Алайда, алғаш рет тұрақты негізде қызмет ету үшін сайланған Жоғарғы Кеңестің бірінші сайланымы аталмыш заңдарды қабылдап

үлгергенше, сол кездегі Конституцияны қорғау органы Конституциялық Соттың шешімімен заңсыз сайланды деп танылды. Осыған байланысты 1993 жылғы Конституцияның 78-бабының 7-тармағына сәйкес Республика Президентінің Жоғарғы Кеңеспен кеңескеннен кейін референдум өткізу туралы шешім қабылдай алатындығы туралы норманың жүзеге асырылу мүмкіндігі жоққа шығарылды. Сол себепті алғашқы Конституцияны қабылдаған Жоғарғы Кеңестің ХП-шақырылымы өзін-өзі тарату барысында 1993 жылы 10-желтоқсанда қабылдаған «Қазақстан Республикасының Президентіне уақытша өкілеттік және әкімдерге қосымша өкілеттіктер беру туралы» Заңы қайтадан күшіне енді. Осы заң Президенттің референдум тағайындау туралы өз қалауымен жеке шешім қабылдауына өкілеттік берді. Осыған сәйкес 1995 жылғы 25-наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Республикалық референдум өткізу туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы қабылданды. Осы Жарлықтың негізінде 1995 жылғы 29-сәуірде Президенттің республикалық референдум өткізу туралы Жарлығы шықты, онда «1991 жылғы 1-желтоқсанда Қазақстан Республикасының бүкіл халқы сайлаған Президенті Н. Ә. Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылғы 1-желтоқсанға дейін созуға келісесіз бе?» деген сұрақ енгізілді. Бұл мемлекетіміз тәуелсіздік алып, егеменді, дербес мемлекеттілігін құру барысында қабылданған референдум туралы алғашқы құқықтық актінің негізінде өткізілген алғашқы референдум болды. Бұдан кейінгі республикалық референдум 1995 жылғы 30-тамызда қабылданған еліміздің әрекеттегі Негізгі Заңы бойынша өткізілді. Осы Негізгі Заңның қабылдануына байланысты, барлық нормативтік актілердің Конституцияға сәйкестілігі принципін сақтау мақсатында 1995 жылғы 2-қарашада Республика Президенті «Республикалық референдум туралы» конституциялық заң күші бар жаңа Жарлық шығарды. 1998 жылғы 7-қазанда Конституцияға енгізілген өзгертулерге сәйкес 1999 жылғы 6-мамырда аталмыш Жарлық Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына айналды¹⁵.

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорыта келе, республикалық референдум ұғымын анықтар болсақ, жоғарыда көрсетілген «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңындағы 1-бабының 1-тармағына сәйкес «Рес-

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2-қарашадағы № 2592 Конституциялық заңы // Егемен Қазақстан, 1995. 3-қараша.

публикалық референдум — Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру».

Айтылып өткендей, республикалық референдум халықтың мемлекеттік билігін тікелей жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады. Олай болса, осындай жоғары деңгейдегі билікті жүзеге асыру белгілі принциптерге негізделуі қажет. Осыған орай «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 4-бабы республикалық референдум өткізудің принциптерін бекітеді. Олар:

- азаматтардың референдумға өз ықтиярымен қатысуы және еркін ашық білдіруі;
- азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысу құқығы;
- жариялылық принциптері болып табылады.

Референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрақтылықты жеріне немесе кезкелген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың 18 жасқа жеткен азаматтарына беріледі. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Референдумды ұйымдастыру мен өткізу ашық әрі жариялы жүзеге асырылады. Референдумды өткізу туралы шешім мен оған қойылатын мәселе азаматтардың назарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі. Референдум комиссиялары референдумды өткізуді ұйымдастыру туралы өздерінің жұмыстары жөнінде азаматтарға хабарландырып отырады.

Референдум өткізу кезінде Республика қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатыса алады, олардың өкілеттіктері Орталық сайлау комиссиясы белгілеген тәртіппен қуаландырылады. Өкілдер мен байқаушылардың референдум комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді. Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады.

Сонымен қатар Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылатын мәселе бойынша жиналыстарда, митингілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру құқығына кепілдік беріледі. Барлық баспа үгіт материалдарында осы материалдарды шығарған ұйымдар, оларды шығаруға жауапты

адамдар туралы мәліметтер болуы тиіс. Бұқпантай үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық, рулық астамшылыққа, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа шақыруды үгіттеуге жол берілмейді.

Осы айтылған мәселелердің барлығы дерлік «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңда қарастырылған. Сонымен қатар республикалық референдумды реттейтін заңдар қатарына «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң, Орталық референдум комиссиясының нормативтік сипаты бар актілері жатады.

2. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ТАЛҚЫСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДЫ ТАҒАЙЫНДАУ

1995 жылғы 2-қарашада қабылданған «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң референдум талқысына қойылуы мүмкін мәселелер тобын анықтады. Олар жоғарыда айтылған республикалық референдум ұғымында қамтылған мәселелер, яғни республикалық референдум мақсаты:

Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сонымен қатар Республика мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдері болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған әрекеттегі Конституциясы референдум жолымен қабылданды. Осы Конституцияның жобасы бойынша тоқтамды сөзін Қазақстан халқының өзі айтты. Жоба бойынша үш миллионнан астам азамат қатысқан 33 мыңдай ұжымдық талқылау өткізіліп, 30 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер түсті. Конституция жобасының 55 бабына 1100 түзету мен толықтырулар енгізілді. Еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевтың идеясы және Қазақстан халықтары Ассамблеясы екінші сессиясының ұсынысы бойынша Конституция референдумда қабылданды, яғни елімізде алғаш рет конституциялық референдум өткізу жүзеге асырылды.

Ал мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерінің шешімдері бойынша өткізілетін референдум туралы айтар болсақ, елімізде мұндай референдум де өткізілді деп есептеуге болады. Се-

бебі, 1995 жылғы сәуір айында өткізілген ел басшысының өкілеттігін ұзарту туралы мәселе — Республика мемлекеттік өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерінің бірі болып табылатындығы даусыз.

Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңы республикалық референдум талқысына қойылатын мәселелермен қатар, республикалық референдум талқысы бола алмайтын мәселелер тізбесін анықтайды. Бұл тізбеге Конституция принциптері мен идеяларынан туындайтын мәселелер енгізілген, олар:

- адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеліп соқтыратын мәселелер;
- мемлекеттің біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, республиканың басқару нысанын өзгерту мәселелері;
- республиканың әкімдік-аумақтық құрылысы мен шекарасын өзгерту мәселелері;
- сот төрелігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелері;
- бюджет пен салық саясаты;
- рақымшылық пен кешірім жасау мәселелері;
- Республика Президентінің, Парламенті Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату мәселелері;
- Республиканың халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері.

Аталған мәселелердің республикалық референдумның талқысы бола алмауы тегіннен-тегін емес. Мұндай мәселелерді референдумға енгізу саяси жағдайды тұрақсыздандыруға, әлеуметтік жанжалға, мемлекеттік органдар қызметінің берекесін кетіруге, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруге, республиканың халықаралық шарттарын орындауға кедергі келтіруге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясы республикалық референдумға қатысты мәселелерді жаңаша шешті. Республика Конституциясының негізінде қабылданған «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 10-бабына сәйкес Республика Президенті республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар бірден-бір субъект болып табылады. Сонымен қатар аталмыш заң республикалық референдум тағайындауға бастамашылық жасау құқығы бар субъектілерді де белгілейді. Республикалық референдум туралы Конституциялық заңға сәйкес референдум тағайындау бастамашылығы:

1) Қазақстан Республикасының Президентінде;

2) Қазақстан Республикасының Парламентінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Республика Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Парламент өз Палаталарының бірлескен отырысында әр Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырады және тиісті қаулымен рәсімдейді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметінде болады, Үкімет те референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Республика Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Үкімет өз мәжілісінде мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырады және тиісті қаулымен рәсімдейді;

4) сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтарында болады, олар республикалық референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Республика Президентіне тілек білдіреді.

Егер референдум өткізу туралы бастамашылықты Республика азаматтары көтерген жағдайда құрамына Қазақстан Республикасының әр облысынан, астанасынан және республикалық маңызы бар қалаларынан кемінде үш-үштен өкілдер кіретін референдумның бастамашыл тобы құрылады. Референдумның бастамашыл тобы Қазақстанның әр облысынан, астанасынан және республикалық маңызы бар қалалардан кемінде отыз-отыздан өкілдер қатысқан жиналыста құрылады. Жиналыстың алдында жиналысқа қатысушыларды тіркеу жүргізіледі және Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері көрсетілген тізім жасалады. Референдумның бастамашылар тобының мүшелері жиналысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен сайланады.

Көрсетілген шаралар нәтижесінде сайланған референдумның бастамашыл тобы Орталық сайлау комиссиясына топты және ол референдумға ұсынған мәселені тіркеуді сұрап өтініш береді. Орталық сайлау комиссиясы тіркеуді өтініш берілген күннен бастап он күн ішінде жүзеге асырады. Референдумның бастамашыл тобына тіркелген күннен бастап бес күн мерзімде топты және ол референдумға ұсынған мәселені тіркеу туралы куәлік беріледі. Егер республикалық референдум туралы Конституциялық заңның талаптары бұзылса, Орталық сайлау комиссиясы бастамашыл топты және ол референдумға ұсынған мәселені тіркеуден бас тартады. Мұндай жағдайда он

күн мерзімде Республика Жоғарғы Сотына шағым жасалуы мүмкін, ол шағым берілген күннен бастап он күн мерзімде қарайды. Жоғарғы Соттың шешімі түпкілікті болып табылады.

Референдумның бастамашыл тобы топты және ол референдумға ұсынған мәселені тіркеу туралы куәлікті алған күннен бастап азаматтардың қолын жинауды ұйымдастырады. Референдумның бастамашыл тобына қол қою парақтарын беруді Орталық сайлау комиссиясы бастамашыл топқа тіркеу туралы куәлікті тапсыра отырып бір мезгілде жүзеге асырады. Қол қою парағына бастамашыл топ референдумға ұсынған мәселенің тұжырымдамасы енгізіледі. Қол жинайтын адам қол жинау барысында бастамашыл топты және ол референдумға ұсынған мәселені тіркеу туралы куәліктің көшірмесін көрсетуі тиіс және әрбір азамат қол қою парағына тек бір рет қана қол қоюға хақылы. Бұл ретте азамат жеке басын куәландыратын құжатын көрсетеді. Азаматтың қолы ол туралы тиісті мәліметтерді және параққа қол қойылған күнді көрсетумен толықтырылады. Сонымен бірге толтырылған әрбір параққа қол жинаған адам қолын қоюы тиіс.

Қол жинау аяқталғаннан кейін үш күн мерзімде толтырылған қол қою парақтарын қол жинаған адамдар аумақтық сайлау комиссиясына тапсырады, ол паспорт қызметінің қызметшілерін қатыстыра отырып он күн мерзімде қол қою парақтарындағы азаматтардың қолының дұрыстығын тексереді, тиісті хаттама жасайды және оны Орталық сайлау комиссиясына жібереді. Ал егер расталмаған қолдар анықталған жағдайда аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Орталық сайлау комиссиясына тиісті ұсыныс енгізеді. Орталық сайлау комиссиясы ұсыныс енгізілген күннен бастап бір ай мерзімде жөнсіздікке жол берген бастамашыл топ мүшелерінің қызметін тоқтату туралы, Конституциялық заң талаптары бұзылғаны анықталған қол қою парақтарын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдай алады. Қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған бастамашыл топ мүшелерін осы референдумды әзірлеу және өткізу кезеңінде қайта сайлауға жол берілмейді. Егер бастамашыл топ қол жинау және қол қою парақтарын рәсімдеу тәртібін қайталап бұзса, онда Орталық сайлау комиссиясы референдумның бастамашыл тобының қызметін тоқтату және оны тіркеу туралы куәлікті қайтарып алу туралы шешім қабылдай алады.

Қол жинаудың соңғы сатысында қол жинауды жүзеге асырған адамдар толтырылған және тиісті аумақтық сайлау комиссиясында тексеруден өткен қол қою парақтарын референдумның бастамашыл

тобына жібереді. Бастамашыл топ қол жинаудың нәтижелері туралы деректерді жинақтап, қол жинау аяқталған күннен бастап он күннен кешіктірмей толтырылған қол қою парақтары мен деректерді Орталық сайлау комиссиясына жібереді. Орталық сайлау комиссиясы тапсырылған қол қою парақтары Конституциялық заңның талаптарына сәйкес болған ретте қол жинаудың нәтижелерін қорытынды хаттамаға енгізеді және референдумның бастамашыл тобынан құжаттарды қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде референдум өткізу туралы ұсынысты қол жинаудың нәтижелері жайындағы қорытынды хаттамамен бірге Республика Президентіне жібереді.

Белгілі бір мәселе бойынша референдум тағайындау туралы ұсыныстар қайтара енгізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда Республика Президенті аталған мәселе жөнінде алдыңғы шешім қабылданғаннан кейін кемінде екі жыл өткен соң ғана қайтадан қарайды.

Республика Президенті Парламент пен Үкіметтің немесе Республика азаматтарының бастамашылығы бойынша референдум тағайындау туралы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- референдум тағайындау туралы;
- референдум өткізбей-ақ, оның талқысына ұсынылатын мәселе бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, конституциялық заң, заң немесе өзге де шешім қабылдау қажеттігі туралы;
- референдум тағайындау туралы бастамашылықты қабылдамау туралы.

Қазақстан Республикасы Конституциясындағы 91-бабының 1-тармағына сәйкес егер Республика Президенті Конституцияға енгізілуі қажет деп ұйғарылған өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, Парламенттің әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік дауысымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті сол заңға қол қояды немесе оны республикалық Референдумға шығарады, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілді деп есептеледі және Конституцияға енгізілуі қажет деп ұйғарылған өзгерістер мен толықтырулар үшін дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп есептеледі. Референдумға бастамашылық жасау құқығы бар субъектілердің ішінде тек

Парламент қана Республика Президентінің қарсылығын еңсере алады. референдумға бастамашылық жасау құқығы бар басқа субъектілердің Президент қарсылығын еңсеру мүмкіндігі заңнамада қарастырылмаған.

Референдум тағайындау туралы шешімді Республика Президенті тиісті Жарлық шығару жолымен қабылдайды. Жарлықта референдумды өткізу мезгілі, оған қойылатын мәселенің тұжырымдамасы белгіленіп, референдумды өткізуге байланысты өзге де мәселелер шешіледі.

3. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Республикалық референдум оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Республика Президенті референдум өткізудің басқа мерзімін белгілеуі мүмкін.

Республикалық референдумды өткізу нақты шаралар арқылы және осы шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін құрылған арнайы органдар арқылы жүзеге асырылады. Республикалық референдумды өткізу кезінде оны дайындау мен өткізу шараларын келесі органдар жүзеге асырады:

- 1) Орталық референдум комиссиясының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы;
- 2) аумақтық референдум комиссиясының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының аумақтық сайлай комиссиялары;
- 3) учаскелік референдум комиссияларының функциясын орындаушы учаскелік сайлау комиссиялары.

Аумақтық және учаскелік референдум комиссияларын құру мен олардың құрамын қалыптастыруды «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен белгіленген тәртіпте тиісті мәслихаттар жүзеге асырады (2004 жылғы 14-сәуірде аталмыш Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес тиісті мәслихаттар, өзгерістерге дейін — тиісті әкімдер).

Орталық референдум комиссиясының өкілеттіктері:

- 1) Республиканың бүкіл аумағында референдум туралы заңның орындалуын бақылайды, оның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді; өз құзыреті шегінде Республиканың бүкіл аумағында міндетті шешімдер қабылдайды;

2) референдумға дайындық пен оны өткізуді ұйымдастырады;
3) референдумды ұйымдастыру мен оны өткізуге арналған шығыс сметасын жасайды және оны Үкіметке табыс етеді;

4) референдум комиссияларына басшылықты жүзеге асырады, олардың шешімдерін жояды және кідірте тұрады; олардың арасында референдумды ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражатты бөледі;

5) референдум комиссияларын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді бақылайды;

6) референдум туралы заңдардың бұзылуы туралы арыздар мен шағымдарды қарайды;

7) дауыс беруге арналған бюллетеньдердің, сайлаушылар тізімінің, қол қою парақтарының, референдум өткізуге қажетті өзге де құжаттардың нысандары мен мәтіндерін; дауыс беру уақытын белгілейді;

8) референдумға дайындықтың барысы туралы азаматтарға хабарлап отырады;

9) Республика бойынша тұтас алғанда референдумның қорытындыларын шығарады.

Аумақтық референдум комиссияларының өкілеттіктері:

1) тиісті мәслихаттардың ұсынуы бойынша дауыс беруге арналған учаскелерді құрады;

2) тиісті әкімдік-аумақтық бөліністердің аумағында референдум туралы заңның орындалуын бақылайды;

3) учаскелік комиссиялардың қызметін ұйымдастырады, референдум өткізуге арналып бөлінген қаражатты олардың арасында бөледі;

4) учаскелік референдум комиссияларын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді бақылайды;

5) референдум туралы заңның бұзылуы туралы арыздар мен шағымдарды қарайды;

6) учаскелік референдум комиссияларынан дауыс берудің нәтижесі туралы хаттамаларды алады, тиісті әкімдік-аумақтық бөліністегі референдумның қорытындысын шығарады.

Учаскелік референдум комиссияларының өкілеттіктері:

1) республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімін жасайды;

2) азаматтарды тізіммен таныстырады, тізімде кеткен қателіктер туралы арыздарды қарайды, оларға өзгертулер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

3) дауыс беретін күн, уақыт, орын және дауыс беру тәртібі туралы азаматтарға хабарлайды;

4) дауыс беруге арналған үй-жайларды дайындайды;

5) референдум өткізілетін күні учаскеде дауыс беруді ұйымдастырады;

6) учаскеде дауыс санауды жүзеге асырады және дауыс берудің нәтижелерін анықтайды;

7) учаскеге келіп түскен арыздар мен шағымдарды қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды.

Барлық деңгейдегі референдум комиссияларының мәжілістері олардың мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы және өздерінің шешімдерін олардың мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды. Референдум туралы Конституциялық заңға сәйкес учаскелік референдум комиссияларының шешімдері олардың мүшелері жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен де қабылдануы мүмкін.

Дауыс беру уақыты мен орны туралы учаскелік референдум комиссиясы азаматтарға дауыс беретін күннен кемінде он күн бұрын хабарлайды. Дауыс беретін үй-жайдың көзге түсетін жерінде референдумға қойылатын мәселенің, Конституция, конституциялық заң, заң жобаларының, оларға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың мәтіні ілінуге тиіс.

Учаскелік референдум комиссиялары дауыс беру өткізілерден кемінде жеті күн бұрын дауыс беруге арналған бюллетеньдермен қамтамасыз етіледі, оларды жасау тәртібін Орталық референдум комиссиясы белгілейді. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерде қойылған әрбір мәселенің тұжырымдамасы және дауыс берушінің жауаптарының нұсқалары келтіріледі. Егер референдумға бірден бірнеше мәселе қойылған болса, олардың әрқайсысы үшін пайдаланылатын бюллетеньдер түсі жағынан ажыратылуы тиіс. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер қазақ тілінде және орыс тілінде, сондай-ақ тиісті әкімдік-аумақтық бөлініс аумағында жинақы тұратын халықтың көпшілігінің тілінде шығарылады.

Референдумға қойылған мәселе бойынша дауыс беру жергілікті уақытпен сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі. Аумақтық референдум комиссиялары тиісті учаскелік референдум комиссияларының ұсыныстары бойынша дауыс беруді бастайтын немесе аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге хақылы, бірақ дауыс беруді сағат алтыдан ерте бастап, сағат жиырма екіден кеш аяқтауға болмайды. Дауыс беру уақытын өзгерту туралы аумақтық комиссиялардың

шешімі дауыс беру күніне кем дегенде жеті күн қалғанда қабылданып, бұл жөнінде сайлаушылардың хабарлануы тиіс.

Референдум күні жүзуде жүрген республика иелігіндегі кемелерде, әскери бөлімдерде, шалғайдағы қатынасу қиын аудандарда, емдеу мекемелерінде, демалыс үйлерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Республиканың шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанынан құрылған референдум учаскелерінде, егер тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, учаскелік референдум комиссиясы дауыс беруді кез келген уақытта аяқталды деп жариялай алады.

Учаскелік референдум комиссиялары дауыс беру басталардан бір сағат бұрын дауыс беруге арналған учаскелерді аша бастауға тиіс.

Дауыс беру барысында әрбір азамат өзі дауыс беруі тиіс. Дауыс құқығын басқа біреуге беруге және басқа адам үшін дауыс беруге жол берілмейді. Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ азамат өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы. Мұндай көмекті референдум комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді және атқарушы органның лауазымды адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі және байқаушылар көрсете алмайды.

Жекелеген азаматтар денсаулық жағдайына және басқа себептерге байланысты дауыс беруге келе алмаған жағдайда учаскелік референдум комиссиясы олардың өтініші бойынша осы азаматтардың тұрған жеріне барып дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс.

Референдумның қорытындыларын шығару кезінде бюллетеньдердің жарамсыз деп танылуы мүмкін. Олар:

- 1) белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер;
- 2) учаскелік референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған бюллетеньдер;
- 3) жауаптардың бірде-біреуі сызылып тасталмаған бюллетеньдер;
- 4) дауыс берушінің еркін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер.

Егер бюллетеньдерде жауаптардың барлық нұсқалары сызылып тасталса, мұндай бюллетеньдер жарамды деп танылады, бірақ дауысты санау кезінде есепке алынбайды.

Референдумның нәтижелерін шығару кезінде бюллетеньдерді жарамсыз деп тану туралы шешімді учаскелік референдум комиссиясы қабылдайды, ал егер осы мәселеге байланысты комиссия мүшелерінің арасында келіспеушілік туындаса, аталмыш мәселе да-

уысқа салу жолымен шешіледі. Бұл ретте шешім комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

Учаскедегі дауыс беру аяқталғаннан кейін учаскелік референдум комиссиясы дауысты санау мен оның нәтижелерін анықтауды жүзеге асыру барысында:

- учаскедегі республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жалпы санын;
- бюллетень алған азаматтардың санын;
- дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы санын;
- әрбір мәселенің оң және теріс шешімін жақтап берілген дауыс санын;
- жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын;
- жарамды деп танылған, бірақ дауысты санаған кезде есепке алынбайтын бюллетеньдер санын белгілейді.

Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумның қорытындысын шығарады. Ол дауыс берудің нәтижелері туралы табыс етілген хаттамалардың негізінде:

- Қазақстан Республикасының референдумға қатысу құқығы бар азаматтарының жалпы санын;
- дауыс беруге қатысқан азаматтардың санын;
- референдумға қойылған мәселенің оң және теріс шешімін жақтап берілген дауыс санын;
- жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын анықтайды.

Егер дауыс беруге референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жартысынан астамы қатысса референдум өткізілген деп есептеледі. Егер дауыс беруге қатысушы азаматтардың жартысынан астамы референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берсе, ол жөнінде шешім қабылданды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 1-тармағына сәйкес референдум өткізудің дұрыстығы туралы дауды шешудің әдістері қарастырылған. Президент, Парламент Палаталарының Төрағалары, Парламент депутаттары жалпы санының кем дегенде бестен бірі, Премьер-Министр республикалық референдумның өткізілуінің дұрыстығы жөнінде дау туған жағдайда Конституциялық Кеңеске жүгінуге құқылы. Егер Конституция бұзылған болса, Конституциялық Кеңес референдумды Конституцияға сәйкес келмейді деп тануға құқылы. Ондай жағдайда Орталық референдум комиссиясы референдум Конституцияға сәйкес емес деп танылған учаскелердегі референдум нәтижелерін заңсыз деп тану, сол учаске-

лерде бір айдың ішінде қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Референдумның қорытындылары туралы Орталық референдум комиссиясының ресми хабары дауыс беру өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Референдумда қабылданған Конституция, конституциялық заң, заң, олардағы өзгертулер мен толықтырулар, референдумға қойылған өзге де шешімдер, егер олардың өзінде өзге мерзім белгіленбесе, референдумның қорытындылары туралы ресми хабар жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Референдум қабылдаған шешімнің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар және Республика Президентінің немесе мемлекеттік билік органдарының бекітуін қажет етпейді.

Референдум қабылдаған шешім мен Республика Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің арасындағы сәйкессіздіктер оларды референдум қабылдаған шешімге сәйкес келтіру арқылы жойылады.

8-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1. Қазақстандағы Президент институтының даму процесі. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі.
2. Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі Президент орны.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреті. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімдігі. Президент жанындағы кеңесші және көмекші органдар.
4. Президент актілері, олардың заңдық күші.

1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУ ПРОЦЕСІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Қазақстандағы президент институты сол кездегі ұлы держава Кеңес Одағының құлауына бірнеше ай қалғанда қалыптаса бастады. 1990 жылғы 24-сәуірде Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР Президентінің лауазымын құру және Қазақ КСР Конституциясына тиісті өзгерістер енгізу туралы Заң қабылдады. Аталмыш Заң мемлекеттік биліктің жоғарғы органдар жүйесіндегі Президент орнын және оның өкілеттіктерін анықтады. Дегенмен бұл Заң мемлекеттік билікті бөлу мәселесін қарастырған жоқ, Кеңестердің толық билігі сақталып қалды. Жоғарғы Кеңес, бұрынғысынша, мемлекет өмірінің барлық мәселелерін шешу құқығына иелік етті. Қазақ КСР-ның алғашқы Президентін жасырын дауыс беру тәртібімен Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі сайлады. Қазақ КСР-ның алғашқы Президенті болып Н. Ә. Назарбаев сайланды. Бірінші Президент көптеген мәселелер бойынша республиканың Жоғарғы Кеңесіне тәуелді болды. Оның үстіне ол республика басшысы болып аталғанымен, тәуелсіз мемлекет басшысы болып табылған жоқ. Осыған байланысты Қазақ КСР-ы Президентінің әрекеті мен өкілеттіктері Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі және Кеңес Одағы Президентінің құзыреттерімен шектелді.

Қазақ КСР Президенті мәртебесінің мұндай жағдайы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құлағанға дейін созылды. Бұл бірінші кезенді Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің толық билігі жүзеге асырылған, өзіндік ерекшеліктері бар парламенттік республикаға жатқызуға болады.

1990 жылға 20-қарашадағы «Қазақ КСР-індегі мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізге Заңына) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданып, аталмыш Заңда «Қазақ КСР Президенті Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы жоғарғы атқарушы және өкімші өкіметінің басшысы болып табылады деп белгіленсін», — делінді. Сөйтіп, Президенттің мәртебесі бірте-бірте беки бастады. Дегенмен, әлі де болса Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кез келген мәселені тікелей өзі шешу құқығының күші ол кезде сақталынып қалған болатын. Солай бола тұрса да 1990 жылға 20-қарашадағы Заң бойынша жоғарғы атқарушы өкімет билігінің жүйесі конституциялық деңгейде біріктіріліп, бір арнаға келтіріле бастады. Президент — ел басшысы, әрі өкімші биліктің басшысы болып заңды түрде жарияланды. Оған Министрлер Кабинетінің қызметін басқару өкілеттігі табыс етілді. Осының салдарынан Үкімет өзінің мәнін жойды. Себебі, біріншіден, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Қазақ КСР Министрлер Кабинеті болып қайта құрылды. Екіншіден, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Президиумы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасарлары мен орынбасарларының қызметі қысқартылды. Үшіншіден, бұдан былай Қазақ КСР Министрлер Кабинетін Қазақ КСР Президенті құратын болды. Төртіншіден, Қазақ КСР Президенті Республика Министрлер Кабинетінің құрамына Қазақ КСР Мемлекеттік Кеңесшілерін, басқа органдар мен ұйымдардың басшылар енгізуге құқылы болды. Бесіншіден, Президенттің ұсынысы бойынша, Премьер-министрді және Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің құрамын Жоғарғы Кеңес бекітті. Сөйтіп, Қазақ КСР Президенті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің аппараттары Президенттің біртұтас аппаратына біріктірілді.

Конституцияға елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілуімен қатар ол кезде ірі-ірі заң актілері қабылданған болатын. Солардың бірі 1991 жылғы 25-маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті туралы» Заң. Бұл Заңда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті — Қазақстан Республикасының Үкіметі — өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының

атқарушы және әкімші мемлекеттік басқару органы болып табылады, — делінген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қарауынан мемлекеттік басқарудың жекелеген салаларын алып, оларды арнайы құрылған органдарға берді, сондай-ақ атқарушы биліктің басшысы ретінде Қазақстан Республикасының Президентіне берілген құзыреттер шеңберіндегі жекелеген өкілеттіктерді Үкіметке берді. Заңда Министрлер Кабинетінің қызметінің негізгі бағыттары, оның құзыреті және тағы басқа өзекті мәселелер жан-жақты тұжырымдалды.

Қазақстандағы президенттік институт 1991 жылғы 25-тамыздағы «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заң) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен одан әрі дамытылды¹⁶. Онда өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіз болған жағдайда ҚР Президентін мерзімінен бұрын қызметінен босатудың конституциялық тәртібі қарастырылды. Президентті қызметінен босату рәсімі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен белгіленді. 1991 жылғы тамыздағы КСРО Президентін қызметінен конституциялық емес жолмен күштеп тайдыруға бағытталған жағымсыз іс-әрекеттерге байланысты Қазақ КСР Президентіне еліміздің бүкіл аумағында орналасқан барлық ішкі әскерлерге басшылықты, қажет болған жағдайда Қазақ КСР аумағында орналасқан одақтық бағынысты ұйымдардың, кәсіпорындардың бірінші басшыларын тағайындауды және оларды қызметтен босатуды, одақтық орындардың шешімдерін Қазақ КСР заңдарына және жоғары атқарушы билік актілеріне қайшы келген жағдайда тоқтата тұруды жүзеге асыру жүктелді.

1991 жылғы 1-желтоқсанда алғашқы Республика Президентін бүкілхалықтық тікелей сайлау өткізілді. Сайлауға қатысқан $87,88726$ адамның $98,78\%$ қолдап дауыс беріп, еліміздің басшысы сайланды.

Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап, еліміздегі президенттік институттың қалыптасуының келесі, екінші кезеңі басталады. Президент тәуелсіз мемлекет басшысы болып табылады. Мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне бөлу принципін қабылдауға байланысты Президент тек мемлекет басшысы болып қана танылған жоқ, сонымен қатар республиканың атқарушы билігінің басшысы болып танылды. 1992

«Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заң) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңы // Халық Кеңесі, 1991. 29-тамыз.

жылғы 13 қаңтарда «Қазақстан Республикасының заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Онда Қазақстан Республикасының Президентіне Министрлер Кабинетінің қарауына жататын кейбір мемлекеттік басқару мәселелерін одан алып, оны арнайы құрылған мемлекеттік немесе өзге де органдарға және де Президенттің өкілеттігіндегі кейбір мәселелерді Министрлер Кабинетіне беру қарастырылды. Осылайша, Республика Президенті мен Кабинетінің өкілеттіктерінің арасындағы қайшылық жойылды. Бұл төменгі бұйындарға да таралды. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақстан Республикасы халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 13-қаңтардағы Заңда¹⁷ Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беріп отыратын және халық депутаттарының тиісті Кеңесінің бақылауында болатын, тағайындалатын жергілікті әкім өз аумағында атқарушы әрі өкілетті мемлекеттік орган болып табылады, — делінген.

Президенттік институттың да, Президенттің жеке басының да қазақстандық қоғамдағы рөлі мен маңызы бірден-бірге арта түсті. Президент қызметіне кіріскен сәттен бастап Президент қызметінің құқықтық негіздері қаланып, оның мемлекеттік билік органдары құрылымындағы жағдайы сараланды. Президенттік институтқа қатысты заңдылықтардың даму барысына қысқаша қайырым жасасақ, мынадай ой түюге болады: Президенттің барынша байыпты тұлғасы пайда болды, ол нақтылап айтқанда, биліктің барлық үш тармағының қалыптасуында шешуші рөл атқарады¹⁸.

Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы¹⁹ тәуелсіз мемлекетіміздің өз мемлекеттілігін елдің негізгі заңы деңгейінде

«Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақстан Республикасы халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // Халық Кеңесі, 1992. 15-қаңтар.

Амандықова С. К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқу құралы. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2005

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 28-қаңтардағы Конституциясы. Конституции стран СНГ /Сост. Ю. Булуктаев. — Алматы: Жеті жарғы, 1999.

бекіткен аса маңызды құжат болып табылды және президенттік институт қалыптасуының үшінші кезеңіне жол ашты.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы Президентті атқарушы билік тармағына енгізді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз мемлекеттің бірден-бір заң шығарушы және ең жоғарғы өкілді органы болды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы заң шығарушы билік үстемдігін қолдады. 1993 жылғы Конституцияда Президенттің мемлекеттік билік жоғарғы органдарының өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету құқығы болған жоқ, себебі Президент атқарушы билік тармағына жатқызылды.

Президенттік басқару жүйесіне алғашқы ұмтылыс 1993 жылғы желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өзін-өзі тарату барысында Президентке заң шығару өкілеттігін беруінен басталды. Сол кездегі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен Президентке уақытша заң шығару өкілеттіктерін беру туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған сәттен бастап, елімізде президенттік басқару жүйесінің жылдам қалыптасу процесі және, осыған байланысты еліміздегі президент институты қалыптасуының төртінші кезеңі басталды деп есептеуге болады.

1995 жылдың 30 тамызында референдум жолымен қабылданған мемлекет Конституциясы еліміздің басқару нысанын анықтау барысында Қазақстан Республикасының президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылатынын бекітті. Конституцияда мемлекеттік билік органдары арасындағы негізгі орын президент институтына берілді. Осылайша әрекеттегі Конституция президенттік басқару жүйесін түпкілікті бекітті. Еліміздегі президент институтының Қазақстан халқы Ассамблеясының 2-ші сессиясында Н. Ә. Назарбаев атап өткендей «Басқарудың президенттік жүйесін мемлекеттің бүгінгі басшысының қайсыбір мүдделері мен амбициялары емес, объективті факторлар тудырды. Және бұл, біздің елімізге ұзақ мерзімді болашақ үшін қажет»²⁰.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабы Президенттің конституциялық-құқықтық мәртебесін сипаттаудың негізі болып табылады. Конституцияның көрсетілген бабына сәйкес Президент — мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саяса-

Н. Ә. Назарбаев. Өткенді саралау және қоғамды демократиялық жолмен одан әрі реформалау. Қазақстан халқы Ассамблеясының екінші сессиясындағы баяндама. // Егемен Қазақстан, 1995. 1-шілде.

тының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

«Құқықтық мәртебе» ұғымының элементтері — бұл құқықтар, міндеттер, құқықтарға берілетін кепілдіктер, міндеттерді орындамағанда туындайтын жауаптылықтар. Олай болса, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесін, оның Конституция нормаларымен бекітілген құқықтары, міндеттері, құқықтарына берілетін кепілдіктер, өз міндетін орындамағанда туындайтын жауаптылықтар анықтайды.

Республика Президенттігіне кандидаттарға қойылатын талаптар Президенттің құқықтық мәртебесінің өзегі болып табылады. Себебі, осы талаптарға сай келген кандидаттың ғана мемлекет басшысы болу мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Конституциясына, Конституция негізінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылы 28-қыркүйекте қабылданған²¹, «Қазақстан Республикасы Президенті туралы» 1995 жылы 26-желтоқсанда қабылданған²², 1999 жылы 6-мамырда өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарына сәйкес анықталады.

Конституцияның 41-бабына сәйкес Республика Президентін жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың 18 жасқа толған белсенді сайлау құқығы бар азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды. Аталмыш баптың 2-тармағы Президенттікке үміткерлерге қойылатын нақты талаптарды бекітеді. Олар:

- а) тумысынан республика азаматы болып табылу;
- б) 40 жасқа толу;
- в) мемлекеттік тілді еркін меңгеру;
- г) Қазақстанда соңғы 15 жыл бойы тұрақты тұру.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, — 1995. — №№ 17-18.

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26-желтоқсандағы № 2733 Конституциялық заңы .

Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Парламенттің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуі тиіс.

Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және сайлау тағайындалған күннен бастап екі ай мерзім ішінде өткізіледі. Кезектен тыс сайлаудан кейінгі кезекті Президент сайлауы бес жылдан кейін «Сайлау туралы» Конституциялық заңмен белгіленген мерзімде жарияланады²³.

Сайлау қорытындысының нәтижесінде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептелінеді. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауыс беру өткізіліп, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көбісінің дауысын алған кандидат сайланды деп есептелінеді.

Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасының Президентіне жүктелген мәртебелі міндетті адал атқаруға салтанатты түрде Қазақстан халқына ант берген сәттен бастап, өз қызметіне кіріседі.

Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, Республиканың бұрынғы Президенттерінің барлығының қатысуымен өткізіледі. Президент болған тұлға Президент өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде ант береді.

Республика бұрынғы Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезден бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған не кетірілген немесе ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Республика Президенттерінің барлығының, қызметтен кетірілгендерден

Қазақстан Республикасының Конституциясы (2001 ж. 3-ақпанда енгізілген өзгертулер мен толықтырулар) электрондық «Юрист» базасына сәйкес 2011. 31.03. жағдай бойынша).

басқасының, Қазақстан Республикасының Экс-Президенті деген атағы болады.

Республика Президентінің қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы және қызметінен кетірілуі мәселелері Конституцияның 47-бабының 1,2-тармақтарымен анықталады.

Осы баптың 1-тармағына сәйкес Республика Президенті науқастануына байланысты өзінің өкілеттіктерін атқара алмаған жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғандығы туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен қабылданады.

Аталмыш баптың екінші тармағы Республика Президентінің қызметінен кетірілуі туралы мәселені анықтайды. Бұл тармақ Президенттің өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап беретінін және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкіндігін бекітеді. Айып тағу және оны тексеру туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін. Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына енгізіледі. Түпкілікті шешім айыптың дұрыс тағылғандығы туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және тиісті конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының төрттен үшінің көпшілік дауысымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Егер айып тағылған кезден бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, тағылған айыптың күші жойылды деп есептеледі. Тағылған айыптың қабылданбауы, осы мәселенің қаралуына себепші болған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеліп соғады.

Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының Президент өкілет-

тігін қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді, егер оның да Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте Президент өкілеттігі Премьер-Министрге көшеді. Президент өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлға өкілеттік мерзімнің қалған уақытында мемлекет басшысы ретінде әрекет етеді және оған Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы бастамашылық жасау құқығынан басқа құқықтардың барлығы тиесілі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 43-бабы Республика Президенті құқықтық мәртебесінің жан-жақты қарастырылуының көрінісі. Осы бапқа сәйкес мемлекет басшысының өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Сонымен қатар Президент өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде саяси партиядағы қызметін тоқтата тұрады.

Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесінің ерекшелігі Конституцияның 46-бабымен нақтылана түседі. Осы бапқа сәйкес Республика Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайтындығы, Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылатындығы және осы ережелердің Республиканың экс-Президенттеріне де қолданылатындығы анықталады.

2000 жылғы 20 шілдеде Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарының сабақтастығын, елдегі бұдан кейінгі әлеуметтік-экономикалық және демократиялық өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан халқының бірлігін, Конституцияны, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен Қазақстан халқының көшбасшысы ретінде республика Тұңғыш Президентінің саяси және құқықтық жағдайын анықтайтын «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» Конституциялық заң қабылданды²⁴.

Аталмыш Конституциялық заңда Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 83 Конституциялық заңы // Егемен Қазақстан. 2000. 22-шілде.

заңда және республиканың басқа заңдарында көзделген өкілеттіктерімен қатар Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өз өкілеттіктерін тоқтатқаннан кейінгі де айрықша құзыреттері мен кепілдіктері анықталады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне оның тарихи миссиясына байланысты өмір бойы:

1) Қазақстан халқына, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік құрылыстың, елдің ішкі және сыртқы саясаты мен қауіпсіздігінің аса маңызды мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар міндетті түрде қарауға жататын бастамалар жасау;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның палаталарының алдында, республика Үкіметінің отырыстарында ел үшін маңызды мәселелерді талқылау кезінде сөз сөйлеу; Қазақстан халықтары Ассамблеясын басқару; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына кіру құқығы тиесілі.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің заңды қызметіне кедергі жасауға жол берілмейді және ондай әрекет заңмен қудаланады.

2. МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПРЕЗИДЕНТ ОРНЫ

Конституциямен құрылатын мемлекеттік органның конституциялық-құқықтық мәртебесі оның мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі орнымен анықталады.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы алғашқы Конституциясында Президент құзыретін бекітетін тарау Жоғарғы Кеңес туралы тараудан кейін орналастырылды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі бірінші орынға Президентті қойды. Сөйтіп Қазақстан Республикасында президенттік басқару жүйесінің орнықтырылғаны туралы конституциялық ережені бекітті.

Конституция Президенттің ерекше жағдайын тани келіп, Президенттің мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді түрде жұмыс істеуін және билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететіндігін орнықтырды. Бұл консти-

туциялық ереже Президент мемлекеттік биліктің барлық тармақтарынан жоғары тұрады деуге негіз болмайды. Президенттік мәртебені талдау мұндай пікірдің негізсіздігін көрсетеді. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу орнықтырылған. Осы принципке орай биліктің әр тармағына өз қызметтерін орындау үшін қажетті деңгейде жеткілікті түрде өкілеттіктер берілген. Тек Парламент заң шығару өкілеттігін берген жағдайда ғана, оның өзінде шектеулі уақыт ішінде Президент заң қабылдай алады. Сот билігін жүргізуге Президенттің құқығы жоқ. Сондай-ақ атқарушы билікке қатысты да Президент заңда көзделген шараларды ғана қолдана алады. Одан әрі, Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі президенттік биліктің барлық билік тармақтарынан жоғары тұруына мүмкіндік бермейді. Президентке Парламенттің және сот билігінің қызметін бақылау құқығы берілмеген. Оның үстіне, өз мәртебесі бойынша ол атқарушы билікке жақын. Алайда, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясында бекітілгендей Президент атқарушы билік жүйесін басқармайды. Қазақстан Республикасында атқарушы билікті Үкімет жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенті халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылады. Президенттің халық бірлігінің нышаны болып табылатынының себебі, оны мемлекет басшылығына көпұлтты халық сайлайды. Президент халық еркінің бірлігін білдіреді. Сондықтан Президент халық атынан сөйлеуге құқылы. Президенттің мемлекеттік билік бірлігінің кепілі болып табылатынының себебі, ол билік тармақтарының бірде-біріне жатпай, оның барлық тармақтарының келісімді әрекетін қамтамасыз етуі тиіс.

Президентке Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретінде әрекет етуіне қажетті өкілеттіктер берілген. Конституцияның мызғымастығын Президент қамтамасыз етеді. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бастамашылық жасау құқығы тек Президентке ғана берілді.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде Президентке кең өкілеттіліктер беріледі. Осы өкілеттіктерді жүзеге асыру барысында Президент мемлекеттік билік органдарымен тығыз байланыста болады. 1994 жылғы 12-қыркүйектегі Президенттің «Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік орган-

дармен өзара қызметі туралы» Жарлығына сәйкес Президентке мемлекеттің басшысы және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, Конституция мызғымастығының кепілі ретінде Премьер-Министрдің Үкіметтің жұмысы туралы; Жоғарғы Сот Төрағасының — соттардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, конституциялық заңдылық пен әділеттіліктің үстемдік етуі жөніндегі жұмыстары туралы; Бас Прокурордың заңдарының орындалуын қадағалау жөніндегі жұмыстары туралы ұдайы хабарлап отыру тәртібі тәжірибеге енгізілген. Осындай хабарламалар негізінде Президент адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолданады.

Сонымен бірге Конституцияға сәйкес Президент мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының кәсіби қызмет етуін қамтамасыз етеді.

2007 жылғы 21 мамырда Республика Конституциясына енгізілген өзгерістерге дейін Президент Үкіметке Парламент Мәжілісіне заң жобаларын енгізуді тапсыратын. Аталмыш өзгерістерге сәйкес енді Президенттің тікелей өзі заң шығару бастамасы құқығына ие (Конституцияның 61-бабы 1-тармағы).

Президент Парламент пен Үкіметтің кәсіби әрекет етуі үшін шаралар қабылдайды. Президент мемлекеттік билік тармақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушіліктер нәтижесінде саяси дағдарыстың туып кетпеуін қадағалайды. Конституцияда Президентке мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету мүмкіндігін жасайтын өкілеттіктер берілген. Бұл конституциялық ереже барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен мемлекеттік органдағы лауазымды адамдардың жауапкершілігін қамтиды. Мысалы, Конституцияда көрсетілген реттерде (63-бап) Парламентті таратып жібере алады, сонымен бірге Президент өзіне жүктелген міндеттерді атқара алмаған Үкімет өкілеттілігін тоқтатуға, мемлекеттік органдарды таратуға қақылы. Егер тиісті мәслихаттар сенімсіздік білдірсе, Президент облыс әкімдерін қызметтен босата алады.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТШІ ӘКІМДІГІ. ПРЕЗИДЕНТ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕСШІ ЖӘНЕ КӨМЕКШІ ОРГАНДАР

Республика Президентінің сыртқы саясаттағы өкілеттігі.

Республика Президенті келіссөздер жүргізеді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды; келіссөздер жүргізуге және Республиканың мемлекетаралық шарттарына қол қоюға өкілеттік береді; бекіту грамоталарына қол қояды; Республика жасасқан, бекітуге жатпайтын халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды; Парламентке Республика жасасқан халықаралық шарттарды денонсациялау туралы ұсыныс енгізеді; Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды.

Республика Президентінің мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі.

Қазақстан Республикасының Президенті Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылық құрамын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген әрі мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялар алысқаннан кейін, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады; Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды; Парламент Палаталарының бірлескен отырысының қарауына Республика Қарулы Күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау

жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы ұсыныс енгізеді; өзіне бағынысты Республика Президентінің Күзет қызметін және Республикалық ұланды жасақтайды; Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекітеді; Республика азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді әскери қызметтің қызметшілерін запасқа шығару туралы шешім қабылдайды; Парламент Сенатының келісімімен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады.

Республика Президентінің Парламентке қатысты өкілеттігі.

Республика Президенті Парламентке және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Конституцияның 51-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын тағайындайды. Сенаттың тағайындалатын мүшелері өкілеттіктерінен айырылған немесе олардың өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда бір ай мерзімде шығып қалғандардың орнына Сенат депутаттарын тағайындайды; сайлау нәтижелері жариялаған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей Парламенттің бірінші сессиясын шақырады; Парламент депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Парламент Сенатының Төрағасы лауазымына кандидатура ұсынады; Парламент сессияларын ашады; Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде өз бастамасымен, палаталар төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады, онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады; егер Парламент Конституцияның 54-бабы 2-тармағының 2-тармақшасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, бір ай ішінде заңға қол қояды; Парламенттің қарауына Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы жоба беруге хақылы; заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісінің қарауына заңнамалық актілер жобаларын өзінің арнайы жолдауымен енгізеді; заң жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге, сондай-ақ заң жобасын қарауды шұғыл деп жариялауға, яғни Парламенттің осы жобаны оның енгізілген күнінен бастап бір ай ішінде қарауға міндетті екендігін білдіретін ұсыныс енгізуге құқығы бар. Осы талапты Парламент орындамаған жағдай-

да Республика Президенті Заң күші бар, Конституцияда белгіленген тәртіппен Парламент жаңа Заң қабылданғанға дейін күші болатын жарлық шығаруға хақылы; Парламент Палаталарының кез келген бірлескен отырыстарына немесе оның Палаталарының бөлек отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар; Үкімет мүшесі заңдарды орындамаған жағдайда Сенат немесе Мәжіліс Конституцияда көзделген тәртіппен қабылдаған Парламент Сенатының немесе Мәжілісінің оны қызметінен босату жайындағы өтінішін қарайды, сондай-ақ Парламенттің тиісті Палатасы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Республика Президентіне Үкіметтің осы мүшесін қызметінен босату туралы алғаш өтініш берген күннен бастап алты ай өткен соң ол туралы қайталап мәселе қойса, Үкіметтің ол мүшесін қызметінен босатады; Конституцияда көзделген тәртіппен Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Республика Президенті Үкіметке қатысты келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- Президент Парламент Мәжілісінің келісімімен Республика Премьер-Министрін қызметке тағайындайды және оны қызметтен босатады. Осы конституциялық нормаға байланысты, егер Мәжіліс Президент ұсынған Премьер-Министрдің кандидатурасына келісім бермеген жағдайда қандай шаралардың жүзеге асырылу мүмкіндігі туралы мәселе туындайды. Себебі Конституцияда аталмыш мәселе түпкілікті қарастырылмаған. Конституциялық норма Мәжілістің ұсынылған кандидатураға келісім бермеуі мүмкін еместігіне меңзеп тұр. 2007 жылғы 21-мамырда Конституцияға енгізілген өзгерістерге дейін Республика Президентінің Премьер-Министрді тағайындауына келісім беру туралы мәселе палаталардың бірлескен отырысының құзырына жатқызылған болатын. Егер Парламент Президентпен ұсынылған Премьер-Министрдің кандидатурасына екі мәрте келісім бермесе, Президенттің Парламентті тарату мүмкіндігіне құқығы болды (өзгерістерге дейінгі 63-бап). Осыған ұқсас норма Ресей Федерациясының Конституциясында да қарастырылған. Ресей Федерациясы Конституциясының 111-бабына сәйкес, егер Ресей Федерациясының Президентімен ұсынылған Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының кандидатурасына Мемлекеттік Дума үш мәрте қарсылық білдірсе, Президент Мемлекеттік Думаны таратып жіберу

мүмкіндігіне құқылы²⁵. Әрине, Конституцияға өзгерістердің жиі енгізілуі Негізгі Заңның тұрақтылығына қауіп төндіретіні даусыз. Дегенмен айтылған мәселенің «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңның 10-бабы 1-тармағында Конституцияның аталған нормасын одан әрі өрбітіп, Премьер-Министрдің кандидатурасына келісім беру мәселесін егжей-тегжейлі нақтылау мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды;

- Премьер-Министрді тағайындағаннан кейінгі он күн мерзім ішінде оның енгізген ұсынысы бойынша Үкімет құрылымын айқындайды, Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады, Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қызметке тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады;

- Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды;

- жүйелі түрде Премьер-Министрдің Үкімет қызметінің негізгі бағыттары туралы және оның барлық маңызды шешімдері туралы баяндамасын тыңдайды, оның барысында Премьер-Министр Үкімет жұмысы туралы есеп береді;

- Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қаржыландыру мен қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді;

- аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді;

- Үкіметке Парламент Мәжілісіне заң жобасын енгізуді тапсырады;

- Республика Үкіметі мен Премьер-Министрі актілерінің күшін жояды не толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

- егер Үкімет пен оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыруы мүмкін емес деп санаса немесе егер Парламент Мәжілісі не Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірсе, олар мәлімдеген орнынан түсуі туралы, сондай-ақ Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшесі мәлімдеген орнынан түсуі туралы шешімді қабылдайды;

Конституции стран СНГ / Сост. Ю. Булуктаев. — Алматы: Жеті жарғы, 1999.

- Үкімет немесе оның кез келген мүшесі мәлімдеген орнынан түсуді он күн мерзім ішінде қабылдайды немесе қабылдамай тастайды;

- Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуін қабылдамай тастаған ретте оларға өз міндетін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады;

- өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату, Премьер-Министр мен Үкіметтің кез келген мүшесін қызметтен босату туралы шешім қабылдауға хақылы;

- өз актілерімен Үкіметке Республика Конституциясы мен заңдарында белгіленгеннен басқа атқару міндеттерін жүзеге асыруды жүктеуге хақылы.

Республика Президентінің Конституциялық Кеңеске қатысты өкілеттігі. Президент Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен екі мүшесін қызметке тағайындайды, конституциялық заңға сәйкес оларды мерзімінен бұрын қызметтен босатуға хақылы; Республика Конституциясының 72-бабында көзделген жағдайларда Конституциялық Кеңеске өтініш білдіреді; Конституциялық Кеңестің шешіміне толық немесе оның бір бөлігінде қарсылықтар енгізеді.

Республика Президентінің соттарға және судьяларға қатысты өкілеттігі. Республика Президенті Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесін негізге ала отырып, Республика Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын қызметке сайлау және қызметтен босату үшін Парламент Сенатына ұсынады; Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Республика Президентінің прокуратура органдарына қатысты өкілеттігі. Президенті Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Бас Прокурорын бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады; Бас Прокурордың ұсынысы бойынша Республика Бас Прокурорының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; әр тоқсанда кемінде бір рет Бас Прокурордың елдегі заңдылықтың жай-күйі туралы есебін тыңдайды.

Республика Президентінің Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттігі. Республика Президенті Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясы туралы Ережені бекітеді; Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының тағайындалған республикалық референдумға, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға әзір-

лік барысы туралы және референдум мен сайлау нәтижелері жөніндегі хабарламасын тыңдайды.

Республика Президентінің Ұлттық Банкке қатысты өкілеттігі.

Президент Парламент Сенатының келісімімен Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады; Ұлттық Банк Төрағасының ұсынысы бойынша Ұлттық Банк Төрағасының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; әр тоқсанда кемінде бір рет Ұлттық Банк Төрағасының Республика Ұлттық Банкінің жұмысы туралы есебін тыңдайды.

Республика Президентінің Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне қатысты өкілеттігі.

Президент Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды, оларды қызметінен мерзімінен бұрын босатуға хақылы; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы Ережені бекітеді; әр тоқсанда кемінде бір рет Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің жұмысы туралы хабарламасын тыңдайды.

Республика Президенті әкімдерге қатысты келесі өкілеттіктерді атқарады:

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының әкімдерін қызметке тиісінше облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының келісімімен тағайындайды;

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

- өз құзыретіндегі мәселелер бойынша әкімдерге тапсырмалар береді және олардың орындалуы жөнінде әкімдердің есебін тыңдайды;

- өз қалауы бойынша әкімдерді қызметінен босатуға, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының әкімдеріне тиісті мәслихаттар өз депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен сенімсіздік білдірген жағдайда, оларды қызметтерінен босатуға хақылы.

- аудандардың, қалалардың (астана мен республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда), қалалардағы аудандардың, ауыл-

дық (селолық) округтердің, ауылдардың, селолардың (поселкелеердің) әкімдерін тағайындаудың немесе сайлаудың тәртібін белгілейді.

Президенттің республикалық референдумға қатысты өкілеттігі. Республика Президенті конституциялық заңға сәйкес өз бастамасы бойынша, Парламенттің, Үкіметтің немесе сан жағынан облыстардың, Республика астанасы мен республикалық маңызы бар қалалардың бәрін бірдей дәрежеде білдіретін Республиканың сайлау құқығы бар кем дегенде екі жүз мың азаматының бастамасы бойынша республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды.

Республика Президенті Парламенттің, Үкіметтің немесе Республика азаматтарының референдум өткізу туралы бастамасы бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) референдум өткізу туралы;
- 2) референдум өткізбей-ақ, оның мәні ретінде ұсынылып отырған мәселе жөнінде Республика Конституциясына, конституциялық заңына, заңына өзгертулер мен толықтыруларды немесе өзге шешімді қабылдау қажеттігі туралы;

- 3) референдум өткізу туралы ұсынысты қабылдамай тастау туралы. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінің көпшілік дауысымен Парламент Конституцияға осы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы заң қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті бұл заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады.

Референдум бастамашыларының келісімімен Республика Президенті оны өткізгенге дейін оның бастамашыларының өз еркін неғұрлым анық білдіруі үшін референдумға ұсынылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымын нақтылауға хақылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 18-тармағына сәйкес Президент өзіне бағынысты Республика Президентінің Күзет қызметін және Республикалық ұланды жасақтайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі — әскери бөлімше тікелей Президентке бағынатын орган. Президенттің Күзет қызметінің міндеті — қорғалатын адамдардың жеке қауіпсіздігін сақтау; меншікті қорғау, қоғамдық тәртіпті, қорғалатын адамдар қызмет үй-жайларында және басқа жерлерде болған кезде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қорғалатын адамдар мен қорғау объек-

тілеріне төнген қауіпті болжау және анықтау, алдын-ала ескерту мен қауіпті жою жөнінде жедел шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Республикалық ұлан тікелей Президентке бағынатын, Республиканың Қарулы Күштеріне кірмейтін, салтанатты рәсімдерді орындауға ел басшысын, өзге де қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ерекше маңызды мемлекеттік объектілерді, тізбесін Президент белгілейтін құрылыстарды, ғимараттарды, қызметтік үй-жайларды қорғауды қамтамасыз етуге, мемлекеттік рәміздерді қорғауға, төтенше жағдайдағы шараларды жүзеге асыруға арналған арнайы әскери құрылым болып табылады.

Президент сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады; Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады;

Мемлекеттік хатшы тікелей Президент басшылығымен жұмыс істейді, Президент алдында есеп беріп, бақылауында болады. Ол Президент үшін әлеуметтік-экономикалық, аймақтық және құқықтық саясаттың негізгі бағыттары бойынша, мемлекеттің биліктің барлық тармақтарының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде Республиканың сыртқы-саяси стратегиясы және Президенттің халықаралық басшыларын іске асыру жөнінде; сыртқы экономикалық мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлейді. Ол Президенттің кадр саясатын әзірлеуге қатысады, оның әртүрлі тапсырмаларын орындайды және т. б. қызметтер атқарады.

Президент Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімдігін құру барысында Әкімдік басшысын тағайындайды, Әкімдік құрылымын, штат санын, өкілеттігін және қызметінің ұйымдастырылуын белгілейді.

Президент Әкімдігі мемлекеттік орган болып табылады, оған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету;

2) Президентке елдегі жағдай туралы дер кезінде толық түрде хабарлап отыру;

3) Президент шешімдерін сөзсіз және мүлтіксіз орындау және оның орындалуын бақылау және Президент белгілейтін өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асыру жүктеледі.

Қауіпсіздік Кеңесі туралы ереже Республика Президентінің 1996 жылғы 8-желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген. Қауіпсіздік

Кеңесі қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздік саласында, адам құқықтары мен бостандықтарын, Республиканың тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғау саласында бірыңғай саясат жұмыстарын жүргізу үшін құрылған.

Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы Президенттің төрағалық етуімен өткізіледі. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына құқық қорғау органдарының, Сыртқы істер министрлігінің, Қаржы Министірлігінің Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің басшылары кіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесін құрады. Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституция негізінде қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес²⁶ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын, жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Республика Президентінің тағайындауы үшін міндетті түрде Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі қажет. Жоғары Сот Кеңесінің өкілеттіктері ішінде судьялардың тағайындалуы үшін кепілдеме беру еліміздегі сот билігін тиімді құруда аса маңыздылығымен айқындалады.

Өзге де конституциялық-кеңесші органдардың арасында Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны ерекше. Оның қызметі елдегі келісім мен тұрақтылықты сақтауға, жәрдемдесуге, ұлт өкілдері арасындағы достық қатынастарды дамытуға, азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

4. ПРЕЗИДЕНТ АКТІЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЗАҢДЫҚ КҮШІ

Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында норма шығарушылық қызметті жүзеге асырады. Республика Конституциясының 45-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабы 4-тармағына сәйкес заңдар, сондай-ақ 61-

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы // «Егеменді Қазақстан». 2000. 30-желтоқсан.

баптың 2-тармағына сәйкес заң күші бар жарлықтар шығара алады. Басқа жағдайларда Президент заңға бағынысты сипаттағы жарлықтар мен өкімдер шығарады. Жарлықтар мен өкімдер Қазақстан Республикасының барлық аумағында орындалу үшін міндетті.

Президент жарлықтары Республиканың Конституциясы және заңдары негізінде және соларды орындау үшін шығарылады. Президент жарлықтарының нормативтік-құқықтық актінің күшіне ие.

Президент жарлықтары мынадай мақсаттарда шығарылады:

- Президенттің конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыру;
- мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелерін шешу;
- Парламенттің, Үкіметтің және басқа да мемлекеттік органдардың заңдық құзыретіне кірмейтін мәселелерді құқықтық реттеуді жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

Президенттің өкімдері әкімдік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешу мақсатында шығарылады.

Актілерді шығарған кезде Республика Президенті конституцияға сәйкес институтының жекелеген элементтерін пайдаланады. Республика Президенті қол қоятын Парламент актілері, сондай-ақ Үкімет бастамасымен шығарылатын Президент актілері, тиісінше осы актілердің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасы Төрағаларының не Премьер-Министрдің алдын ала қолдары қойылып, тиянақталады.

Президенттің нормативтік сипаттағы актілері, егер Президент басқаша белгілемесе, олардың ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін Республиканың бүкіл аумағында бір мезгілде күшіне енгізіледі.

9-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1. Депутат мәртебесінің ұғымы.
2. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының құқықтық жағдайы.
3. Республика Парламентіндегі депутаттық бірлестіктер.
4. Жергілікті өкілді органдар депутаттарының құқықтық жағдайы.

1. ДЕПУТАТ МӘРТЕБЕСІНІҢ ҰҒЫМЫ

«Мәртебе» деген сөз ағылшынша «жағдай», «қалып» деген мағынаны білдіреді. Заң ғылымында «мәртебе» ұғымы өзінің жекелеген көріністері бойынша және ең алдымен осы мәртебенің әр алуан иелеріне байланысты зерттеледі. Мысалы: «Қазақстан Республикасындағы жеке адамның конституциялық мәртебесі»; «депутат мәртебесі». Көптеген авторлардың ұйғарымы бойынша депутаттар мәртебесі заңдар және нормативтік актілермен анықталады. Мысалы, О. Е. Кутафин «Депутат мәртебесі — бұл депутаттардың құқықтық нормалармен реттелген жағдайы» деген анықтама береді²⁷. «Советы народных депутатов» атты ұжымдық еңбектің авторлары да осыған ұқсас пікірде. Олар «Мәртебе — бұл халық қалаулыларының заң нормаларында бекітілген мақсаттары, міндеттері және құқықтары, сонымен бірге олардың депутаттық өкілеттіктерін жүзеге асыру кепілдіктері» деп есептейді²⁸.

А. В. Зиновьев пікірі бойынша «халық депутатының мәртебесі», «депутаттың құқықтық мәртебесі», «депутаттың конституциялық мәртебесі» ұғымдары өздерінің көлемі мен мазмұны бойынша әр қилы. Бұдан әрі А. В. Зиновьев «Егер халық депутатының мәртебесі құқықтық және құқықтық емес нормалармен анықталатын

Кутафин О. Е. Популярный словарь-справочник народного депутата. — М., 1980.

²⁸ Советы народных депутатов / *Азовкин И. А., Никитин Д. Н., Шеремет К. Ф.*; Отв. ред. *К. Ф. Шеремет.* — М., 1981.

болса, ал халық депутатының конституциялық мәртебесі ұғымы жоғарыда аталған басқа мәртебе ұғымдарынан әлдеқайда тар ұғымды білдіреді²⁹.

Конституциялық мәртебе ерекшелігі мемлекет пен қоғам ұйымдастырылуының алғы, жетекші негізін бекітуге және негізгі, неғұрлым маңызды қатынастарды зерттеуге арналған Конституцияның бағыты және табиғатымен шартталады. Конституция нормалары депутат мәртебесін анықтаушы негізгі, өзекті нормалар болып табылады... Халық депутатының мәртебесін тек құқық нормалары анықтайды деп білу, өз қызметін жүзеге асыру барысында депутаттар субъектісі болып табылатын барлық қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастар болып табылады деп есептеу. Егер «халық депутатының мәртебесі» ұғымын «халық депутатының құқықтық мәртебесі» ұғымымен теңдестірген жағдайда қисынды түрде осындай қорытынды туары сөзсіз». А. В. Зиновьев өзінің осы пікірлерін қорыта отырып, келесі шешімге келеді: «Құқықтық және өзге де әлеуметтік нормалармен анықталып, тиісті кепілдіктермен қамтамасыз етілетін, қоғамның әлеуметтік-саяси мәнімен шартты түрде ескерілген депутаттың фактілік жағдайын халық депутатының мәртебесі деп түсіну керек»³⁰.

Қазақстан Республикасының депутатына анықтама беру үшін депутаттың өз қызметінің түрі бойынша қандай фактілік қатынастарға түсетініне сүйеніп, осы қатынастардың қандай нормалармен реттелетінін анықтап, оның қызметінің тиімділігі мен кедергісіздігін қандай кепілдіктер қамтамасыз ететінін біліп алу керек. Осы жерде депутаттың мәртебесі ұғымына А. В. Зиновьев берген анықтаманы келтіруге болады: «Депутат мәртебесі — бұл қоғамның әлеуметтік-саяси мәнімен ескерілген, құқықтық және өзге де әлеуметтік нормалармен анықталып, тиісті кепілдіктермен қамтамасыз етілген депутаттың шынайы жағдайы»³¹.

Депутаттық мандаттың әлеуметтік-саяси табиғатының мәні, біріншіден, депутат — халық өкілі, екіншіден — мемлекеттік билік өкілі, ал үшіншіден — алқалы өкілді орган мүшесі. Өкілді орган

²⁹ *Зиновьев А. В.* Статус народного депутата в СССР (проблемы и теории практики). — Л.: Издательство Ленинградского университета, 1987.

³⁰ *Зиновьев А. В.* Статус народного депутата в СССР (проблемы и теории практики). — Л.: Издательство Ленинградского университета, 1987.

³¹ Бұл да сонда.

мүшесі болғандықтан, депутат халық өкілі де, мемлекеттік билік өкілі де болып табылады.

Депутаттар халық мүдделері мен еркін жүзеге асыру барысында, осы халық еркін жалпымемлекеттік ерікке айналдырады. Олар өз қызметін мемлекет атынан жүзеге асырады, тек өз сайлаушыларының мүдделерін ғана емес, сонымен қатар мемлекет мүдделерін де ескереді. Сондықтан депутат халық өкілі және мемлекеттік билік өкілі болып табылады.

Депутат — мемлекеттік қайраткер және ол мемлекеттік биліктің өкілі болып табылады. Өзінің барлық қызметінде ол жалпымемлекеттік мүдделерді басшылыққа алу керек және басшылыққа алады да. Сол себепті Республика заңдары депутатты тиісті өкілеттіктермен қамтамасыз етеді, осы өкілеттіктер депутат әрекетінің белсенділігі үшін мықты заңды негіз құрады. Депутат міндеттері мен құқықтарының барлық жинағы, оның мемлекеттік билік өкілі болып табылуының куәсі.

Депутаттық мандаттың әлеуметтік-саяси табиғаты депутаттарға кең көлемді міндеттер жүктелуімен де, және олардың шынайы кепілдіктермен қамтамасыз етілетін қажетті құқықтарға иелік етуімен де сипатталады. Сонымен бірге құқықтар мен міндеттер органикалық (ажырамас) бірлікте болып, депутат үшін оларды біржақты жүзеге асыру мүмкіншілігін болдырмайды. Депутат тек өзіне жүктелген міндеттерді атқарып қана қоймай, сонымен біре құқықтарды белсенді пайдалана білу керек. Депутаттың міндеттері мен құқықтары мемлекеттік-саяси сипатта болады және олар депутаттарға мемлекет пен сайлаушылар мүдделерін көздеп беріледі.

Депутаттық мандаттың пайда болу негіздері мен әрекет мерзімі депутат мәртебесінің элементі болып табылмағанымен, олардың маңызы зор, себебі депутат мандаты оның әрекетінің уақыт шегін анықтайды. Мұндай негіздер болмаған болса, депутаттар мәртебесі туралы сөздің мәні болмас еді. Оның үстіне, депутаттық мандаттың пайда болу демократизмі депутаттар мәртебесі әлеуметтік-саяси табиғаты мәнінің маңызды сипаттамаларының бірі.

Депутат сайлаушыларының еркі, оның өкілеттіктерінің қайнар көзі болып табылады. Сайлаушылардың еркін білдіру бостандығы азаматтың депутаттық мандатты өз еркімен қабылдаумен ұштасып жатады. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң әрбір кандидаттан тиісті сайлау округі бойынша дауысқа түсу келісімі туралы жазбаша арыз талап етеді, және депутаттыққа кандидат тіркеуге дейінгі, одан кейінгі кезеңде, бірақ дауыс беретін

күнге дейінгі үш күннен кешіктірмей өз кандидатурасын алып тастауына болады.

Мемлекет ұйымдастырылуының ең басты проблемасы өкілді органдардың құрылуы. Аудандық, қалалық, облыстық, Мәслихаттарды, Республика Парламентін, яғни барлық деңгейдегі өкілді органдарды құруға Қазақстан азаматтары тікелей қатысады.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ ДЕПУТАТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1995 жылғы Конституциялық реформа Қазақстандағы парламентаризм институтының дамуына жол салды және еліміздің заң шығару қызметін жүзеге асырушы жоғары өкілді органы мүшелерінің мәртебесін түбегейлі өзгертті. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының құқықтық жағдайының негіздері Конституциямен анықталып, 1999 жылғы 6-мамырда өзгертулер мен толықтулар енгізілген «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16-желтоқсандағы Конституциялық заңымен нақтыланған³². Парламент депутаттарының мәртебесі олардың өкілеттіктерімен қоса, міндетті түрде, депутаттық қызмет кепілдіктері кіретін элементтер жинағынан тұрады.

Парламент депутатының өкілеттіктері Республиканың Орталық сайлау комиссиясы оны депутат ретінде тіркеген кезден басталады. Парламенттің бірінші сессиясында оның Палаталарының бірлескен отырысында депутаттар Қазақстан халқына ант береді және, әдетте, жаңа сайлаудан кейін Парламенттің бірінші отырысы ашылған кезден бастап өз өкілеттіктерін тоқтатады. Бұдан өзге, депутат өкілеттігі келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқталуы мүмкін: отставкаға кету; депутатты әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану; депутатқа қатысты соттың айыптау үкімінің күшіне енуі бойынша, оны өз мандатынан айыру; оның Қазақстаннан тыс жерге тұрақты қоныс аударуы; депутат болып табылатын азаматтың қаза болғанын хабарлау туралы сот шешімінің заңдық күшіне енуі; депутаттың қаза болуы. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының өкілеттігі келесі жағдайларда да мерзімінен бұрын тоқтаты-

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16-қазандағы. № 2529. Конституциялық заңы.

лады: оның мемлекеттік немесе жергілікті биліктің тағы бір өкілді органының депутаты болып сайлануы (егер сайланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде одан осы органдағы депутаттық өкілеттігінің жойылғаны туралы жазбаша арыздың көшірмесі келіп түспесе); депутаттың мемлекеттік қызметке кіруі; оның оқытушылық, ғылыми және өзге шығармашылық қызметінен басқа ақы төленетін қызметпен айналысуы; Қазақстан Республикасы Парламентінің Қазақстан Республикасының Президентімен таратылуы. Қазақстан Республикасы Парламентінің таратылуынан басқа жоғарыда айтылған барлық жағдайларда депутаттық өкілеттіктің мерзімінен бұрын тоқтатылуы немесе депутаттық өкілеттіктен айырылу туралы шешім Республика Орталық сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша Парламенттің тиісті Палатасы депутаттарының көпшілік дауысымен қабылданады. Қазақстан Республикасының Парламенті таратылған жағдайда депутаттар өкілеттіктері таратылған күннен бастап тоқтатылады.

Келтірілген тізім толық болып табылады және кеңінен түсінік беруге жатпайды (айталық, Палаталар отырыстарына қатыспайтын, адамгершілікке жат қылық жасаған депутаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға болмайды).

1995 жылғы 30-тамызда қабылданған еліміздің әрекеттегі Негізгі заңының 52-бабы 1-тармағында парламенттің қос Палатасы Сенат және Мәжіліс — қандай да болсын аманаттық мандатпен байланыста болмайтын депутаттардан тұратынын бекіткен болатын. Осыған орай депутаттар тиісті сайлау округінің емес, бүкіл халықтың еркін білдіретіндігі анықталды. Бұл саяси қайраткер ретіндегі депутат еркінің азат болып табылатынын, депутат өз сайлаушыларының қандай да болмасын міндеттемелерімен, тапсырмаларымен немесе талаптарымен байланысты емес екендігін білдірді. Және осы конституциялық нормамен депутатты сайлаушылардың кері шақырып алуына тыйым салынды.

Мандат аманаттығы депутаттардың сайланғанынан кейін де сайлаушылар еркімен қатаң байланыста екенін білдіреді: сайлаушылардың талабын жүзеге асырады, кез келген уақытта сайлаушылармен кері шақырып алынады. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары өз өкілеттіктерін атқару барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Конституциялық заңдарын, өз Палаталарының Регламенттерін, сайлау қарсаңындағы бағдарламасын және өздерінің дербес сенімдерін басшылыққа алады.

Конституциялық құрылыс бағытын ұстаған барлық елдердегідей қазақстандық парламентарийлерге де электоратпен тұрақты және барынша тығыз қарама-қарсы байланыс тән. Ескере кету керек, даңқтылыққа ұмтылыстан басқа, әдетте, ең алдымен, депутаттар алдын алу есебімен қайта сайлауға қатысу үшін әрекет етеді. Өмір өзі көрсеткендей депутат өз сайлау округінде әр алуан сайлаушылар топтарымен әртүрлі байланыстарда болады, осы байланыстар кезекті парламенттік сайлау жақындаған сайын күшейе түседі. Сайлаушылармен үнемі қарым-қатынаста болу — барлық депутаттардың міндеті. Олар азаматтардан өздеріне келіп түскен ұсыныстар, арыздар мен шағымдарды қарайды, олардағы көтерілген мәселелердің дер кезінде және дұрыс шешілуіне мүмкіндік жасайды, азаматтарды қабылдайды, қоғамдық пікірді зерделейді, азаматтардың мүдделерін көздеп, мемлекеттік және жергілікті органдарға, қоғамдық ұйымдарға ұсыныстар енгізеді, сайлаушыларды өз қызметі туралы олармен кездесу барысында және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етіп отырады.

Еліміздегі соңғы конституциялық реформа аманаттық мандат туралы баптан бас тартты (52-бап 1-тармақ).

2007 жылғы 21-мамырда Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Парламент депутаты:

- 1) ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайларда тоқтатылады (52-бап 5-тармақ).

Енгізілген өзгерістер Мәжіліс депутатының конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған жағдайларда өз мандатынан айырылатындығын анықтады. Парламент Мәжілісінің депутатын оны сайлаған саяси партияның

кері шақырып алу мүмкіндігіне жол берілді, демек, енді ол аманаттық мандатқа тәуелді.

Ал, Сенат депутатына келетін болсақ, 2007 жылғы 19-маусымда «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін, сонымен қатар тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық мәслихаттары атынан өкілдік ететін депутаттар болып табылатын таңдаушылардың бірлескен отырысында сайланған Парламент Сенаты депутаттарының өкілеттігі осы таңдаушылардың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін (24-бап 5-тармағы)³³.

Республика Конституциясының 62-бабының 7-тармағы Республика заңдарының Конституцияға қайшы келмеуі қажеттігін бекітеді, яғни республикалық заңдар өз негізін Конституциядан алуы қажет. Олай болса Конституциялық заңның аталмыш тармағы өз бастауын қайдан алды деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Себебі Конституция «тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық мәслихаттары атынан өкілдік ететін депутаттар болып табылатын таңдаушылардың бірлескен отырысында сайланған Парламент Сенаты депутаттарының өкілеттігі осы таңдаушылардың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкіндігін» қарастырмайды және Конституцияда өз нормасын одан әрі өрбіту үшін өзге актіге сілтеме жасалмайды. Онда тек Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкіндігі туралы нақты норма ғана бекітілген.

Сондықтан Конституцияның аталмыш бабы нақтылануды қажет етеді деп білемін. Нақтылану толықтыру түрінде келесі редакцияда жүзеге асырылуы қажет: «Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша және конституциялық заңға сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін», яғни өзінің нормасын одан әрі өрбітуге Конституция тарапынан рұқсат берілуі қажет, кері жағдайда аталмыш

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16-қазандағы № 2529 Конституциялық заңы

Конституциялық заңның бабы Конституцияға қайшы болып табылады³⁴.

Депутаттың Парламент пен оның органдарының жұмысына қатысуы оның құқығы ғана емес, сонымен бірге міндеті де болып табылады (Конституцияның 52-б., 2-т.). Парламентте дауыс беруді депутаттың жеке өзі ғана жүзеге асыра алады.

Заң шығару қызметінің тиімділігі мен сапасы жағынан депутаттық қызмет жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асырылу қажет. Осыған орай Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 3-тармағында депутаттың оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін өзге жұмыс атқаруға құқығы жоқ екені бекітілген.

Депутат мәртебесі ұғымының Сенат депутаттарына да, Мәжіліс депутаттарына да қолданылуы, олардың Парламенттегі заң шығару қызметін жүзеге асыруы барысындағы құқықтық жағдайларының теңдігін анықтайды. Дегенмен, Сенат пен Мәжіліс депутаттарының құқықтық жағдайларын екі дербес құқықтық институттар ретінде жеке-жеке қарастыру да қисынды болары сөзсіз, себебі Парламент Палаталарының құрылуы мен қызметінің кейбір әрқайсысына тән тек өзіндік ерекшеліктері бар.

Мұндай ерекшеліктер, ең алдымен, олардың құрылуы барысында анықталады. Республика Конституциясының 51-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Яғни, Республика аумағында тұрақты тұру мерзімі екі Палата депутаттары үшін де бірдей.

Ал айырмашылықтарға келер болсақ, негізгі ерекшелік Мәжіліс депутаттарының халықпен тікелей сайланып, халық өкілі болып табылуымен байланысты. Республика Конституциясының 51-бабының 1-тармағы Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылатындығын, Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтындығын бекітеді.

Сенат Палатасының депутаттарын жергілікті өкілді органдар — облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттар депутаттары сайлайды,

Сәтбаева Қ. Конституциялық реформа барысындағы аманаттық мандат эволюциясы. «Елбасы Жолдауының контекстіндегі ҚР ішкі және сыртқы саясаттарының негізгі бағыттары». Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Көкшетау, 2010.

яғни Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде сайланады. Негізгі Заңға сәйкес Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды (Конституцияның 50-бабы 2-тармағы).

Келесі топқа жас мөлшеріне, тұрғылықты тұрағына, жұмыс стажына байланысты айырмашылықтарды жатқызуға болады: жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Сонымен қатар екі Палатаның өкілеттік мерзіміндегі айырмашылықтарды ескере кету қажет. Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі бес жыл, ал Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі алты жыл және сайланған Сенат депутаттарының жартысы әр үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Бұл орайда олардың кезекті сайлауы бұлардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты және Мәжілісі депутаттарының құқықтарын, міндеттерін, сонымен қатар олардың парламенттік қызметті жүзеге асыру барысындағы негізгі құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін белгілейтін құқықтық нормалар Республика Парламенті депутаттарының мәртебесін құрайды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Республика Заңында, Парламент және оның Палаталарының Регламенттерінде бекітілген.

Аталған актілердің ішінде Парламент Регламенті, Сенат пен Мәжіліс Регламенттері маңызды орын алады және олардың маңызын «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутатының мәртебесі туралы» Конституциялық заң да растайды, онда: «Парламент депутаттарының конституциялық өкілеттігін жүзеге асыруды мақсат етіп, регламенттермен белгіленген шарттар мен рәсімдер сақталмай өткізілетін кезкелген отырысы заңсыз болып табылады» делінген (14-бап, 3-тармақ).

Жоғарыда көрсетілген актілер, ең алдымен, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары құқықтық жағдайдың әлеуметтік-саяси табиғатының негізін анықтайды.

Парламент депутаттары алқалы органдардың Парламент Сенаты және Парламент Мәжілісінің мүшелері болып табылады. Сондықтан олардың қызметінің маңызды түрі тиісті Палатаның отырыстарына, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Конституциясымен көзделген жағдайларда Палаталардың бірлескен отырыстарына қатысу (IV-тарау, 53, 54, 55, 56, 57-б.б.). Ескерте кету керек, екі Палатаның депутаттары да тең хақылы және Сенат пен Мәжілістің бөлек отырыстарында да, Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында да, сонымен қатар палаталардың әрқайсысының өздері құрамына кіретін жұмыс органдары мен үйлестіруші органдардың отырыстарында да олар шешуші дауысқа ие. Депутат мәжіліске келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда бұл туралы Палатаның Төрағасына не тиісінше Парламент органының немесе оның Палатасының басшылығына күні бұрын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заңдардың жобаларына түзетулер енгізуге, Парламент Палаталарына есепті лауазымды тұлғалардың есебін немесе хабарламасын Парламент сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге, Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарына сайлауға және сайлануға, Парламент Палаталары сайлайтын немесе тағайындайтын не Парламент пен оның Сенаты тағайындауға келісім беретін лауазымды тұлғалардың кандидатуралары жөнінде өз пікірін айтуға, Парламент пен оның Палаталары органдарының отырыстарында қарау үшін мәселелер ұсынуға, дауысқа салу себептері бойынша өзінің ұсыныстарын негіздеп сөйлеуге, анықтама беруге хақылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 1-тармағына сәйкес Парламент депутаттары заң шығару бастамасы құқығына ие. Парламенттегі заң шығару процесі заң шығару бастамасы сатысынан басталады. Жалпы заң шығару қызметі үшін заң шығару бастамасының сатысы өте маңызды болып табылады. Дәл осы сатыда заң шығару қызметінің тұрақты заң актілерін шығару сапасы қалыптасады.

Парламент депутаты айтылғандармен бірге заңмен белгіленген тәртіпте депутаттық сауалдар мен сұраулар салады. Депутаттық сауал Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында депутаттық мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына осы органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін мәсе-

лелер жөнінде Парламент сессиясында негізделген түсініктеме беруін немесе өз көзқарасын баяндауын ресми сұраған талабы болып табылады.

Парламент депутатының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне сұрау салуға құқығы бар. Бұл ретте Бас Прокурорға салынған сұрау қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сұрау Палаталардың жабық отырысында қаралады.

Сұрау салудың жазбаша не ауызша болуы мүмкін және сұрау салу нақты лауазымды тұлғаға арналады. Сұрау салу мен оған жауап беру тәртібі Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентімен қарастырылады. Өздеріне сұрау салынған лауазымды тұлғалар Парламенттің немесе Палатаның жалпы отырысында ол жөнінде жауап беруге міндетті. Сұрау салуға қайтарылған жауап пен оны талқылаудың нәтижелері бойынша Парламенттің немесе оның тиісті Палатасының қаулысы қабылданады.

Депутаттық қызмет мәселелері бойынша депутат мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік ұйымдарға бөгетсіз кіру құқығын, сондай-ақ олардың басшыларымен және басқа да лауазымды тұлғалармен кідіріссіз қабылдану құқығын пайдаланады. Депутат барған барлық органдар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар оған кідіріссіз жауап беруге немесе ол сұраған құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті. Депутаттың үндеуіне байланысты қосымша зерделеу қажет болған жағдайда органның, мекеменің, ұйымның жетекшісі, лауазымды тұлға бұл жөнінде депутатқа хабарлауға міндетті.

Депутаттың тиісті органдар, мекемелер, ұйымдар мәжілістерінде, оның ішінде жабық мәжілістерінде де, өзі қойған сұрақтарды қарау барысында қатысу құқығы бар. Сонымен бірге депутаттардың тергеу органдарының, тергеушілер мен соттардың қызметіне араласуға құқығы жоқ.

Парламент туралы Конституциялық заңның 29-бабына сәйкес Палаталар Бюролары депутатты Парламент қабылдаған құжаттармен, Парламент пен оның органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің ресми таратылатын ақпараттық

және анықтамалық материалдармен қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар, олардың лауазымды тұлғалары оның депутаттық қызметінде туындаған мәселелер жөнінде консультациялық көмек көрсетеді.

Парламент Палаталарының Аппараттары депутаттарға үлкен консультациялық ақпараттық көмек көрсетеді.

Заң шығару органында депутаттардың саяси және кәсіби деңгейлерінің өсуіне назар аударылады. Палаталар мүшелері үшін қазақ және ағылшын тілдері, компьютерлік сауаттылық курстары ұйымдастырылған, депутаттар жетекші саясаткерлердің және құқық пен басқа қоғамдық ғылымдар саласындағы мамандардың дәрісін тыңдайды.

Индемнитет. Берілген атау парламенттік қызмет үшін ақы төлеуді білдіреді.

Парламент туралы Конституциялық заңның 30-бабына сәйкес Парламент депутаттарының жалақысы Республика Президентімен белгіленеді.

Республика астанасынан тыс жерде тұратын депутаттар мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрмысқа жайлы жабдықталған үймен қамтамасыз етіледі.

Депутаттың ресми міндеттерін орындауға байланысты көліктік шығыстарды (бұл жерде сөз ресми міндеттерін орындаумен, бірінші кезекте, өз сайлау округіне байланысты сапарлар жөнінде болып отыр), қызметтік сипаттағы пошталық қатынас қағаздары мен телефон арқылы сөйлескен сөздерінің шығыстары республикалық бюджеттен өтеледі.

Конституциялық заң депутаттың өз өкілеттіктерін тиімді және кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ететін жұмыс жағдайын анықтайды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың және т. б. осы жағдайларды жасау бойынша міндеттерін белгілейді. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың депутат алдындағы өз міндеттерін орындамаған, оған жалған ақпарат берген, депутаттық қызметтің кепілдіктерін бұзған лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады. Депутаттық қызметін атқаруына бөгет жасау да осындай жауаптылыққа әкеп соғады.

Депутаттардың еркін қызметінің аса салмақты кепілдігі оларға ешкімнің тиіспеуі. Өкілеттік мерзімі ішінде депутаттар сот тәртібімен белгіленген қылмыстық немесе әкімдік жауапқа тартылмайды,

олардың тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, тінтуге, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерден өзге, тиісті Палатаның келісімінсіз жол берілмейді. Депутатқа ешкімнің тиіспеуі оның тұрғын үйі мен қызмет орнын, жүгін, жеке және қызмет көлік құралдарын, жазысқан хаттарын, қолданатын байланыс құралын, сондай-ақ өзіне тиісті құжаттарын қамтиды. Екі Палатаның депутаттары да айтылған пікірі, дауыс беру барысындағы көзқарасы және депутат мәртебесіне сәйкес өзге де әрекеттері үшін қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартылмайды. Бұл ереже көпшілік алдында тіл тигізіп қорлау, жала жабу және өзге дәрекі қылықтар үшін жауаптылық заңмен көзделген жағдайларды қамтымайды. Екі Палатаның депутаттары да өздерінің депутаттық міндеттерін атқару барысында мәлім болған азаматтық және қылмыстық істер бойынша жағдайлар туралы куәгерлік жауаптар беруден бас тартуға хақылы.

Депутатқа ешкімнің тиіспеу құқығынан айыру туралы мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасына Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынысы бойынша, Орталық сайлау комиссиясының тұжырымы олар тиісті Палатаға келіп түскен күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады. Тиісті Палата (Сенат немесе Мәжіліс) дәлелді шешім қабылдап, оны Республиканың Бас Прокурорына және анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыратын Республика мемлекеттік органының басшысына үш күн мерзім ішінде жібереді. Қажет болған жағдайда Палата тиісті лауазымды тұлғалар мен органдардың қосымша ақпарат тапсыруын талап етуге хақылы. Депутат өзіне ешкімнің тиіспеу құқығы туралы мәселені Палата қараған қатысуға хақылы. Ешкімнің тиіспеу құқығынан айырылған депутатқа қатысты қылмыстық істің тоқтатылғаны не сот үкімінің заңдық күшіне енгені туралы тергеу органы, тергеуші не сот тиісті мерзім ішінде Парламент Палатасына хабарлауға міндетті.

Заң органы жұмысының сапалы нәтижесі Парламентпен, оның Палаталары жұмысы ережелерінің депутаттарымен сақталуына байланысты. Депутаттардың өздері мүшесі болып табылатын Палатаның, тұрақты комитеттердің комиссиялардың отырыстарына қатысуы кворуммен тығыз байланысты, демек, мәжілістің құқықтылығы, заңдарды қабылдау мүмкіншілігі, қоғам үшін үлкен саяси маңызы бар басқа да мәселелердің шешімі депутаттардың айтылған органдар отырыстарына қатысуымен тікелей тығыз байланысты.

«Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң депутаттардың еңбек (қызмет) тәртібін бұзғаны

үшін тәртіптік жазалау қарастырады. Депутат Палаталар мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспаған жағдайда оған қатыспаған күндері үшін жалақы төлеуден бас тартылады, ал дәлелді себептерсіз бір айдан артық қатыспаған жағдайда — ол өзіне берілген барлық материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық (жалақы, іссапарлар, көлік құралдары, санаторий-курорттық қызмет көрсету) қамтамасыз ету жағдайларынан айрылады.

Депутат Парламенттегі халық өкілі ретінде өзінің мінез-құлқы мен қызметін қоғамдағы адамгершілік талаптарына негіздеу керек. Қазақстан Республикасының Парламентінің Регламенті депутаттық әдеп ережелерін белгілейді. Бұл ережелер депутаттың өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында, сондай-ақ қызметтен тыс уақыттарда басшылыққа алу қажет мінез-құлық нормаларын анықтайды. Депутаттық әдеп ережелері келесі нормаларын анықтайды. Депутаттық әдеп ережелері келесі нормаларды қамтиды:

Республика Парламентінің депутаттары бір-біріне және Парламент Палаталарының, комитеттердің, комиссиялар мен Парламент құрған басқа да депутаттық құрылымдардың жұмысына қатысушы өзге де адамдардың бәріне сыйластықпен қарауға тиіс;

- өз сөздерінде Парламент депутаттарының және басқа адамдардың ар-ожданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін орынсыз айыптауларды, дөрекі, қорлайтын сөздерді қолданбауға тиіс;
- заңсыз және күш қолданатын әрекеттерге шақырмауға тиіс;
- Парламент Палаталарының, оның үйлестіруші және жұмыс органдарына қалыпты жұмысына кедергі келтірмеуге тиіс;
- шешеннің сөзін бөлмеу керек;
- бөтен карточканы пайдаланып дауыс бермеу керек;
- іс-әрекетімен намысқа тиетін қимыл-әрекет жасауға, сес көрсетуге және қорлауға жол бермеу керек.

Өзінің депутаттық қызметін жүзеге асыру барысында және қызметтен тыс уақытта депутат белгіленген ережелерді ұстануға тиіс. Депутат мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпиялары бар ақпаратты ондай құпияларды сақтаудың белгіленген тәртібін сақтай отырып пайдалануға міндетті. Депутат өз қызметінің түрі бойынша мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпиялары бар материалдармен жиі танысып отырады. Осы сипаттағы материалдарға ұқыпсыз, немқұрайлы қарау мемлекет, қоғам мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін. Мұндай жағдай заңды жауаптылыққа әкеліп

соқтырады. Регламентте мемлекеттік құпиялары бар құжаттарды сақтау тәртібін қатал сақтау міндеттілігі туралы айтылады.

Парламент Палаталары мен оның органдарының жабық отырысында депутаттарға белгілі болған мәліметтерді жарияламау әдептік ережелерге жатады.

Парламенттен өкіл болуға арнайы өкілеттігі жоқ Парламент депутаты басқа мемлекеттердің лауазымды адамдарымен және мемлекеттік органдарымен тек өз атынан ғана қатынас жасай алады және ол депутат ретінде емес, қатардағы азамат ретінде қатынас жасайды. Бұл орайда депутат Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның азаматтарының құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауға, өз әрекеттерімен Республика мүдделеріне нұқсан келтірмеуге, сондай-ақ басқа мемлекеттердің заңдарын бұзбауға, оларда мекендейтін халықтардың ұлттық дәстүрлері мен салттарын құрметтеуге міндетті.

Депутаттық әдеп ережелері депутаттың бұқаралық ақпарат құралдарында, баспасөз конференцияларында, митингілерде, өзге де көпшілік алдында сөйлеген сөздерін де қамтиды. Өз сөздерінде депутат анық және тексерілген фактілерді ғана пайдалануға, қоғамдық пікірді бұрмалайтын пайымдауларға жол бермеуге, кезкелген азаматтың ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын сөздерді қолданбауға тиіс. Себебі депутат Парламенттен тыс жерлерде де азаматтардың санасында заң шығару органының өкілі ретінде қабылданады және оның сөздері мен мәлімдемелеріне азаматтар ерекше сеніммен қарайды. Сондықтан депутаттың ойланбай, сарапқа салмай айтқан сөздері қажетсіз саяси салымдар тудырады.

Депутаттық әдеп ережелері депутатқа сынап сөйлеген сөздерінде шындыққа үйлеспейтін не тексерілмеген фактілерді қасақана немесе абайсызда қолданып қалған жағдайда осы орайда мүдделері мен намысына нұқсан келген ұйымдардан, органдар мен адамдардан көпшілік алдында кешірім сұрауды ұсынады. Бұл — Парламент депутатының парызы. Егер адамдардың мүдделері мен намысы елеулі түрде зардап шексе, зардап шегушілер сотқа арыздана алады.

Депутаттар Парламент пен оның Палаталарының Регламенттері белгілеген депутаттық әдеп ережелерін сақтауға міндетті. Осы ережелер бұзылған жағдайда тиісті Палата Төрағасының шешімі бойынша депутатқа келесі жазалау шаралары қолданады:

- парламенттік мінеу;
- көпшілік алдында кешірім сұрауға мәжбүр ету;

- Палаталардың бірлескен немесе бөлек бір жалпы отырысы бойы сөзден айыру;
- Палаталардың бірлескен немесе бөлек үш жалпы отырысы бойы сөзден айыру;
- Палаталардың бірлескен немесе бөлек жалпы бір отырысы уақытында залдан шығарып жіберу;
- біркүндік жалақысынан айыру.

3. РЕСПУБЛИКА ПАРЛАМЕНТЩДЕГІ ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сүйене отырып, Парламент депутаттары тіркелген саяси партиялар және өзге де қоғамдық бірлестіктер атынан саяси фракциялар мен депутаттық топтар түрлеріндегі депутаттық бірлестіктер құруға құқылы. Депутаттық фракция Парламенттегі саяси партиялардың немесе қоғамдық бірлестіктердің ортақ саяси көзқарастары және әрекет бағдарламасына сәйкес Парламент мүшелерімен құрылатын ерікті бірлестік болып табылады.

Сонымен, фракция — бұл заңмен белгіленген тәртіпте тіркелген саяси партияны немесе өзге қоғамдық бірлестікті көрсететін депутаттардың ұйымдасқан тобы. Фракция Парламенттегі тиісті саяси партияның немесе өзге қоғамдық бірлестіктің мүдделерін білдіру мақсатында құрылады, ал заң шығарушы органдағы депутаттық топ депутаттардың сайлау округтеріндегі бірлесіп атқаратын жұмыстары үшін құрылады.

Дегенмен, «депутаттық фракциялар және депутаттық топтар» ұғымы бірқатар мемлекеттерде, айталық, Италия парламентінде, «парламенттік топ» ұғымымен анықталады. Олармен бұл ұғым парламенттік топқа, әдетте, бір партияның өкілдері кіреді, сондықтан оларды партиялық фракциялар деп атайды, дегенмен де «парламенттік топ» ұғымы басқа ұғымдарға қарағанда дәлірек, себебі, тәжірибе көрсеткендей, аралас топтар да болуы мүмкін, ал партиялық топқа партияда жоқтарға да, сонымен бірге өздерінің жеке тобын құруға жеткілікті өкілдігі жоқ басқа партиялар депутаттарына да еруге рұқсат етіледі деп түсіндіріледі. Бірақ, ұлттық заңға сәйкес, депутаттар депутаттық топтар құрады. Сондықтан «парламенттік топ» ұғымы бұл жерде толық түрде негізделген.

Қазақстан Республикасы Парламентінде бұрын-соңды құрылған депутаттық фракциялардың құқықтары қандай? Депутаттар — фракция өкілдері Парламент пен Палаталар отырыстарының күн тәртібі, талқыланатын мәселерді қарау реті мен олардың мәні жөнінде ескертпелер мен ұсыныстар енгізеді. Олар Парламент немесе оның Палаталары сыйлайтын немесе тағайындауға келісім беретін лауазымды адамдардың кандидатуралары бойынша пікір айтады. Осы жағдай Парламент Мәжілісі 1-шақырылымының Төрағасы лауазымына кандидатура ұсынылып, пікір таластырған кезге анық байқалды. Өзінің сандық басымдығын пайдаланған Халық бірлігі (Народное единство) партиясы өз кандидатын ұсынып және осы ұсынылған кандидат Мәжіліс Төрағасы болды. Бұл жерде Халық бірлігі партиясының көзқарасын бөлісуші депутаттардың қолдауы да маңызды рөл атқарды. Мұндай ынтымақтастық заң жобалары бойынша пікірталас кезінде өте айқын көрінеді және атынан депутат немесе депутаттар тобы заң жобасына бастамашылық жасай алады.

Депутаттар фракция атынан Парламент депутаттарын азаматтардың өтініштерімен, фракциялар қабылдаған шешімдермен таныстыруға құқылы. Бұл халықтың, қоғамдық бірлестіктердің, аймақтардың белгілі бір әлеуметтік топтарының проблемаларына қатысты мәселелерді Парламент Палаталарында көтеруге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты депутаттар — депутаттық бірлестіктер өкілдері мемлекеттік органдарда және лауазымды адамдардан фракцияның қызметі үшін қажетті материалдар мен құжаттарды сұратып алуға құқылы. Сонымен, осы айтылғандардан депутаттық фракциялардың жеткілікті құқықтарға иелік ететіні, және егер депутаттың оның мәртебесімен белгіленген құқықтарын есепке алсақ, онда фракциялардың өз партиялық қызметін депутаттық міндеттерді пайдалана отырып өрістеуі үшін кең құқықтық алаңға иелігі айқын көрінеді. Дегенмен бір-біріне қарым-қатынасы бойынша депутаттық құқықтардың бірегейлігін есте ұстау қажет.

Қазақстан Республикасының Парламентіндегі депутаттық фракциялар өкілеттігін қарастыра отырып, жақын шет ел заң шығарушы органдарындағы қоғамдық бірлестіктердің қызметімен салыстыра кетуге болады. Сонымен, Ресей Мемлекеттік думасында он парламенттік бірлестік бар, бұлардың әрқайсысы үлкен өкілдікке ие және, әдетте, кезкелген мәселеге қарай алады. Грузияда, мысалы, ұлттық заң парламенттік бірлестіктер қызмет саласының нақты шеңберін қарастырады: «Мақсаты жеке, кәсіби немесе жергілікті мүдделер болып табылатын Парламент мүшелері тобының фракция түрінде

құрылуына жол берілмейді». Оның үстіне фракция құрамы Грузия Парламентінің 10 мүшесінен кем болмау қажет, ал депутат бір ғана фракцияда тұруға құқылы.

Ресей мемлекеттік думасының Регламенті сан жағынан 35 депутаттан кем емес депутаттық бірлестік құруды қарастырады, мұнда да тек бір депутаттық бірлестікте мүшелік ету қарастырылады. Италия Парламентінде депутаттық топ құру үшін Палатада 20 депутаттан және Сенатта 10 депутаттан кем болмау керек. Сонымен бірге Палата Регламенті бюроға құрамы 20 депутаттан кем емес топ құруды шешуді ұсынады, шарт бойынша бұл топ тиісті түрде ұйымдастырылған, тізімі 20 округтен кем емес кеңістікте ұсынылған және бүтін ел бойынша сайлаушылардың 300 мың дауысына иелік еткен топ болу керек.

Қазақстан заңнамасына сәйкес саяси партияның фракциясы — заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиядан өкілдік ететін депутаттардың ұйымдасқан тобы, ол тиісті саяси партияның мүдделерін білдіру мақсатында Парламент Мәжілісінде құрылады. Саяси партия фракциясындағы ең аз адам саны Парламент Мәжілісінің Регламентімен айқындалады. Мәжіліс Регламентінің 12-тарау 156-тармағы саяси партия фракциясының ең аз саны Парламент Мәжілісінің кемінде жеті депутатынан тұруға тиістігін анықтайды³⁵.

Саяси партия фракциясының құрамына Парламент Мәжілісінің депутаттары кіре алады. Депутаттың бір ғана саяси партия фракциясының құрамында болуға құқығы бар.

Депутаттық топ — депутаттардың өз өкілеттіктерін бірлесіп жүзеге асыруға арналған бірлестігі. Депутаттық топтың құрамында Парламенттің кемінде он бес депутаты болуға тиіс.

Саяси партиялардың фракцияларын тіркеу Парламент Мәжілісінің Бюросында жүзеге асырылады, депутаттық топтарды тіркеу Парламент Палаталарының Бюроларында жүзеге асырылады. Саяси партиялардың фракцияларын және депутаттық топтарды тіркеу келіп тіркелу тәртібімен жүргізіледі.

Тіркеу фракцияға не депутаттық топқа енген депутаттардың қолы қойылып куәландырылған депутаттық бірлестік құру және оның

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 1996 жылғы 8-ақпандағы Қаулысы (*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2005 жылғы 12-қазандағы және 2007 жылғы 17-қазандағы қаулыларымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен бірге*)

тізімдік құрамы туралы жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Тіркегеннен кейін Бюро назарға алу үшін депутаттарға депутаттық бірлестіктердің тізімдік құрамын жібереді.

Республика заңнамасы, сондай-ақ депутаттарға бір мезгілде бір депутаттық фракция мен бірнеше депутаттық топтың мүшесі болу құқығын береді.

Депутаттық бірлестіктер Парламент басшылығымен өзара қалай әрекеттеседі? Біріншіден, депутаттық фракцияны тіркеу келіп тіркелу ретімен жүргізіледі және тек қана ақпараттық сипатта болады; екіншіден, депутаттық фракциялар өздерінің шешімдері туралы Палаталар Төрағаларына хабарлап отыруға міндетті, өз кезегінде, төрағалық етуші жарыссөз уақытында сөз беруді талап еткен депутаттық бірлестік мүшелеріне сөз беруге міндетті; үшіншіден, Палаталар басшылығының депутаттық бірлестіктердің ішкі қызметіне араласуға құқығы жоқ, ал олардың құрылымы дербес құрылады. Дегенмен фракция немесе депутаттық топ жаңа мүшелерді қосып алған не олардың құрамынан депутаттар шыққан кезде ол жөнінде өзін тіркеген Бюроға хабарлауға міндетті. Егер депутаттар депутаттық бірлестіктен шыққан жағдайда оның сан құрамы оны тіркеген кезде болуға тиісті мүшелер санынан азайып қалса, ол өз қызметін тоқтатады және депутаттық бірлестік бұл жөнінде өз өкілдері арқылы Бюроға хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентінде мұндай шараның қандай түрде жүзеге асырылатыны, яғни депутаттық фракция атынан жазбаша хабарландыру не мәлімдеме беріле ме, Палата Бюросы мұндай жағдайда қандай шешім қабылдайды, бұл хабар Палатаның жалпы отырысында көтеріле ме, әлде Палата Бюро шешімін өз қаулысымен бекіту қажет пе, анықталмаған.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес депутаттық топтар сайлау округтерінде бірлесіп жұмыс істеу үшін құрылады және олардың бұл жұмысы депутаттық қызмет өкілеттерінің шеңберінен шықпау керек. Мұндай анықтама депутаттық топтың қызметін елеулі деңгейде шектейді. Депутаттық фракцияға берілген құқықтарға депутаттық топтар ие бола алмайды. Депутаттық топтың депутаттық фракциялардың саяси бағдарламаларын қолдауға құқығы жоқ. Оның негізгі бағдарламалық ішкі саяси бағыты саяси және әлеуметтік тұрақтылықты одан әрі нығайту, республиканың демократиялық институттарын дамыту туралы Президент идеяларын жан-жақты жүзеге асыру болып табылады.

Депутаттық бірлестіктердің өкілдері фракцияның, топтың атынан:

- Парламент пен Палаталар отырыстарының күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қарау реті мен олардың мәні жөнінде ескертпелер мен ұсыныстар енгізуге;

- Парламент немесе оның Палаталары сайлайтын немесе тағайындайтын, не Парламент немесе оның Палаталары тағайындауға келісім беретін лауазымды адамдардың кандидатуралары бойынша пікір айтуға;

- Парламент пен оның Палаталары қабылдайтын заңдардың, қаулылардың және басқа да актілердің жобаларына түзетулер ұсынуға;

- Парламент депутаттарын азаматтардың өтініштерімен, фракциялар, депутаттық топтар қабылдаған шешімдермен таныстыруға;

- мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың депутаттық бірлестіктің қызметі үшін қажетті материалдар мен құжаттарды сұратып алдыруға;

- жарыссөз тоқтатылған кезде депутаттық бірлестік атынан сөз сөйлеуді талап етуге құқылы. Бұл жағдайда төрағалық етуші орган сөз беруге міндетті.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңға сәйкес Парламент Палаталарының Төрағалары мен олардың орынбасарлары, Жоғары Сот Кеңесінің құрамына және Біліктілік әділет алқасына Палаталар жіберген депутаттар депутаттық бірлестіктерге кіре алмайды.

4. ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен ағымды заңдары өкілді органдардың құрылуы тәртібін, құзыретін анықтайды. Жергілікті өкілді органдарға қатысты осы және өзге де мәселелер «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының

2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңмен³⁶, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28-желтоқсанда қабылданып, 1999 жылғы 6-мамырдағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңымен³⁷ жан-жақты реттелген.

Мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес Мәслихат депутатының өкілеттігі тиісті аумақтық сайлау комиссиясы оны депутат ретінде тіркеген кезден басталып, мәслихат өкілеттігі тоқтатылған кезден бастап тоқтайды.

Мәслихат депутатының өкілеттіктері келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) депутат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депутаттық міндеттерді орындаумен сыйымсыз лауазымға сайланса немесе тағайындалса;

2) депутатты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енсе;

3) мәслихаттық өкілеттігі тоқтатылса;

4) депутат қайтыс болса;

5) ол Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса;

6) соттың депутатқа қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енсе;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністен тысқары жерге тұрақты тұруға кетсе;

8) депутаттың орнынан түсу туралы жеке өтінішіне байланысты;

9) депутат өз міндеттерін жүйелі түрде орындамаса, оның ішінде мәслихат сессиясының жалпы отырыстарына дәлелді себептер-

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж. № 3

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28-қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995. №№ 17-18.

сіз қатарынан үш реттен артық қатыспаса, мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Өз қызметін мемлекеттік бюджет есебінен ақы төленетін тұрақты немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, шаруашылық субъектісін басқаруға дербес қатысуға, педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

Мәслихат депутатының Парламент депутатынан басты айырмашылығының бірі, ол бүкіл халық өкілі емес және, ең алдымен, өз сайлау округі халқының еркін білдіреді. Сол себепті ол аманаттық мандатқа тәуелді және өзін сайлаушылармен кері шақырып алынуы мүмкін. Ол сайлаушылармен тұрақты байланыста болып, оларға мәслихат жұмысы, жоспардың аумақтық даму бағдарламасының орындалуы туралы, жергілікті бюджеттің жүзеге асырылуы жөнінде ұдайы хабар беріп отыру керек. Сонымен бірге депутат мәслихат шешімінің орындалуын ұйымдастыру мен бақылау жасауға қатысу керек.

Депутат мәслихатының және өзінің құрамына сайланған органның жұмысына қатысуға міндетті.

Депутат:

- сайлауға және мәслихат сессиясының төрағасы, мәслихат хатшысы, тексеру комиссиясының төрағасы, тұрақты комиссияның төрағасы немесе мүшесі болып сайлануға, мәслихаттың өзге де органдарына сайлануға;

- мәслихат сессиясы мен оның тұрақты комиссияларында және өзге де органдарда қарау үшін мәселелер ұсынуға, оларды қарауға және шешімдер қабылдауға қатысуға;

- өз округының сайлаушыларымен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен кездесулер мен жиналыстар өткізуге;

- сессияда тиісті мәслихат аумағында орналасқан жергілікті атқарушы орган мен ұйымдардың лауазымды адамдарының мәслихаттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша есептерін тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге;

- тиісті әкімдік отырыстарының жұмысына қатысуға;

- мәслихат пен оның органдары отырыстарының стенограммаларымен және хаттамаларымен танысуға;

- фракциялар мен депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы;

- Қдзақстан Республикасының заңнамасында және мәслихат регламентінде көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Сондай-ақ депутат:

- мәслихаттың және өзі құрамына сайланған оның органының жұмысына қатысуға;

- өз округы сайлаушыларымен тұрақты байланыс жасауға, оларға мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы туралы, сондай-ақ өзінің депутаттық қызметінің барысы туралы, жылына кемінде бір рет хабарлап отыруға, мәслихат шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға және бақылау жасауға қатысуға;

- сайлаушылардың өзіне келіп түскен өтініштерін қарауға, азаматтарды жеке қабылдауды ұдайы жүргізуге;

- тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе тұруға міндетті.

Мәслихаттың әрбір депутатына оның құқықтарының, ар-намысы мен абыройының қорғалуына кепілдік беріледі.

Мәслихат депутаты, қызметі мемлекеттік құпиялармен байланысты ұйымдарды қоспағанда, депутаттық қызмет мәселелері бойынша тиісті мәслихат аумағында орналасқан мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік ұйымдарға кедергісіз кіруге құқылы.

Мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және мемлекеттік ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдары мәслихат депутаттарын кідіріссіз қабылдауға және оларға жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыруда қажетті жәрдем беруге міндетті.

Депутат сайлаушылардың өзіне жолдаған үндеулерін қарайды және азаматтарды жеке қабылдауды ұдайы жүргізіп отырады.

Мәслихат депутаты ресми жазбаша сауалмен әкімге, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына және мүшесіне, прокурорға және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың лауазымды адамдарына мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жүгіруге құқылы.

Депутаттық сауалдың жауабы жазбаша түрде, бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде берілуге тиіс. Депутат сауалға берілген жауап бойынша өз пікірін білдіруге құқылы.

Прокурордың атына берілген сауалдар қылмыстық қудалауды жүзеге асырумен байланысты болмауға тиіс.

Депутат регламентте белгіленген тәртіппен мәслихат сессияларын, тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының оты-

рыстарын өткізу кезеңінде, депутаттық өкілеттіктерді жүзеге асыру уақытында оған негізгі жұмыс орны бойынша жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен орташа жалақысы, бірақ осы қызметте бір жылға дейінгі жұмыс стажы бар тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс әкімі аппараты басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде және жол жүру уақыты ескеріліп, сессиялар, мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының отырыстары өтетін мерзімдегі іссапар шығыстары өтеле отырып, қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

10-ТАҚЫРЫП.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ — ЗАҢ
ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ
ӨКІЛДІ ОРҒАН

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны.
2. Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылымы.
3. Қазақстан Республикасы Парламентінің құзыреті.
4. Парламент актілері.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Парламенттің мемлекет басшысымен, биліктің өзге тармақтарымен өзара әрекеттестігін білу үшін, яғни мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын дәл белгілеу үшін, оның атқаратын қызметінің негізгі бағыттарын анықтау қажет.

Парламент қызметі заңдар шығарудан, мемлекеттік бюджетті қабылдаудан, халықаралық шарттарды бекітуден, конституциялық қадағалау органдарын тағайындаудан тұрады. Осы аталған белгілердің бәрі де біздің Республикамыздың Парламентіне тән белгілер. Сол себепті президенттік басқару үлгісінің Қазақстанға тән ерекшелігімен анықталатын Республика Парламентінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны да ерекше.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 4-тармағында мемлекеттік биліктің біртұтастығы, оның Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінетіні, биліктің үш тармағының тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатыны бекітілген. Бұл — біртұтас мемлекеттік билікті бірнеше бөлікке бөліп тастау емес, бұл — біріншіден, әр алуан мемлекеттік органдар билігін шектеуді және, екіншіден, олардың конституциялық шаралар шегінде ұйымдастырылатынын, конституциялық шаралар шегінен тыс ұйымдастырылу қызметінде бір-біріне тәуелсіз екенін, биліктің әр тармағының өз құзыреті бар екендігін және оның шегінен шығуға болмайтындығын білдіреді. Сонымен

бірге, ол — билікті шоғырландыруды, бөлуді, монополиясыздандыруды да білдіреді. Билікті бөлу, олардың бірде-біреуі өзгелерінің өкілеттігін шектемей, екіншісін өзіне бағындырмай және әрқайсысы өзара түсіністікпен, өзара ынтымақтастықпен қызмет істеуі тиіс болған жағдайда Конституцияға сәйкес оның үш тармағын өзара теңдестіруді де білдіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік биліктің жоғарғы сатысында билік бөлу принципін қамтамасыз ету үшін билікті бөлуді билік тармақтары арасында іс жүргізуді шектеу принципімен ұштастыра көздейді.

1995 жылғы Конституцияда бұл проблемалар тек Жалпы Ережелер бойынша ғана емес, сондай-ақ Парламенттің — заң шығарушы билік, Үкіметтің — атқарушы билік және Жоғарғы Соттың — сот билігі міндеттерін дәл белгілеп, шек қоятын және біртұтас мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін белгілейтін оның басқа да бөлімдерінің нақтылы нормаларында қисынды шешімін тапты.

Қазақстан Республикасындағы билік бөлу принципіне сәйкес бөлінген біртұтас биліктің жүйесінде Республика Парламенті жүзеге асыратын заң шығару билігінің орны ерекше. Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабының 1-тармағына сәйкес Парламент Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнының ерекшелігі Парламент пен мемлекеттік биліктің басқа органдары арасындағы қарым-қатынастар арқылы анықталды.

Жоғарыда айтып кеттік, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы Қазақстан Республикасында президенттік басқару жүйесінің құрылғаны туралы конституциялық қағиданы бекітті. 1995 жылғы Республика Конституциясы 1993 жылғы Конституцияға қарағанда, «Парламент — Президент» қатынастарында тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің келесі құралдарын қарастырады: Президентті қызметінен кетіру (импичмент) және Парламентті тарату. Еліміздің Негізгі Заңына сәйкес, бірде-бір билік тармағына жатпайтын, мемлекеттік билік құрылымындағы жетекші рөлді атқарушы, мемлекеттік билік бірлігінің кепілі — Қазақстан Республикасының Президенті мен Республика Парламенті арасындағы өзара қарым-қатынастарды қарастыру барысында мемлекеттік органдар жүйесіндегі Парламент орнының ерекшелігі айқындалды. Себебі, ел

басшысын қызметінен кетіру «қаупін» тудыратын орган — тек қана Парламент. Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағына сәйкес Президент өзінің міндетін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіре алады. Айып тағу туралы шешім Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың көпшілік дауысымен қабылданса, ал тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады. Президент, өз тарапынан, мына жағдайларда: Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенде, Парламенттің Палаталары арасындағы немесе Парламент пен мемлекеттік биліктің басқа тармақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушілік салдарынан саяси дағдарыс болғанда Парламентті тарата алады. Бұл билік бөлу принципіндегі «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесінің үш билік бірлігінің кепілі Қазақстан Республикасының Президентін де қамтитынын білдіреді.

Ж. М. Башарова әлемдік тәжірибеден келесі фактіні келтіреді: президенттік республикаларда егер Президент парламентті тарату құқығына ие болатын болса, онда оның бұл құқығы көбіне кіші палатаға қатысты болады. Екінші палата төменгі палатаның таратылу жағдайында заң шығару билігінің келесі сайлауға дейінгі қызметін белгілі бір шамада қамтамасыз етеді³⁸.

«Заң шығарушы органды шақыру мен тарату құқығы осы әрекетті жүзеге асырушы субъектінің парламенттен үстем болуын көздемейді, халық қауіпсіздігі мүдделері үшін оған берілетін сенімдік өкілеттігі болып табылады» — деп сонау Дж. Локк айтқан болатын³⁹.

Сонымен қатар, Республика Президенті мен Парламентінің мемлекеттік билік органдарын ұйымдастыруда бірлесе атқаратын өкілеттіктерінде де мемлекеттік органдар жүйесіндегі Парламент орнының ерекшелігі айқындалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 5-тармағына сәйкес, Парламент өз Палаталарының бірлескен отырысында әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің дауысымен Президенттің бастамасы бойынша, оған бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруді, Республика Президентінің ұсы-

Башарова З. М. Законодательная деятельность Парламента Республики Казахстан: Дис. ... канд. юрид. наук. — Алматы, 1996.

³⁹ *Локк Дж. Два трактата о правлении // Соч. В трех томах. Т. 3. — М.: Мысль, 1988.*

нысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Парламент Сенаты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды, оларды қызметтен босатады, анттарын қабылдайды және Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауға Президентке келісім береді, Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айырады.

Парламент Мәжілісі Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді.

Өзінің конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында Сенат Республика Президентімен өзара қарым-қатынастарда болады. Президенттің Сенатта өз өкілі бар, ол осы өкілі арқылы Палатамен байланысты жүзеге асырады. Ел Президенті Парламентке жолдау жасайды, Сенат пен Мәжілістің заң шығару қызметін бағыттайды, заң жобаларын қарау кезектілігін анықтайды. Республика Президенті Парламентке заң жобаларын енгізу жөнінде тапсырма береді. Президент заңдарға қол қою барысында өз қарсылығын білдіреді, сонымен бірге Президент заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарау туралы өтініш жасайды. Президентке заңдарды жариялау жүктеледі. Республика Президенті жеті сенатор тағайындап, Сенат Төрағасына кандидатура ұсынады.

Кейінгі кездері Ұлыбританияда ғұмырлық пэрлердің рөлі өсуіне сәйкес олардың бай тәжірибе мен арнайы білімдер жинауына байланысты екінші палата төменгі палатаның маңызды және пайдалы толықтырушысы болып табылады. Ұлы Британиядағы лордтар палатасы мұралық және ғұмырлық лордтардан тұрады. «Ғұмырлық пэр туралы акті қабылданғаннан кейін палата белсенділігі өсті. Премьер-Министр жұмысқа қатысу және мұралық пэрлермен тең дауыс құқығын алған ғұмырлық пэрлерді Палатаға тағайындау құқығын алды»⁴⁰. Италияда Республикаға ерекше еңбегі сіңгендердің ішінен бірқатар сенаторларды Президент тағайындайды. Осы орайда Ө. Байгелді «Қазақстан Республикасының Президентімен тағайын-

далатын сенаторлар көп болуы қажет. Францияда, Америкада, Бельгияда — әлемнің барлық түкпірінде жоғары палата тәжірибелі мемлекет қайраткерлерінен тұрады, олар Парламентте тұрақтандырушы ролін атқарады», дейді .

Сонымен бірге Президент пен Парламент қатынастарында Сенат тежемелік ролін атқарады. Импичмент процесі күрделенеді.

Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында мемлекеттік биліктің екі тармағы — Парламент пен Үкімет жиі қарым-қатынастарда болып отырады. Үкімет — мемлекет өмірінің маңызды салалары — заң шығару қызметінде бастама жасайтын субъектінің бірі болса, ал Парламент заң шығару қызметін жүзеге асырушы орган, сондықтан олардың арасында көзқарас қайшылығы болуы, әбден мүмкін. Мұндай жағдайда жоғарыда айтылған саяси дағдарыс тууы да ықтимал.

Мемлекеттік биліктің екі тармағының арасындағы қайшылықтар, көбінесе, Үкіметтің заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыру барысында туындайды.

Қазақстандық үлгідегі президенттік Республикада Парламент пен Үкімет желісіндегі өзара іс-қимыл айрықша ұтқырлық пен шапшаңдықты қажет етеді. Осы орайда, Парламентті қажетті заңды тездетіп қабылдауға жұмылдыру үшін Конституцияның Үкіметке берген құқығы, Үкімет өзі ұсынған заң жобасын Парламент қабылдамаған жағдайда Премьер-Министрдің бастауымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке деген сенім мәселесін қоюынан нақты көрініс табады. Бұл құқықтың жүзеге асырылуы Парламенттің алдына екінің бірі, не Үкіметке сенімсіздік білдіру (сөйтіп, Президенттің бұл Үкіметті отставкаға жіберуін немесе Парламентті таратуы жөніндегі шешімін күту), не мұндай шешім қабылдай алмағандықтан, Үкіметтің заң жобасын дауысқа салусыз-ақ қабылданды деп келісім беру шартын қояды (Конституцияның 61-бабы 7-тармағы, 70-бабы 6-тармағы). Екі жағдай да Парламент үшін тиімсіз.

Біріншіден, Парламент Президент және оған жақын тұрған (құрылу түрі мен бүкіл қызметі бойынша Президент алдында жауап беруі конституциялық нормалармен көзделгендіктен) Үкіметпен «қабақ шытысқысы» келмесе, екіншіден, қабылданбау қаупі туған заң жобасының сипатын конституциялық норма тікелей көрсетпегендіктен, бұл жобаның республикалық бюджет туралы Заңның жобасы

Байгельди О. От противостояния Парламента и Правительства пользы мало, надо делать законы // Казахстанская правда. 1998. 18-қыркүйек.

болуы да ықтимал, онда мұндай тығырықтан шығар жол — Қазақстан Республикасының «Бюджет жүйесі туралы» Заңы. Заң нормасына сәйкес Республика Парламентінің бірлескен отырысында республикалық бюджеттің келесі қаржылық жылға 15-желтоқсаннан кешкітірілмей бекітілетіні белгіленеді. Егер республикалық бюджет туралы Заң осы белгіленген уақытқа дейін қабылданбаса, Қазақстан Республикасының Президенті «Келесі қаржылық жылдың 1-тоқсанына республикалық қаржы жоспары туралы» Жарлық шығарады, бұл Жарлық Парламент республикалық бюджетті бекіткенге дейін әрекет етеді.

Негізінен парламент шығаратын қаржылық қаулылар өмірде қалай жүзеге асырылып жатқанын бақылау туралы мәселе атқарушы билікті бақылауды жүзеге асыруға қатысты парламенттің жалпы проблемасының маңызды және ерекше аспектісі болып табылады. Оның маңызды болу себебі — мемлекеттік бюджеттің ел өмірінің барлық салаларын қамтуы мен осы салалардағы терең ықпалынан туындаса, ал ерекше болу себебі — бақылау белгілі бір шаралардың арнайы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Парламенттің құқықтары мен міндеттері бюджетті мақұлдау актісімен тәмамдалмау керек. Парламент сонымен бірге өзінің мақұлдаған шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету керек. Ол тек осы жағдайда ғана өзінің ұйғарымдарын атқарушы биліктің тиісті түрде орындайтынына сенімді бола алады. Дәл осы себепке байланысты парламент қаржылық циклдің басқа және соңғы сатыларына қатысады.

Парламенттер осы бақылау әрекетінің саласы туралы мәселе бойынша біркелкі пікірде, әйтсе де олар бақылаудың қандай түрде болу керектігіне келгенде әртүрлі пікірлерді ұстанады. Тәжірибеде мұндай бақылаудың әкімдік немесе сот органдарымен жүргізілетін тексерулерден өзгешелігін айыру қиын. Дегенмен, парламент тікелей немесе арнайы органдар берген нұсқаулар арқылы әрекет етуге, оның әрекетінің уақыты бойынша бюджеттік мерзімдермен сәйкес келуіне немесе кейінірек қабылдануына тәуелсіз, ол осы салада белгілі бір түрде атсалысып отырады.

Парламенттік бақылаудың алғашқы түрі, әдетте, парламент құзырындағы бақылауды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктерден туындайды және интерpellация, сұрақтар, тексеру жүргізу тәсілдерімен жүзеге асырылады. Бұл шаралар, ең алдымен, үкіметтің саяси қызмет саласындағы жауапкершілігі туралы мәселе қою үшін қолда-

нылады, сол себепті есеп беруді арнайы тексеруде әрдайым қолайлы бола бермейді.

Бақылаудың келесі түрі тікелей қаржылық шараларға қатысты. Сметалық ұйғарымдар мүлдем аяқталған түрінде сирек бекітіледі. Олар қаржылық жыл барысында өзгерістерге ұшырап отырады. Осындай жағдайға байланысты үкімет сметаға белгілі бір өзгерістерді енгізу өтінішімен парламентке жүгінген кезде, парламент үшін жыл басында бөлінген қаржының қалай, қайда жіберілгенін білу мүмкіндігіне жол ашылады. Көптеген елдерде қосымша қаржы бөлу-ді бекіту кезінде ең алғашқы сметаны мақұлдау барысындағы шара қолданылады. Парламент қаржының қалай жұмсалғаны туралы хабар алу ғана емес, сонымен бірге, жұмсалған қаржы алғашқы шешімнің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда үкіметке ықпал ету мүмкіндігіне ие бола алады. Дегенмен, тағы да айта кету керек, мұндай бақылау әдісі көбіне үкімет қызметін саяси себептері бойынша мақұлдау немесе мақұлдамау мақсатымен байланыстырылады.

Үкімет заң шығару процесіне заң шығару бастамасы құқығының субъектісі ретінде және заңдардың негізгі орындаушысы ретінде қатысады, ал Парламент, оның депутаттары заң шығару бастамасы құқығына ие болғанымен, заң жобалары бойынша қорытынды беруші субъект болып табылады. Бұлай деуге себеп — кәсіби Парламенттің өкілеттік мерзімі барысында заң жобаларының бастамасы, негізінен Үкімет тарапынан жасалды және Үкімет бұл құқығын өз пайдасына шеше білді, яғни өзіне жайлы заңдардың қабылдануына бар күшін жұмсады. Сонымен бірге Парламентке де заңдардағы проблемаларды Үкімет көзімен көрсетуге тырысты.

Премьер-Министр Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қоя алады (61-баптың 7-тармағы).

Үкіметке сенімсіздік білдіру екі Палатаның келісімі бойынша жүзеге асырылады. Қос палаталы Парламентте бір палаталы Парламентке қарағанда мұндай әрекетті жүзеге асыру әлдеқайда қиын. Мысалы, А. П. Калининның пікірінше, 1906 жылы өзгертілген Ресей Мемлекеттік Кеңесінің (екінші палата) мәні Үкіметті қолдау болып табылады⁴². И. Г. Шаблинский, Ресейге «аймақтар палатасы емес»,

Юртаева Е.А. Государственный Совет в России (1906-1917 гг.) // Государство и право, — 1994. — № 4. — 145-б.

«палата — делдал», «палата бітімші» қажет болғанын айтады⁴³. Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты да биліктің басқа тармақтарымен, әсіресе Үкіметпен қарым-қатынастарда Мәжілісті тежеп отырады.

Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз Үкімет мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдай алады — ол үшін депутаттар жалпы санының кемінде үштен бірі бастама жасау керек. Егер Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған болса, Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен оны қызметтен босату туралы Президентке жүгіне алады. Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамаған жағдайда, алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына осы өтінішті қайта қоюға хақылы. Қайталанған өтініш Үкімет мүшесінің қызметінен босатылуына әкеліп соқтырады (57-баптың 6-тармағы).

Биліктің үшінші тармағы мен Парламент арасындағы қатынастарда Жоғарғы Соттың құрамын Президент пен Парламенттің бірлесе шешуі, сот билігінің дербестігі үшін қажет жағдай жасалуына ықпалын тигізеді. Жоғарғы Соттың Парламенттің толық құрамымен емес, тек Сенатпен сайлануы сот билігі тәуелсіздігінің шарты болып табылады, сондықтан, парламенттің сот билігіне толық көлемді ықпал жасауға мүмкіндігі жоқ.

Қазақстан Республикасының Парламенті мен Конституциялық Кеңесінің арасындағы өзара қарым-қатынастардың да маңызы ерекше деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жеті мүшесінің төртеуін Парламент тағайындайды: екі мүшесін — Парламент Сенаты, екі мүшесін — Парламент Мәжілісі. Сонымен бірге, Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 6-тармағына сәйкес Республика Конституциялық Кеңесінің конституциялық заңдылықтың жағдайы туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды. Конституциялық Кеңес Президент қол қойғанға дейін Парламент қабылдаған заңдардың, бекіткенге дейін Республиканың халықаралық шарттарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды. Қазақстан Республикасы Парламентінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнының ерекшелігін, оның жоғарыда көрсетілген мемлекет-

Шаблинский И. Г. Пределы власти. Борьба за российскую конституционную реформу (1989-1995 гг.). — М., 1997.

тік биліктің жоғары органдарымен өзара қарым-қатынастары айқындайды.

Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы мен жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіндегі өкілді органдар арасындағы өзара қарым-қатынастар Парламент Сенатының жергілікті өкілді органдар — мәслихаттардың өкілеттігін соңғылар Қазақстан Республикасы Конституциясын, өзге де заңдарын бірнеше қайтара бұзған, қабылдаған шешімдері сот тәртібімен заңсыз деп танылған, жаңадан сайланған бірінші сессия өткізілгеннен кейінгі отыз күннің ішінде өз құрамын анықтамаған және тиісті органдарын құрмаған жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатуынан, сонымен бірге Сенат депутаттарын жанама сайлау арқылы жергілікті өкілді органдар — мәслихаттардың сайлайтынынан көрініс береді.

Конституция Қазақстан Республикасының Парламентін Республиканың жоғары өкілді органы ретінде құрады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Парламенті өзінің барлық міндеттерін жүзеге асыру барысында жалпы қоғамның объективті мүдделерін, көңіл-күйін, еркін ескеру керек, елдің ішінде және сырт жерлерде, сонымен қатар биліктің басқа тармақтарының алдында Қазақстан халқының атынан өкілдік етуге хақылы және міндетті. Атқарушы, сот, прокуратура органдарынан Парламенттің айырмашылығы, ол мемлекеттік аппаратқа жатумен қатар, азаматтық қоғамға да жатады. Кәсіби мемлекеттік аппарат пен қоғам бір-бірімен сіңісе әрекеттеседі, Парламент қоғамның мемлекеттік аппаратқа дәл осы сіңісуінің нысаны ретінде қызмет етеді. Сондықтан Парламенттің халық өкілі ретіндегі мәртебесі, оның мемлекеттік биліктің басқа органдары арасындағы ерекшелігінің басты белгісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті қызметінің тиімділігі еліміздегі жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайлармен, экономикалық реформалардың нәтижелерімен, Республиканың халықаралық қоғамдастықтағы орнымен, оның сыртқы саясаттағы жетістіктері және кемшіліктерімен тікелей байланысты.

Айтылған салалардың бәрінде дерлік кішігірім ғана жетістіктерге жетіп, соның өзінде парламент өз қызметін жоғары бағалайтын болса, мұндай жағдайдың шындыққа жанасуы мүмкін емес. Сондықтан да азаматтардың Парламент қызметін нақты экономикалық және әлеуметтік өмірмен, өздерінің жеке және қоғамдық қауіпсіздіктерімен, билік пен осы биліктің нақты иелері, ең алдымен, халық өкілдері болып табылатын Парламент мүшелерінен күтетін жарқын болашақтары және жақсы үміттерімен байланыстыруы түсінікті.

Парламентаризмді дамыту идеясы Қазақстан Республикасы Конституциясының басты қағидаларының бірі болып табылады. Бұл идеялар, ең алдымен, билік бөлу тұжырымында негізделген. Жоғары дамыған деп танылатын елдерде парламентаризмнің ел өркендеуінде аса мықты қозғалыс күші болғанына әлемдік тәжірибе куә. Ол азаматтық қоғам құрудың басты кепілі болып табылады. Парламенттің беделі мен сапасы және халық пен мемлекеттің өркендеуі арасында тікелей байланыс бар. Бұл жалпы дүниежүзілік заңдылықтардың бірі.

Бұл парламенттің шексіздігін, бірегейлігін білдірмейді. Оның үстіне, билік бөлу принципі үстемдік құрғанда, тек заң шығару билігі ғана емес, сонымен бірге атқарушы және сот биліктерінің беделі мен сапасы жоғары болғанда, өкілеттіктер нақты және әділ бөлінгенде парламенттің басты қасиеттері барынша тиімділігімен ашылады.

Сондықтан парламент биліктің барлық тармақтарының үйлесімді дамуы, өзара әрекеттестігі, өзара көмектестігі үшін атсалысуы қажет. Бүтіндей мемлекеттік билік күшінің алғышарты осында.

Парламенттің беделі мен ықпалын көтеруде оның жұмысын, әсіресе заң шығару қызметін жетілдірудің маңызы зор.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Парламент құрылымы, әдетте, мемлекеттік құрылыс түрімен, халық санымен немесе белгілі бір елдердің тарихи дәстүрлерімен байланысты.

Мемлекеттік құрылысы федеративті түрдегі не халық саны 10 миллионнан асатын мемлекеттер өз парламенттерін екі палаталы жүйеде (Канада, АҚШ, Австрия, Бельгия, Италия және т. б.), ал біртұтас мемлекеттер (Греция, Түркия, Дания, Люксембург, Финляндия, Непал, Жаңа Зеландия, Швеция, Израиль) бір палаталы жүйеде құрады, бірақ бұл жерде заңды ережеден ауытқу да болуы ықтимал, себебі әуел баста парламенттерді құрудың дәстүрлі жүйесі қос палаталық жүйе болды. Тарихтан белгілі болғандай, жоғарғы палата аксүйектер өкілдігі үшін және буржуазия мен едәуір демократиялық бағытты ұстанған басқа да адамдар өкілдігінен тұратын төменгі палатаны тежеп отыру үшін енгізілген. Көптеген мемлекеттану ғалымдары, екінші палата парламенттің интегралды бөлігі ретінде аса қажет деп ұйғарды. Н. А. Богданова, біртұтас мемлекеттегі екінші палата парламенттегі күштер мен мүдделердің теңдігін сақтау, заң

шығару билігін тежеу, заң жобаларымен мұқиятты жұмысты қамтамасыз ету үшін қажет деп есептейді⁴⁴. Осы мәселе көптеген қазақстандық заңгер-ғалымдардың еңбектерінде де көтерілді.

Бұған қарсы пікірдегілер, біртұтас мемлекеттердегі екінші палатаның құрылуы үшін ешқандай саналы негіз жоқ деп біледі. Соның бірі, лейборизмді уағыздаушы С. Криппс: «Егер біз сапалы демократияға жеткіміз келсе, онда мемлекет егемендігін бөлетін екі палата құру мүмкін емес. Екінші палата не өкілдер палатасы, — бұл жағдайда ол бірінші палатаның көшірмесі болып табылады, — не ол тұтас халыққа өкілдік ете алмайды» — деп ұйғарған⁴⁵. Осылайша, ол екінші палата федерация субъектілерінің мүдделерін білдіру үшін тек федеративті мемлекетте құрылады деген қорытындыға келген. Дегенмен бір палаталы парламенттері бар федерациялардың болғанын дәлелдейтін тарихи деректер бар, мысалы: Камерун, Пакистан.

Кейбір мемлекеттанушылардың пікірінше біртұтас мемлекеттердегі бикамерализм, яғни қос палаталылық төменгі палатаның құқығын шектеуге, заң шығару шараларының созылып кетуі мен күрделенуіне әкеліп соқтырады.

АҚШ-тың сенатында, Үнді Штаттарының Кеңесінде, Франция сенатында, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында тағы да басқа елдердің парламент жүйесіндегі жоғарғы палаталарында барлық депутаттар үшін бірдей белгіленген өкілеттік мерзімнің болмауы, сонымен бірге бір бөлігінің жаңартылып отырылуы оларды ерекше жағдайға қойып, белгілі бір ұйымдастырылу артықшылығын береді, яғни олардың қызметтегі, саясаттағы мирасқорлықтарына жол ашылады.

Норвегияда екі палаталы парламенттік жүйе әрекет етеді. Оны шартты түрде «бір палаталы» деп есептеуге де болады, себебі парламенттің барлық депутаттары тікелей сайлау құқығы негізінде халықпен сайланып, екі палатаға бөліну депутаттар еркімен сайлаудан кейін жүзеге асырылады.

Тарихи тұрғыдан қарағанда екінші палатаның өкілдік сипаты бірден қалыптасқан жоқ. Феодалдық Англия мен Польшада ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Францияда, 1980 ж. Жапонияда, 1848 ж. Италияда екінші палаталар қоғамның артық дәрежелі өкілдерінен тұрды.

Богданова Н. А. Конституционная право (Общая часть). Ч. 1. — М., 1994.

⁴⁵ (On the PorUme^: System // New Delhi. 1959. May. — P. 8.

АҚШ Конституциясын жасаушылар Дж. Дикинсон, Г. Моррис, Дж. Мэдисон сенаттың әлеуметтік қызметін «меншік құқығын қорғаумен», «ұлттар байлығымен», «бірде-бір өркениетті қоғамның ақсүйексіз өмір сүре алмауымен» байланыстырады⁴⁶.

Екінші палаталардың өкілдік сипаты әртүрлі мемлекеттерде сол мемлекеттердің мемлекеттік құрылыс нысанына сәйкес анықталады. 1996 жылғы жағдай бойынша федеративті мемлекеттердің 82 % және біртұтас мемлекеттердің 26 % қос палаталы парламенттерге ие.

Ғ. С. Сапарғалиев 1989 жылы Минскіде өткен ғылыми конференцияда республикалардың Жоғарғы Кеңестерінде екінші палаталар құру туралы пікірлер айтылғанын мәлімдейді. Осы конференцияда Ғ. С. Сапарғалиев екі палаталы Жоғарғы Кеңестерді құрамында автономиясы бар республикаларда құру қажеттігі, бірақ олар автономияның емес, ұлттар өкілеттігін білдіру керектігі туралы ұсыныс енгізеді⁴⁷. Дегенмен, кеңестер кезеңінде одақтық республикада қос палаталы парламент құруға мемлекеттік құқық ғылымымен тыйым салынды. Ұлттық мүдделер ерекшелігін ескеру мақсатында қос палаталы Жоғарғы Кеңес тек КСРО-да ғана болды.

Бірқатар елдердегі парламенттік жүйеге жалпы сипаттама бере отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің қос палаталы құрылымы идеясының Қазақстанда қалыптасуы мен орнауына, еліміздің Негізгі Заңына сәйкес Республика Парламентінің қос палаталы жүйесінің құрылуына келсек, Қазақстан Республикасында қос палаталы парламент құру идеясы тәуелсіз Республиканың алғашқы Конституциясын жасау бойынша жұмыс тобымен 1992 жылғы ақпан айында ұсынылды. Және осы идея ел Президенті тарапынан белсенді қолдау тапты. Дегенмен, әр алуан объективті, субъективті сипаттағы себептердің әсерінен жалпы қоғамдық қолдау жеткіліксіз болды.

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «Бүгін, XX ғасырдың аяқ шенінің өзінде, екінші дүниежүзілік соғыс пен қырғи-қабақ соғыстан алынған сабақтан кейін де, әлемнің блоктар мен одақтарға бөліну қаупі жойылған жоқ. Бірақ бұл жол Қазақстан

Конституция США: история и современность // Под ред. А. А. Мишина, Е. Ф. Языкова. — М.: Юрид. лит-ра, 1988.

Сапарғалиев Ғ. С. Становление конституционного строя Республики Казахстан. — Алматы: «Жеті Жарғы», 1997. — 165-б.

үшін қолайлы емес, біздің бес элементтен тұратын стратегиямыз осыған келіп саяды» — делінген⁴⁸.

Алғашқы Негізгі Заңның жобасын талқылаудан бері біраз уақыт өтсе де, ел Президенті жоғарыда көрсетілген 1998 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет болашағының біртұтастықта екенін еске салуы да тегін емес. Қазақстан жерінде сан алуан ұлттар өкілдері тұрады, осыған орай тіл мәселесі, дін мәселесі, мәдениет мәселелері өз шешімін халықтың өзі сайлаған Елбасының Жолдауынан табуы — мемлекетіміздің біртұтастығының, мызғымастығының кепілі болып табылады. Әрине, мемлекеттіліктің алғашқы жылдарын қазіргі уақытпен қатар қоюға болмайды. Арада өткен жылдар Қазақстан мемлекетінің біртұтастығын, халық бірлігінің мызғымастығын, бір сөзбен айтқанда — мемлекеттілік құру барысында ұстанған жолдың туралығын дәлелдеп берді. Қазақ жерін мекендеген барлық ұлт өкілдерінің ойынан шығатын ортақ шешім қабылдау да оңай іс емес. Көрсетілген мәселелердің Елбасының халыққа арнаған Жолдауларында жиі қозғалатыны да, оның Елбасы ретінде өз елінің басын біріктіру барысындағы көп әрекеттерінің бірі.

Дегенмен, екі палаталы парламент туралы мәселе қанша көтерілсе де, жоғарыда айтылған егемендік, тәуелсіздік, біртұтастық тәрізді мемлекеттіліктің басты белгілерін мемлекет жаңа ғана тәуелсіздігін алған шақта қозғайтын болғандықтан, жүзеге асырылған жоқ. Қазақстан Республикасы 1993 жылғы Конституциясының 62-бабы Жоғарғы Кеңестің Қазақстан Республикасының бірден-бір заң шығарушы және ең жоғарғы өкілді орган болып табылатынын белгілеп, оның сандық құрамын, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібін анықтауды конституциялық заңның еншісіне берді.

Қос палаталы парламент құру туралы ой-пікірлердің мұнан кейінгі өрістеген кезі Республика Президентінің қос палаталы парламент мәселесін тұңғыш рет ресми түрде өзінің сайлаушыларға арналған Үндеуінде көтеруімен байланысты болды. Осы Үндеуден кейін баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарында қос палаталы парламентті жақтаушылар көбейді. Олар парламенттің осындай құрылымының тиімді жақтарын көрсетіп, оның тиімділігін қос палаталы заң шығарушы органдары бар шетел тәжірибелерімен дәлелдеді.

Назарбаев Н. Ә. Қазақстан — 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. — Алматы: «Білім», 1998.

1995 жылғы шілде айында кең көлемді талқылау үшін Қазақстан Республикасының 1995 жылғы, яғни қазіргі әрекеттегі Конституциясының жобасы жарияланды.

Еліміздің Негізгі Заңы өзінің IV-бөлімінде заң шығару органының бұрынғы Жоғарғы Кеңес атауын Парламент деп өзгертумен қатар, 45-50-баптарына сәйкес оның республика заң шығарушы билігі ретіндегі мәртебесін, өкілеттік мерзімін, құрылымын белгіледі.

Біртұтас мемлекеттік биліктің негізгі тармағының өз шешімін Негізгі Заңнан табуы, өз құрылымының мәселесін осындай жоғары заңдық деңгейде шешуі, әрине, заңды құбылыс.

1995 жылғы Республика Конституциясының 50-бабы Парламенттің тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұратынын бекітті (1-тармақ). Сонымен қатар осы баптың 2,3-тармақтары Сенат пен Мәжіліс депутаттарының сан құрамдары мен сайлау тәртіптеріне негіз салды.

Осылайша Қазақстан Республикасында алғаш рет қос палаталы Парламент дүниеге келді.

Қазіргі Қазақстан Республикасының Парламенті Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясына сәйкес екі Палатадан — Сенат пен Мәжілістен тұрады және кәсіби парламент болып табылады: екі палата да тұрақты негізде жұмыс істейді.

Парламенттің қос палаталы құрылымы заңдарды қабылдау барысында жалпымемлекеттік мүдделер негізінде әр алуан әлеуметтік топтар мен аймақтардың мүдделері есепке алыну үшін заң жобаларын жан-жақты және егжей-тегжейлі талқылау қажеттігімен ескерілген. Заң шығарушы органның мұндай құрылымы республикалық және аймақтық мүдделер үйлесімдігін, заңның жоғары сапасын қамтамасыз ету керек.

Парламент қызметінде жетекші рөлді оның басты органдары атқарады және оған Палата Төрағаларын жатқызуға болады. Олар Сенат және Мәжіліспен мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттары арасынан, жасырын дауыс беру арқылы әр Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады.

Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады. Сенат қабылдамаған кандидатураның орнына жаңа кандидатура ұсынуды да Республика Президенті жүзеге асырады.

Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

Палаталар Төрағалары қызметтен кері шақырып алынуы мүмкін, өз еркімен орнынан түсуге хақылы — ол үшін Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік дауысы берілу керек.

Төрағалардың басшы органдар ретіндегі қызметі парламенттік қызметтің барлық салаларын қамтиды. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттары туралы» 1995 жылғы 16-қазанда қабылданып, 1999 жылғы 6-мамырда өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес (бұдан әрі Парламент туралы Конституциялық заң) олар:

- Палаталардың отырыстарын шақырып, оларға төрағалық етеді;
- Палаталардың қарауына енгізілетін мәселерді әзірлеуге жалпы басшылық жасайды;
- Палаталар төрағаларының орынбасарлары қызметіне сайлау үшін Палаталарға кандидатуралар ұсынады;
- Палаталар қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;
- Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды;
- Палаталар шығаратын актілерге қол қояды;
- Палаталарға Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;
- Парламент Регламентіне сәйкес өздеріне жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

Мәжіліс Төрағасы:

- Парламент сессияларын ашады;
 - Палаталардың кезекті бірлескен отырыстарын шақырады.
- Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарына төрағалық етеді.

Тиісті Палатада дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінсе, Палаталар Төрағалары шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Палаталар Төрағаларының әрқайсысында екі-екіден орынбасарлары болады, олар Палата Төрағасының ұсынуымен Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады. Төрағалардың орынбасарлары алғашқылардың уәкілдік беруімен олардың жекелеген қызметтерін атқарады, сонымен бірге төрағалар

орнында болмағанда не өз міндеттерін жүзеге асыру мүмкіндігі жоқ кездерде олардың орнын басады. Палаталар Төрағаларының орынбасарлары Төрағалардың ұсынысы бойынша тиісті Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен кері шақырылып алынуы мүмкін.

Палаталардың Төрағалары өз құзырындағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Парламент Палаталары Төрағаларының жанынан Парламенттің үйлестіруші органдары — Сенат Бюросы мен Мәжіліс Бюросы құрылады. Олардың құрамына Палаталар Төрағаларының орынбасарлары мен тұрақты комитеттердің төрағалары кіреді.

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің тұрақты комитеттері және Палаталардың бірлескен комиссиялары Парламенттің жұмыс органдары болып табылады.

Парламенттің ұйымдық, құқықтық, ақпараттық-талдау және өзге де қызметтерін оның Аппараты жүзеге асырады. Олардың құрамына Сенат пен Мәжілістің бөлек аппараттары кіреді. Парламент Аппараты мемлекеттік қызметкерлерден тұрады, олардың қызметі мемлекеттік қызмет туралы Республиканың нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Сенат пен Мәжіліс аппараттарының құрамы мен штат санын белгілеуді, оларды қалыптастыруды Парламент қызметіне қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты шегінде Палаталардың Бюролары жүзеге асырады.

Парламент Аппаратындағы мемлекеттік қызметкерлердің жұмысы Парламенттің өкілеттік мерзімі аяқталуымен, Парламент таратылған және оның депутаттарының жаңа құрамы сайланған жағдайда доғарылмайды.

Қазақстан Республикасының «Парламент туралы» Конституциялық заңына сәйкес Парламент депутаттары саяси партиялардың фракциялары және өзге де қоғамдық бірлестіктер, депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға хақылы. Бұл аталмыш заң бойынша Республика Парламенті депутаттарының мәртебесін белгілеген V-тарауға енгізіледі. Ғ. Сапарғалиев та өзінің «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» оқулығында депутаттық бірлестіктер құруды депутаттардың құқығы ретінде қарастырған⁴⁹. Ал, А. Сағындықова «Конституционное право Республики

Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: академиялық курс: оқулық. — Өңд., толық. 3-ші бас. — Алматы: Жеті жарғы, 2008.

Казахстан» атты дәрістер курсына депутаттық бірлестіктерді Парламент құрылымына жатқызады⁵⁰. Біздіңше, екі автордың да пікірі дұрыс. Біріншіден, депутаттық бірлестіктер құру депутаттардың құқығы болса, екіншіден, осы құқық жүзеге асырылу барысында депутаттар депутаттық бірлестіктерге бөлінеді, сөйтіп, Парламент ішінде өз органдарын құрады.

Қазіргі уақытта Парламент Палаталары бірлесіп құратын жалғыз орган — республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті (Конституцияның 57-бабының 1- тармағы).

Парламентаризм дәстүрін дамытуға және басқа елдердің ұқсас ұйымдарымен қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған парламенттік ішкі қоғамдық бірлестік — Қазақстан Республикасының Парламенттік тобы құрылар болса, ол екі Палата үшін ортақ орган болар еді. Осы тәрізді ұйымдар көптеген елдердің парламенттерінде әрекет етеді, мұндай ұйымдар бұрынғы Кеңестер Одағының парламенттерінде де болды.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Қазақстан Республикасының Парламенті Жоғарғы Кеңес деп аталған «бір буынды» өкілді органның орнына келді»⁵¹.

Жоғарғы Кеңес жоғары өкілді орган ретінде 1937 жылы Қазақ КСР-ның Конституциясымен анықталған болатын. Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясы және КСРО Конституциясы бойынша республика құзырындағы барлық мәселелерді шешуге хақылы болды, яғни ел өмірінің барлық салаларындағы мәселелерді шеше алатын болды. Кеңестік құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі Жоғарғы Кеңес қызметіне еліміздің ғалымдарының бірқатар ғылыми еңбектері арналады. Ол кездегі Жоғарғы Кеңестер тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде әрекет еткен жоқ.

Қазақстанның өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі Негізгі Заңы (1993 ж.) Жоғарғы Кеңесті республиканың бірден-бір заң шығарушы және өкілді органы ретінде таныды (62-бап). Сонымен бірге мемлекеттің алғашқы Негізгі Заңы алғаш рет жоғарғы өкілді органның тұрақты негізде жұмыс істеуін қарастырды. Осы Конституцияның

⁵⁰ Бұл да сонда

⁵¹ *Сазиндыкова А.* Конституционное право Республики Казахстан. — Алматы: Білім, 1999.

68-бабына сәйкес Республика Жоғарғы Кеңесі депутатының Жоғарғы Кеңестен тыс жерде қызмет атқаруға, өзге өкілді органның депутаты болуға, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға болмайтыны белгіленді. Айтылмыш Конституция да Жоғарғы Кеңес құзырындағы мәселелер ауқымын кең қамтыды, себебі еліміздің ең жоғарғы Заңында билік бөлу принципі бекітілгенмен, бұл принцип айтарлықтай әрекет еткен жоқ.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы Парламентті заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган ретінде бекітеді. Әрекеттегі Конституция бойынша Парламент өзінің бұрынғы «бірден-бір заң шығарушы орган» мәртебесінен айырылды. Конституция Республика Президентінің де заң шығару қызметін атқара алатынын бекітті.

Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген екі жағдайда заң шығару қызметін атқара алады. Біріншіден, Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Президенттің бастамасы бойынша әр палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің дауысымен Республика Президентіне бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін береді (53-б., 4-т.); екіншіден, егер Парламент мемлекетке аса қажетті заңдарды шұғыл қабылдай алмаса, Президент заң күші бар Жарлық қабылдауға хақылы (61-б., 2-т.). Осы екі жағдайдың екеуінде де Президенттің заң шығару өкілеттігі уақытша сипатта болады.

Сонымен қатар, республикалық референдум, яғни бүкілхалықтық дауыс беру арқылы Қазақстан халқы «Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын қабылдауға, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге» хақылы.

Дегенмен, заң шығару, яғни заңдар мен өзге де нормативтік актілерді қабылдау, мемлекет пен қоғам өмірінің нормативтік негізін қалыптастыру — Қазақстан Республикасы Парламентінің ең басты қызметі. Басқаша айтқанда, ол — стратегиялық басқаруға, мемлекеттік органдармен, өзге де құқық қолдану және жедел-басқару белсенділіктерінің субъектілерімен негізгі болып танылатын ең басты құндылықтарды және мемлекет пен қоғамның ұзақ уақыттық стандарттарын бекіту мен қалыптастыруға мамандандырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Парламент Палаталарының бірлескен отырысының құзырындағы мәселелерді қарастырады (53-бап.). Қазақстан Республикасының Парламенті өз палаталарының бірлескен отырысында мемлекеттің айтарлықтай кең көлемді мәселелерін шешеді. Ресей Федерациясының Конституция-

сы бойынша мен Федерациясы Федерациялық жиналысының Палаталары Ресей Президентінің жолдауын, Конституциялық Сотының жолдауын және шет мемлекеттер басшыларының сөздерін тыңдау үшін ғана жиналады. Ал, біздің ел Парламентінің Палаталары мемлекет пен қоғам өмірі үшін маңызды болып табылатын барлық мәселелерді бірлесе отырып шешеді.

Бұл мәселелер арасында басты орында тұрған Республика Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу. Осы жерде көңіл қоятын мәселе — алғашқы Конституцияның 64-бабына сәйкес Конституцияға өзгертулер мен толықтыруларды Жоғарғы Кеңес енгізген болатын⁵², ал 1995 жылғы Конституция бойынша Республика Конституциясына Президенттің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгертулер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі қарастырылды (91-бап., 1-т.) және осы Конституцияның 44-бабы 10-тармағына сәйкес республикалық референдум өткізу туралы шешім тек Президентпен қабылданады. Осы берілген баптардан Республика Президентінің ғана Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу бастамашылығын жасай алатынын, заң билігінің Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша бастама көтере алмайтынын, тек осы мәселе бойынша республикалық референдум тағайындау туралы ғана бастамашылық жасау құқығы бары анықталады — бұл, егер Президент Парламенттің айтылған мәселе бойынша референдум тағайындау туралы бастамасын қолдамаса, мұндай мәселелер республикалық референдум талқысы бола алмайды деген ұғымды білдіреді.

Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге байланысты бастамашылық жасау құқығын Парламент құзырынан алып тастау, оның заң шығару қызметінің бұрынғыдан әлдеқайда шектелгенін көрсетеді. Дегенмен, әрекеттегі Конституцияға 1998-жылғы 7-қазанда енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес заң шығару органы өзінің бұрынғы мәртебесіне біршама жақындағанын айта кету керек. Себебі, енгізілген өзгерістерге байланысты, егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Парламент ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Пар-

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 28-қаңтардағы Конституциясы. Конституции стран СНГ / Сост. Ю. Булуктаев. — Алматы: Жеті жарғы, 1999.

ламент Палаталары әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік дауысымен Парламент республикалық референдумға ұсынылған өзгертулер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады. Республикалық референдумға қатысу құқығы бар республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысып және осы дауыс бергендердің жартысынан астамы референдумға ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп есептеледі (91-баптың, 1-тармағы).

Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген соңғы өзгерістерге (2007 жылғы 21 мамыр) сәйкес мемлекеттің ең жоғары өкілді органы Республика Парламентінің демократияға тағы да біршама жақындағанын айта кету қажет. Аталмыш өзгерістер бойынша Республика Парламенті Мәжілісінің депутаттарының 98-і саяси партиялар тізімінің негізінде сайланады, ал 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысында жүзеге асырылатын барлық өкілеттіктердің маңыздылық сипаты осы өкілеттіктерді қос палатаның бірлесіп жүргізуімен айқындалады.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысында жүзеге асырылатын келесі өкілеттіктер тобы:

- Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді, Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;

- әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің дауысымен Президенттің бастамасы бойынша, оған бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруді жүзеге асырады;

- соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

- Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

- Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жағдайы туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

- палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды;

- Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сонымен қатар Республика Конституциясы Парламент Палаталарының бөлек отырыстарында жүзеге асырылатын өкілеттіктер тобын да қарастырады. Олар:

Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі Мәжілісте, содан соң Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағына және Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңда тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүлктік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметінің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;

5) республикалық бюджетке;

6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;

7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;

9) айналадағы ортаны қорғауға;

10) республикалық әкімдік-аумақтық бөлінісіне;

11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Осы баптың 1-тармақшасы Парламенттің жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне қатысты заңдар шығаруға құқығы барын анықтайды. Құқық субъектілігі дегеніміз субъектінің, яғни жеке және заңды тұлғалардың құқықтар мен міндеттерге ие болу мүмкіншілігі. Олай болса, заң шығару қызметін жүзеге асырушы органның Конституциямен көзделген жеке және заңды тұлғалардың құқықтар мен міндеттерге ие болу мүмкіншілігіне қатысты заңдар

шығару құқығы, оның заң шығару қызметіндегі шексіз құқығын білдіреді. Себебі, қоғамдық қатынастардың барлығы дерлік осы жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне қатысты мәселелерден туындайды.

61-баптың 3-тармағын түйіндейтін норма өзге қатынастардың барлығының заңға тәуелді актілерімен реттелетінін белгілейді. Сәл жоғарыда қоғамдық қатынастардың жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне қатысты мәселелерден туындайтынын айтып өттік. Сондықтан Конституциядағы «өзге қатынастар» ұғымы нақтылануды қажет етеді. Ол нақтылану үшін Конституцияның көрсетілген нормасы келесі редакцияда қабылдану қажет: «Негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдардан өрбіген қатынастар заңға тәуелді актілермен реттеледі».

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы Жоғарғы Кеңестің Республика заңдарына ресми түсінік беретінін бекіткен болатын (64-баптың, 3-тармағы)⁵³. Ал әрекеттегі Конституция бойынша заңдарға ресми түсінік беру Парламент құзырынан алынып тасталды. А. Н. Сагындықова өзінің «Конституционное право Республики Казахстан» атты дәрістер курсында 1995 жылғы Конституция заңдарға ресми түсінік беру құқығын Қазақстан Республикасы Парламентінің құзырына тікелей жатқызбағанын, бірақ айтылған құқық шынайылығын және Қазақстан Республикасы Парламентінің астарлап түсіндірілген конституциялық өкілеттігі болып табылатынын айта келіп, аутентикалық, яғни түпнұсқалық түсінік беру құқығы одан әлдеқайда аумақты заң шығару құқығының мазмұнына кіретінін баяндайды⁵⁴. Бұл автордың өз ойы. Конституция нормаларын зерделеу барысында шығарған дербес қорытындысы, субъективтік пікірі. Сол себепті пікір әр алуандылығынан туындайтын ақиқат негізіне сүйене отырып, өз пікірімізді білдіргіміз келеді.

Бұл жерде «астарлап түсіндірілген (орысшасы подразумевает) Парламенттің конституциялық өкілеттігі» деген пікірдің дұрыстығы талас тудырады. Себебі, біріншіден, Конституцияда Парламенттің заң шығаруға қатысты өкілеттіктері егжей-тегжейлі қарастырылған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 28-қаңтардағы Конституциясы. Конституции стран СНГ / Сост. Ю. Булуктаев. — Алматы: Жеті жарғы, 1999.

Сагындықова А. Конституционное право Республики Казахстан. — Алматы: Білім, 1999.

Парламент шығаратын заңдардың қандай қатынастарды қамтитынына дейін Конституция назарынан тыс қалмауы — осының айғағы болып табылады. Ал, заңдарға ресми түсінік беру мәселесі «астарлап түсіндірілетін» мәселе емес, нақты нормамен бекітілуді талап ететін мәселе; екіншіден, Конституция еліміздің Негізгі Заңы болғандықтан, «ойымдағыны өзің тап» деген болжамды нормалардан тұруы мүмкін емес, оның нормалары «тайға таңба басқандай» дәл, нақты, анық болуы қажет; үшіншіден, заңдарға ресми түсінік беру мәселесі заңдар туралы заңның өзінде де қарастырылмаған «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабы нормативтік-құқықтық актілерді ресми түсіндіруді жүзеге асырушы мемлекеттік органдарды бекітеді. 2 тармақтан тұратын осы баптың 1-тармағы Конституция нормаларына ресми түсінік беруші Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі екенін белгілесе, 2-тармағы заңға тәуелді актілерге ресми түсіндірмені оларды шығарған немесе қабылдаған органдар не лауазымды адамдардың беретінін анықтайды, ал заңдарға ресми түсінік беруге тиіс субъект Заңмен көзделмеген.

Әрине, Парламенттің өзі шығарған заңдарға өзінің түсінік беру қисындылығы даусыз. Дегенмен, егер бұл мәселе өз шешімін заңдық деңгейде таппаса, оны болжап, жорамалдап айту мүмкіндігі күмәнді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Парламент өз Палаталарының бөлек отырысында әуелі Мәжілісте, содан соң Сенатта қарау арқылы республикалық бюджетті бекітеді оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша мәселелерді жүзеге асырады.

Бұдан әрі Конституция Парламент Палаталарының отырысында әуелі Мәжілісте, содан соң Сенатта қарауды көздеген келесі мәселелерді анықтайды:

- республикалық бюджетті бекіту, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілеу және оларды алып тастау;
- Қазақстан Республикасының әкімдік-аумақтық бөлінісі мәселелері шешу тәртібін белгілеу;
- мемлекеттік наградаларды тағайындау, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілеу, мемлекеттік рәміздерді айқындау;

- мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсету туралы мәселелерді шешу;
- рақымшылық жасау актілерін шығару;
- Республиканың халықаралық шарттарын бекітіп, олардың күшін жою.

Қазақстан Республикасының Парламенті төмендегідей халықаралық шарттарды бекітеді:

- орындалуы қолданылып жүрген заңдарды өзгертуді немесе жаңа заң қабылдауды, Қазақстан Республикасы заңдарында көзделгеннен өзге ережелер белгілеуді талап ететін шарттар;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасымен өту туралы шарттар және басқа мемлекетпен аймақтық шектесуі туралы шарттар;

- қарусыздандыру немесе қарулануға халықаралық бақылау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша, бейбітшілік шарттары мен ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттар;

- Қазақстан Республикасының мемлекетаралық одақтарға, халықаралық ұйымдарға және өзге де бірлестіктерге кіруі туралы шарттар;

- шет мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан Республика кепілдігімен алынатын, сыртқы қарыздың Қазақстан Республикасының Парламенті белгілеген жоғары жылдық лимитінен тыс алынған несиелер туралы немесе Республика тарапынан берілетін несиелер, экономикалық және өзге көмектер туралы шарттар.

Бекітуге, қол қойған кезде шарт жасасқан мемлекеттер кейін оларды бекітуге келіскен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары жатады. Қазақстан Республикасының Парламенті көрсетілген шарттардан өзге де Республиканың халықаралық шарттарын бекітеді. Халықаралық шарттарды бекіту туралы ұсынысты Республика Президенті енгізеді. Парламент Палаталары Президент ұсынысын өздерінің бөлек отырысында әуелі Мәжілісте, содан соң Сенатта қарау арқылы тиісті заң қабылдайды. Республика бекіткен халықаралық шарттар республиканың басқа заңдарынан басым болады.

Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі — Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:

- республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды;

- Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша ол қарсылық жіберген күннен бастап

бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Егер осы мерзім ішінде олар қайта қаралмаса, онда Президент қарсылығының қабылданғаны, ал Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен бұрынғы шешімді қуаттайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға Мемлекет басшысының қарсылығы заңдар бойынша туындаған қарсылықты еңсеру жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің дауысымен еңсереді. (аталмыш мәселе Парламент Регламентімен қарастырылады және Регламентке сәйкес егжей-тегжейлі талқыланады;

- республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

Парламент Палаталарының Конституциямен көзделген дербес жүзеге асыратын өкілеттіктері бар (57-бап.). Бұл өкілеттіктерді әр Палата басқа Палатаның қатысуынсыз дербес жүзеге асырады және оларды жүзеге асыру нәтижесінде түпкілікті шешім қабылдайды.

Әр палата дербес:

- Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

- Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген ретте Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді;

- Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды;

- Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, Бас Прокурордың ұсынуымен депутаттарды оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру мәселелерін шешеді;

- өз құзырындағы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді.

Аталмыш конституциялық норманың тиімді жүзеге асырылуы мақсатында Парламенттің саяси партиялармен, жастар және әйелдер ұйымдарымен байланысын жетілдіріп, олардың бағыттары бойынша халықтың өмірін жақсартуға, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға,

билік проблемаларын тек конституциялық жолмен шешуге сәйкес ұсынған бағдарламалары бойынша парламентік тыңдаулар өткізуді ұйымдастыру қажет. Және мұндай парламентік тыңдаулар мүмкіндігінше жиі өткізілуі қажет. Себебі, қоғамның әр алуан топтарының мұң-мұқтажынан хабардар болу, осы мүдделердің ортақ келісімін тауып, белгілі бір шешім қабылдау барысында Парламент үшін бағдар болады;

- Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Егер Президент өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады;

- Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады;

- өз қызметінің Регламентін, Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды.

Парламент Сенатының ерекше карауына Конституция төмендегі мәселелерді жатқызады:

- Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау, оларды қызметтен босату, анттарын қабылдау;

- Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауға Президентке келісім беру;

- Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;

- Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау;

- Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Конституциясы Парламент Мәжілісінің ерекше қарауына жататын мәселелерді де қарастырады. Конституцияның 56-бабына сәйкес Мәжіліс:

- Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдап, оларды қарайды;

- Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;

- Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлайды;

- Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

Республика Конституциясының Парламент құзырына берілген мәселелерді жан-жақты қарастырғанын, оның жоғарыда анықталған өкілеттіктерінен көруге болады.

Палаталарының бірлескен отырысында қаралатын аса маңызды мәселе — Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту, бюджетке өзгертулер мен толықтырулар енгізу болып табылады.

1993 жылғы Конституция бойынша Жоғарғы Кеңестің республикалық бюджетті бекітумен қатар, оның атқарылуын бақылау мен өзі қабылдаған заңдар мен шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру құқықтары болды (64-бап, 2, 3 тт.).

Әрекеттегі Конституцияға сәйкес бюджеттің атқарылуын бақылау Есеп комитетіне жүктеледі. Есеп комитетінің Төрағасы мен екі мүшесін — (енгізілген өзгерістерге дейін — тек Төрағасын) Республика Президенті, үш мүшесін — Парламент Сенаты, үш мүшесін — Парламент Мәжілісі (өзгерістерге дейін — әрқайсысы екі мүшесін) бес жыл мерзімге тағайындайды (44-б., 7-т.; 57-б., 1-т.). Осы Конституцияның 44-бабының 9-тармағына сәйкес Республика Президенті Премьер-Министрдің ұсынуымен республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді.

Негізінен парламент шығаратын қаржылық қаулылар өмірде қалай жүзеге асырылып жатқанын бақылау туралы мәселе атқарушы билікті бақылауды жүзеге асыруға қатысты парламенттің жалпы проблемасының маңызды және ерекше аспектісі болып табылады. Оның маңызды болу себебі — мемлекеттік бюджеттің ел өмірінің барлық салаларын қамтуы мен осы салалардағы терең ықпалынан туындаса, ал ерекше болу себебі — бақылау белгілі бір шаралардың арнайы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Парламенттің құқықтары мен міндеттері бюджетті мақұлдау актісімен тәмамдалмау керек. Парламент сонымен бірге өзінің мақұлдаған шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету керек. Ол тек осы жағдайда ғана өзінің ұйғарымдарын атқарушы биліктің тиісті түрде орындайтынына сенімді бола алады. Дәл осы себепке байланысты парламент қаржылық циклдің басқы және соңғы сатыларына қатысады.

4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ АКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Парламенті Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары нысанында, соның ішінде конституциялық заңдар, Парламенттің жеке қаулылары, сондай-ақ заңдарды күшіне енгізу мәселелері жөніндегі Парламенттің нормативтік қаулылары түріндегі заң актілерін қабылдайды. Заңдарды күшіне енгізу мәселелері бойынша қаулыны Парламент заң жобасымен бірге қарайды, оған Мәжіліс Төрағасы қол қояды және ол Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Сенат және Мәжіліс өз құзырындағы мәселелер бойынша жеке сипаттағы қаулылар қабылдайды.

Сонымен бірге Парламент пен оның Палаталары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заң сипатында болмайтын өзге де актілер қабылдауға құқылы. Оларды қабылдау Парламент Регламенті және оның Палаталарының Регламенттерінде белгіленген ережелер мен талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Парламент Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысында заң актілері мен өзге де актілерді қабылдау барысында дауыс беру Палаталар бойынша бөлек өткізіледі.

Парламенттің заң актілері мен өзге де актілері, егер Республика Конституциясында өзгеше көзделмесе, әрбір Палата депутаттары

жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабының 2-тармағы).

Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабының 3-тармағына сәйкес Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік дауысымен енгізіледі.

Сонымен қатар Конституция Конституциялық заңдардың әдеттегі ағымды заңдардан ерекшелігін анықтайды. Жоғарыда көрсетілген 62-баптың 4-тармағы конституциялық заңдардың Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылданатынын бекітеді.

Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Парламент пен оның Палаталарының Қаулылары заңдарға қайшы келмеуі тиіс (Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабының 7-тармағы; «Қазақстан Республикасының Парламенті туралы» Конституциялық заңның 13-бабының 4-тармағы).

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 5-бабына сәйкес, егер нормативтік-құқықтық актілердің өздерінде немесе оларды күшіне енгізу туралы актілерде өзгеше айтылмаса, барлық нормативтік -құқықтық актілер тікелей қолданылады. Күшіне енген нормативтік-құқықтық актілерді қолдану үшін қандай да болсын қосымша нұсқаулар талап етілмейді.

Осы заңның 30-бабы нормативтік-құқықтық актілерді жариялаудың міндеттілігін қарастырады, онда азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты (Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар қамтылған актілерден басқа) нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда жарияланатыны айтылады.

Қазақстан Республикасының заң актілері Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысында және ресми басылымдар болып табылатын «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Заң газеті», «Юридическая газета» газеттерінде жарияланады.

Парламенттің нормативтік-құқықтық актілері келесі мерзімдерде:

а) Қазақстан Республикасының заңдары, егер актілердің өзінде немесе оларды күшіне енгізу туралы актілерде өзге мерзімдер көрсетілмесе, олар алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң;

б) Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның Палаталарының қаулылары, — егер актілердің өзінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

11-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

1. Парламент сессиялары: оларды дайындау, шақыру және өткізу тәртібі.
2. Парламент комитеттері мен комиссияларының қызметі.
3. Қазақстан Республикасының Парламентіндегі заң шығару процесі.

1. ПАРЛАМЕНТ СЕССИЯЛАРЫ: ОЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ, ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Парламенті өз жұмысын сессия тәртібімен жүзеге асырады. Парламент сессиясы Палаталардың, Палаталар бюроларының, Палаталардың тұрақты комитеттері мен бірлескен комиссияларының бірлескен және бөлек отырыстарын қамтиды.

Жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясын Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланып, әрбір палата депутатының кемінде үштен екісі сайланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

Парламенттің жалпы отырысын, егер заңда өзге мерзімдер белгіленбесе, ол өткізілетін күннен жеті күн бұрын Палаталардың депутаттарына хабарлай отырып, Мәжіліс Төрағасы шақырады. Бұл ретте Мәжіліс Төрағасы Парламенттің жалпы отырысын шақыру туралы өкім шығарып, оны Парламент депутаттарына хабарлайды.

Парламент отырысының күн тәртібі мен жұмыс ретін Парламент Мәжілісінің Төрағасы енгізеді және олар Палаталардың бірлескен отырысында әрбір Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі. Күн тәртібі мен жұмыс реті жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелер әр ұсыныс бойынша әрбір Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Парламент отырыстарында баяндамалар үшін — 30 минут шегінде, қосымша баяндамалар үшін — 20 минутке дейін, жарыссөзде сөйлеушілер үшін — 10 минутке дейін, кандидатураларды талқылау

кезінде — 3 минутке дейін, рәсімдік мәселелер бойынша сөз сөйлеу үшін, анықтамалар беру мен сұрақтар қою үшін — 2 минутке дейін уақыт беріледі. Сұрақтарға жауап қайтару үшін — 1 сағаттан аспайтын, ал жарыссөзге бір жарым сағатқа дейін уақыт бөлінеді. Жарыс-сөз тоқтатылғаннан кейін баяндамашы мен қосымша баяндамашының 10 минут шегінде қорытынды сөз сөйлеуге құқығы бар. Парламент депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен өзге де уақыт белгілей алады.

Сөз мінберден немесе отырған орыннан сөйленеді. Сөз беру туралы өтініш отырған орыннан беріледі. Республика Президентіне сөз сөйлеу үшін оның өтініші бойынша кез келген уақытта сөз беріледі.

Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, олардың орынбасарларының, Президент пен Үкімет өкілдерінің өтініші бойынша оларға талқыланып отырған мәселе бойынша сөйлеу үшін кезектен тыс сөз берілуі мүмкін. Парламенттің отырысында төрағалық етушінің рұқсатынсыз ешкімнің де сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Төрағалық етуші отырыстарда өз бастамасы бойынша немесе Парламенттің қатысып отырған депутаттары саны көпшілігінің ұсынысы бойынша үзілістер жариялайды.

Парламент Палаталарының бірлескен отырыстары кезінде Парламент пен оның Палаталары жұмыс органдарының отырыстары өткізілмейді.

Парламенттің сессиясы Сенат пен Мәжіліс бірлескен отырыстарында ашылып, жабылады. Парламенттің сессиясын — Республика Президенті, ал ол болмаған жағдайда Мәжіліс Төрағасы ашады. Парламенттің кезекті сессияларын Мәжіліс Төрағасы шақырып, ашады және олар жылына бір рет — қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

Парламенттің кезекті сессиясы көрсетілген мерзім ішінде жалғасады және Парламентті тұрақты жұмыс істейтін өкілді орган ретінде сипаттайды. Парламент сессиясының қызметіне:

- Сенаттың жалпы отырысы;
- Мәжілістің жалпы отырысы;
- Парламенттің жалпы отырысы, яғни Парламент Палаталарының бірлескен отырысы;
- Мәжіліс бюросының отырысы;
- Сенат бюросының отырысы;
- Сенат пен Мәжіліс бюросының бірлескен отырысы;
- Сенаттың тұрақты комитеттерінің отырысы;

- Мәжілістің тұрақты комитеттерінің отырысы;
- Палата комитеттерінің бірлескен отырысы;
- Сенат комиссияларының отырысы;
- Мәжіліс комиссияларының отырысы;
- Сенат пен Мәжіліс комиссияларының бірлескен отырысы;
- Бюроға, тұрақты комитеттер мен комиссияларға кірмейтін депутаттардың қызметі;
- Парламенттік тыңдау;
- Үкімет сағаты кіреді.

Парламенттің Регламенттеріне жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы әр Палата депутаттарының үштен екісі сайланса шақырылатыны көрсетілген.

Бұл ереженің мәні мынада: әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісі сайланса, депутаттардың осындай саны Парламент құзырына жатқызылған біраз мәселелерді шеше алады. Мысалы: конституциялық заңдар қабылдау; Президентке оның бастамасы бойынша бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беру; әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік дауысымен Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша Президент қарсылығын еңсеру және т. б.

Дегенмен, депутаттардың жалпы саны Парламент құзырындағы бірқатар мәселелерді шеше алмайды: айталық, Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, Президент импичменті, яғни Президентті қызметтен кетіру. Себебі бұл жағдайларды мәселе әр Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үшіннің көпшілік дауысымен шешіледі.

Парламент сессиялары оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі. Парламенттің бірінші сессиясында Сенат Төрағасы сайланғанға дейін, Сенат отырысына Президент, ал Мәжіліс отырысына Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы төрағалық етеді.

Парламенттің кезекті сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, Палаталар төрағаларының не Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын шақыра алады. Мұндай кезектен тыс отырыс кездерінде тек отырысты шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық отырыстар болып табылады, сонымен бірге Регламенттерде көзделген рет-

терде жабық отырыстар өткізілуі мүмкін. Кез келген ашық және жабық отырыстарға Республика Президентінің, Премьер-Министірінің, Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Республика Бас Прокурорының, Мемлекеттік хатшының, Президент әкімдігі басшысының қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

Парламент немесе оның Палаталары мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары лауазымды тұлғаларының сессияға қатысу қажеттілігі туралы шешім қабылдауы мүмкін. Бұл реттер осы органдардың лауазымды тұлғалары Парламентке келіп өздерінің құзырындағы мәселелер бойынша қажетті түсініктер беруге міндетті. Парламент Республика Президентіне қатысты мұндай шешім қабылдай алмайды.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының Парламент Палаталарының бірлескен отырысына қатысуға Палаталардың Төрағалары шақырылады.

Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының Парламент Палаталарының бірлескен отырысында өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсіндірме беруге тиісті Үкімет мүшелері емес лауазымды адамдарын Палаталардың басшылары шақырады. Палаталардың бірлескен отырысында өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсіндірме беруге тиісті Үкімет мүшелері Палаталардың Регламенттеріне сәйкес олардың шешімімен шақырылады.

Сенат Аппаратының Басшысы Парламент Палаталарының бірлескен отырысы өткізілерден жеті күн бұрын Мәжіліс Аппаратының Басшысына Парламент Палаталарының бірлескен отырысына шақырылған адамдар туралы тегін, есімін, әкесінің атын, атқаратын қызметін және оның кім ретінде шақырылып отырғанын көрсетіп хабарлайды. Шақырылған адамдардың Парламент қызметіне араласуға құқығы жоқ, олар оның жұмысын мақұлдайтынын немесе мақұлдамайтынын білдіруден ұстануға, белгіленген тәртіпті сақтауға және төрағалық етушінің өкімдеріне бағынуға міндетті. Парламент Палаталарының бірлескен отырысына шақырылған адамдардың келу тәртібін Палаталар Аппараттарының Басшылары белгілейді.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысын ұйымдық, құқықтық, құжаттық және ақпараттық-талдама жағынан қамтамасыз студі Мәжіліс Регламентіне және Мәжіліс Аппараты туралы Ережеге сәйкес Мәжіліс Аппараты жүзеге асырады.

Парламент отырысында конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, Республиканың тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіз-

дігіне іріткі салуды, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бой ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге, сондай-ақ басқа адамдардың ар-ожданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін сөздер айтуға жол берілмейді. Бұл талап бұзылған жағдайда төрағалық етуші сөйлеушіні сөзден айырады.

Сөйлеушіні өзіне берілген уақыт ішінде төрағалық етуші сөзден айыра алмайды, бұған:

- сөз сөйлеу уақыты біткен;
- талқыланып отырған мәселе тақырыбынан ауытқыған реттер кірмейді.

Жарыссөз барысында төрағалық етуші талқыланып отырған мәселе бойынша пікірлердің әр алуан болуын анықтауды қамтамасыз етеді. Жарыссөз қатысып отырған депутаттар көпшілігінің шешімі бойынша ашық дауыс беру арқылы тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату туралы мәселе қойылған кезде төрағалық етуші Парламент депутаттарының сөз сөйлеуге жазылған және сөз сөйлеген депутаттардың саны туралы хабарлайды, сөз беруді кімнің талап ететінін анықтайды және қатысып отырған депутаттардың көпшілігі келіскен жағдайда оған сөз береді. Жарыссөздің тоқтатылуына байланысты сөз сөйлей алмай қалған депутаттар өз сөздерінің қол қойылған мәтіндерін Мәжілістің Жалпы бөлімі арқылы Парламенттің жалпы отырысының стенограммасына қосуға құқылы.

Парламент отырысында конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, Республиканың тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне іріткі салуды, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бой ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге, сондай-ақ басқа адамдардың ар-ожданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін сөздер айтуға жол берілмейді. Бұл талап бұзылған жағдайда төрағалық етуші сөйлеушіні сөзден айырады. Сөйлеушіні өзіне берілген уақыт ішінде төрағалық етуші сөзден айыра алмайды, бұған:

- сөз сөйлеу уақыты біткен;
- талқыланып отырған мәселе тақырыбынан ауытқыған реттер кірмейді.

Жарыссөз барысында төрағалық етуші талқыланып отырған мәселе бойынша пікірлердің әр алуан болуын анықтауды қамтамасыз етеді. Жарыссөз қатысып отырған депутаттар көпшілігінің шешімі бойынша ашық дауыс беру арқылы тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату туралы мәселе қойылған кезде

төрағалық етуші Парламент депутаттарының сөз сөйлеуге жазылған және сөз сөйлеген депутаттардың саны туралы хабарлайды, сөз беруді кімнің талап ететінін анықтайды және қатысып отырған депутаттардың көпшілігі келіскен жағдайда оған сөз береді. Жарыссөздің тоқтатылуына байланысты сөз сөйлей алмай қалған депутаттар өз сөздерінің қол қойылған мәтіндерін Мәжілістің Жалпы бөлімі арқылы Парламенттің жалпы отырысының стенограммасына қосуға құқылы.

Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасы бойынша, Палаталар Төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысы бойынша Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын шақыра алады. Бұл жағдайда Республика Президенті өз жарлығымен Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын шақырады, отырыс соның негізінде Президент белгілеген мерзім мен тәртіп бойынша өткізіледі.

Парламент Палаталарының кезектен тыс бірлескен отырысын шақыру туралы өзара бастама көтерген кезде Палаталардың Төрағалары Президентке тиісінше жазбаша ұсыныс енгізеді.

Сондай-ақ, Парламент депутаттары жалпы санының үштен бірінің бастамасы бойынша Президентке тиісінше жазбаша ұсыныс енгізіледі, онда Парламент Палаталарының кезектен тыс бірлескен отырысын өткізу үшін себеп болған мәселе ашып көрсетіледі. Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырыстарында оны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қарастырылады.

Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын Республика Президенті, ал ол болмаған жағдайда Мәжіліс Төрағасы ашады.

Парламент өзінің жалпы отырыстарында шешімді дауыс беру арқылы қабылдайды. Парламенттің жалпы отырысында дауыс беру:

- дауыстарды санаудың электрондық жүйесін пайдалану арқылы;

- қол көтеру арқылы;

- бюллетеньдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Дауыс беруді өткізу үшін депутаттардың қажетті саны болмаған жағдайда төрағалық етуші кворумды қамтамасыз етуге шаралар қолданады. Кворумды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда төрағалық етуші дауыс беруді Парламенттің келесі жалпы отырысына қалдырады.

Өткізілген дауыс беру рәсімі мен техникасында қате жіберілгені анықталған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша қайта

дауыс беру өткізіледі. Барлық мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелерін дауыс беруге қатысқандарды, жақтап, қарсы дауыс бергендердің, қалыс қалғандардың санын және дауыс беру қорытындысын көрсете отырып төрағалық етуші жария етеді. Деректер Парламенттің бірлескен отырысы стенограммасына енгізіледі.

Парламенттің рәсімдік мәселелер жөніндегі шешімдері жалпы отырысқа қатысып отырған депутаттардың көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, қаулы қабылданбай хаттамамен рәсімделеді және жалпы отырыстардың стенограммасында көрсетіледі. Рәсімдік мәселелерге:

- үзіліс, жалпы отырысты кейінге қалдыру туралы;
- жалпы отырысты жүргізу реті туралы;
- мәселелерді талқылау кезектілігі туралы;
- жарыссөзді тоқтату туралы;
- сөйленетін сөздердің уақытын шектеу немесе ұзарту туралы;
- кворумды куәландыру мен дауысты қайта санау туралы;
- қайта дауыс беруді өткізуге қайтып оралу туралы;
- дауыс беру әдістері туралы мәселелер жатады.

2. ПАРЛАМЕНТ КОМИТЕТТЕРІ МЕН КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Парламент комитеттері мен комиссияларының қызметін жан-жақты қарастыруға көшпей отырып, Палаталар Бюроларына тоқталып өткен жөн. Себебі осы Палаталар Бюроларының Парламент комитеттері мен комиссияларының қызметіне ықпалы зор. Жоғарыда айтып кеттік, Палаталар төрағаларының жанынан тиісінше Сенат пен Мәжіліс Бюролары құрылады. Бұл органдар Парламент Палаталарының үйлестірілуші органдары болып табылады. Палаталар төрағалары осы Бюролар қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Сенат Төрағасы Сенат Бюросының қызметіне басшылық етсе, Мәжіліс Төрағасы Мәжіліс Бюросының қызметіне басшылық етеді. Сенат Бюросы мен Мәжіліс Бюросының құрамына Сенат Төрағасының орынбасары, Сенат тұрақты комитеттерінің Төрағалары, Мәжіліс Төрағасының орынбасары, Мәжіліс тұрақты комитеттерінің Төрағалары кіреді.

Парламент Палаталарының Бюролары:

- Палаталардың комитеттері мен комиссияларының жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;

- Палаталар үшін заңдардың жобаларын, Парламент пен оның Палаталарының өзге де шешімдерін қараудың кезектілігі жөнінде ұсыныстар дайындайды;

- Палатаның тиісті комитеттерінің ұсыныстары бойынша заң жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарының құрамдарын бекітеді және олардың жұмыстарын қаржы жағынан қамтамасыз етеді;

- бірнеше комитеттердің құзыретіне жататын мәселелер жөнінде Палата комитеттерінің бірлескен жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдеседі және бас комитетті белгілейді;

- Палатаның тиісті комитеттерінің парламенттік тыңдаулар өткізу туралы шешім қабылдайды және Палаталар Регламенттеріне сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Осы Парламент Палаталары Бюроларының жоғарыда көрсетілген қызметіне сәйкес, олар үйлестіруші орган ретінде тұрақты комитеттер қызметін үйлестіріп отырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабының 1-тармағына сәйкес әр Палата тұрақты комитеттер құрады. Палаталар комитеттері Палаталардың жұмыс органдары болып табылады. Сенат пен Мәжіліс тұрақты комитеттерінің саны әр Палатада 7-ден аспау керек.

Палаталардың тұрақты комитеттерін құру келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- тұрақты комитеттердің тізбесі мен санын сақтау;

- тиісті Палатаның жалпы отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы тұрақты комитеттердің Төрағаларын сайлау. Төраға кандидатурасын тиісті Палаталар депутаттары ұсынады (Төраға сөз сөйлеу құқығы-10 мин., сұрақтарға жауап —15 мин., кандидатураны талқылау-20 мин. Төрағаның сайланғаны туралы тиісті палата қаулы қабылдайды);

- тұрақты комитеттердің мүшелерін сайлау;

- тұрақты комитеттердің хатшыларын сайлау (тиісті тұрақты комитеттің мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады).

Тұрақты комитеттердің құрамын сайлау барысында депутаттың өзі жұмыс істегісі келетін комитеттің таңдау құқығы ескеріледі. Сенат пен Мәжіліс төрағалары мен олардың орынбасарлары Палаталардың тұрақты комитеттерінің құрамына кіре алмайды.

«Қазақстан Республикасы Парламентінің тұрақты комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында тұрақты комитеттер мүшелерінің саны тиісті Палатамен анықталатыны көрсетілген⁵⁵. Бұл бап палаталардың ішкі қызметін реттейтін құжатқа сілтеме жасап тұр, яғни, егер комитет мүшелерінің санын тиісті Палата дербес анықтайтын болса, демек ол осы Палатаның ұйымдастыру қызметін реттейтін Палата Регламентіне сәйкес анықталады.

Республика Парламентінің депутаты тек бір ғана комитеттің мүшесі бола алады. Сонымен қатар депутат бір комитеттен басқа комитетке ауысуға құқылы. Оның ауысқаны туралы шешім Палата қаулысымен рәсімделеді.

Палаталардың тұрақты комитеттері өз қызметінің негізге бағыттары бойынша кіші комитеттер құруы мүмкін. Тұрақты комитеттердің төрағалары мен хатшылары кіші комитеттер құрамына кіре алмайды.

Тұрақты комитеттердің лауазымды адамдары келесі жағдайларда кері шақырылуы мүмкін:

1) Тұрақты комитет Төрағасы — комитет мүшелері үштен екісінің бастамасы бойынша тиісті Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен;

2) өз өтініші бойынша — тиісті Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен.

Тұрақты комитет хатшысы тұрақты комитет Төрағасының ұсынысы бойынша, комитет мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен кері шақырылуы мүмкін.

Тұрақты комитеттердің өкілеттіктері келесі шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- заң актілерінің жобаларына қорытындылар береді;
- тиісті Палата Бюросына заң актілерінің жобасы туралы үш ұсыныстың бірін енгізеді:
 - а) жобаны жалпы отырыстың күн тәртібіне енгізу туралы;
 - ә) жобамен жұмысты одан әрі жалғастыру туралы;
 - б) дәлелді негіздемемен жобаны бастамашыға қайтару туралы;

«Қазақстан Республикасының Парламент комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7-мамырдағы № 101 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 1997 ж. № 9. 94-құжат.

- енгізілген заң жобаларын қарау бойынша жұмыс топтарын құрады. Олардың құрамына заң жобасының бастамашысын, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдерін тартады;

- заң актілеріне қатысты мәселелер бойынша осы заң жобасының бастамашысын тыңдайды;

- қарауға енгізілген заңдардың, қаулылардың, Парламент пен оның Палаталары қабылдайтын өзге де актілердің жобаларының мәтіндерін өзгерту мен толықтырулар бойынша ұсыныстар әзірлейді;

- бас комитет боп белгіленген комитет тұрақты комитеттердің заң жобасы бойынша ұсыныстары мен ескертулерін жинақтайды, материалдар мен қорытындыларды, сонымен бірге қосымша баяндама дайындайды;

- лауазымды тұлғаларды сайлау, тағайындау және қызметінен босату туралы мәселелер бойынша өз отырыстарында пікірталастар өткізеді;

- тиісті бюроның шешімі бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді;

- Парламент Палаталарына есеп беруші лауазымды тұлғалардың есебі мен хабарламаларын Парламент сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізеді.

Сенат пен Мәжіліс тұрақты комитеттерінің отырысы айына кем дегенде 2 рет өткізілуі керек.

Комиссиялар отырысы ашық отырыстар болып табылады. Сонымен бірге Парламент пен оның Регламенттеріне көзделген реттерді жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

Президент, Премьер-Министр, Үкімет мүшелері, ҰБ төрағасы, Бас Прокурор, ҰҚК төрағасы, Президенттік Аппараттар, Премьер-Министр Канцеляриясының Басшылары комитеттердің кез келген отырыстарына қатысып, өздерін тыңдатуға құқылы.

«Қазақстан Республикасы Парламентінің тұрақты комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға құқылы⁵⁶. Бірлескен комиссиялардың сан

«Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы. 7-мамырдағы № 101 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж. № 9. 94-кұжат.

құрамы Палаталардың өзара келісімі бойынша белгіленеді. Бірлескен комиссиялардың мүшелерін сайлауды әр Палата дербес жүзеге асырады. Осы Заңның 23-бабына сәйкес қаралған заңның жобасы бойынша туындаған келіспеушіліктерді еңсеру мақсатында Сенат пен Мәжіліс әр палата депутаттарының тең санымен келісім комиссияларын құрады. Келісім комиссияларын құру қажеттілігі мен олардың құрамына депутаттарды сайлау туралы шешім Палаталар отырысында Сенат пен Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 1-тармағында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медициналық тиісті саласы мамандарынан құралған арнайы уақытша комиссия құрады.

Парламенттің Сенат Палатасы Конституцияның 47-бабының 2-тармағында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін арнайы уақытша комиссия құрады.

Сонымен қатар Конституцияның 57-бабының 5,6-тармақтарында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру Парламент Палаталары арнаулы уақытша комиссиялар құрады. (5-т. Парламент тыңдауды дайындау үшін; 6-т. Үкімет мүшесінің өз қызметі жөнінде есебін тыңдауға және Республика заңдарын орындамаған реттерге Палата депутаттары жалпы санының үштен бірінің бастамасы бойынша Палата депутаттары жалпы санының 3/2 көпшілік дауысымен оны қызметтен босату туралы мәселелерге байланысты).

Сонымен бірге Парламент Палаталары өз Регламенттерінде көзделген реттерде Санақ комиссиясын құрады (бюллетень арқылы дауыс бергенде).

Бірлескен, келісім, арнаулы комиссиялардың құрылу тәртібі Парламент Регламентімен және оның Палаталарының Регламенттерімен анықталады.

Барлық комиссиялардың қызметі уақытша сипатта болады, яғни белгілі бір мерзіммен шектеліп, нақты мақсатты жүзеге асырады.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІДЕГІ ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІ

Заң актісі қалыптасушы қоғамдық қатынастарды тиімді реттеуді қамтамасыз ету үшін осы қатынастарға сәйкес болуы керек және

әлеуметтік топтардың басым көпшілігінің мүдделерін қамтуы қажет. Қабылдану барысында заң шығару шаралары бұзылған акт белгілі бір мүдделердің бұзылу қаупін тудыруына байланысты реттелуші қоғамдық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды.

Заң шығару шаралары тиімділігінің басты шарты — бұл заң шығару процесі сатыларының дұрыс анықталуы. Егер заң шығару процесінің сатылары дұрыс анықталып, қабылданатын заң осы сатыларға сәйкес қаралатын болса, онда заңның тиімді түрде жүзеге асырылуы бойынша туындайтын көп талаптардың бірі орындалатыны айқын.

Қазақстан Республикасындағы барлық заңдар белгілі бір анықталған шаралар нәтижесінде қабылданады, яғни заң шығару процесі арқылы жүзеге асырылады.

Заң шығару процесі — бұл мемлекеттік биліктің жоғары органдарының заң шығару, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша қызметін жүзеге асырудағы заңмен анықталған шаралар.

Заң шығару процесінің белгілі кезеңдері болады. Олардың әрқайсысы дербес мақсаттарға бағытталады және тұтастай ақырғы нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Д. И. Златопольский заң шығару процесін келесі негізгі сатыларға бөледі:

- а) заң шығару бастамасы;
- б) заң актісі жобасын қарау және қабылдау;
- в) оның күшіне енуі мен жариялануы.

А. Н. Сағындықова заңды қабылдау шараларының бірқатар сатыларға бөлінетінін, олардың орнын ауыстыруға болмайтынын және олар дәстүрлі түрде төрт сатының жиынтығы ретінде қарастырылатынын мәлімдей отырып, заң шығару процесінің келесі төрт сатысын келтіреді: а) заң шығару бастамасы; б) заң жобасын талқылау; в) заңды бекіту (қабылдау); г) оның жариялануы мен күшіне енуі. Автор «бұл процесті бұдан әрі егжей-тегжейлі қарастыруға болады» — дей отырып, — оның сегіз кезеңін анықтайды. Ал, С. К. Амандықованың пікірінше заң шығару процесі бес сатыдан тұрады, олар:

- а) заң шығару бастамасы;
- б) заң жобасын алдын ала қарау;
- в) заң жобасын Мәжіліс отырысында қарау;
- г) заң жобасының Сенатпен қаралуы;
- д) Президенттің қол қоюы мен заңның жариялануы.

Әрине, жоғарыда келтірілген пікірлердің барлығы дерлік заң шығару процесінің сатыларын белгілі бір деңгейде дұрыс анықтайды. Әйтсе де, қазіргі қос палаталы Парламенттегі заң шығару процесінің жүзеге асырылу ерекшеліктерін де ескерген жөн. Осы орайда, біз, С. К. Амандықованың пікіріне қосыламыз. Себебі, заң жобасының Сенатпен қаралмайынша, заң болуы мүмкін емес, сонымен бірге заң жобасының Сенатпен қаралу сатысы жоба Сенат Палатасының қарсылықтарын туғызған жағдайда Мәжілістің Сенат қарсылықтарымен келісуі не келіспеуі барысында жүзеге асырылуы мүмкін шараларды қамтиды. Ал мұндай шаралардың заң шығару процесіндегі маңызы ерекше. Оны «Парламент туралы» Конституциялық заңның 18-бабы былай анықтайды: «Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік дауысымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі. Ол онда жобаны Сенат алған күннен бастап әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады». Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және Президенттің қол қоюына беріледі. Тұтас алғанда Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдаса, ол Сенатқа қайта талқылау және дауысқа салу үшін беріледі. Сенат қабылдамаған заң жобасын сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды»⁵⁷.

Сонымен, заң шығару процесі негізгі 5 сатыдан тұрады. Заң шығару процесінің дамуы, оның сатыларын анықтау Қазақстан Республикасындағы заң шығару қызметінің қалыптасуы үшін аса маңызды болып табылады.

Заң шығару процесінің ең негізгі, басты сатысы — заң шығару бастамасы.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясының 61-бабында заң шығару бастамасы құқығы Жоғарғы Кеңес депутаттарына, Президентке, Жоғарғы Сот және Жоғары Төрелік Сотына берілген болатын, Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясы бойынша заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына,

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Нормативтік-құқықтық актілер жинағы. Т. 2. — Қарағанды, 2009.

Республика Үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

1995 жылғы Республика Конституциясы 1993 жылғы Конституцияға қарағанда заң шығару бастамасы құқығына ие субъектілер тобын біршама ықшамдады. Әрине, мұндай құқықтың Республика Президентіне (соңғы өзгерістерге сәйкес), Республика Үкіметі мен Парламенті депутаттарына берілу қажеттігі күмән тудырмайтыны ақиқат. Дегенмен, осы субъектілер қатарын Республика Жоғарғы Соты және Бас Прокурорымен толықтыру қажеттілігі айқын.

Республика Конституциясының 4-бабы Республикада қолданылатын құқық Конституцияның, соған сай келетін заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелердің, Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормалары болып табылатынын бекітеді. Ресей Федерациясы Конституциясының 110-бабына сәйкес Ресей Федерациясының Конституциялық Соты заң шығару бастамасы субъектілерінің бірі болып табылады. Осы Конституцияның 125-бабында Ресей Конституциялық Сотының біздің еліміздің Конституциялық Кеңесінің құзырындағы мәселелерге ұқсас мәселелерді, яғни федерациялық заңдардың, Ресей субъектілерінің Конституциялары мен өзге де нормативтік актілерінің Ресей Федерациясының Конституциясына сәйкестігі туралы мәселелерді шешетіні анықталған. Заңдардың Конституцияға сәйкестігін шешетін органға заң шығару бастамасы құқығы берілмеу керек. Себебі, Конституциялық Сот өзі бастамашылық жасаған заңға, оның Конституцияға сәйкестігін өзі тексеру барысында әділ шешім қабылдауы күдік тудыратын мәселе. Тіпті, әділ шешім қабылданғанның өзінде, өзі бастамашылық жасаған заңға, өзінің баға беруі құқықтық жағын айтпағанда, моральдық жағынан дұрыс әрекет болып табылмайды.

Мемлекетіміздің алғашқы Конституциясында сот билігінің тармағына енгізілген Конституциялық сот органы бекітіліп, оның мәртебесі Конституцияны қорғау және Республика заңдарының Конституцияға сәйкестігін қараумен анықталған болатын. 1995 жылғы Конституция Конституциялық Сот органын Конституциялық Кеңес органына айналдырып, оны сот билігі тармағынан шығаруына сәйкес дербес орган ретінде құрды. Алғашқы Конституция да, қазіргі әрекеттегі Конституция да аталған органдарға заң шығару бастамасы

Конституции стран СНГ / Сост. Ю. Булуктаев. — Алматы: «Жеті Жарғы», 1999. — 416-б.

құқығын берген жоқ. Бұл Негізгі Заңымыздың елімізді демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыруды мақсат етудегі артықшылығының айғағы.

Ал, Жоғарғы Сотқа келер болсақ, оның нормативтік актілері нормаларының республикада қолданылатын құқық ретінде танылуымен бірге, ол өзінің конституциялық мәртебесіне сәйкес Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Республика Жоғарғы Сотының нормативтік актілері нормаларының Қазақстан Республикасындағы қолданылатын құқық қатарына жатқызылуына, сонымен бірге Республикада қолданылатын құқық нормаларының іс жүзінде орындалуын қамтамасыз етуіне сәйкес, Жоғарғы Сотқа заң шығару бастамасы құқығын берген орынды болар еді деп ойлаймыз. Республика Жоғарғы Соты өз қызметіндегі тәжірибесіне сүйене отырып, қоғамға қажетті тың ұсыныстар енгізері даусыз және осы мәселе Конституцияда бекітілген билік бөлу принципінің тепе-теңдік жүйесін де қамтиды.

Республиканың Бас Прокурорына заң шығару бастамасы құқығын беру туралы ойымызды дәлелдер болсақ, онда Конституцияның 83-бабына сәйкес Прокуратура Республика аумағындағы барлық заңдардың, өзге де нормативтік актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді. Осыған орай, Прокуратураның да өз қызметінің тәжірибесіне сүйену арқылы қоғам өміріне сәйкес шынайы ұсыныстар енгізуіне мүмкіндігі мол. Сонымен бірге мұндай құқық Прокуратураның мемлекеттік органдар арасындағы көмекілеу, түсініксіздеу мәртебесін өсіріп, оның мемлекетіміздің белді бір органы ретіндегі беделін көтеруге көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің заң шығару қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 1-тармағында бекітілген заң шығару бастамасы құқығының тек қана Мәжілісте жүзеге асырылуымен анықталады.

Заң шығару бастамасы — заң жобасын Парламент Мәжілісіне қарауға енгізу. Осындай әрекет жасау үшін берілетін құқық, заң шығару бастамасы құқығы деп аталады. Мәжіліс Регламентіне сәйкес заң шығару бастамасы құқығы келесі түрде жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасының жаңа заңдары жобаларын енгізу;

2. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына өзгерту, толықтыру енгізу және олардың күшін жою туралы заң жобаларын енгізу;

3. Республика Парламентінің заңдарды күшіне енгізу мәселелері жөніндегі нормативтік қаулыларының жобаларын енгізу.

Заң шығару қызметінде заң шығару бастамасы сатысының маңызы ерекше. Заң шығару қызметінің тұрақты заң актілерін қабылдау сапасы дәл осы сатыда қалыптасады. Сол себепті Парламент Мәжілісіне енгізілген заң жобалары өте мұқият сұрыпталуы қажет. Осыған байланысты Парламент Мәжілісі Регламентінің 27-тармағы заң жобасы бойынша тапсырылған материалдарда келесі қосымшалардың болуын ұйғарады:

1) заңды қабылдау қажеттігінің негіздемесі, қабылданатын заң мақсатының, міндетінің, негізгі ережелерінің және болжамды салдарының кең қамтылған сипаттамасы бар түсіндірме жазба хат;

2) егер заңның жүзеге асыруы шығындарды қажет етсе, қаржы-экономикалық есептер және Үкіметтің қорытындысы;

3) заң жобасының қабылдануына байланысты өзгертілуге немесе күшін жоюға тиісті заң актілерінің тізбесі және осы заңды жүзеге асыруға қажетті нормативтік актілерді әзірлеу туралы ұсыныстар;

4) Парламенттің заңды күшіне енгізу туралы қаулысының жобасы.

Сондай-ақ Регламент заң жобасымен бірге тәуелсіз және ғылыми сараптамалардың қорытындысы табыс етілуі мүмкіндігін қарастырады.

Республика Конституциясына сәйкес бірнеше заң шығару органдарының және заңдарды қабылдаудың әртүрлі тәртібі болуына байланысты заң шығару процесінің сатылары өзгеріске ұшырауы мүмкіндігін айта кеткен жөн. Айталық, Парламентпен Конституцияға өзгерістер енгізу мен конституциялық заңдар қабылдау шаралары мүлдем басқа, осыған орай заң шығару процесінің сатылары да өзгереді. Біз қарастырып отырған сатылар дағдылы заңдарды қабылдауды қамтиды.

Заң шығару процесінің екінші сатысы — заң жобаларын алдынала қарау. Тіркелген заң жобасы Мәжіліс қаулысымен тиісті комитет пен Палата Аппаратының заңдар бөліміне жіберіледі.

Заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу үшін берілетін мерзім 30 күннен кем болмауы керек. Осы мерзім ішінде комитеттер заң жобасы бойынша тиісті қорытындыны ұсынуы қажет. Егер заң

жобасының қаралуы Президентпен жедел деп жарияланса, онда ол бойынша қорытынды әзірлеу мерзімі 7 күнге дейін қысқартылады.

Үшінші саты — бұл заң жобаларын Мәжіліс отырысында қарау. Заң жобасы жалпы отырыста қаралғанға дейін 10 күннен кешіктірілмей депутаттарға беріледі. Палата заң жобасын бүкілхалықтық талқылауға шығару туралы шешімді осы сатыда қабылдау мүмкін.

Заң жобасының Мәжіліспен қаралу сатысы осы жобаның көпшілік дауыспен мақұлданыуы және Палатаның тиісті қаулысымен Парламент Сенатының қарауына жіберілумен аяқталады.

Төртінші саты — заң жобасының Сенатпен қаралуы. Сенатта заң жобасы 60 күннен кешіктірілмей қаралуы керек. Қаралу нәтижесінде Сенат заң жобасын мақұлдайды не тұтастай немесе ішінара қайтарып тастайды.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған жоба заңға айналып, ол 10 күн ішінде Президентке қол қоюға жіберіледі.

Заң жобасының Сенатпен қабылданбау жағдайларында Сенат пен Мәжіліс арасындағы қайшылықтарды шешу ерекше механизммен жүзеге асырылады. Мұндай қайшылықтар Мәжіліс депутаттары жалпы санының 2/3 дауысымен немесе келісу комиссияларының әрекетімен еңсеріледі.

Бесінші саты — бұл заңдарға Президенттің қол қоюы және олардың жариялануы.

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің Төрағалары, кейбір жағдайларда Премьер-Министр қол қойған заң Президенттің қол қоюына ұсынылады. Осы сатыда бір ай ішінде Президент заңға тұтастай немесе оның жекелеген баптарына қарсылығын білдіріп, қайтарып тастауы, яғни өзінің қарсылық білдіру құқығын қолдануы мүмкін. Заңда Президент қарсылығын еңсерудің ерекше тәртібі белгіленген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 2-тармағының 2-тармақшасы осы шараның жүзеге асырылу тәртібін анықтайды. Президент қарсылығын қарау — бұл заң шығару процесінің ерекше сатысы.

Заң шығару бастамасының ең негізгі сатысы — заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыру сатысы болып табылатыны, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламентіне сәйкес заң шығару бастамасы құқығының үш түрде жүзеге асырылатыны жөнінде жоғарыда айтып өттік. Осы Регламентке сәйкес заң шығару бастамасы құқығының жүзеге асырылуының екінші түрі — бұл Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына өзгерту,

толықтыру енгізу болып табылады. Егер заң шығару бастамасы құқығы көрсетілген түрде жүзеге асырылатын болса, онда Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 1-тармағында бекітілген Қазақстан Республикасының Конституциясына Республика Президентінің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін Республикалық референдум арқылы өзгертулер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі бар. Сонымен бірге Конституцияның 53-бабының 1-тармағында Парламенттің Республика Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетіні жөнінде мәлімденген. Бұл қағидалар Мәжіліс Регламентінде де беріледі. Олай болса, Қазақстан Республикасының Президенті де заң шығару бастамасының субъектісі болып табылатыны сөзсіз.

Дегенмен, Республика Конституциясына енгізілген соңғы өзгерістерге дейін Республика Президенті заң шығару бастамасы субъектілерінің қатарында болған жоқ. Осы конституциялық деңгейдегі қайшылық 2007 жылғы 21 мамырда еліміздің Негізгі Заңына енгізілген өзгерістермен жойылды. Енді мемлекет басшысы да заң шығару бастамашылығы құқығына ие.

Енді заң шығару бастамасының Конституцияда бекітілген субъектілеріне келетін болсақ, оларда жоғарыда айтып кеттік Республика Президенті, Парламент депутаттары және Үкімет. Осыған орай Республика Конституциясында бекітілген билік бөлу принципін еске түсірген жөн. Осы принциптегі тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі — бұл мемлекеттік биліктің негізгі үш тармағы бойынша билік бөлісушілер арасындағы өзара әрекеттестіктің бір-бірімен ықпалдаса, бірлесе, бір-бірін тежеп отыру арқылы жүзеге асырылуын айқындаушы жүйе.

Қазақстандық үлгідегі президенттік Республикада Парламент пен Үкімет желісіндегі өзара іс-қимыл айрықша ұтқырлық пен шапшаңдықты қажет етеді. Осы орайда, Парламентті қажетті заңды тездетіп қабылдауға жұмылдыру үшін Конституцияның Үкіметке берген құқығы, Үкімет өзі ұсынған заң жобасын Парламент қабылдамаған жағдайда Премьер-Министрдің бастауымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке деген сенім мәселесін қоюнан нақты көрініс табады. Бұл құқықтың жүзеге асырылуы Парламенттің алдына екінің бірі, не Үкіметке сенімсіздік білдіру (сөйтіп, Президенттің бұл Үкіметті отставкаға жіберуін немесе Парламентті таратуы жөніндегі шешімін күту), не мұндай шешім қабылдай алмағандықтан, Үкіметтің заң жобасын дауысқа салусыз-ақ

қабылданды деп келісім беру шартын қояды (Конституцияның 61-бабының 7-тармағы, 70-бабының 6-тармағы). Екі жағдай да Парламент үшін тиімсіз.

Біріншіден, Парламент Президент және оған жақын тұрған (құрылу түрі мен бүкіл қызметі бойынша Президент алдында жауап беруі конституциялық нормалармен көзделгендіктен) Үкіметпен «қабақ шытысқысы» келмесе, екіншіден, қабылданбау қаупі туған заң жобасының сипатын конституциялық норма тікелей көрсетпегендіктен, бұл жобаның республикалық бюджет туралы Заңның жобасы болуы да ықтимал, онда мұндай тығырықтан шығар жол — Қазақстан Республикасының «Бюджет жүйесі туралы» Заңы. Заң нормасына сәйкес Республика Парламентінің бірлескен отырысында республикалық бюджеттің келесі қаржылық жылға 15-желтоқсаннан кешіктірілмей бекітілетіні белгіленеді. Егер республикалық бюджет туралы Заң осы белгіленген уақытқа дейін қабылданбаса, Қазақстан Республикасының Президенті «Келесі қаржылық жылдың 1-тоқсанына республикалық қаржы жоспары туралы» Жарлық шығарады, бұл Жарлық Парламент республикалық бюджетті бекіткенге дейін әрекет етеді.

Заң жобаларын талқылағанда, әсіресе осы «Бюджет туралы» заң жобасына байланысты депутаттар мен Үкімет арасында таластартыс көп туындайды. Үкімет өз тарапынан бюджет шығысын қысқартуға бар күшін салады, ал бюджет шығысын қысқарту халықтың әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізетіні мәлім. Осыған байланысты, өздеріне сенім білдірген сайлаушыларының мүдделерін қорғау жолында депутаттар да өз пікірлерін айтып қалуға тырысады. Өкінішке орай, депутаттар қанша «қызыл өңеш» болғанымен, одан шығатын нәтиже жоқтың қасы. Үкімет ұсынған жоба елеулі өзгеріссіз заңға айналады.

Әрине, жыл сайын қабылданатын «Бюджет туралы» Заң дер кезінде кешіктірілмей қабылдануы керек. Президент тарапынан Жарлық қабылдау да осы Заңның аса қажеттілігінен туындаған шара.

Үкімет заң шығару процесіне заң шығару бастамасы құқығының субъектісі ретінде және заңдардың негізгі орындаушысы ретінде қатысады, ал Парламент, оның депутаттары заң шығару бастамасы құқығына ие болғанымен, заң жобалары бойынша қорытынды беруші субъект болып табылады. Бұлай деуге себеп — кәсіби Парламенттің барлық дерлік өкілеттік мерзімдері барысында заң жобаларының бастамасы, негізінен Үкімет тарапынан жасалды және Үкімет бұл құқығын өз пайдасына шеше білді, яғни өзіне жайлы заңдардың

қабылдануына бар күшін жұмсады. Сонымен бірге Парламентке де заңдардағы проблемаларды Үкімет көзімен көрсетуге тырысты.

Мұрат Раев Парламент депутаттары мен Үкіметтің заң шығару бастамасының мұндай ара-қатынасының себебін осы мәселенің Парламент туралы актіде де, Мәжіліс регламентінде де нақты және толық реттелмегендігінен деп біледі. М. Раевтың пікірі бойынша, депутаттың заң шығару бастамасы субъектісі ретіндегі құқығын жүзеге асыру қиындығы, оның материалдық қамтамасыз етілмеуімен ғана байланысты емес, сонымен бірге депутатпен енгізілетін және мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдар жобаларының Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана Мәжіліс қарауына енгізілу мүмкіншілігіне де байланысты⁵⁹.

Ал, Парламенттің екі шақырылымының депутаты болған, академик С. З. Зиманов мемлекеттік кіріс пен шығысқа байланысты заң жобаларына Үкіметтің оң қорытындысы болуын қуаттайды. Ол, Республикалық заң шығару бастамасы құқығы мен бірқатар демократиялық мемлекеттердегі заң шығару бастамасы құқығын салыстыра отырып, Ресей мемлекетін мысал ретінде келтіреді: «Ресей Федерациясының Конституциясында салық енгізу немесе жою, оларды төлеуден босату туралы, мемлекеттің қаржылық міндеттерін өзгерту туралы, республика бюджеті есебінен шығыстарға байланысты басқа да мәселелер бойынша Ресей Үкіметінің қорытындысы болғанда ғана енгізіледі. Осындай тәртіпті біздің республикаға енгізу аса қажет»⁶⁰. Бұл заң шығару проблемаларын түбегейлі зерттеп жүрген атақты заңгерлердің бірі, еліміз үшін аса маңызды заң шығару қызметіне тікелей қатысқан, Конституцияға негіз болған «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды, өзге де жүздеген заң актілерін қабылдаушылардың бірі болған, дәл сол кезеңдегі жаңа ғана құрылған жас мемлекет үшін күрделі де қиын істің басы-қасында болып, «ыстығына — күйіп, суығына — тоңған», сөйтіп өзінің заң шығару тәжірибесінде осындай қорытындыға келген депутат пікірі.

Жоғарыда айтылған заңдар жобаларына Үкіметтің оң қорытындысы болуы жөніндегі осы екі пікірді зерделей келе, біз академик

Раев М. Правовой статус депутатов Парламента Республики Қазақстан // Саясат, — 1998. — № 2.

Зиманов С. З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. — Алматы: «Жеті Жарғы», 1998. — 352-б.

С. З. Зимановтың пікірін қуаттаймыз. Қазақстанның тұңғыш Парламенті тұсында мемлекеттік кіріс пен шығыс есепке алынбағандықтан, көптеген заңдар әрекетсіз болды. Себебі, мемлекеттік кіріс пен шығыс есепке алынбаса, ондай заң әрекетке қабілетсіз заң. Заңды шығарушы заң билігі болғанымен, оның әрекет етуін, атқарылуын жүзеге асырушы — атқарушы билік. Үкіметтің оң қорытындысы дегеніміз — егер Үкімет мемлекеттік кіріс пен шығысқа байланысты белгілі бір заң жобасына өз келісімін берсе, онда оның осы заңды атқару мүмкіншілігі бар деген сөз. Егер Үкімет келісімін бермесе, онда ол заңның әрекет етуі мүмкін емес. Өлетінін біле тұра, ондай заңды тудыру — қасақана қылмыс жасағанмен тең. Үкіметтің оң қорытындысы — заңның әрекет ету кепілдігі. Сондықтан, атқарушы биліктің кепілдігін алғанда ғана, Парламент өзінің Конституцияда бекітілген құқығын, яғни Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамағанда, Президентке жүгіну құқығын жүзеге асыра алады. Ал енді Үкіметтің оң қорытындысын Парламент өз мақсаттарына сәйкестендіре білуі — бұл басқа мәселе. Ол үшін Парламент депутаттары тарапынан іскерлік пен білімділік, Үкіметке өздерінің көзқарасын бұлжытпас дәлелдермен мойындататындай шеберлік керек.

Академик С. З. Зиманов заң шығару қызметіндегі ең күрделі де жауапты кезең — бұл заң жобасын өңдеу, әзірлеу кезеңі екенін, оны әзірлеу барысында әзірлеушінің құқықтық материя мүмкіншіліктері біліміне, құқыққа қатысты құзыреттілікке ие болуы керек екенін мәлімдейді, заң жобаларын әзірлеуде қосымша ұйымдастыру шараларының қажет екенін айтады және осындай шара ретінде ғалымдарды, жоғары оқу орындарының оқытушыларын, маман заңгерлерді біріктіруші республика профессорларының Ассоциациясын құруды ұсынады⁶¹.

З. Л. Федотова, мемлекеттік шығыстарды көбейту мен мемлекеттік кірістерді азайтуды қарастыратын жобалар Мәжіліске Үкіметтің оң қорытындысынан кейін енгізілу мүмкіндігінің, сонымен бірге заң жобаларының көбіне дәлелсіз ұйғарымдармен, кемшіліктер және қайшылықтармен енгізілетін депутаттардың заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асырудағы қиындықтарға жатқыза келе, депутат-

Зиманов С. З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. — Алматы: «Жеті Жарғы», 1998. — 352-б.

тардың заң шығару бастамасын жан-жақты реттеу мен парламенттік заң шығару институтын құруды ұсынады⁶².

Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыру барысында аса маңызды мәселелерге қатысты мүмкіншілігінің аясы Конституцияда бекітілген. Осы мүмкіншілікті пайдалана білу, іске асыру үшін депутаттарға әр саланың мамандары тарапынан көмек қажет. Осы орайда М. Раев, заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыру үшін депутаттың тиісті мемлекеттік органдардың, бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің жобаларды өңдеуге қатысу және кеңес беру үшін мамандар бөлуіне жәрдемдесуді сұрау құқығын Қазақстан Республикасының Парламенті туралы актілерде және Парламент Регламенттерінде нормативтік бекітілуін ұсынады. М. Раевтың пікірінше, Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы құқығының жүзеге асырылу механизмін реттеу тек депутат өкілеттігінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен бірге депутаттар заң шығару бастамасы құқығын толық түрде жүзеге асыру барысында бірнеше баламалы заң жобаларының пайда болуы үшін де қажет. Осы заң жобаларын бір-бірімен салыстыра отырып талдау, таңдау барысында сапалы заңның пайда болары сөзсіз⁶³.

А. К. Котов, Үкімет өз заң жобаларын Парламент Мәжілісіне жоспарда белгіленген уақыттан кешіктіріп енгізетінін мәлімдейді. Оның пікірінше депутаттардың заң шығару бастамасы құқығын өте сирек пайдалануы, олардың заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыруда қалыптасқан механизмнің жоқтығымен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік заң шығару мен ұйымдастыру стратегиясының әуел бастан терең ойластырылмағандығымен түсіндіріледі. Осыған байланысты, А. К. Котов заң жобасы жұмыстарының стратегиялық жоспарлау орталығын, заң шығару ұсыныстары бойынша Парламент Мәжілісінің тұрақты комитетін құруды ұсынады.

Үкімет енгізетін заң жобалары Парламент Мәжілісіне жоспарланған уақытта енгізілмейді. Кейде осыған байланысты сессияның басы мен ортасында депутаттар өздерінің басты міндеттерін, яғни

Федотова З. Л. Процедуры законодательной деятельности, законодательный процесс в Республике Казахстан: состояние и проблемы // Материалы международной научно-практической конференции 27-28-марта. 1997 г.

Раев М. Правовой статус депутатов Парламента Республики Казахстан // Саясат, — 1998. — № 2.

заң шығару қызметін толық жүзеге асыра алмайды, есесіне сессияның аяғында депутаттар Үкіметтен келіп түскен заң жобаларынан бас көтере алмайды. Үкіметтің құрамы өзгергенде көптеген заң жобаларын Үкімет кері қайтарып алады.

Депутаттардың заң шығару қызметінің сапасы Үкіметтің заң жобаларының саны мен енгізілген уақытының біркелкі тұрақтылығына тәуелді. Себебі, саны көп, тығыз уақытта қаралған заң жобалары заңға айналғанмен, заңдық әрекет ету мүмкіншілігі тым аз. Мұндай заңдарда шикіліктер көп болады, көбінесе қайта қарауды, өзгертулер мен толықтыруларды енгізуді қажет етеді. Осыған байланысты Парламент уақыты қоғамымызға аса қажет заңдарды тиянақты да сапалы қабылдаудың орнына, қабылданған заңдарды құрап, жамаумен өтеді, осы орайда жоғарыда келтірілген заң жобалары жұмыстарының жоспарын Қазақстан Республикасының Президенті бекіту керек деген ұсыныс (М. Раев) өте орынды ұсыныс. Егер Жоспарды Президент бекітетін болса, онда заң жобалары белгіленген уақытта қаралады. Заң жобасының асығыссыз, Регламентпен берілген уақытта қаралуы — бұл заң сапасының басты кепілдіктерінің бірі болып табылады. Ал егер Президент бекіткеніне қарамастан, заң жобасы Мәжіліске Жоспарда берілген уақытта енгізілмесе, онда осы заң жобасының әзірлігіне жауапты тұлғаларға Президент тарапынан жазалау шарасы қолданылуы керек.

Үкіметтің заң шығару бастамасы құқығы қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Еліміздің Негізгі Заңының Үкіметті заң шығару бастамасы құқығына ие үш субъектінің бірі ретінде бекітуі, атқарушы биліктің қоғам өмірінің барлық салаларын қамтуымен тікелей байланысты. Қоғамдағы барлық дерлік негізгі қатынастар атқарушы билік органдарының қатысуымен жүзеге асырылады. Үкімет осы қатынастарды реттейтін заң актілеріне мүдделі. Сол себепті заң жобаларын әзірлеу, заң шығару бастамасын жүзеге асыру Үкіметтің құқығы ғана емес, сонымен қатар міндеті де болып табылады.

Үкімет — атқарушы биліктің заң жобаларын Парламент Мәжілісінің қарауына енгізуші субъект. Ол өзінің осы құқығын Парламент депутаттарына қарағанда толық түрде жүзеге асыра алады. Себебі, Үкіметтің тарапынан енгізілетін заң жобаларын әзірлеуші, оның орталық атқарушы органдары, көптеген мемлекеттік мекемелер және Үкіметке тікелей бағынатын әртүрлі салалардағы мамандар. Үкімет өз қызметінде басқарудың бұйрықты билік әдісін, яғни өз қарауындағы салалар бойынша қажетті заң жобасын әзірлеуді нақты бір органнан бұйрықты түрде талап ету әдісін қолдана алады.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар заң жобаларын әзірлеуде Үкіметтің ұйымдық тірегі болып табылады. Бұл органдардың заң жобаларын әзірлеу қызметі Үкіметтің заң шығару бастамасы құқығының жүзеге асырылуын айтарлықтай жеңілдеткенмен, Парламенттің заң шығару қызметінің сапасын төмендетуі мүмкін. Өйткені заң жобаларын әзірлеуші министрліктер мен өзге де атқарушы билік органдары, осы жобаларды әзірлеу барысында өз мүдделерін көздейтіні анық. Осының нәтижесінде белгілі бір органның тар шеңберін кең қамтыған құқықтар, жалпы қоғам мен азаматтардың құқықтарына кері әсерін тигізуі мүмкін. Егер осындай біржақтылық көзқараспен әзірленген жобада қоғамның басқа мүшелерінің мүдделері жан-жақты ескерілмесе, заң таразысындағы құқықтар салмағы тең түспесе, айтулы жоба заңға айналғанда (өз тарапынан енгізілген жобаның заңға айналуы жолында Үкіметтің қайтпас қайсарлық көрсететінін ескерсек, мұндай жобаның заңға айналуы әбден мүмкін) қоғам мүшелерінің арасында теңсіздік туындайтыны белгілі жағдай. Осы орайда «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының «Заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларын, ал қажет болған жағдайда — басқа да уәкілетті органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға әртүрлі білім салаларының мамандары, ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлер тартылуы мүмкін» деген 14-бабындағы «мүмкіндікті» «міндеттілікке» ауыстыру, қолданылатын заң жобасының сапасын арттыруға себеп болар еді. Әзірленуі барысында әртүрлі білім салаларының мамандары қатысқан заң жобалары жоғарыда айтылған Парламент жанынан құрылатын профессорлар Ассоциациясында немесе Заңдар институтында заңдық сараптамадан өтсе, мұндай заң жобасының заңға айналуы барысында екі биліктің — заң шығару билігі мен атқарушы биліктің арасында туындайтын келіспеушіліктердің неғұрлым аз болары және заң актілерінің сапалы болып, заңдық әрекет ғұмырының ұзақ болары сөзсіз.

Заң шығару қызметінің жемісті болуы, заңдардың шынайы түрде әрекет етуі — Республика Президенті, Парламенті және Үкіметінің «бір жеңнен — қол, бір жағадан — бас шығарып», ынтымақтаса әрекет етуіне байланысты.

Заң актісінің ақырғы нүктесін Ел басшысы қоятын болғандықтан, қабылданған заңның сапалы әрекетінің жауапкершілік жүгі Президент мойнында. Сондықтан, еліміздің бірінші басшысы заң

шығару барысындағы шаралардың тиімділігін, тиянақтылығын, заман талабына сәйкестілігін мұқият қадағалап отыру керек. Заң сапасын жақсартудағы барлық ұсыныстарды Президент аппараты електен өткізіп, олардың ішіндегі тиімділері Президент қолдауын тапса — бұл Парламент пен Үкіметтің заң шығару саласындағы қызметінің сапасын арттыруда үлкен көмек болар еді. Сонымен бірге, бұл — Президент жауапкершілігінің ауыр жүгін жеңілдетуге септігін тигізер деген ойдан өрбіген ұсыныс.

Қазақстан Республикасының Парламентінде жүзеге асырылатын заң шығару процесі сапалылығының басты шарты — қабылдануға тиіс заң актілері мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық еркінен туындауы керек және осы процесс барысында халықтың әлеуметтік, саяси, экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуші, қоғам талабына сай заңдастырылған құжаттар дүниеге келуі керек. Міне, сонда ғана заңдардың шынайы әрекетіне кепілдік беруге болады.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2010 жылғы 29-қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында біздің заңдарымызды ізгілендіріп, олардың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударды⁶⁴.

Заң шығару процесінің сатыларын қарастыру барысында, осы процестің өз күрделілігімен, оған қатысушы субъектілер көзқарастарында қайшылықтар болуы мүмкіндігімен және осындай қайшылықтарды шешу үшін заңның қабылдану барысында тиісті келісім шараларының қарастырылуымен айқындалатынын анықтадық. Олай болса, заң шығару процесі заң шығару органының және заң немесе өзге актіні қабылдау бойынша осы процеске қатысушы субъектілердің қызметі барысында әр алуан әлеуметтік-экономикалық, саяси мүдделердің арасындағы қайшылықтар шешімінің табылуын білдіреді.

Заң шығару процесі үшін заң актісінің дер кезінде қабылдануы қажеттігін айқындау мен заң шығару қызметін жоспарлаудың маңызы зор. Әйтсе де, көрсетілген әрекеттер заң шығару процесімен тығыз байланыста болғанымен, оларды заң шығару сатысына жатқызуға болмайды, себебі заң шығару процесінің негізгі субъектісі — Республика Парламентінің аталған әрекеттерге қатысуы міндетті емес. Сонымен бірге әр алуан мүдделерге дәл осы Парламентте мемлекет еркінің сипаты беріледі.

Назарбаев Н. Ә. Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2010. 30-қаңтардағы. № 33-35 (25881).

12-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі: қалыптасу тәртібі, құрамы, өкілеттік мерзімі, жауаптылығы. Үкімет актілері.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметі қызметінің негізгі бағыттары.
3. Министрліктер және агенттіктер: құрылу тәртібі, құзыреті, жауаптылығы.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ: ҚАЛЫПТАСУ ТӘРТІБІ, ҚҰРАМЫ, ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ, ЖАУАПТЫЛЫҒЫ. ҮКІМЕТ АКТІЛЕРІ

Үкімет — мемлекеттің ең жоғары атқарушы органы. Үкіметтің қалыптасу тәртібі, оның өзге жоғары мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастары мемлекетте әрекет ететін басқару нысанының түйіні болып табылады.

Республиканың басты белгісі — Үкіметтің болуы.

Президенттік басқару жүйесінде (АҚШ, Аргентина, Бразилия, Мексика және басқа) үкімет саяси және ұйымдастырушылық түрде президенттің қолында шоғырланған атқарушы билік тармағының жүйесіне кіреді, президентпен басқарылады және парламенттің қатысуымен құрылады, өзінің дербес құзыреті жоқ және ұжымдық саяси парламенттік жауаптылықтағы жеке ұжымдық шешім қабылдайтын орган болып табылмайды. Кабинет мүшелері бүкіл халық сайлаған президент алдында дербес жауапты. Үкіметтің шынайы мәні нақты мемлекет басшысының субъективтік пікіріне тікелей бағыныштылықпен сипатталады. Президент пен үкімет арасындағы бұдан да мықты қызметтік-ұйымдастырушылық байланыс саяси және экономикалық нашар дамыған суперпрезиденттік республикаларда кеңінен дамыған. Бұл жерде «Әлсіз Үкімет — күшті президент» формуласы дәл келеді.

Парламенттік басқару жүйесінде (Ұлыбритания, Италия, ГФР, Үнді, Жапон және өзге парламенттік монархия мен парламенттік республикалар) биліктік қызметтер мемлекет басшысы мен үкімет арасында бөлінген (үкімет басшысы — Премьер-Министр, Федерал-

дық канцлер, Министрлер Кеңесінің Төрағасы және басқ.). Мұндай басқару жүйесінде президент тек мемлекет басшысы ретінде ғана танылады. Атқарушы биліктің негізгі көлемін парламенттің төменгі палатасындағы партиялық көпшілік негізінде қалыптасқан және оның алдында ұжымдық жауапкершілікте болатын Үкімет жүзеге асырады. Күшті үкімет — әлсіз президент.

Президенттік басқарудың ерекше жүйесі (Франция, Португалия, Финляндия, бұрынғы социалистік мемлекеттердің көпшілігі), оны «аралас басқару жүйесі» деп те атайды, басқарудың президенттік және парламенттік жүйелерінің негізгі сипаттарымен айқындалады. Мұнда мемлекет басшысы және үкімет басшысының лауазымдары бөлінген. Үкімет парламенттік жолмен қалыптасады, өзінің құзыреті бар және парламент алдында ұжымдық саяси жауаптылықта болады. Халықпен сайланған президенттің жедел басқару өкілеттіктері болмағанмен, атқарушы билік тармағына жетекшілікті жүзеге асыру бойынша, парламент пен үкімет арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу бойынша стратегиялық және тактикалық тұтқаны өзінде сақтап қалады. Бұл жағдайды «күшті президент — күшті үкімет» формуласымен анықтауға болады.

Кеңес дәуірінде Министрлер Кеңесі Жоғарғы Кеңеспен құрылатын, осыған байланысты ол Жоғарғы Кеңестің алдында жауапты болатын. 1990 жылы сәуір айынан бастап 1993 жылғы қаңтар айы аралығында Үкіметтің құрылу үрдісі Президенттің қатысуымен өткізіле бастады. 1993 жылғы Конституцияға сәйкес Президент Жоғарғы Кеңестің келісімімен Премьер-Министрді, оның орынбасарларын, сыртқы істер, қорғаныс, қаржы, ішкі істер министрлерін тағайындауға міндетті болды.

Конституцияның 64-бабының 1-тармақшасында бекітілген Үкіметтің мәртебесі — мемлекеттік иерархиядағы оның жағдайларының әртүрлі нұсқаларын қолданып көрудің нәтижесі болып табылады. Республика Президенті лауазымын бекіткеннен кейін, 1990 жылдың сәуір айынан қараша айына дейін, Үкімет атқарушы билікті толығымен өз қолында шоғырландырған жоғары мемлекеттік орган ретінде қызмет етті. Бұл кезең «кеңестік-парламенттік республика» кезеңі деп аталды. «Кеңестік-президенттік республика» кезеңі жағдайында, яғни 1990 жылдың қарашаның 20-ы мен 1993 жылдың қаңтардың 28-і аралығында Үкімет жан-жаққа шашылған биліктік өкілеттіктер мен жауаптылыққа ие, заңнамадағы ақаулықтарға байланысты нақты «парламенттік» және «президенттік» координаттары жүйесінде

нақты бағдары жоқ, өзіндік президенттік құрылым ретінде болды. Атқарушы биліктің мақсаты мен мәнін, оның тік және көлденең құрылысын, тиісінше Үкімет қызметінің ұйымдастырылуы мен рөлін қателеспей дәл табудың ауыр жүгі егеменді Қазақстанның жоғарыда көрсетілген екі жарым жылына тура келді. 1993 жылғы Конституцияның әрекет етуі кезеңіндегі «жартылай президенттік республика» жағдайында Үкімет Жоғарғы Кеңес тарапынан бақылаулық өкілеттіктермен едәуір шектелген, Республика Президентінің «атқарушы қанаты» — атқарушы биліктің біршама дербес органы ретінде әрекет етті.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы Үкіметтің дербестігін жариялай отырып, Республика Президентіне Үкіметті қалыптастырудың негізгі мәселелерін, ал Парламентке — Үкімет қызметіне бақылау жасауды жүктеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-бабының 2-тармағына сәйкес Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауап береді. Президент Үкіметтің заңнамаға формальды түрде сәйкес келетін, қандай да бір теріс салдарға әкеп соққан, Конституцияға және заңдарға қарсы келетін шешімі үшін жауаптылығы туралы мәселе қоюға құқылы. Бұндай нәтижелерге Үкіметтің әрекетсіздігі және қызметіне салақтықпен қарауы әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, Үкімет Президенттің алдынан сенімін жоғалтуы мүмкін. Бұндай жағдайларда Президент Үкіметтің барлық құрамының жұмысын доғаруға құқылы.

1995 жылғы Конституция бойынша қазақстандық мемлекеттілікті құру негізінде президенттік республиканың ерекше жүйесінің үлгісі салынған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі — атқарушы билікті жүзеге асыруы ұйғарылған, — атқарушы билік жүйесін басқаратын және олардың қызметіне жетекшілікті жүзеге асырушы мемлекеттік орган. Кеңестік кезеңнің конституциялық тәжірибесімен салыстырғанда әрекеттегі Республика Конституциясының 64-бабының 1-тармағы Үкіметті мемлекеттік биліктің жоғары атқарушы және өкім беруші органы ретінде сипаттамайды. Дегенмен, бұл заңдық акцент емес, саяси-идеологиялық акцент болуы керек. Біртұтас мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлінуі принципіне сәйкес жүзеге асырылуы туралы тезис әрекеттегі Конституцияның түйінді ережелерінің бірі болып табылады. Жоғарғы мемлекеттік органдар арасындағы қарама-қайшылықтардың жағымсыз тәжірибесін ескере отырып,

мемлекеттік пирамиданың шыңындағы сепаратизмді болдырмау үшін «жоғарғы» термині қазіргі уақытта тек Республика Президенті мен Парламентіне ғана қатысты қолданылған. Соған қарамастан өзінің саяси-құқықтық деңгейі, жүзеге асыратын қызметтерінің көлемі және басқа белгілер бойынша Үкімет заңды және шынайы түрде жоғары мемлекеттік органдардың бірі болып табылады.

Әділет министрі лауазымында болған тұста, бүгінгі күні өкінішке орай дүниеден өткен, профессор Н. Шайкенов «билікті бөлу мемлекеттік биліктің жан-жаққа шашылуы емес, қызметтерді олардың жүзеге асырылуы бойынша бөлу. Мемлекеттік билік — мемлекет өзегі. Ол біртұтас. Бұл мемлекет егемендігінен туындайды. Бағыныстылық қатынастар кезкелген биліктің субстанциясы болып табылады. Сондықтан атқарушы билік барлық жерде және барлық уақытта мемлекеттік биліктің орталық институтының «күре тамыры» болып табылады. Өкілді органдар жоқ деп ойлаңыз — демократия жоғалады. Сот органдары жоқ деп ойлаңыз — сот төрелігі жоғалады, билік қалады. Атқарушы билік жоқ деп ойлаңыз — кезкелген билік жоғалады, ал бұл қоғам жойылды деген сөз. Қоғамды мемлекеттік ұйымдастыру заңдылығы осындай» деген болатын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің маңыздылығы:

- біріншіден, оның жоғары мәртебесін анықтайтын «Қазақстан Республикасының» деген толықтырумен (облыстық, қалалық және т. б. емес) үйлестірілген аталмыш биліктік-шешуші мемлекеттік орган ретіндегі Үкімет атауынан;

- екіншіден, Конституция бойынша Үкіметке мемлекеттік биліктің үш тармағының бірін — атқарушы билікті барынша кең көлемде жүзеге асыру жүктеледі.

- үшіншіден, өзінің осы қызметінде Үкімет атқарушы органдардың тұтас жүйесін басқарады, яғни осы жүйені тұйықтап, оның ішіндегі «жоғары тұрған» инстанция болып табылады;

- төртіншіден, Үкімет атқарушы органдар жүйесінің элементтеріне басшылықты жүзеге асырады: нормативті реттейді, бағыт береді, жоспарлайды, үйлестіреді;

- бесіншіден, Үкіметтің өз құзырындағы мәселелер бойынша шығаратын актілерінің Республиканың бүкіл аумағына міндетті күші бар.

Сондай-ақ Конституцияда Үкімет бөлімінің Қазақстан Республикасы Президенті мен Парламенті бөлімдерінен кейін үшінші болып орналасуы да оның маңыздылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәртебесі кең заңдық мағынада — Үкіметтің Конституциямен және әрекеттегі заңнамамен анықталған құқықтық жағдайы.

Заңдық тұрғыдан алғанда Үкіметтің мәртебесі — бұл Үкіметтің Қазақстан Республикасының Конституциясы және әрекеттегі заңнамасымен анықталған құқықтық жағдайы. Мәртебе түсінігіне — Үкіметтің қызметі, өкілеттік мерзімі, құрылу тәртібі, құзыреті, яғни нақты қоғамдық қатынастар аясындағы құқықтары мен міндеттері, оның жауаптылығының негіздері мен нысандары, сондай-ақ Үкіметтің өкілеттігін доғару тәртібі кіреді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-бабының 4-тармағына сәйкес Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі Конституциялық заңмен белгіленеді. 1995 жылғы 18-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заң қазіргі уақыттағы Үкіметтің арнайы кешенді актісі болып табылады⁶⁵.

Үкіметтің қалыптасу тәртібі — Үкіметті құрудың конституциялық механизмі — оны бұлжытпай сақтау, Үкіметтің келешектегі әрекетінің заңдылығын қамтамасыз етеді. Оған:

- Үкіметтің құрылымы мен құрамын анықтау;
- нақты кадрлық тағайындауларды жүзеге асыру;
- Үкімет мүшелерінің антын қабылдау кіреді.

Үкіметтің құрылуы тек ұйымдастыру-техникалық шаралар тобы ғана емес, олар өз жиынтығында Үкіметтің Қазақстан Республикасы Президенті және Парламентімен өзара әрекеттестіктерін қалыптастыруда маңызды рөлге ие.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты.

Үкіметтің құрамына Үкімет мүшелері — Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Респуб-

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Нормативтік құқықтық актілер жинағы. Т. 2. — Қарағанды, 2009.

ликаның өзге де лауазымды адамдары кіреді. Бұрын оның құрамына мемлекеттік комитеттерінің төрағалары және басқа да лауазымды адамдар кіретін — барлығы 35 адам болатын. Қазіргі уақытта Үкіметтің құрамы біраз қысқартылды).

Әрекеттегі Конституцияға сәйкес Республика Президенті Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді. Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды және оны қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын айқындайды; Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады, Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қызметке тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Үкіметтің сандық құрамын анықтамайды, фактілік тұрғыда министрліктерді құру мен тарату, вице-премьерлердің саны туралы мәселелерді шешетін Қазақстан Республикасының Президенті. Сондай-ақ Президент министрліктерді басқармайтын тұлғаларды да министр қызметіне тағайындауға құқылы («портфельсіз министр» деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі Кеңесінің бастығын және т. б.).

Қазақстан Республикасының Конституциясы Үкіметтің өкілеттік мерзімін де анықтамайды, бірақ қызметін тоқтатудың екі нысанын көрсетеді. Бұл Үкіметтің өз өкілеттігін доғаруы және отставкаға кетуі.

Республика Үкіметі Президенттің өкілеттік мерзімі біткенше іс-қимыл жасайды және жаңадан сайланған Республика Президенті алдында өзінің өкілеттігін доғарады. Республика Үкіметінің жаңа құрамы бекітілгенге дейін Республика Үкіметі өз міндеттерін атқара береді.

Республиканың жаңадан сайланған Президентінің алдында өкілеттігін доғару Үкіметтің жаңадан сайланған Мемлекет басшысының атына жолданған және Үкімет мүшелері қол қойған жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Өкілеттікті доғару туралы өтініш жаңадан сайланған Мемлекет басшысы қызметке ресми кіріскеннен кейін беріледі. Үкіметтің өкілеттігін доғаруы оның мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Республиканың Премьер-Министрі жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында Үкіметке сенім туралы мәселені Парламент Мәжілісіне жолданатын жазбаша өтініш арқылы қояды. Мәжіліс сенім білдірген жағдайда, егер Республика Президенті өзгеше шешім қабылдамаса, Үкімет өз міндеттерін атқаруды жалғастыра береді.

Барлық қолайлы жағдайларда Үкіметтің өкілеттік мерзімі Президент өкілеттігінің мерзіміне тең болып табылып, Президентпен Үкімет құрамы бекітілген және Үкімет мүшелерінің халық пен Республика Президентіне ант берген сәттен бастап бес жылды құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі Қазақстан халқына және Президентіне мынадай мазмұнда ант береді:

«Қазақстан Республикасының халқы мен Президенті алдында өз Отаным — Қазақстан Республикасының экономикалық және рухани даму ісіне барлық күш-жігерім мен білімімді жұмсауға, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық пен әділеттік, азаматтық және ұлтаралық татулық принциптерін ұстануға, Қазақстан халқына адал қызмет етуге, өз елімнің мемлекеттілігі мен дүниежүзілік қоғамдастықтағы беделін нығайта беруге салтанатты түрде ант беремін. Ант етемін»

Үкімет мүшелерінің анын Республика Президенті өзі белгілейтін тәртіппен қабылдайды.

Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты. Қазақстан Республикасының Үкіметі келесі жағдайларда таратылуы мүмкін:

- Республика Президентінің бастамасы бойынша;
- Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенде;
- Премьер-Министрдің Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім туралы мәселе қоюына байланысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республика Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Өзінің осы конституциялық мәртебесіне орай Президент Үкіметті тарату туралы шешімді келесі жағдайларда қабылдауы мүмкін:

- 1) Үкіметтің қызметі халық мүддесінен шықпағанда;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Конституция мен заңдарды бұзған жағдайда;

3) Үкімет азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын және заңды мүдделерін сақталуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алмаған жағдайда.

Үкіметтің таратылу процедурасы күрделіленбеген. Белгілі уақытпен негізделмеген және нақты шектелмеген. Мысалы, Франция Конституциясына сай босату тәртібі қосымша ешқандай процедуралық нормамен шектелмеген. Бұл жерде үкімет басшысы өз еркімен орнынан кету туралы шешім қабылдағанда, бұл әрекет конституциялық жауапкершілік қатарына жатпайды⁶⁶.

Үкіметтің Президенттің алдындағы конституциялық жауапкершілігі ұжымдық сипатқа ие. Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министр Үкімет қызметі үшін Президенттің алдында есеп береді. Үкіметтің дайындайтын Бағдарламалары саяси құжат ретінде қарастырылады.

Үкімет мүшелерінің Президент алдында жеке-жеке жауапкершілігі де туындауы мүмкін. Республика Президенті Үкіметтің кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы. Үкімет мүшелерінің жеке жауапкершілігі саяси сипатта және заңдардың орындалмағаны үшін туындайды. Үкімет мүшелері саяси қызметті жүзеге асыратын тұлғалар. Сондықтан қандай жауапкершілік туса да, оның барлығы саяси сипаттағы конституциялық жауапкершілік сипатына ие.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Үкіметтің Парламент алдындағы конституциялық жауапкершілігі келесі жағдайларда туындауы мүмкін:

1) егер Парламент Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін бекітпесе; Конституцияның 53-бабының 2-тармақшасына сәйкес Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері бекітіледі. Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді. Осы нормаға сай конституциялық жауапкершілік екі жақты: Парламентке және Үкіметке конституциялық жауапкершіліктің механизмі әрекет ету үшін Президенттің құзыреті қажет, яғни Үкіметтің таратылуы туралы шешімді Президент қабылдайды. Дегенмен, осы уақытқа дейін Қазақстанның тәжірибесінде аталмыш

Козлова Е. И., Кутафин О. Е. Конституционное право России: Учебник. — 2-е изд., перераб. И доп. — М: «Юрист», 1998.

мәселеге байланысты Үкіметті конституциялық жауапкершілікке тартқан жағдайлар болған жоқ. Шет мемлекеттерде бюджет тепеңдік әрі тежемелік жүйенің элементі ретінде қарастырылып, Үкімет пен Парламенттің конституциялық жауапкершілігінің негізі болып табылады. Мысалы, Польшаның Конституциясына сәйкес Парламент Министрлер Кеңесімен тапсырылған бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекітпеуі, Министрлер Кеңесінің өкілеттігін тоқтатуға негіз болады⁶⁷.

2) егер Қазақстан Республикасының Парламенті Үкімет енгізген заң жобасын қабылдамаса; Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл мәселе бойынша дауыс беру сенім туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі (ҚР Конституциясы 61-бап 7-тармақ) Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды. Дегенмен, бұл жағдайда да конституциялық жауапкершіліктің туындау мүмкіндігі бар. Айталық, егер Республикалық бюджет туралы заң жобасы Парламентпен қабылданбаса, бұл жағдайда конституциялық жауапкершілік механизмінің әрекет етуі өте қиын. Конституцияға сәйкес Парламент Үкіметтің ұсынған бюджетін екі рет қабылдамаса, онда не Парламенттің, не Үкіметтің жауапкершілігі туындайды. Жалпы Үкімет Парламенттің алдында өзіне сенімсіздік білдіру туралы мәселені Парламенттің алдында қояды. Ал Конституцияның нормасына сай Президент Парламент бюджеттің жобасын 15 желтоқсанға дейін қабылдамаса 1-тоқсанға арналған қаржылық жоспар туралы заң күшіне ие Жарлық қабылдайды. Конституцияның бұл нормасы Үкіметтің Парламенттің алдындағы жауапкершілігінің болмауына негіз болып отыр. Осыған байланысты бюджет тепеңдік әрі тежемелік жүйенің элементі сипатынан айырылып отыр. Шет мемлекеттерде Парламент депутаттары бюджет арқылы Үкіметтің әлеуметтік саясатына ықпал ету және сайлаушылардың аманаттарын орындау мүмкіндігіне ие.

Сапарғалиев Г. С., Салимбаева Ж. Проблемы конституционной ответственности. — Алматы: «Жеті жарғы», 2006.

3) егер Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдірсе; Парламент Мәжілісінің депутаты Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіру туралы мәселені көтеруге құқы бар. Бұл мәселенің көтерілуіне Үкімет қызметінде жіберілген айтарлықтай едәуір қателіктер негіз болуы мүмкін. Сенімсіздік туралы мәселе аса маңызды болып табылады. Сондықтан да Негізгі Заңның нормасына сәйкес Үкіметке сенімсіздік білдіру туралы бастама Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі тарапынан көтерілуге тиіс (ҚР Конституциясының 56-бабының 2-тармағы).

4) Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуымен Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Егер Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады.

Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп есептесе, олар Республиканың Президентіне өз орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге хақылы. Сондай-ақ Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет орнынан түсетіні туралы Республика Президентіне мәлімдейді. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Республиканың Президенті он күн мерзімде қарайды. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Президент оған міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады.

Мемлекеттік биліктің әр тармағы өз әрекетін Қазақстан Республикасының немесе оның Конституциясының атынан жүргізеді, өз қызметтері барысында жалпы мемлекеттік мүддеге сай бірыңғай саяси бағытты ұстап, әрқайсысына міндетті болып есептелетін Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа алып отыруға тиіс. Мемлекет әрекетінің ішкі және сыртқы бағыттарының өзара байланысты болып келуі де мемлекеттік өкіметтің бірлікте болуына әкеледі.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің объективтік түрде заң шығарушы, атқарушы және сот билігін жүргізуші тармақтарға бөлінуінен бөлек, мемлекеттің шын мәніндегі функциясын іске асыру үшін ортақ мақсаттағы бірдей әдістерді қолданатын тәуелді органдардың өзара байланысын заңды түрде нақтылау мен оңашалау әрбір мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін шектеуге мүмкіндік береді. Немесе оны, екінші сөзбен, мемлекеттік органның ішкі қызметін ретке келтіру деп айтуға болады. Ал әлеуметтік өмірдің әртүрлі көріністері объективті түрде анық байқалған жағдайда оларды бірыңғай әлеуметтік мемлекет ретінде ретке келтіріп отыратын, дербес жүйелі билік жүргізуші құрылымдар қажет болады. Және осы құрылымдарды олардың теріс әрекеттері үшін белгілі бір деңгейде жауапкершілікке тарту мүмкіндігі болғанда ғана мемлекеттік биліктің тиімді де сапалы жүзеге асырылуына кепілдік беруге болады. Осыған орай аталмыш билік тармақтарының жауапкершілікке тартылуы, әрине конституциялық норма деңгейінде жүзеге асырылуы қажет.

Республика Үкіметі Республика Конституциясының, заңдарының, Президент актілерінің, өзге нормативтік-құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін нормативтік және жеке қаулылар шығарады. Үкімет қаулылары Үкімет мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Үкімет қаулыларына Республика Премьер-Министрі қол қояды.

Республика Премьер-Министрі өкімдер шығарады. Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады.

Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-Министрі өкімдерінің Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-Министрінің өкімдері Республика Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен әзірленеді және қабылданады. Үкімет қаулыларының күшін Республика Президенті мен Үкіметі жоя

алады. Премьер-Министрдің өкімдерінің күшін Республика Президенті, Үкіметі және Премьер-Министр аяқтайды.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ. РЕСПУБЛИКА ҮКІМЕТІ НІҢ ҚЫЗМЕТІ НІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ.

«Үкімет туралы» Конституциялық заңның 9-бабына сәйкес Республика Үкіметі:

- мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді;
- мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді;
- әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеп, жүзеге асырады;
- Республика Президенті белгілейтін тәртіппен республикалық бюджетті әзірлеу мен оны өзгертуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
- Республиканың қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы және материалдық ресурстарды жасақтау мен пайдалануда заңның сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;
- құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асырады;
- мемлекеттік баға түзу саясатын талдап жасайды және жүзеге асырады; мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар мен қызметтердің номенклатурасын белгілейді;
- мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды талдап жасайды және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;
- еңбекке ақы төлеу, азаматтарды әлеуметтік қорғау, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесін және шарттарын белгілейді;
- мемлекеттік аймақтық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеп, жүзеге асырады; аймақаралық проблемалар мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

- ғылым мен техниканы дамытудың, жаңа технологияларды енгізудің, мәдениетті, білімді, денсаулық сақтау ісін, туризм мен спортты дамытудың мемлекеттік саясатын белгілейді, және жүзеге асырады;

- табиғи ресурстар мен айналадағы табиғи ортаны тиімді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады;

- құқықтық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сақтау, заңдылық пен құқық тәртібін, Республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, Республиканың аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік шекарасын күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады;

- келіссөздер жүргізу мен үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру жөнінде шаралар әзірлейді, сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолданады; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

- Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құрады және таратады;

- өзіне Конституция, заңдар және Президент актілері жүктеген өзге де функцияларды орындайды.

Республикадағы билік бөлу принципіне сәйкес бөлінген билік тармақтары арасында Парламент пен Үкімет өте тығыз қарым-қатынаста. Соның ішінде, әсіресе, Парламенттегі заң шығару қызметіне байланысты екі билік жиі қатынасқа түсіп отырады. Оның себебі, егер Парламент мемлекеттің заң шығару қызметін жүзеге асырса, ал Үкімет Парламент шығарған заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 1-тармағына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады. Үкіметтің заң шығару бастамасы құқығы қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Еліміздің Негізгі Заңының Үкіметті заң шығару бастамасы құқығына ие үш субъектінің бірі ретінде бекітуі, атқарушы биліктің қоғам өмірінің барлық салаларын қамтуымен тікелей байланысты. Қоғамдағы барлық дерлік негізгі қатынастар атқарушы билік органдарының қатысуымен жү-

зеге асырылады. Үкімет осы қатынастарды реттейтін заң актілеріне мүдделі. Сол себепті заң жобаларын әзірлеу, заң шығару бастамасын жүзеге асыру Үкіметтің құқығы ғана емес, сонымен қатар міндеті де болып табылады. Заң актісінің жобасын енгізу туралы шешім Үкіметтің тиісті қаулысын шығару жолымен қабылданады.

Сондай-ақ Республика Үкіметі:

- Республика заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді, оларды министрліктердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың орындауын бақылайды;

- Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті табыс етеді;

- мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін Республика заңдарының жобалары жөнінде қорытындылар береді;

- Парламент депутаттарының сұрауларына жауап береді.

Республика Үкіметі еліміздің жоғары атқарушы билігі ретінде мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі Республика атқарушы органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың Республика заңдарын, Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын бақылайды, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар актілерінің күшін толығымен немесе бір бөлігінде жояды не тоқтата тұрады, оларды жою не тоқтата тұру туралы Республика Президентінің қарауына ұсыныстар енгізеді.

Тиісті жергілікті атқарушы органдарды басқаратын әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері Республика Президенті мен Үкіметінің өкілдері болып табылады және Республика Үкіметіне мемлекеттік басқару мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Республика Үкіметі заңдарда белгіленген тәртіппен өзге де, соның ішінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.

Үкіметтің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіліп отырады. Отырыстарды Премьер-Министр не Республика Президенті шақырады. Үкіметтің отырыстарында Премьер-Министр төрағалық етеді, ол болмаған кезде міндеттердің бөлінуіне сәйкес Премьер-Министрдің міндетін атқаратын Премьер-Министрдің орынбасары төрағалық етеді. Үкімет ерекше маңызды мәселелерді қарағанда оның отырыстарында Республика Президенті төрағалық етеді.

Үкімет отырыстары ашық болады. Президенттің не Премьер-Министрдің бастамасымен Үкіметтің жабық отырыстары өткізілуі мүмкін.

Үкімет мүшелерінің кемінде үштен екісі Үкімет отырысына қатысса, отырыс құқылы болып саналады. Үкімет мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады. Отырыстарды әзірлеу мен өткізу тәртібі Үкімет Регламентімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі — Үкіметтің қызметін ұйымдастыратын және оның қызметіне басшылық жасайтын лауазымды тұлға (басқа мемлекетте бұндай қызметті Үкімет Төрағасы, Министрлер Кеңесінің Төрағасы, Федералды канцлер және т. б. атайды). «Премьер-Министр» атауын «Қазақстан Республикасының» қосымшасымен толықтырғаннан кейін, әрекеттегі Конституция Премьер-Министрдің мәртебесін республикалық деңгейіндегі басқарушысы ретінде анықтады.

1995 жылғы Конституция Премьер-Министрдің құқықтық жағдайын бекітті. Ол Үкімет атынан өкілдік ете отырып, Үкіметті басқару бойынша функцияларды атқарумен қатар, одан тыс функцияларды да атқарады. Премьер-Министрдің өкілеттіктерін Үкімет туралы Конституциялық заңның 19-бабы анықтайды. Аталмыш бапқа сәйкес Республика Премьер-Министрі:

- Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасындағы қызметтік міндеттерді бөледі;

- Республика Президентімен, Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен, басқа мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста Үкіметтің атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады;

- халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды;

- Республика Президентіне: Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы; министрліктерді, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құру, қайта құру және тарату туралы; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министр қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; Үкімет аппаратының басшысын, сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министрді, оның ішінде Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған министрді қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді;

- Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады;

- Президентке Үкімет қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндап отырады;

- Үкімет мүшелерінің, орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есебін тыңдап отырады;

- Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды. Премьер-Министр болмаған жағдайда оның міндеттерін Премьер-Министр белгілеген тәртіппен Премьер-Министр орынбасарларының бірі атқарады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері — Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін лауазымды тұлғалар. Олар: тиісті мемлекеттік органдарға басшылықты жүзеге асырады; өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауға дербес болады; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында өздеріне бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін дербес жауап береді; тиісті мемлекеттік органдардың қарауындағы мемлекеттік басқару саласындағы істің жайына және заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жауап береді; өздері басқаратын мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің құрылымын және штат санын осы органдардың Республика үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде белгілейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Үкіметтің құрамында болуға байланысты шектеулер көзделген. Осыған сәйкес Республика Үкіметі мүшелерінің:

- өкілді органның депутаттары болуға;

- оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтерден басқа ақы төленетін қызметтер атқаруға; кәсіпкерлікпен шұғылдануға;

- коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге хақы жоқ. Берілген шектеулерді сақтамау, Үкімет мүшесінің өкілеттіктерін доғаруға әкеп соғады.

3. МИНИСТРЛІКТЕР ЖӘНЕ АГЕНТТІКТЕР: ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ, ҚҰЗЫРЕТІ, ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы — бұл өзара байланысты элементтер тұрақтылығының бірлігін білдіретін Үкіметтің құрылысы мен ішкі ұйымдастырылуы. Ол Үкіметке жүктелген міндеттердің жедел әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Қандай да бір мемлекеттік органды Үкімет құрамына енгізу немесе енгізбеу мемлекеттік басқарудың тиісті салаларының Үкіметке бағыныстылығымен тікелей байланысты. Белгілі бір кезеңдерде Үкімет құрылымына Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Монополияға қарсы комитет және басқа құрылымдардың енгізіліп немесе одан шығарылуы кездейсоқтық емес. Үкіметтің бекітілген құрылымына қарай оның дербес құрамы анықталады. Осы орайда Қазақстан Республикасының Үкіметін оның қызметін ғылыми, ұйымдастырушылық және материалды-техникалық қамтамасыз ететін Үкімет Аппаратынан айыра білу керектігін айта кету қажет.

Үкіметтің құрылымын министрліктер және басқа да орталық атқарушы органдар құрайды. Қазақстан 90-жылдардың басында ескі кеңестік уақыт пен жаңа нарықтық қатынастардың дәл ортасында тұрды. 1990 жылы 17-мамырда құрылған Үкіметтің құрамына 20 министрлік, 12 мемлекеттік комитет кірді. Қазақстанда сол кезеңде болған орталық атқарушы органдардың жүйесін талдау орталық атқарушы органдардың құрылымын түбегейлі өзгерту үшін нарықтық қатынастардың ықпалы жеткіліксіз болып, оған қарағанда ескі дәстүрлердің ықпалы күшті болғанын көрсетеді.

Нарықтық қатынастардың дамуына және республика меншігінің біраз бөлігінің жеке меншікке өтуіне байланысты мемлекеттік тікелей реттеу көлемі шұғыл қысқарып, осыған байланысты орталық атқарушы органдардың саны да қысқартылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы»^{19.01.1999} ж. Жарлығымен құрылған Үкімет құрылымы мен орталық атқарушы органдар жүйесі 14 министрлік пен 7 агенттікті қамтыды.

Араға бір жыл салмай жатып^(13.10.1999 ж.), Республика Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру шаралары және олардың құзыреттерін нақтылау туралы» Жарлығы қабылданды. Аталмыш Жарлыққа сәйкес Үкіметтің құрылымына жаңа өзгерістер енгізілді. Үкімет құрылымы²⁰⁰⁴ жылдың қазан айында тағы да елеулі өзгеріске ұшырады. Осы

өзгерістерге сәйкес 11 агенттіктің 8-і тиісті министрліктерге беріліп, нәтижесінде 3 дербес агенттік қалды.

Қазіргі таңда атқарушы билік органдарының оңтайлы жүйесі қалыптасты. Біріншіден, бір бүтінді білдіретін білім салалары бұрын екі министрлікке бөлінсе, енді біртұтас білім және ғылым министрлігіне біріктірілді. Бұрынғы білім министрлігінен онымен ешқандай байланысы жоқ денсаулық сақтау және спорт салалары бөлініп шықты. Республика бойынша экономиканы дамытуды қамтамасыз ететін, экономикалық өзгерістерді одан әрі тиімді, сапалы жүргізуде негізгі рөл берілген Экономика министрлігі қайтадан құрылды. Ішкі министрлік құрылымдық жетілдірудің одан әрі жалғасатыны, әрине, сөзсіз. Дегенмен, басқаруды жетілдіру үшін министрліктер жүйесіне де, ішкі министрлік құрылымдарға да белгілі деңгейдегі тұрақтылықтың аса қажеттігін ескеру керек.

«Қазақстан Республиканың Үкіметі туралы» Конституциялық заңға сәйкес Министрлік тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика орталық атқарушы органы болып табылады. Министрліктер Үкіметтің тікелей жетекшілігімен атқарушы-өкімдік қызметті жүзеге асырады, ал министр Үкімет мүшесі болып табылады. Барлық министрліктердің өздерінің қызметі саласында келесідей ортақ міндеттері болады:

- өз саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қатысу;
- заң жобаларын және нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу;
- салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және мемлекеттік басқару саласына басшылықты жүзеге асыру;
- әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;
- кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша дайындық пен қайта дайындықты жүзеге асыру;
- министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

Министрлікті Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Министрлік Республика Үкіметінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде шешімдерді өз бетінше қабылдауға өкілетті. Министрліктің құрылымын министрліктің жауапты хатшысы бекітеді. Министрліктердің құрылымдық бөлімшелері ведомстволар, департаменттер мен басқармалар болып табылады.

Министрлік департаменттері мен басқармаларының жиынтығы министрлік аппараты болып табылады. Министрлік алқасы министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Алқаның сандық және адам құрамын министрліктің, мемлекеттік комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатарынан министр бекітеді. Министрлік, қабылдаған шешімдер министрдің бұйрықтарымен ресімделеді.

Қазіргі уақытта салааралық басқару қызметі әртүрлі атқарушы-өкімдік органдармен атқарылады. Салааралық басқаруды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен агенттіктері маңызды рөлге ие. Агенттіктер өздерінің міндеттерін жүзеге асыра отырып, бірегей жалпы мемлекеттік мақсаттар шеңберінде салалық және республикалық мүдделердің әрекет етуін қамтамасыз ететін басқарушылық штаб ретінде болады. Агенттіктер жүйесінің қалыптасуы мемлекет қызметіндегі мамандықтың осы түрінің сапалы жаңа деңгейін көрсетеді.

Осылайша, басқару қызметінің салааралық үйлестіруші реттеуші сипаты агенттіктің ерекше, тек өзіне ғана тән сипаты болып табылады. Осыған орай «салааралық» және «салалық» басқару ұғымы министрліктер мен агенттіктерді басқару аясы тұрғысынан ажыратуға көмектеседі.

Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құратын, қайта ұйымдастыратын және тарататын Қазақстан Республикасының агенттігі Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады. Агенттік тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты, сондай-ақ заңдарда белгіленген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асырады. Агенттіктің басқа орталық атқару органдарынан айырмашылығы — ол атқарушы қызметті де, рұқсат беру қызметін де жүзеге асырады.

Агенттіктің құрылымын агенттіктің жауапты хатшысы бекітеді және, әдетте, департаменттер мен басқармалардан тұрады. Агенттік департаменттері мен басқармаларының жиынтығы агенттік аппараты болып табылады. Агенттік төрағасының жанынан алқа құрылады, ол консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Алқаның сан және адам құрамын агенттік төрағасы бекітеді. Агенттік төрағасының бұйрықтары агенттіктің актілері болып табылады.

Орталық атқарушы органдар — бұл Президентпен құрылатын, оған есепті, атқарушы биліктің бірыңғай тік жүйесіне кіретін, Үкіметпен басқарылатын, оған тікелей бағынатын және мемлекеттік

(салалық) басқарудың тиісті саласын дербес басқаратын салалық жүйенің жоғары немесе орта буыны.

Республиканың орталық атқарушы органының комитеті ведомство болып табылады. Ведомствоның аумақтық бөлімшелері болуы мүмкін.

Ведомствоны тиісті орталық атқарушы орган басшысының ұсынуымен Республика Үкіметі құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. Ведомство басшысын тиісті орталық атқарушы органның басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Ведомство Республиканың орталық атқарушы органы құзыретінің шегінде бақылау және (немесе) іске асыру функцияларын жүзеге асырады.

Ведомство шығаратын актінің нысаны ведомство басшысының бұйрығы болып табылады. Ведомствоның актілерін толығымен не бір бөлігінде күшін жоюды не тоқтата тұруды құрылымына ведомство кіретін орталық атқарушы органның басшысы жүзеге асырады.

Ведомствоның құрылымын тиісті орталық атқарушы органның жауапты хатшысы бекітеді. Ведомствоның құзыретін және оның өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін осы ведомство құрылымына кіретін орталық атқарушы органның басшысы айқындайды.

Ең алдымен, министрліктің немесе орталық атқарушы органның басшысы болып табылатын Үкімет мүшесінің, бірінші кезекте, тиісті органға басшылықты жүзеге асыратынын айту керек. Ол шешімді дербес және өз құзыреті шегінде қабылдауы қажет. Ол өзі басқаратын мемлекеттік органның құрылымы мен штат санын анықтайды. Және ең бастысы, өз карамағындағы қызметкерлердің жұмысы үшін, және Қазақстан Республикасы заңдарының, Республика Президенті мен Үкіметінің актілері орындалуының қамтамасыз етілуі үшін Республиканың Премьер-Министрі алдында жауапты.

Кезкелген мемлекеттік орган үшін өз қызметін ақпараттық-талдау мен ұйымдық-құқықтық жағынан тиімді қамтамасыз ету, оның қызметі сапалылығының басты шарты болып табылады. Республика Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық жағынан қамтамасыз ету Республика Премьер-Министрінің Кеңсесімен жүзеге асырылады. Премьер-Министрдің Кеңсесін құру, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі, Премьер-Министр Кеңсесі басшысының және оның өзге де мемлекеттік қыз-

метшілерінің құқықтық жағдайы, оларды қызметке тағайындау мен қызметтен босатудың тәртібі Республика заңдарымен белгіленеді.

Сонымен қатар үкімет құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстарды талдау үшін Республика Үкіметі жанынан комиссиялар, кеңестер мен консультативтік-кеңесші органдар құрылады. Консультативтік-кеңесші органдарды Премьер-Министр, оның орынбасарлары, Үкімет мүшелері басқарады. Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

13-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

1. Жергілікті өкілді органдардың жүйесі, құрылымы, құзыреті, актілері.

2. Жергілікті атқарушы органдар: құрылу тәртібі, жүйесі, құзыреті, жауаптылығы, актілері.

1. ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРДЫҢ ЖҮЙЕСІ, ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚҰЗЫРЕТІ, АКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді органдар мен жергілікті атқарушы органдардан тұрады. Ол мемлекеттің құрамдас бір бөлігі болып табылады және Республика үшін біртұтас мемлекеттік қызмет принциптерін басшылыққа алады. Демек, жергілікті мемлекеттік басқару мемлекеттік биліктің туындысы. Бұл жергілікті мемлекеттік басқару жалпы жергілікті ерекшеліктерді есепке алмайды және жергілікті проблемаларды шешпейді дегенді білдірмейді. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мемлекет тетігінің ерекше бөлшегі болып табылады және белгілі бір дербестікке ие болады. Бірақ дербестік жергілікті өкілді органдар мен жергілікті атқарушы органдарда ұйымдық және құзыреттілік тұрғысынан өзіндік ерекшелікпен көрінеді.

Жергілікті өкілді органдар — мәслихаттар — Республиканың өкілді органдар жүйесінің бір бөлігі болып табылмайды. Қазақстан Республикасының Парламенті жергілікті өкілді органдар — мәслихаттармен ұйымдық тұрғыдан да, құзыреттілік тұрғысынан да байланыспаған. Тек Конституция көздеген бір жағдайда ғана мәслихаттар мен Парламент өзара байланысқа кіреді: мәслихаттар сенаторларды сайлайды. Сондықтан өкілді органдар ретінде мәслихаттар Республика Парламентінен тәуелсіз.

Жергілікті атқарушы органдар — әкімдіктер, керісінше, біртұтас атқарушы органдар жүйесінің құрамдас бір бөлігі болып табылады және олардың ұйымдығы мен қызметі жоғары тұрған атқарушы органдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентімен

байланысты және оларға тәуелді. Бұл, бірақ, жергілікті атқарушы органдардың белгілі бір дербестігін жоққа шығармайды. Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақтың мүдделері мен даму қажеттіліктеріне тіркестікте атқарушы үкіметтің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді. Жергілікті өкілді органдардың тағы бір ерекшелігі, олардың Конституцияға және заңдарға сәйкестікте жұмыс істеуі болып табылады. Ал жергілікті атқарушы органдар өзінің қызметін тек Конституция мен заңдардың негізінде ғана емес, сонымен қатар Президенттің, Үкіметтің және жоғары тұрған атқарушы органдардың актілерін орындау бойынша жүзеге асырады. Барлық жергілікті мемлекеттік басқару органдары үшін ортақ тағы бір ерекшелікті атап өткен жөн: олар өз-өздеріне құзырет белгілей алмайды. Конституцияда бекітілгендей, «Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, олардың депутаттарының құқықтық жағдайы заңмен белгіленеді». «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 2001 жылы 23 қаңтарда қабылданды⁶⁸.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ұғымдарының арақатынасына байланысты мәселеге келсек, түрлі елдердің тәжірибесінде бірнеше жергілікті басқару үлгілері бар⁶⁹.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқаруды ажыратуға негізделген өзіндік жергілікті басқару үлгісі пайда болды. 1993 жылға дейін Қазақстанда билікті бөлу принципін жоққа шығарған және тиісті аумақтағы өкілді органдардың (кеңестердің) толық билігіне негізделген кеңестік үлгі орын алды. Жергілікті Кеңестер біртұтас КСРО Кеңестер жүйесінің бір бөлігі болып табылатын. Кеңестер төменнен жоғарыға дейін кеңестер алдында есеп беретін және жауап беретін өзінің атқарушы органдарын құрды. Атқарушы органдар қос бағыныштылық: тиісті кеңеске (аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, одақтық) және жоғары тұрған басқару органына (аудандық, қалалық, облыстық атқару комитеттері, республика үкіметі, одақтық үкімет) бағыныштылық принципі бойынша әрекет етті. Халық депутаттары

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж. № 3.

Сравнительное конституционное право. — М., 1996.

кеңесі сөз жүзінде ғана жергілікті органдар мен орталықтағы толық билікті мемлекеттік органдар болып саналды. Олар өздерінің сессияларына жылына бірнеше мәрте жиналатын, бірнеше күн жұмыс істеп, атқарушы органдар коммунистік партия ұйымдарының басшылығымен дайындаған мәселелерге дайын шешімдер шығаратын. Партия ұйымдарының, аудандық деңгейден бастап тура кеңес атқарушы органдары сияқты құрылымы болды, және олар мемлекеттік органдарға тұрақты басшылық етті. Осындай жағдайларда мемлекеттік органдардың дербес қызметі жөнінде айту қиын болды.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» Заңы жергілікті мемлекеттік басқару органдарының атауына және құрылымына елеулі өзгерістер енгізді.

Біріншіден, ауылдық, кенттік, селолық, аудандық, қалалық және облыстық деңгейлерде Халық депутаттары кеңестері мен атқарушы комитет атаулары жойылды. Бұл атаулар тарихқа енді, бірақ Кеңестердің жоғары буыны — Жоғарғы Кеңес — әлі де болса қалған еді.

Екіншіден, жергілікті өкілді органдар мәслихаттар, ал жергілікті атқарушы органдар әкім бастаған жергілікті әкімдік деп атала бастады.

Үшіншіден, мәслихаттар мен әкімдік «жергілікті мемлекеттік басқару органдары» деген жалпы атаумен біріктірілді. Бұл кеңестік теория мен тәжірибеден бас тартуды білдірді: Кеңес мемлекетінде кеңестер, өкілді органдар ретінде мемлекеттік билік органдары болып саналатын.

Төртіншіден, мәслихаттар мен жергілікті әкімдікті «жергілікті мемлекеттік басқару органдары» деген жалпы атаумен біріктіру мүлдем оның екеуі де мемлекеттік басқарудың бірдей мәселелерімен айналысады дегенді білдірмейді.

Бесіншіден, мәслихаттар мен жергілікті әкімдік ұйымдық тұрғыдан бір-бірінен бөлінген.

Алтыншыдан, мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару органдары емес, өкілді органдар болып саналса да, таза мемлекеттік органдар болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы жергілікті мемлекет органдарының аталған үлгісін қабыл алды. Конституцияның осы органдарға арналған бөлімі «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» деп аталады.

2001 жылғы 23-қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзі-өзі басқару туралы» Заңы⁷⁰ жергілікті мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылу тәртібін, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді. Жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны аталған заң мен басқа да заңдық актілер белгілеген құзыреттер шегінде дамыту мақсатында жүзеге асыратын қызмет болып табылады.

Заңда жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады делінеді. Шын мәнінде аталмыш Заң Конституцияға негізделеді және сәйкестендіріледі. Сонымен бірге Заң жергілікті мемлекеттік басқару туралы негізгі арнайы заң болып табылады. Арнайы болып табылатын себебі, ол жергілікті мемлекеттік басқаруға арнайы шығарылған, басқа мұндай заң жоқ. Бірақ бұл осы заңды өзгертіп, толықтыратын басқа заңдар қабылданбайды дегенді білдірмейді. Ерте ме, кеш пе, тиісті заңдар қабылданады. Осындай заңдар қарастырылатын заңның құрамдас бір бөлігі болады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген бағыттары мен қамтамасыз ету тетіктерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер де қабылдануы мүмкін. Олар заңдар және қосалқы заңдық актілер: Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары болуы мүмкін. Осындай нормативтік-құқықтық актілер үшін «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзі-өзі басқару туралы» Заңның қағидалары негіз болып табылады⁷¹, яғни, қосалқы заңдық актілер аталмыш заңның негізінде және нақтылауымен қабылданады. Жиынтығында олардың барлығы жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңнаманы құрайды. Бұл заңдар Қазақстан Республикасындағы барлық жергілікті мемлекеттік басқару органдарына қолданылады. Үлттық заңдардың (ал жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңдар — олардың бір бөлігі)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2001 ж. № 3.

Бұлда сонда.

құрамында қоғамдық қатынастардың басқа салаларын реттейтін және жергілікті мемлекеттік басқаруға қатысты нормалары бар нормативтік құқықтық актілер болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Осындай құқықтық нормалар жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңдардың құрамдас бір бөлігі болып табылады. Бұл заңдарда арнайы нормативтік-құқықтық актілер болуы мүмкін. Атап айтқанда, оған «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» заң жатады⁷². Алматы қаласының аумағында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң Қазақстан Республикасының ерекше мәртебесі туралы заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады. Аталмыш Заңда мәслихаттарға да, сондай-ақ әкімдіктерге де қатысты қағидалар бар. Мәселен, жергілікті мемлекеттік басқару органдары мәслихаттар мен әкімдіктердің қызметінің экономикалық және қаржылық негізін:

- 1) жергілікті бюджет;
- 2) коммуналдық заңды тұлғаларға берілген мүлік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес коммуналдық меншіктегі өзге мүліктер құрайды.

Сонымен қатар Заң мәслихаттар мен әкімдіктер үшін ортақ негізгі талаптар мен шектеулер белгілейді. Оларға төмендегілер жатады:

1) мәслихаттар мен әкімдіктер жалпы мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатқа, қаржы және инвестициялық саясатқа сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге; әлбетте, бұл органдардың шешімдері Конституцияға, заңдарға және басқа да нормативтік актілерге қайшы келмеуге тиіс;

2) мәслихаттар мен әкімдіктер Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделерін сақтауға тиіс; ұлттық қауіпсіздікке қатысты мәселелер шеңбері арнайы заңда белгіленген;

3) мәслихаттар мен әкімдіктер өз құзыреттерінің шектерінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақталуын қамтамасыз етуге міндетті; бұл олардың ортақ міндеті болғанымен, заң мәслихаттар мен әкімдіктер үшін оны орындаудың түрлі әдістерін белгілеген;

«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, № 258-І (20. 12. 2004 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар) // Егемен Қазақстан, 1998. 8-шілде; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, № 14 (2279).

4) мәслихаттар мен әкімдіктерге Қазақстан Республикасының шегінде бірыңғай еңбек рыногын, капитал, қаржы нарқын қалыптастыруға, тауарлар мен қызметтермен еркін алмасуға кедергі келтіретін шешімдер қабылдауға тыйым салынады;

5) мәслихаттар мен әкімдіктер өз аумақтарын дамыту жоспарларын әзірлеу және қабылдау кезінде Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық жоспарларын басшылыққа алуға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы жергілікті өкілді органның ұғымын береді⁷³. Аталмыш Заңға сәйкес «Жергілікті өкілді орган (мәслихат) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асуын бақылайтын сайланбалы орган болып табылады». Осы ұғымда жергілікті өкілді органдарды мемлекеттік тетіктің ерекше бір бөлігіне бөліп шығаратын белгілер қатары келтірілген. Бірінші белгі — бұл сайланбалылық. Бірақ сайланбалылық жергілікті өкілді органдардың айрықша белгісі болып табылмайды. Парламент Мәжілісінің депутаттары да сайланады. Конституция аудандық және одан төмен тұрған атқарушы органдардың сайланбалылық мүмкіндігін көздейді. Мәслихаттардың екінші белгісі оларды әкімдік-аумақтық бірліктер халқы сайлайтыны және сондықтан осы бірліктердің өкілді органдары болып табылатынында. Үшіншіден, мәслихаттар әкімдік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында тұрып жатқан халықтың еркін білдіреді. Егер аталған үш белгі жергілікті өкілді органдардың қалыптасу процесін сипаттайтын болса, онда төртінші белгі олардың қызмет саласына жатады. Жергілікті өкілді органдар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға және халықтың еркін іске асыру үшін қажетті шараларды белгілеуге тиіс. Заңда аталған осы белгіде «халықтың еркі» дегенді онша дұрыс түсінбеуден туындайтын Конституция қағидасын онша дұрыстамай қайталау бар. Заңда «халықтың еркі» халық мәслихаттардың депутаттарын сайлап, оларға өз қызметінде тек сайлаушылардың

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж. № 3.

еркін жүзеге асыруды тапсыратындай түсініледі. Мәслихат заңнамаға сәйкес тек халықтың еркін іске асыру үшін шаралар белгілейді деген қағидасын дәл осылай түсінуге болады. Конституцияда бұл мәселе біршама өзгеше түсіндіріледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабында «Жергілікті өкілді органдар — мәслихаттар тиісті әкімдік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді олардың жүзеге асырылуын бақылайды» делінген. Конституцияның аталған қағидасы:

- 1) мәслихаттар халықтың еркін білдіреді;
- 2) мәслихаттар халықтың еркін іске асыру үшін қажетті шараларды жалпы мемлекеттік мүдделерді ескерумен белгілейді;
- 3) мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып табылмайды дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 85-бабында жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады деп жазылған. Демек, жергілікті халықтың атынан өкілдік ете отырып олармен қалыптастырылса да, мәслихаттар мемлекеттік тетіктің бір бөлігі болып табылады және осы себепті жалпы мемлекеттік мүдделерді ескеруге тиіс. Бұл мәслихаттардың қызметінде жалпы мемлекеттік мүдделер екінші орында, жанамалы түрде болуға тиіс дегенді білдірмейді. Жалпы мемлекеттік мүдделер мәслихаттардың қызметінде Конституцияда, заңдарда аталған жағдайларда бірінші орынға шығады. Осы қағиданы бұзу Конституцияны, заңдарды бұзу болып табылады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабында белгіленген мемлекеттің біртұтастығы және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайды делінген. Мәслихат жергілікті халықтың еркін білдіруді сылтау етіп осындай мәселелерді қоюға құқысыз, себебі, аталған конституциялық ережелер жалпы мемлекеттік мүдделерді білдіреді. Осы мысал кез келген белгілеулердің, ұғымдардың салыстырмалылығы, сыңаржақтылығы туралы ереженің дұрыстығын айқын көрсетеді. Осындай ойланылмаған, сыңаржақты ұғымдар әсіресе заңда қабыл алғысыз, өйткені теріс саяси салдарлары болуы мүмкін.

Мәслихаттардың құрылуы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы»

Конституциялық заңымен⁷⁴ және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының⁷⁵ нормаларымен реттеледі. Конституцияда мәслихаттардың құрылуына арналған бірнеше нормалар бар. Оларда мәслихаттар әкімдік-аумақтық бірліктер — облыс, қала, аудан аумағында сайланады деп көрсетіледі. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.

«Сайлау туралы» Конституциялық заң мәслихаттарға сайлауды одан көрі толығырақ реттемелейді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы Конституция мен «Сайлау туралы» Конституциялық заңның қағидаларын қайталайды және мәслихаттар депутаттарын сайлау Республиканың сайлау туралы заңдарымен реттемеді деп көрсетеді. Заңда тиісті мәслихат депутаттарының санын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы мынадай шектерде: облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалалық мәслихаттарында — елуге дейін; қалалық мәслихатта — отызға дейін; аудандық мәслихатта — жиырма беске дейін белгілейді.

Мәслихат Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы белгілеген оның депутаттары жалпы санының кем дегенде төрттен үші сайланған жағдайда құқылы деп саналады.

Мәслихат тұрақты әрекет ететін мемлекеттік басқару органы болып табылмайды. Мәслихат сессиялар бойынша жұмыс істейді, сессия мәслихаттар қызметінің негізгі нысаны болып табылады. Мәслихаттың өкілеттіктері бірінші сессияның ашылу сәтінен басталады және жаңа шақырылған мәслихаттың бірінші сессиясының жұмысы басталғанда аяқталады. Әкімдік-аумақтық бірліктердің қайта ұйымдастырылуы (қосу, біріктіру, қайта құру, бөліп шығару немесе бөлу) орын алуы мүмкін. Бұл жағдайларда мәслихаттардың депутат-

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28-қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1995. — №.№ 17-18.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2001 ж. № 3.

тары өздерінің өкілеттіктерін сақтап қалады және әкімдік-аумақтық бірліктерінің құрамына мәслихаттарды сайлаушылардың көпшілік бір бөлігі кірген қайта ұйымдастырылған мәслихаттардың депутаттары болып қалады. Егер белгілі бір әкімдік-аумақтық бірлік таратылса, онда тиісті мәслихат та таратылады.

Мәслихат тек мемлекеттік өкілді орган болып саналады, заңды тұлға болып табылмайды, яғни, қандайда бір шаруашылық әрекеттер жасамайды. Бұл түсінікті де. Мәслихат кіммен де болмасын шаруашылық қатынастарға кірмейді. Ол мемлекеттік, құқықтық проблемаларды шешетін мемлекеттік орган болып табылады және азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, ұлттық және т. б. жай-күйінен тәуелсіз бүкіл халықтың еркін білдіреді.

Мәслихаттар қызметінің негізгі нысаны сессия, яғни, депутаттар жиналысы болып табылады. Сессияда оның қарауына жатқызылған мәселелер шешіледі. Мәслихат сессиясы егер оған мәслихатқа сайланған депутаттар санының кем дегенде үштен екісі қатысып отырса, мәслихат қарауындағы мәселелерді қарастыруға құқылы. Мәслихаттың кезекті сессиясы кем дегенде жылына төрт мәрте шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясы депутаттар санының кем дегенде үштен бірінің немесе әкімнің ұсынысы бойынша шақырылады. Мәслихат сессиясының шақырылу уақыты мен өткізілетін орны туралы, сондай-ақ сессияның қарастыруына енгізілетін мәселелер туралы мәслихат хатшысы депутаттарға, халыққа және әкімге сессиядан кем дегенде он күн бұрын, ал кезектен тыс сессия шақыру жағдайында — кем дегенде үш күн бұрын хабарлайды. Сессияның қарастыруына енгізілетін мәселелер туралы мәслихат хатшысы сессиядан кем дегенде бес күн бұрын және кезектен тыс сессиядан кем дегенде үш күн бұрын әкімге және депутаттарға қажетті материалдар табыстайды. Демек, депутаттар мен әкімнің мәслихат сессиясының қарастыруына ұсынылған мәселелерді зерделеу үшін уақыты болады.

Мәслихат сессиясы жалпы отырыс нысанында өткізіледі. Жанадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясын осы мәслихат үшін белгіленген депутаттар санының кемінде төрттен үші болған ретте мәслихат депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күн мерзімнен кешіктірмей, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы шақырылады. Мәслихаттың бірінші сессиясын тиісті сайлау комиссиясының төрағасы ашады және мәслихат сессиясының төрағасы сайланғанға дейін жүргізеді. Одан әрі мәслихат сессиясын

мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді. Мәслихат сессиясының төрағасын ашық дауыс беру арқылы мәслихат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады. Мәслихат сессиясының төрағасын сайлау тәртібі оның алдындағы сессиясындағы мәслихат регламентінде белгіленеді. Мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы мәслихаттың алдыңғы сессиясында сайланады. Мәслихат депутаты мәслихат сессиясының төрағасы болып күнтізбелік жыл ішінде екі реттен артық сайлана алмайды. Төраға өзінің жұмысын босатылмаған негізде жүзеге асырады.

Мәслихат сессиясының төрағасына Заңмен келесі өкілеттіктер берілген. Ол: сессия шақыру туралы шешім қабылдайды, мәслихат сессиясын әзірлеуге басшылық жасауды жүзеге асырады, оның күн тәртібін қалыптастырады, сессияның отырысын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді, мәслихаттың сессиясында қабылданған немесе бекітілген мәслихаттың шешіміне, хатамаларға, өзге де құжаттарға қол қояды. Сессия төрағасына берілген артықшылық — мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінген жағдайда шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Мәслихаттың өкілеттіктер мерзіміне депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік дауысымен мәслихат хатшысы қызметке сайланады және босатылады. Мәслихат хатшысы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады. Мәслихат хатшысына төмендегідей өкілеттіктер берілген:

- мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады;
- мәслихат төрағасымен бірге мәслихатпен қабылданған немесе бекітілген шешімдерге және өзге де құжаттарға қол қояды;
- депутаттарға өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға жәрдемдеседі;
- депутаттар сауалдары мен депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;
- мәслихаттың жұмысына басшылық етеді;
- мәслихатқа сайлаушылардың өтініштері мен олар бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат дайындайды;
- мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;
- тұрақты комиссиялардың және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

- мемлекеттік органдармен қатынастарда мәслихаттың атынан өкілдік етеді;
- мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді және т. б.

Аталмыш Заңда мәслихат депутатының мәртебесі анықталған, оның жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, тиісті әкімдік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретіні бекітілген.

Жоғарыда біз Конституцияға сәйкес тиісті әкімдік-аумақтық бірлік халқының еркін білдіретін депутат емес, мәслихат екенін атап өттік. Бұл нені білдіреді? Халық әртүрлі әлеуметтік, экономикалық топтардан тұрады. Оның еркі әркез біртұтас, мызғымайтын түрде бола бермейді. Халықтың жекелеген топтарының еркі сәйкес келмеуі мүмкін. Депутат та халықтың барлығына ортақ еркімен сәйкес келмейтін халықтың бір тобының еркін білдіруі мүмкін. Дәл осы ықтимал қарама-қайшылықтарға орай заң мәслихаттың шешімдер қабылдау рәсімін де, мәслихатты тарату рәсімін де көздейді. Мәселен, мәслихаттың шешімі мәслихат депутаттарының жалпы санының дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Ал мәслихаттың шешімдері Конституция мен заңдарға сәйкес болуға тиіс. Егер мәслихаттың көпшілік қабылдаған шешімдері заңдарға сәйкес болса, демек осындай шешімдерге қарсы дауыс берген депутаттар жалпы мемлекеттік мүдделерді ескермеген.

Сондықтан халықтың еркін жеке депутат білдірмейді. Ол әкімдік-аумақтық бірлік халқының еркін білдіре алады. Ол халықтың жеке тобының еркін білдіре алады. Ол халықтың жеке тобының еркін білдірмеуі мүмкін, бұл жағдайда ол өзінің мәртебесімен қайшылыққа кіреді. Бұл жағдайда әңгіме депутаттың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жайлы ғана бола алады.

Демек, тиісті әкімдік-аумақтық, бірлік халқының еркін жай ғана жеке бір депутат емес, жалпы мәслихат немесе мәслихаттың көпшілігі білдіреді.

Мәслихат депутаты бес жылға сайланады және оның өкілеттіктері оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясы мәслихат депутаты ретінде тіркеген сәттен басталады және мерзімі аяқталуына байланысты өкілеттіктері тоқтатылған сәттен бастап тоқтатылады.

Мәслихат депутатының өкілеттіктері мынандай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатыла алады: 1) депутат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депутаттық міндеттерді орындаумен сыйымсыз лауазымға сайланса немесе тағайындалса; 2) депутатты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енсе;

3) мәслихаттық өкілеттігі тоқтатылса; 4) депутат қайтыс болса; 5) ол Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса; 6) соттың депутатқа қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енсе; 7) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністен тысқары жерге тұрақты тұруға кетсе; 8) депутаттың орнынан түсу туралы жеке өтінішіне байланысты; 9) депутат өз міндеттерін жүйелі түрде орындамаса, оның ішінде мәслихат сессиясының жалпы отырыстарына дәлелді себептерсіз қатарынан үш реттен артық қатыспаса.

Мәслихат депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен мәслихат сессиясында қабылданады. Депутаттың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатудың аталған негіздерінен байқауға болатындай, олардың арасында сайлаушылардың депутатты кері шақырып алуы жоқ. Бұл депутаттың қандай да бір өктемді мандатпен байланысы жоқ болуымен түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, сайлаушылардың өздерінің сенімін ақтамаған депутатты қайта шақырып алу құқығы жоқ. Бұл мәслихат депутаты сайлаушылардан мүлдем еркін дегенді білдірмейді; сайлаушылардың пікірі депутаттың қызметін бағалау кезінде ескерілуі мүмкін. Осыған байланысты депутаттың құқықтары мен міндеттерін қарастырайық.

Мәслихат депутатының құқықтарын үш топқа бөлуге болады:

1) мәслихаттың жұмысына байланысты құқықтар. Оларға мәслихаттың жұмысына қатысу, саяси партиялар депутаттарының депутаттық топтары түрінде бірлестіктер құру және басқа құқықтар жатады;

2) жергілікті атқарушы органдардың қызметімен танысуға байланысты құқықтар. Депутат өз құзыретінің мәселелері бойынша тиісті мәслихаттың аумағында орналасқан жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдарға мәслихаттың құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша сауалдар беруге және жолданымдар жіберуге; өз құзыретінің мәселелері бойынша тиісті мәслихаттың аумағында орналасқан жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдарға лауазымды адамдарының есептемелерін сессияда тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге; тиісті әкімдік отырыстарының жұмысына қатысуға құқылы;

3) сайлаушылармен араласу; өз округі сайлаушыларымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен кездесулер және жиналыстар өткізу құқығы.

Сонымен қатар мәслихат депутаттары саяси партиялар фракциялары және өзге де қоғамдық бірлестіктер, депутаттық топтар тү-

рінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы. Тексеру комиссиясының төрағасы және мәслихат хатшысы депутаттық бірлестіктерге кіре алмайды.

Фракция — заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің атынан өкілдік ететін депутаттардың ұйымдасқан тобы, ол мәслихатта тиісті саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің мүдделерін білдіру мақсатында құрылады. Фракция мәслихаттың кемінде бес депутатын біріктіруге тиіс. Депутаттың тек бір ғана депутаттық фракцияда болуға құқығы бар.

Депутаттық топ — депутаттардың өз өкілеттіктерін, сайлау округтеріндегі бірлескен жұмысын жүзеге асыруға арналған бірлестігі. Депутаттық топтың құрамында мәслихаттың кемінде бес депутаты болуға тиіс. Депутаттық фракциялар мен топтарды тіркеу мәслихат сессиясында жүзеге асырылады, келіп тіркелу тәртібімен жүргізіледі және тек ақпараттық сипатта болады.

Мәслихат депутаты заңдар мен мәслихат регламентінде көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Мәслихаттың әрбір депутаты өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде мәслихаттың жұмысына қатысуға, сайлаушылармен ұдайы байланысын үзбеге, оларды мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі, мәслихаттың шешімдерінің орындалуы туралы ұдайы хабарлап отыруға, мәслихаттың шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға және бақылау жасауға қатысуға, сайлаушылардың өзіне келіп түскен өтініштерін қарауға, азаматтарды жеке қабылдауды ұдайы жүргізуге міндетті.

Депутаттық өкілеттіктерді орындау үшін заң белгілі бір құқықтық және материалдық кепілдіктер көздейді. Мәслихат депутаттары қол сұғылмаушылық (иммунитет) құқығын пайдаланбайтынын атап өту керек. Бұл мәслихат депутаттары кез келген құқық бұзушылық үшін тиісті заңдардың негізінде заңдық жауапкершілік көтереді дегенді білдіреді. Сонымен бірге заңда әрбір мәслихат депутатына өкілеттіктерін кедергісіз және тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасалуына, оның құқықтарын, қадір-қасиеті мен ар-ұжданын қорғауға кепілдік беріледі деп көрсетілген.

Мәслихат сессиясының жұмысына қатысу кезеңінде депутаттық өкілеттіктерін жүзеге асыру уақытына депутат оған жергілікті бюджет қаражаттары есебінен өтеу мен қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы барлық деңгейдегі мәслихаттар құзыретін көздейді. Біріншіден, онда барлық облыстық, аудандық және қалалық мәслихаттардың жалпы құзыретінің мәселелері баяндалады⁷⁶. Бұл мәслихаттар осы барлық мәселелерді бірдей көлемде шешеді дегенді білдірмейді. Оларды мәслихаттар жергілікті өкілді органдар жүйесіндегі өздерінің орнына байланысты шешеді. Бұл өкілеттіктерді екі топқа бөлуге болады:

1) атқарушы органдар даярлаған мәселелерді қарастыру және бекіту бойынша өкілеттіктер. Оларға төмендегілер жатады:

- тиісті аумақты дамытудың даму жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын жергілікті бюджеттің және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) ауданды, кентті, ауылды (селоны), ауылдық (селолық) округті ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту;

- тиісті аумақтарда қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі бағдарламаларды және қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекіту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарға сәйкес өзге де мәселелерді шешу;

- әкімнің ұсынуы бойынша әкімдік-аумақтық бірлікті басқару схемасын бекіту;

- әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен тиісті әкімдіктің дербес құрамын келісу;

- халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мен кедейлікпен күрес бағдарламаларын бекіту;

- әкімнің ұсынуы бойынша ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша әкімдік жанындағы консультациялық-кеңесші органдардың дербес құрамын бекіту.

Мәслихаттардың осы өкілеттіктері белгілі бір қорытындылар жасауға негіз береді. Мәслихаттар тиісті аумақтың экономикалық, қаржылық және әлеуметтік мәселелерін шешуге белсенді түрде қатысуға және осы іске өз үлесін енгізуге құқылы. Оларға тек жоспарлар мен бағдарламаларды бекіту ғана емес, сонымен бірге жоспар-

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2001 ж. № 3.

лар мен бағдарламалардың орындалуы туралы тиісті лауазымды адамдардың есептерін тыңдау және осы тұлғаларға қатысты шешімдер қабылдау жүктеледі. Қазіргі кезеңде әсіресе, Еліміздің барлық аймақтарында қоршаған ортаны қорғау туралы мәселе мейлінше ушығып тұр. Мәслихаттарға қоршаған ортаны сауықтыруға жәрдемдесу үшін жеткілікті өкілеттіктер берілген. Әсіресе табиғи байлықтар жоғары қарқынмен қазбаланып, қоршаған орта былғанып, ластанып және бүлініп жатқан жерлерде қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану бойынша бағдарламалардың әзірленуі мен іске асуы олардың белсенділігіне, жауапкершілік сезіміне тікелей байланысты.

2) мәслихаттардың айрықша өкілеттіктеріне төмендегілер жатады:

- тиісті мәслихаттардың қарауына жатқызылған жергілікті әкімдік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу және жергілікті қауымдастық ұйымның шекараларын айқындау мәселелерін шешу;

- атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

- Қазақстан Республикасының әкімдік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес бұзылуы үшін әкімдік жауапкершілік белгіленген ережелерді бекіту;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

- жер туралы заңдарға сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

- азаматтар мен ұйымдардың, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу.

Тек мәслихаттардың өздері ғана жүзеге асыратын өкілеттіктердің екінші тобы ұйымдық және нормативтік-құқықтық нысандарда көрінеді. Мәслихат әкімге сенімсіздік білдіруге және егер әкімді Президент не болмаса жоғары тұрған әкім тағайындаған болса оны қызметінен босату туралы мәселені Президенттің алдына қоюға құқылы. Заң сенімсіздік білдіру үшін бір негізді көздейді: ол мәслихаттың әкім ұсынған аумақты және жергілікті бюджетті дамыту

жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының орындалуы туралы есепті екі дүркін бекітпеуі.

Ұйымдық тұрғыда мәслихаттар берілген өкілеттіктер шектерінде әкімдік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешеді. Мәслихаттардың осы өкілеттіктері бірқатар нормативтік-құқықтық актілерде нақтыланған. Мәслихаттардың «Жер туралы» Заңына⁷⁷ сәйкес жер қатынастарын реттеу және бірқатар әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімдік жауапкершілік белгілеу бойынша норма шығарушылық өкілеттіктері маңызды мәнге ие.

Мәслихаттар қабылдайтын актілер шешімдер деп аталады. Олар нормативтік-құқықтық және нормативтік емес бола алады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты мәслихаттың шешімдері заң белгілеген тәртіпте міндетті жариялануға жатады және тиісті аумақта орындауға міндетті болып табылады. Жалпыға міндетті мәнге, ведомствоаралық сипатқа ие немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты мәслихаттың шешімдері Әділет министрлігінің аумақтық органдарының мемлекеттік тіркеуіне жатады. Егер мәслихат Республика Конституциясына немесе заңдарына сәйкес келмейтін шешім қабылдаса, онда оның күші мәслихаттың өзімен немесе сот тәртібінде жойыла алады.

Сонымен қатар Заңның жоғарыда көрсетілген 6-бабында мәслихаттардың жекелеген буындарының кейбір өкілеттіктері бөлініп көрсетілген. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының құзыретіне жоғарыда аталғандардан басқа төмендегілер жатады:

1) облыстың аудандық жоспарлау схемасын, облыс орталығын, республикалық маңызы бар қаланың және астананы салудың бас жоспары жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынулар енгізу;

2) әкімдік аудандардың аудандық жоспарлануы жобаларын, облыстық (облыс орталықтарынан басқа) және аудандық маңызы бар қалаларды салудың бас жоспарларын бекіту. Сондай-ақ аудандық мәслихаттардың құзыретіне тиісті аудан аумағында орналасқан кенттер мен ауылдар салудың бас жоспарларын бекіту де жатады.

«Жер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24-қаңтардағы Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2001 ж. № 3.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қала және Қазақстан Республикасы астанасының мәслихаттары өкілеттіктерінің бірі, олардың тиісті әкімдіктердің ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қарыз алу туралы шешім қабылдауға құқығы болып табылады.

2. ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР: ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ, ЖҮЙЕСІ, ҚҰЗЫРЕТІ, ЖАУАПТЫЛЫҒЫ, АКТІЛЕРІ

Әкімдіктердің төмендегі буындары құрылады:

- 1) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық);
- 2) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімияттар.

Облыстық (Алматының, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктері Қазақстан Республикасының біртұтас атқарушы органдар жүйесіне кіреді. Республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтік әкімдіктер түзілмейтін болғандықтан, олар тиісті атқарушы органдардың бір бөлігі болып саналады.

Облыстық (Алматының, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктерінің ортақ бір міндеті бар: тиісті аумақтың мүдделері мен даму қажеттіліктеріне сәйкес атқарушы үкіметтің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз ету. Әрине, әкімдіктердің аталған буындарының әрқайсысы бұл міндетті өз құзыретінің шеңберінде шешеді.

Екі деңгей әкімдіктерінің түзілу және құзырет мәселелерін жеке қарастырайық.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) әкімдікті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі басқарады.

Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі өзінің орынбасарларынан, әкім аппараты жетекшісінен, атқарушы органдардың бірінші басшыларынан әкімдік қалыптастырады. Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігінің дербес құрамы тиісті шешім қабылдайтын облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихаттың сессиясымен келісіледі. Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігінің отырыстарын әзірлеу мен өткізу, сондай-ақ олардың шешім қабылдау тәртібі әкімдіктің регламентінде белгіленеді. Үлгі

регламентті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі алқалы орган болып табылады. Алқалық сипатына орай заң облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігінің құзыретін белгілейді. Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігінің құзыретінің төмендегідей бағыттары бар:

- 1) ұйымдық-шаруашылық;
- 2) басқарушылық;
- 3) реттеушілік;
- 4) үйлестірушілік;
- 5) консультативтік.

Ұйымдық-шаруашылыққа, атап айтқанда, келесі өкілеттіктер жатады: облысты (республикалық маңызы бар қаланы, астананы), облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бюджетті дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын әзірлеу, облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында кәсіпкерлік қызметті инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдайлар жасау, облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында су құбырларының, тазартқыш құрылыстары, электр беру желістерінің, басқа да инфрақұрылым объектілерінің құрылысын ұйымдастыру, қоғамдық тәртіп қорғау және қауіпсіздік сақтауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру және т. б.

Басқарушылыққа келесі өкілеттіктерді жатқызуға болады: аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) маңызы бар жолдарды ұтымды іске пайдалану мен күтіп ұстауды қамтамасыз ету, мемлекеттік стандарттарды сақтауды қамтамасыз ету, азаматтардың кепілдік берілген медициналық қызметке құқығын іске асыруын қамтамасыз ету, азаматтардың тегін білім алу құқығын іске асыруын қамтамасыз ету, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) коммуналдық меншікті басқару, оны қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер құру.

Заң бойынша облыстық, (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) әкімдік заңды тұлға болып табылмайды. Бұл, алайда, әкімдік шаруашылық жүргізуші субъектілермен мүліктік, шаруашылық қатынастарға кірмейді дегенді білдірмейді. Заңның 27-бабының 6-тармақшасында облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) әкімдік облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық,) коммуналдық меншік объектілері мен әлеуметтік-мәде-

ни мақсаттағы объектілер құрылысы бойынша тапсырысшы болады деп жазылған. Демек, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) әкімдік белгілі бір жағдайларда шаруашылық істермен шұғылданады, шаруашылық қатынастар субъектісі, яғни заңды тұлға ретінде көрінеді.

Реттеушілікке заңдарға сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру жатады: әкімдік нормативтік қаулылар қабылдайды.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) әкімдік аудандық әкімдіктердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша олардың жұмысын үйлестіреді, халықтың әлеуметтік осал топтарына қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсету бойынша жұмысты үйлестіреді.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) әкімдік консультативтік жұмысты жүзеге асырады, ол үшін ведомство аралық сипаттағы мәселелер бойынша консультативтік-кеңестік органдар түзейді.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі мәслихаттың органы болып табылмағанымен, оған едәуір дәрежеде тәуелді. Бұл туралы айтылғанда қосымша заңның келесі ережесін атап өту керек. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихаттың алдында оған жүктелген функцияларды іске асыру үшін жауапкершілік көтереді. Заңның бұл ережесі өте демократиялық болып табылады: алқалы атқарушы орган өкілді органның алдында тек жоспарларды, бағдарламаларды орындамағаны үшін ғана емес, өзінің құзыретіне сәйкес бүкіл қызметі үшін де жауапкершілік көтереді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкіміне бірнеше түрге бөлуге болатын құзырет берілген:

1. Өкілдік өкілеттіктер. Облыстың (Алматының, астананың) әкімі мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен қарым-қатынастарда облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мүдделеріне өкілдік етеді. Әкім өз құзыретін жүзеге асыру барысында Парламент пен сот органдарынан басқа, Үкіметтен бастап орталық атқарушы органдардан төмен тұрған

атқарушы органдарға дейінгі барлық органдармен қарым-қатынастарға кіреді. Әкім облыс мүдделеріне мемлекеттік, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдармен қарым-қатынастарда өкілдік етеді.

2. Бақылау өкілеттіктері. Орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері әкімдіктің аумағында орналасады және қызмет істейді. Олардың қалай жұмыс істейтіні, өздерінің міндеттерін қалай атқаратыны, нормативтік актілер талаптарын орындайтыны облыс әкімдігі үшін бәрібір емес. Сондықтан, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкіміне орталық атқарушы органдардың басшыларына олардың аумақтық, бөлімшелерінің заңдарды, Президент пен Үкіметтің актілерін, облыс әкімдерінің өздерінің және әкімдіктерінің актілерін орындау бөлігінде соңғылардың қызметі туралы ұсыну енгізу құқығы берілген.

3. Кадрлық өкілеттіктер. Облыс әкімі төмендегі лауазымды адамдарды:

1) жоғары тұрған уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің орынбасарларын (орынбасарлардың шекті санын Үкімет белгілейді);

2) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі аппаратының басшысын және оның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын;

3) заңдарда белгіленген тәртіпте нысанды киім кию құқығы және әскери немесе өзге арнайы атақ берілетін басшыларды қоспағанда облыс бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

4. Тәртіптік өкілеттіктер. Облыс әкімі облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларына, сондай-ақ аудандар (облыстық маңызы бар қалалар, республикалық маңызы бар қаладағы аудан, астанадағы аудан) әкімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану мәселелерін шешеді. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ішкі істер органдары қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Үйлестірушілік өкілеттіктер. Облыс әкімі аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктер мен әкімдерінің жұмысын үйлестіреді. Алматы және Астана қалаларының әкімдері осы қалалардағы аудандық әкімдіктер мен әкімдерінің жұмысын үйлестіреді.

6. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен байланыстар бойынша өкілеттіктер. Облыс (республикалық маңызы бар қала, ас-

тана) әкімі қала аудандарының әкімдері арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттеседі. Бұл облыс әкімінің жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен тікелей байланысы жоқ екенін білдіреді. Бірақ бұл облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне жәрдемдеспейді және қолдай алмайды дегенді білдірмейді. Заң облыс әкіміне жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қатысты белгілі бір өкілеттіктер бергендіктен ол оларды іске асыруға құқылы.

7. Басқарушылық (әкімдік ету) өкілеттіктер. Облыс әкімі өз құзыреті шегінде жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру мәселелері жөніндегі заңдардың орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, кәсіпорындарды, кен орындарын және мемлекеттік меншіктің басқа да объектілерін жекешелендіру, жалға беру, сату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен тең дәрежеде келісім-шарттарға қол қояды.

Облыс әкімінің аталған өкілеттіктері түпкілікті болып табылмайды. Облыс әкімі заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Ол жекелеген өкілеттіктерін төмен тұрған әкімдерге беруге құқылы. Бұл облыс әкімі төменгі тұрған әкімдерге өкілеттіктерінің кейбірін табыстауға құқылы дегенді білдіреді, бұл ақылға қонымды да. Бірақ, облыс әкімінің төменгі тұрған әкімдерге қандай өкілеттіктерін жолдай алатынын заң нақтыламайды.

Аудан (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдігі Қазақстан Республикасы біртұтас атқарушы органдары жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Осыған орай ол әкімдік аумағын дамыту мүдделерімен және қажеттілігімен тіркестікте жалпымемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс. Аудан әкімдігін аудан әкімі басқарады. Қала әкімдігі (қала әкімі) орынбасарлардан, әкім аппаратының басшысынан, тиісті атқарушы органдардың басшыларынан тиісті әкімдік қалыптастырады. Сондай-ақ әкімдіктің мүшелері облыс бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары да бола алады. Әкімдіктің дербес құрамы аудандық (облыстық, маңызы бар қала) мәслихат сессиясының шешімімен анықталады, бұл формальды түрде болмауға тиіс, себебі, осындай тәртіп әкімнің ғана емес, сонымен қатар мәслихаттың да әкімдік құрамын дұрыс іріктеудегі жауапкершілігін жоғарылату үшін белгіленген.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі алқалы орган болып табылады, демек, мәселелер оның мүшелерінің қатысуымен талқыланады, шешімдер алқалы тәртіпте қабылданады. Әкімдіктің отырыстарын дайындау және өткізу мен оның шешімдер қабылдау тәртібін Үкімет бекітетін тұрпаттық рәсім негізінде әкім қабылдайтын рәсіммен реттеледі. Аудан әкімдігінің (облыстық маңызы бар қала әкімдігінің) құзыретін төмендегідей түрлерде топтауға болады:

- 1) ұйымдық-шаруашылық;
- 2) реттеушілік;
- 3) әлеуметтік;
- 4) заңдылықты қамтамасыз ету.

Ұйымдық-шаруашылықтарға төмендегі өкілеттіктерді жатқызуға болады:

- ауданды дамытудың жоспарларын, әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларын, аудан бюджетін әзірлеп, олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

- аудандық коммуналдық меншікті басқару, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдайлар жасау;

- аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- кенттер мен ауылдарды салудың бас құрылыс жоспарларын әзірлеу;

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) су құбырларын, тазарту құрылыстарын, жылу мен электр желілерін және басқа да көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салуды және пайдалануды ұйымдастыру.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуі оның реттеушілік қызметін анықтайды.

Әлеуметтік қорғауға өзінің қарамағындағы тұрғын үй қорын бөлу, халықты жұмыспен қамту және кедейлікпен күресуге жәрдемдесу бағдарламаларын іске асыруға қатысу, халықты әлеуметтік қорғау, ана мен баланы қорғау мәселелерін шешу, халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына атаулы көмек көрсету, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру және т. б. жатады.

Заңдылықты қамтамасыз етуге азаматтардың, ұйымдардың Конституцияның, заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкімет актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік орган-

дардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу, әскери тіркелу мен әскери қызметке шақыру жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету және т. б. жатады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі өзіне жүктелген міндеттерді іске асыруда аудандық мәслихаттың алдында жауап береді. Бұл маңызды қағида мәслихаттың өкілді орган ретінде жауапкершілігі мен беделін көтеруге бағытталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тәртіпте қызметке тағайындалады немесе сайланады деп жазылған⁷⁸. Бұл жерде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерінен өзге әкімдік-аумақтық бірліктер әкімдері Президент айқындаған тәртіпте қызметке тағайындалатыны немесе сайланатыны туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағының ережесі нақтыланады. Әзірше аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі Президент айқындайтын тәртіпте қызметке тағайындалады, сайланады және өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатады.

Заң, әкімнің төмендегі өкілеттіктер кіретін құзыретін белгілейді:

1. *Өкілдік өкілеттіктер.* Әкім мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен қарым-қатынастарда тиісті әкімдік-аумақтық бірліктің мүдделеріне өкілдік етеді.

2. *Бақылау өкілеттіктері.* Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі облыс әкіміне орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Президенті мен Үкіметі актілерін олардың орындауға қатысты бөлігіндегі қызметі туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

3. *Құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы өкілеттіктер.* Әкім азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдайды, салықтар мен басқа да бюджетке міндетті төлемдер жинауға жәрдемдеседі, жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2001 ж. № 3.

мәселелері бойынша заңдардың орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

4. *Әлеуметтік өкілеттіктер.* Әкім мектепке дейінгі, бастауыш, орта және орта кәсіптік білім беру мекемелерін, әлеуметтік-мәдени сала мекемелерін қолдайды және оларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

5. *Кадрлық өкілеттіктер.* Әкім жоғары тұрған уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша, шекті санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің орынбасарларын, әкім аппаратының басшысы мен оның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аталған өкілеттіктері түпкілікті болып табылмайды. Заң әкімнің қарамағына өзге де мәселелердің шешімін жатқызады. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі өзінің жекелеген өкілеттіктерін жүзеге асыруды төменгі тұрған әкімдерге беруге құқығы бар. Әкім өз құзыретінің мәселелері бойынша және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және облыс әкімінің алдында жауап береді.

Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың соңғы буындарының мәртебесі анықталған. Олар республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері болып табылады. Бұл буында әкімдіктер құрылмайды, тек әкімдер тағайындалады немесе сайланады. Заң осы әкімдер үшін ортақ құзырет көздейді. Олардың: 1) құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы өкілеттіктері; 2) ұйымдық-шаруашылық өкілеттіктері; 3) әлеуметтік-мәдени өкілеттіктері бар. Олар өздеріне жүктелген өкілеттіктерді іске асыру үшін жоғары тұрған әкімнің, аудандық (қалалық), республикалық маңызы бар қалалық, астана мәслихаттары алдында жауап береді.

14-ТАҚЫРЫП.

МЕМЛЕКЕТ МЕХАНИЗМІНДЕГІ СОТ ОРГАНДАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ

1. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және оның қызметі мен ұйымдастырылуының конституциялық принциптері.
2. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы: құрылу тәртібі, жүйесі және құзыреті.
3. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының рөлі.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Қазақстан Республикасындағы сот-құқықтық реформаны үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең — бұл Республиканың тәуелсіздік алу кезеңі. Бұл жылдары мемлекет билігін партия және басқа да ұйымдардың ықпалынан шығаруға бағытталған құқықтық реформалардың тұжырымдамалары жасала бастады. 1993 жылы 28-қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-тарауында «сот» деген атаумен сот билігінің Конституциялық сотқа, Жоғарғы сотқа және Жоғарғы Төрелік сотқа, сондай-ақ заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі екені көрсетіліп, оның өзге мемлекеттік биліктердің қатарында екендігіне кепілдік берілді. Осы Конституция (1993 ж.) судьялардың сайлануы мерзімін он жылға дейін ұзартты.

Бұл кездері Жоғарғы сот және облыстық соттардың судьяларын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, ал аудандық (қалалық) соттардың судьяларын облыстық кеңестер сайлайтын.

Сот жүйесін реформалаудың екінші кезеңі 1994 жылдың 12-ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның

Мемлекеттік бағдарламасы» туралы № 1569 Қаулысы шыққаннан кейін басталды деп айтуға болады⁷⁹.

1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық дауыс берудің (референдум) нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл жаңа қабылданған Конституцияның 7-бөлімінде «Соттар және сот төрелігі» деген атпен, сот жүйесі «... Республиканың Жоғарғы соты және Республиканың жергілікті соттары, Республиканың соттары болып табылады» (75 баптың 3-тармағы), деп көрсетілді.

Сонымен, сот-құқықтық реформасының екінші кезеңі сот жүйесін біріктіре отырып, бір жүйеге келтірілген соттар құрды. Яғни, төрелік соттарды жалпы соттарға қосып, облыстармен Алматы қаласында бірінші сатыдағы төрелік соттарын қалдырып, облыстық соттар мен Жоғарғы сот құрамында шаруашылық істер жөніндегі сот алқасын ашты. Ал, Конституциялық сот жойылып, жаңа орган Конституциялық Кеңес құрылды.

1995 жылғы 20-желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Жарлығы шықты. Сексен төрт баптан тұратын бұл Жарлық республикадағы тәуелсіз сот билігі мен судьялардың мәртебесі туралы әлемдік өркениеттік құқықтық нормаларға сай келетін жаңаша ережені жасап, бекітіп берді.

1995 жылғы Конституциямен және 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Президент Жарлығының қабылдануымен республикада сот билігінің қалыптасуының нормативтік-құқықтық сатысы қорытындыланды⁸⁰. Олай дейтініміз, сот-құқықтық реформасы бағдарламасында көзделген өзгертулер мен толықтырулар жоғарыда айтылған құжаттарда орын тапты. Бірақ алға қойған мақсат, міндет іс жүзінде өз шешімін

«Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы» туралы ҚР Президентінің 1994. 12. 02. № 1569 Қаулысы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» 1995 жылғы 20-желтоқсандағы № 2694 конституциялық заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 147-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 78-құжат; № 11, 156-құжат; № 13-14, 194-құжат; 1999 ж., № 4, 100-құжат; № 23, 915-құжат; № 10, 231-құжат).

толық тапты деу асығыстық болары анық. Мәселенің барлығы заңдардың қабылдануымен емес, оның орындалуымен шешіледі.

Тұңғыш рет Республикамыздың сот жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялар мәртебесі туралы» Жарлығымен «тұрақты» судьялар ұғымы енгізілді.

Үшінші кезең 2000 жылдың 1-қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен байланысты. Жарлықпен республикадағы соттар қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі Комитет құрылып, сот билігі атқарушы биліктің ықпалынан толығымен шығарылды.

Республикадағы сот билігінің тәуелсіздігін бекітудегі тарихи маңызы бар келесі тағы да бір оқиға — 2000 жылғы 25-желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы⁸¹. Бұл заң судьялардың құқықтық мәртебесін және жаңа сот жүйесін бекітіп, Жоғарғы сот Төрағасының және жергілікті соттар төрағаларының өкілеттіктерін кеңейтті. Сотқа судьялық қызметке кандидаттарды іріктеуге соттардың жалпы отырысы арқылы судьялар да тікелей қатысатын болды.

Судьяларға қойылатын талаптар қатайды. Заңда тәртіптік-биліктілік алқаларының өкілдігі едәуір кеңейтілді, енді олар тек тәртіптік істерді ғана емес, судьяларға қойылатын талаптарды орындамаған жағдайда, соның ішінде судья этикасы нормаларын бұзғаны үшін, судьялардың өкілеттіктерін тоқтату мәселесін де қарайтын болды.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың ерекше өкілеттігі басқа органдарға берілмейді және ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқы жоқ. Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады. Республика Конституциясына сәйкес заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және бас-

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25-желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы // Егеменді Қазақстан. 2000. 30-желтоқсан. № 333-334.

қа да соттары Республиканың соттары болып табылатындығы анықталған (75-бап).

Сот билігі 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша заң шығару және атқарушы биліктерден бөлінген және мемлекеттік биліктің дербес тармағын білдіреді.

«Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді⁸².

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан бастап соттарға кез келген құқықтық мемлекетке тән өкілеттіктерді толық беру қажеттігі туындады.

Сондықтан, соңғы жылдары сот билігінің проблемалары көптеген ғылыми жұмыстардың тақырыбына айналды. Осы ұғымның кейбір қырларын қазақстандық ғалымдар да өз жұмыстарында қарастырды. К. Х. Халықовтың, Г. Ж. Сүлейменованың жұмыстары сот билігі проблемаларын зерттеуге арналған. 2001 жылы сот билігі құбылысын зерделеуде Қазақстан ғылымының олқылықтарын толықтырған Қ. Ә. Мәмидің монографиялық зерттеуі жарық көрді.

Бұл мән-жайлар «сот билігі» ұғымының құқық ғылымында жаңа санат болып табылуына және 80-жылдардың аяғы, 90-жылдардың басында ғана ұлттық ғылым ретінде зерттеле басталуына байланысты. Сонымен бірге кеңес мемлекетінде мемлекеттік саясат шеңберінде теориялық тұжырым қалыптасқан, яғни соған сәйкес елде біртұтас бөлінбейтін мемлекеттік билік жұмыс істейді. Сондықтан сот билігі мәселесі мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде туындаған емес. Сот төрелігіне байланысты проблемаларға арналған ғылыми зерттеулерде сот құқық қорғау органы жүйесінің бөлігі ретінде қарастырылды.

Сот билігінің мәні соттың сот төрелігін жүзеге асыру кезінде көрінеді. Алайда сот қызметін осы биліктің тек бір нысанын іске

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25-желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы // Егеменді Қазақстан. 2000. 30-желтоқсан. № 333-334.

асыру болып табылатын бір сот төрелігін жүзеге асырумен ғана шектеуге болмайды. Алайда Қ. Ә. Мәми дұрыс ажыратқандай «сот билігі ұғымының мәнін және мазмұнын неғұрлым толық және айқын ашу үшін оның барлық белгілерін яғни мемлекет тетігінде оның рөлі мен орнын, биліктің басқа тармақтарынан айырмашылығын көрсететін ерекшеліктері мен қырларын анықтау қажет»⁸³.

Айталық, заң шығарушы билік (соттарды ұйымдастыру және олардың қызметін реттейтін заңдарды қабылдаумен қатар) Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты арқылы:

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялар корпусын қалыптастырады;
- судьяларды осы соттың лауазымынан босату туралы мәселені шешеді;
- Қазақстан Республикасының Конституциясының 55-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайларда судьяларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім береді және т. б.

Соттардың мемлекеттік биліктің атқарушы органдар тармағынан айырмашылығы — олар ұйымдастырушылық және атқарушылық-өкімгерлік қызметпен айналыспайды. Сонымен бірге соттарға атқарушылық билік органдарын, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарын осы органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау арқылы бақылау құқығы берілген.

Сот билігінің тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға: Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынбайтындығын білдіреді. Сонымен бірге абсолюттік, толық тәуелсіз соттар да болмайды, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

Заңдылық — мемлекеттік тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларында қолданылатын барлық құқық салаларының жетекші принципі.

Қайрат М. Сот реформасының мұраты — даму, өркендеу алға жылжу
// Заң газеті. 2001. 26-қыркүйек.

Жалпы әмбебап құқық принципі бола отырып, заңдылық азаматтардың, лауазымды және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қатаң және бұлжытпай орындауды әрі сақтауды білдіреді. Сот төрелігі саласында бұл принцип мынаны білдіреді:

- сот төрелігін Конституцияда және заңда көзделген тәртіппен құрылған және өкілеттік берілген соттар ғана жүзеге асырады;

- сот төрелігін атқару кезінде судьялар тәуелсіз және тек конституция мен заңға бағынады;

- сот төрелігін атқару кезінде судьялар азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға тиіс;

- соттар Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, республиканың халықаралық шарттарын орындауды қамтамасыз етуге тиіс;

- сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттар сот істері бойынша іс жүргізу тәртібі туралы процессуалдық заңнаманың талаптарын қатаң орындауға тиіс.

Сот төрелігі саласында заңдылық принципі заңда белгіленген кепілдік жүйесімен қамтамасыз етіледі, мысалы, соттың сот қаулыларына олардың заңсыздығы мен негізсіздігі себептері бойынша; сот қадағалауларына шағым беру; материалдық және іс жүргізу заңдарының нормалары бұзылған жағдайларда сот шешімдерін міндетті өзгерту құқығы.

Сот төрелігі — бұл сот отырыстарында заңда белгіленген тәртіппен азаматтық, қылмыстық және өзге істерді заңдылық пен құқықтық тәртіпті жан-жақты нығайту мақсатында қарау және шешу арқылы жүзеге асырылатын соттардың қызметі. Бұл принцип мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу, оның бірі сот билігі болып табылатыны туралы конституциялық ережеден бастау алады.

Сот төрелігі сот билігін жүзеге асырудың негізгі нысаны бола отырып, сот отырыстарында судьялардың (соттардың) қылмыстық, азаматтық және өзге заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық, азаматтық және өзге істерді сот ісін жүргізу нысанында қарауын және шешуін білдіреді.

Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыру принципінің саяси-құқықтық зор маңызы бар. Ешқандай басқа органдар мен лауазымды адамдардың соттың құзырына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істерді қарауға, шешуге немесе бақылауға алуға құқығы

жоқ. Осыған сәйкес заңнамада қандай да бір атаулармен арнайы және төтенше соттар құруға жол берілмейтіндігі көзделген.

Тек сот қана сот отырысында адамды қылмыс жасауға кінәлі немесе кінәлі емес деп тануға және осыған байланысты тиісті айыптау немесе ақтау үкімін шығаруға, қаралған талап бойынша шешім қабылдауға құқылы. Тек соттың сот істері бойынша жаза және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге шарасын тағайындауға айрықша құқығы бар.

Соттың сот қаулыларын тек жоғары тұрған сот апелляциялық тәртіппен, сондай-ақ сот қадағалау тәртібімен күшін жояды немесе өзгерте алады.

Заңды күшіне енген сот қаулылары Қазақстан Республикасының аумағында барлық жеке, лауазымды және заңды тұлғалардың міндетті орындауына жатады. Азаматтар, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары заңды күшіне енген сот қаулыларын орындамаған жағдайда бұл адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Заңды күшіне енген сот қаулыларын қасақана орындамаған жағдайда, сондай-ақ оның орындалуына кедергі келтірген кінәлі адамдар қылмыстық жауапкершілікке жатады (ҚР ҚК 392-бабы).

Заңнама судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды да жан Аудандық соттың судьясы болып жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл еңбек өтімі бар, біліктілік емтиханын, оның ішінде мамандандырылған магистратурада тапсырған, медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.

Көрсетілген талаптармен қатар, заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл еңбек өтімі бар, соның ішінде, әдетте, кемінде бес жыл судья болған азамат жоғары тұрған соттардың (Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты, облыстық соттар) судьясы бола алады. Көрсетілген талаптарға сай келетін адам резервке тұрады, судья лауазымына үміткерлерді іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі.

Судья Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұлжытпай сақтауға, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын,

бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл судьяның Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқтығын білдіреді. Заң немесе заңға тәуелді актілер Конституцияға сәйкес келмеген немесе онда Конституцияда қамтылған нормалар болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Конституциясын тікелей қолданылатын акт ретінде қолдануға тиіс.

Сот істері мен материалдарды қарау кезінде білім деңгейіне ғана емес, судьяның құқықтық мәдениетінің, құқықтық танымының және адамдық деңгейінің дұрыс шешілуіне байланысты жағдайлар жиі туындайды. Бұл, өз кезегінде, әрбір шешімде оның жоғары, екі есе жауапкершілігін, іс-әрекетін күшейтеді және қабылданатын шешімдердің адамгершілік негіздерінің қажеттілігі олардың заңдармен жол берілу ұғымынан ғана емес, олардың моральдық-этикалық шарттарға сәйкестігінен туындайды. Сондықтанда судьяның құқықтық мәртебесін, сот төрелігі міндеттерін орындауда оның белсенді рөлін ескере отырып, заңда оған кәсіптің басқа түрлеріне тән емес қосымша міндеттер жүктейді. Айталық, судья өз міндеттерін орындау кезінде де, қызметтен тыс қарым-қатынастарда да: өз отбасына, қоғамдық және өзге байланыстарға судья ретінде оның қызметіне әсер етуге; осы қызметте болу кезінде өзі алған құпия ақпараттарды өз мақсаттарында ашпауға және пайдаланбауға; кәсіптік және өзге қатынастарда құрмет, шыдамдылық және тәрбиелілік және т. б. көрсетуге міндетті. Судья өкілетті немесе атқарушы органдардың басшыларына жағыну, осы соттың немесе жоғары тұрған сот төрағасының көзіне түсу үшін тырысу ретінде бағаланатын мінез-құлықтардан аулақ болуға тиіс. Судьяның қоғамдық орындарда масаң күйде, салақ немесе көзге түсетін киімдермен көрінуіне, күмәнді беделі бар (сауықхана, сауық үйлері) орындарда болуына, өкілеттік, атқарушы және басқа да органдардың басшы қызметкерлерімен өзінің жеке байланыстарын жарнамалауға және т. б. жол берілмейді.

Судья судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға, жабық сот отырыстарын өткізу кезінде алынған мәліметтерді жария етпеуге тиіс. Кеңесу бөлмесінде басқа адамдардың, соның ішінде процеске қатысушылардың болуына заңмен жол берілмейді.

Судья істі қараған кезде адал болуға және қаралған дәлелдемелерді бағалауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша шешім қабылдауға тиіс және бұл ретте тек Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңды басшылыққа алады. Бұл орайда судья-

лар тек Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдана алады.

Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Нақты іс бойынша өз пікірін судья тек кеңесу бөлмесінде айтуға құқылы. Алайда судьяның тәуелсіздігін жауапкершілік және бәріне рұқсат етушілік ретінде ұғынуға болмайды. Заңда істі қараған кезде заңдылықты бұзғаны үшін, теріс қылық жасағаны үшін судьялардың жауапкершілігі көзделген.

Судьялардың ауыстырылмауы заңда белгіленген тәртіппен оларға өкілеттік берілгеннен кейін заңда тікелей көзделген жағдайлардан басқа және тәртіпте қызметтен босатылуы мүмкін; олар басқа қызметке немесе басқа сотқа оның келісімінсіз ауыстырыла алмайды; олардың өкілеттіктері заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен өзге тоқтатыла алмайды.

Сонымен бірге сот жүйесі туралы Конституциялық заңда белгілі бір негіздемелер болғанда судьяны қызметтен босату мүмкіндігі көзделген:

1) орнынан түскенде немесе өз тілегі бойынша судья қызметінен босағанда;

2) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы бойынша;

3) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;

4) осы судьяға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғанда;

6) судья қайтыс болған немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда;

7) судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және ол басқа жұмысқа ауысқан жағдайда;

8) соттың таратылуына немесе өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, егер судья басқа соттағы бос қызмет орнына орналасуға келісімін бермесе, тоқтатылады.

Судьяны қызметтен босату туралы шешім:

- Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқа төрағалары мен судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша — Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

- облыстық соттың төрағасы, алқа төрағалары мен судьялары, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты — Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫШЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ: ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ, ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ

Прокуратура — латын сөзі — ол қамқоршы боламын, қамтамасыз етемін, болдырмаймын деген ұғымдарды білдіреді. Оның басты мақсаты — заңның үстемдігін қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның мемлекеттік мүдделерін қорғау. Прокуратура мемлекеттік биліктің еш тармағына кірмесе де, өз қызметін мемлекет атынан жүзеге асыратын жоғары қадағалау нысанындағы өктем өкілетке ие.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы — Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік-құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган.

Прокуратура кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы төменгі прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына бағынатын органдар мен мекемелердің біртұтас орталықтандырылған жүйесін құрайды.

Прокурорлардың бағыныстылығы жоғары тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларының төменгі прокуратуралар үшін міндеттілігін, төменгі прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдында қызмет міндеттерін орындауы үшін жауапкершілігін, жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төменгі прокурорлардың өкілеттігін жүзеге асыруын, жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурор-

лар актілерінің күшін жоюын, қайтарып алуын, өзгертуін, жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурорлардың іс-әрекеттері мен актілеріне жасалған шағымдарды шешуін қамтиды.

Прокурор — өз құзыреті шегінде заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды, сотта мемлекет мүдделерінің өкілі болуды, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда, тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды адам.

Прокурорлар мыналар болып табылады: Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері, прокуратура органдары департаменттерінің, басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, барлық төмен тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, прокуратура органдарының аға прокурорлары және басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.

Прокурорлар қызметіне аттестациядан өткен адамдар және тікелей ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық жұмыс жүргізетін прокуратура ғылыми ұйымдардың және білім беру ұйымдарының аттестациядан өткен қызметкерлері прокуратура органдарының қызметкерлері болып табылады. Ал әскери, табиғат қорғау, көлік, сондай-ақ арнайы объектілердің прокуратуралары мамандандырылған прокуратуралар болып ұғынылады.

Прокурорлар болып жоғары заң білімі бар, қажетті іскерлік және моральдық қасиеттерге ие, денсаулық жағдайына қарай прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамды азаматтар тағайындала алады. Әскери прокурорлар сонымен бірге әскери қызметшілер болуы керек, оларға әскери қызмет және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңдары толық көлемде қолданылады.

Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына 25 жасқа толған, прокуратура органдарында кемінде үш жылдық еңбек өтімі бар адамдар тағайындалады.

Республиканың Бас Прокурорын Парламент Сенатының келісімі мен Республика Президенті бес жыл мерзімге қызметке тағайын-

дайды. Бас Прокурорды қызметтен Республика Президенті босатады және ол Республика Президентіне есеп береді. Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайда болмаса, Сенаттың келісімінсіз тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазаға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Республика Бас Прокурорының бірінші орынбасары мен орынбасарларын Бас Прокурордың ұсынуы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Республика Бас Прокурорының орынбасарлары, сонымен қатар Бас прокуратураның тиісті департаменттерінің бастықтары болып тағайындалуы мүмкін.

Республиканың Бас Прокуроры:

- Республика аумағында заңдар мен Президент Жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің қолданылуына қадағалауды жүзеге асырады, төменгі прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді;

- Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге оларды қабылдаған органдар мен лауазымды адамдарға наразылық жасайды;

- Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып табылады;

- Қазақстан Республикасының прокуратурасын ұйымдастыру мен оның қызметінің мәселелері мен материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру шараларының тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы прокуратурасының органдары мен мекемелерінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер мен нұсқаулықтар шығарады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына Республиканың Бас Прокуроры басшылық етеді. Республиканың Бас Прокурорының бірінші орынбасары және орынбасарлары болады. Бас прокуратураның құрылымын және оның қызметкерлерінің өкілеттіктерін Бас Прокурор белгілейді.

Бас прокуратура:

- Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

- Республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жағдайын қадағалап, тәжірибесіне талдау жасайды;

- прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- Республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

- заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-іздестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

- кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

- норма шығарушылық қызметіне қатысады;

- халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді.

Облыстардың прокуратураларына және оларға теңестірілген прокуратураларға Республика Президентінің келісімімен Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді. Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Облыстардың прокурорларының орынбасарлары облыстық прокуратуралардың тиісті басқармаларының бастықтары болып тағайындалуы мүмкін.

Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар:

- облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокуратуралардың прокурорлық қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық жасайды;

- өздерінің бағынысындағы барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулар шығарады.

Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларға Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады. Өздерінің заңда белгіленген өкілеттігін жүзеге асырған кезде прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады. Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

Конституция мен заңдардың үстем тұруын қамтамасыз ету адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Президентінің Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокуратура мемлекет атынан:

- Конституцияның, Заң актілерінің және Республика Президенті актілерінің бұзылуын анықтап, оларды жою шараларын қолданады;

- жедел-іздіксіз қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады;

- сотта мемлекет мүддесін білдіреді;

- Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;

- заңда белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

- статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Прокуратура қызметінің басты міндеті адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы прокурорлық қадағалаудың келесі міндеттерін бекітеді:

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қамтамасыз ету;

- заңдылықтың кез келген бұзылуын, заң бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтап жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру⁸⁴.

Қазақстан Республикасы прокуратурасын ұйымдастыру, оның қызметінің тәртібі және прокурорлардың өкілеттігі Қазақстан Рес-

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21-желтоқсандағы № 2709 Заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1995 ж. № 24. 156-құжат.

публикасының Конституциясымен, аталмыш Заңмен, заң актілерімен, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен, сондай-ақ Республика Бас Прокурорының бұйрықтарымен айқындалады.

Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалау тексерістер жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Заңдардың қолданылуына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруына;
- 2) заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге;
- 3) заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына;
- 4) жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

Тексерісті прокурор сондай-ақ өзге де тиісті құзыретті органға тапсыруы мүмкін, ол тексерістің нәтижелері туралы прокурорға заңда немесе прокурор белгілеген мерзімде хабарлауға міндетті. Заңдардың қолданылуын тексеру бір ай мерзімнің ішінде жүргізіледі. Тексерісті тағайындаған прокурор жоғары тұрған прокурордың келісімімен оны жүргізу мерзімін ұзарта алады. Прокурорлардың барлық іс-әрекеттері мен прокурорлық қадағалау актілері, егер олар осы Заңда және басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіп пен нысандарда жасалған болса, заңда белгіленген салдарларға әкеліп саяды.

Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал жасау, сондай-ақ прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, нұсқауларын, талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады. Прокуратураның талап етуі бойынша тиісті органдар мен өкілетті адамдар:

- қажетті материалдар мен мәліметтерді өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып беруге;
- тексеріске қатысу және қорытынды беру үшін мамандар бөлуге;

- прокурорлардың қадағалау қызметін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Прокурордың өз құзыреті шегінде берген тапсырмасы анықтама мен тергеу органдары үшін міндетті. Талап етілген ақпарат прокуратура органдарына заңдарда белгіленген нысандарда, сондай-ақ прокурор белгілеген тәртіп пен мерзімде беріледі. Прокурорлардың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың үй-жайларына кідіріссіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында кідіріссіз қабылдануға, іс материалдары тікелей сот ісін жүргізуде жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен материалдарға сот істерімен танысуда қол жеткізуге және оларды соттан талап етіп алдыруға құқығы бар. Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін оларға белгіленген уақытта келуге міндетті. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талабы бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

Прокурор, заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Өзі жүргізіп жатқан тексерулер мен істердің материалдарын олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

3. ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы кол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік

функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

Ішкі істер органдарының қызметі заңдылық, дара басшылық, ішкі істер органдары жүйесінің бірлігі, жариялылық, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау принциптеріне негізделіп құрылады.

Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, білім беру ұйымдары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Ішкі істер органдарының құрамында криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның өзге де қызметтері, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдар мәртебесі бар әскери-тергеу органдары мен әскери полициясы құрылады.

Криминалдық, әкімшілік және өзге де полиция қызметтерінің бөлімшелерін, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полициясын құруды, қайта құруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі жүзеге асырады.

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары қазақстандық заңнамамен бекітілген барлық құқықтар мен бостандықтардың негізі болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясы, әдетте, белгілі бір құқықтың жалпы ұғымын анықтайды. Конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру үшін нақты өкілеттіктерді жан-жақты ашу қажет, оларды пайдалану арқылы негізгі құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру мүмкіндігі болады, сонымен қатар құқықтарды қамтамасыз етуде мемлекеттің нақты органдарының рөлі дәл анықталуы қажет. Басқаша айтқанда, мемлекеттік органдардың, оның ішінде, ішкі істер органдарының, құқықтар мен бостандықтар жүйесін іске асыруға ықпал етуші міндетті түрде жүзеге асырылуы қажет барлық әрекеттерінің толық тізімі қажет.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі саласындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау, осы саладағы құқықтық қатынастардың әр алуандылығы ескеріле оты-

рып, адам құқықтарының дәл, нақты бекітілуінің қажеттілігімен қатар, тиісті мемлекеттік органдардың міндеттерінің де дәл анықталуын қажет етеді. Бұл саладағы реттеуіш рөлі заңмен жүзеге асырылады. Кез келген заңға қойылатын негізгі талап — оның Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес болуы.

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ішкі істер органдарының келесі міндеттерін анықтайды⁸⁵:

- қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету;

- қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;

- заңдарда белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

- әкімшілік жазалауларды орындау;

- әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібін қамтамасыз ету және адамдарды ұстау режимін сақтау;

- кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығын анықтау және тыю;

- қажет болған жағдайларда мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;

- жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау және бақылау, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау, азаматтық және қызметтік қаруды және оның оқ-дәрілерін мемлекеттік бақылау, күзет қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, орнатуды және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін мемлекеттік бақылау;

- мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке адамдарды күзету, қамауға алынғандар мен сотталғандарды айдап апару, терро-

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21-желтоқсандағы № 2707 Заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1995 ж. № 23. 154-құжат.

ризм актілерінің жолын кесуге, кепілге алынғандарды босатуға қатысу;

- виза беру жұмысын жүргізу, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібін сақтауын бақылау;

- соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау, өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитарлық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына сұғанақ аңшылыққа қарсы күресуде жәрдем көрсету;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялық және рұқсат етушілік қызметті жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының айрықша маңызды және айрықша режимді объектілерінде, аумақтарында режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру;

- ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

- есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау болып табылады.

Әкімшілік заңнамасына сәйкес белгілі бір мәжбүрлеу шараларын қолдануда бірқатар шектеулер көзделеді, мысалы, әкімшілік қамау аяғы ауыр әйелдерге, 14 жасқа дейінгі балалары бар аналарға, 18 жасқа толмаған тұлғаларға, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге, сонымен қатар 58 жастан жоғары әйелдер мен 63 жастан жоғары еркектерге қолданылмайды (ҚР ӘҚБ туралы Кодекстің 55-бабы, 3-бөлігі).

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын полицияның әкімшілік қызметінде қамтамасыз ету проблемаларын терең және кешенді зерттеу үшін ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің негізгі бағыттарының мазмұнын азаматтардың жеке құқықтарын топтастыру үшін негіз ретінде алуға болады. Осыған байланысты жеке құқықтарды екі негізгі топтарға бөлуге болады. Олар:

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы құқықтар.
2. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтар.

Азаматтардың ішкі істер органдарымен өзара қарым-қатынастарындағы жеке құқықтарының бірінші тобына, мысалы, өздерінің

құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғануды қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығы т. б. Жеке құқықтардың аталған түрі әрбір адам өмірінде аса маңызды болып табылады, себебі, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету азаматтардың өмірін, денсаулығын, қадір-қасиетін, ар-намысын, абыройын қорғауды ұйғарады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында «қоғамдық тәртіп» ұғымының анықтамасы берілмейді, ал заң ғылымы мен тәжірибесінде осы ұғымның мазмұны туралы бірегей пікір жоқ.

Мемлекет және құқық жалпы теориясының, қылмыстық құқықтың, әкімшілік құқықтың өкілдері қоғамдық тәртіп ұғымының дәл анықтамасын беруге ұмтылыс барысында, осы проблемаға сәйкес әр-қилы көзқарас білдіреді. Бір пікірге сәйкес қоғамдық тәртіп заңнама санаты ретінде қарастырылса, келесі пікірлерде құқықтық реттеу объектісі ретінде қарастырылады. Қоғамдық тәртіптің кең және тар ұғымы шектеледі. Қоғамдық тәртіп мәніне қатысты көптеген ғалымдар оның нақты қоғамдық қатынастар жүйесі болып табылатынын айтады.

Қоғамдық қатынасты қоғамға тән барлық әлеуметтік нормалардың жүзеге асырылуымен қалыптасатын қоғамдық қатынастар жүйелері ретінде анықтау қоғамдық тәртіптің ғылымда қалыптасқан кең мағынасы.

Мұндай көзқарас қоғамдық қатынастың кең мағынада барлық әлеуметтік нормалардың ықпалымен қалыптасатын барлық қоғамдық байланыстарды және қатынастарды қамтитыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ғалымдардың басым көпшілігі тар мағынадағы қоғамдық тәртіп кең мағынадағы қоғамдық тәртіпке қарағанда өзгешелеу нормативтік негізге сүйенетіндігі туралы пікірде, яғни тек құқық нормаларымен ғана реттеледі, және кең мағынадағы қоғамдық тәртіптен құқықтық нормалармен реттелген қоғамдық қатынастар саласымен ғана ерекшеленеді.

Қоғамдық орындарда, яғни демалыс кезінде адамдардың өздерінің материалдық, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру барысындағы қарым-қатынастарының орындарында қалыптасқан қатынастар қоғамдық тәртіп негізін құрайды.

Қоғамдық орындарды санатқа бөлуге болады: 1) тұрақты пайдаланылатын қоғамдық орындар — көшелер, алаңдар, көлік магистралдары т. б.; 2) уақытша пайдаланылатын қоғамдық орындар — дүкендер, театрлар, стадиондар т. б.; 3) белгілі бір шараларды

өткізу барысында бір рет пайдаланылатын қоғамдық орындар — орман, тау, көл т. б.

Сонымен, қоғамдық тәртіп — бұл құқық нормалары мен өзге де әлеуметтік нормаларды сақтау негізінде қоғамдық орындарда қалыптасатын және дамитын, мекемелер, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер дұрыс жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлардың қамтамасыз етілуіне, азаматтардың еңбек етуі мен демалуына, олардың арнамысын, адамгершілік қасиетін және қоғамдық адамгершілікті құрметтеуге бағытталған ерікті қоғамдық қатынастар жүйесі.

Қоғамдық қауіпсіздік саласы ішкі істер органдары қызметінің негізгі саласы болып табылады.

Қоғамдық қауіпсіздік — бұл адамдар мен тұтас қоғам үшін жоғары қоғамдық қауіптілік тудыратын немесе табиғи зілзалаға байланысты не әлеуметтік немесе техникалық сипаттағы өзге де төтенше жағдайларға байланысты ерекше жағдайлардың болуы кезіндегі объектілер мен нысаналарды пайдалану барысында құқықтық, техникалық, құрылыс және басқа нормаларға сәйкес қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесі.

Автокөлік, жолбойы көлігі және өзге де көліктерді пайдалану, құрылыс салу, жол өңдеу өзге де жұмыстарды жүргізу, өрт қауіпін тудыратын объектілер мен құралдарды пайдалану, сонымен қатар қару, оқ-дәрі, жарылатын материалдар, қатерлі улар, радиоактивті изотоптар, компьютерлік жүйелер және өзге де нысаналар мен заттарды қолдану ережелері бұзылған жағдайларда қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төнуі мүмкін.

Адам өмірі, оның денсаулығы, оған ешкімнің тиіспеуі, жеке меншігіндегі мүліктері, яғни тұлғаның жеке игіліктері де азаматтардың қоғамдық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі саласындағы жеке құқықтарының объектілері болып табылады. Осы саладағы ішкі істер органдары мен азаматтар арасындағы қатынастар жеткілікті деңгейдегі әр алуандылығымен айқындалады. Ішкі істер органдарының қызметін реттеуші құқықтық құжаттарға жасалған талдауларға сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырудағы әрекеттері негізгі фактор болып табылуы қажет ішкі істер органдарына азаматтардың жеке құқықтарын жүзеге асыруларына байланысты тікелей міндеттер жүктелген, мысалы:

- адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы әрекеттерден қорғау;

- қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қатысуымен;

- азаматтардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін т. б. қорғау бойынша заңмен қарастырылған шараларды қолдану.

Көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру барысында ішкі істер органдары заңды қатал сақтауы қажет.

ҚР-ның ӘҚБтК-не сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықпен байланысты ықпал ету шараларын заң негізінде және заңмен белгіленген тәртіпте ғана қолдану бекітілген. Заң бойынша мұндай ықпал ету шаралары ерекше құқықтық мәртебесі бар және әкімшілік-деліктілік қатынастар субъектілері болып табылатын, осындай қызметті атқару уәкілеттігі бар органмен немесе лауазымды тұлғамен қолданылады. Бұл субъектілер тобы заңмен анықталған.

Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-де әкімшілік құқықтық өкілеттігі (юрисдикциясы) бар 36 субъектіні көрсетеді.

Заңмен уәкілдік берілген орган немесе лауазымды тұлға тек өзінің өкілеттіктер тобына ғана кіретін жазалау шарасын қолдана алады. ӘҚБтК 543-бабында ішкі істер органдарының қарау құқығы бар теріс қылықтар құрамы берілген.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қолдау мақсатында әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану кезінде заңдылықтың сақталуының әкімшілік-құқықтық кепілдіктері қарастырылған. Жоғары тұрған органның немесе лауазымды тұлғаның әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдануға уәкілеттік берілген өздеріне бағынышты органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметін бақылау міндеті белгіленген.

Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану барысында ішкі істер органдары келесі негізгі принциптерді сақтауға міндетті: заңдылық, жеке тұлғаға тиіспеудің конституциялық кепілдіктерін қамтамасыз ету, адам және азамат абыройы мен қадір-қасиетін қорғау т. б.

Ішкі істер органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне шағымды қараудың әкімшілік тәртібі адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік-құқықтық қорғаудың бір түрі болып табылады.

Мемлекеттік органдарға келіп түскен азаматтардың шағымдарын қарау тәртібі «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі⁸⁶. Аталмыш актіге сәйкес азаматтардың үндеу жасау түрлері анықталған. Олар: шағым, ұсыныс, өтініш, үн қосу, сауал.

Қоғамда қылмыстылық тоқталмайынша қылмыстық іс жүргізу арнайы мемлекеттік органдар қызметінің ерекше түрі ретінде сақталады. Қылмыс салдары — бұл азаматтардың құқықтарын өрескел бұзу, қоғам және мемлекет мүдделеріне қол сұғу. Нақты істі тергеу және оның сотпен қаралуы барысында қылмыстық іс жүргізу саласына, әдетте, көптеген азаматтар тартылады. Олар — сезікті, айыпкер, жәбірленуші, куәгерлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар және т. б. Бұлардың барлығы әртүрлі нысанда анықтау, алдын-ала тергеу, прокуратура, сот органдарымен, сонымен қатар іс жүргізудің қатысушылары ретінде бір-бірімен қарым-қатынаста болады.

Барлық құқықтық қатынастардағыдай олар нақты құқықтарға иелік етіп, тиісті міндеттерді атқарады. Егер қылмыстық іс жүргізуге қатысушының құқықтары шектелсе, онда шектелген құқықтарды орнына келтіру үшін тура жол — сотқа шағымдану. Сот — барлық қылмыстық сот ісін жүргізуде негізгі орган және оның құқыққорғау қызметі қылмыстық іске қатысушы барлық тұлғаларды қамтиды.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 75-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс жүргізудегі жәбірленуші болып танылушы оған қатысты тікелей қылмыспен моральдық, физикалық немесе мүліктік зиян келтірілгеніне негіз бар тұлға.

Жәбірленуші айыпталушыға тағылған айып туралы білуге, айғақ беруге, дәлелдемелер ұсынуға, қарсылық білдіруге, қылмыстық іс жүргізу органының әрекетіне шағым жасауға, үкім мен сот қаулысына шағымдануға т. б. құқылы.

Жәбірленуші үшін іс жүргізу барысында заңмен кепілдік берілген өкілдің қызметін пайдалану мүмкіндігі аса маңызды болып табылады. ҚІЖК 80-бабы 1-бөлігіне сәйкес адвокат және жәбірленушінің заңды мүдделерін қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында білдіруге құқылы және қылмыстық істі жүргізуші орган қаулысымен іске қатысуға рұқсат етілген өзге де тұлғалар жәбірленушінің өкілі ретінде танылады. Заң шығарушымен енгізілген өкілдік инсти-

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12-қаңтардағы № 221 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж. № 2, 17-құжат; Егемен Қазақстан. 2007. 30-қаңтар. № 23; РЕСМИ ГАЗЕТ. 2007. наурыз. № 10.

туты оның жәбірленуші құқықтарын кең түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсетеді.

Айыпқа тартылу туралы оған қатысты қаулы шығарылған тұлға немесе оған қатысты кінәлау хаттамасы жасалған және анықтама жүргізу органының бастығымен бекітілген тұлға айыпкер ретінде танылады (ҚР ҚІЖК 69-б. 1-бөл.).

ҚР ҚІЖК қабылдануына байланысты айыпкердің құқықтық мәртебесі түбегейлі өзгерді, енді ол іс жүргізудің толық құқықты қатысушысы. Заңды күшіне енген сот үкімі шықпайынша айыпкер кінәсіз болып танылатындығы туралы кінәсіздік презумпциясының принципі осының айғағы.

ҚІЖК 19-бабы кінәсіздік презумпциясының құқықтық негізі болып табылады. Кінәсіздік презумпциясының құқықтық негізін талдау оның мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай кінәсіздік презумпциясының мәні келесі ережелерден тұрады:

- алдын-ала тергеу ісін жүргізу және істі сотта қарау барысында айыпталушының қылмыс жасау кінәсін дәлелдеу қажет;

- соттың, прокурордың, тергеушінің және анықтама жүргізуші тұлғаның айыпталушыға өзін ақтайтын дәлелдемелер келтіруге мүмкіндік беру құқығы бар;

- айыпкерді сотқа беру барысында, сот не судья оның кінәлілігі туралы алдын-ала айта алмайды;

- кінәлау үкімі жалаң ұйғарымдарға негізделмейді және соттың қарауы барысында айыпкердің кінәсі дәлелденсе ғана, осы жөнінде қаулы қабылданады;

- барлық күмәнданушылықтар айыпкердің пайдасына шешілуі қажет.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде кінәсіздік презумпциясы ықпалының шегі келесі құқықтық фактілермен анықталады:

- қылмыстық сот ісін жүргізуші барлық мемлекеттік органдар және уәкілетті тұлғалар айыпталушының кінәсі заңдық тәртіпте белгіленбейінше, оны кінәлі деп есептемеу талабын өз қызметінде басшылыққа алуы қажет;

- кінәсіздік презумпциясы принципі тек ҚР-сы азаматтарын ғана емес, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды да қамтиды;

- кінәсіздік презумпциясы іс жүргізу кезеңі мен іске қатысушы нақты тұлғалардан тәуелсіз, бүтіндей қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастарына ықпал етеді;

- айыпталушымен еңбек қатынастары тек кінәлау үкімі заңды күшіне енгенде ғана тоқтатылады;
- тұлға, кінәлау үкімі заңды күшіне енгенше, оқу орнынан шығарылмайды;
- тұлға, оның тергеуде болған және сотты болған кездерінде, тұрғын үйге құқығынан айырылмайды.

МАЗМҰНЫ

1-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОҚУ ПӘНІ

РЕТІНДЕ.....3

1. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы — ұлттық құқықтың маңызды саласы. Конституциялық құқықтың құқық жүйесіндегі орны.....3
2. Конституциялық құқық ғылымы, зерттеу пәні және әдісі ... 8
3. Конституциялық-құқықтық нормалар: мазмұндарының ерекшелігі, құрылымы.....10
4. Конституциялық құқықтың қайнар көздері.....12

2-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМІ.....16

1. Конституция ұғымы, мәні, заңдық қасиеттері.....16
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау, өзгерту және толықтыру тәртібі.....23
3. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның ерекшеліктері.....30
4. Конституциялық Кеңес — Конституцияны қорғау органы. Құрылу тәртібі, құрамы және өкілеттіктері.....32

3-ТАҚЫРЫП.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС НЕГІЗДЕРІ.....39

1. Конституциялық құрылыс негіздері, олардың мазмұны және конституциялық бекітілуі.....39
2. Мемлекеттік билікті жүзеге асыру принципі. Халық билігінің механизмі.....57
3. Қазақстан Республикасы экономикалық жүйесінің конституциялық негіздері.....62
4. Қоғамның саяси жүйесі және оның элементтері.....66

4-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ.....72

1. Азаматтық ұғымы және принциптері.....72

2. Азаматтықты алу және тоқтату негіздері мен тәртібі. Балалардың азаматтығын өзгерту тәртібі.....	74
3. Көші-қон ұғымы. Қазақстан Республикасындағы қоныс аудару процесі.....	80
5-ТАҚЫРЫП. АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	85
1. Адам құқығының теориялық тұжырымдамасы.....	85
2. Адамның және азаматтың конституциялық мәртебесінің ұғымы және принциптері.....	88
3. Адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының жүйесі және олардың кепілдіктері.....	93
6-ТАҚЫРЫП. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ.....	98
1. Сайлау, сайлау жүйесі және сайлау құқығының ара қатысы мен ұғымы. Сайлау құқығының принциптері.....	98
2. Сайлау органдарын құру тәртібі мен олардың құзыреті: Орталық сайлау комиссиясы; аумақтық, округтік, учаскелік сайлау комиссиялары.....	102
3. Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу тәртібі ..	114
7-ТАҚЫРЫП. РЕФЕРЕНДУМ.....	130
1. Республикалық референдум ұғымы.....	130
2. Республикалық референдум талқысына қойылатын мәселелер. Республикалық референдумды тағайындау.....	135
3. Республикалық референдумды өткізу тәртібі.....	140
8-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	146
1. Қазақстандағы президент институтының даму процесі. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық- құқықтық мәртебесі.....	146
2. Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі Президент орны.....	155

3. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреті.
Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімдігі.
Президент жанындағы кеңесші және көмекші органдар.158
4. Президент актілері, олардың заңдық күші.166

9-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.168

1. Депутат мәртебесінің ұғымы.168
2. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының құқықтық жағдайы.171
3. Республика Парламентіндегі депутаттық бірлестіктер.183
4. Жергілікті өкілді органдар депутаттарының құқықтық жағдайы.187

10-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТИ — ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ ӨКІЛДІ ОРҒАН.192

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны.192
2. Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылымы.201
3. Қазақстан Республикасы Парламентінің құзыреті.208
4. Қазақстан Республикасы Парламентінің актілері.219

11-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ.222

1. Парламент сессиялары: оларды дайындау, шақыру және өткізу тәртібі.222
2. Парламент комитеттері мен комиссияларының қызметі228
3. Қазақстан Республикасының Парламентіндегі заң шығару процесі.232

12-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ.247

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі: қалыптасу тәртібі, құрамы, өкілеттік мерзімі, жауаптылығы. Үкімет актілері.247

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі қызметінің негізгі бағыттары. Республика Үкіметінің қызметін ұйымдастыру.....	258
3. Министрліктер және агенттіктер: құрылу тәртібі, құзыреті, жауаптылығы.....	263

13-ТАҚЫРЫП.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ.....

1. Жергілікті өкілді органдардың жүйесі, құрылымы, құзыреті, актілері.....	268
2. Жергілікті атқарушы органдар: құрылу тәртібі, жүйесі, құзыреті, жауаптылығы, актілері.....	284

14-ТАҚЫРЫП.

МЕМЛЕКЕТ МЕХАНИЗМІНДЕГІ СОТ ОРГАНДАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ.....

1. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және оның қызметі мен ұйымдастырылуының конституциялық принциптері.....	292
2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы: құрылу тәртібі, жүйесі және құзыреті.....	301
3. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының рөлі.....	307

Құралай Хабылқызы Сәтбаева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

дәрістер курсы

Редакторы: *Н. Н. Сүлейменова*
Техникалық редакторы: *Г. Қ. Омарова*
Корректоры: *Ә. Д. Тұрғанбеков*

Теруге 1. 11. 2011 ж. тапсырылды. Басуға 02.12.2011 ж. қол қойылды.
Шартты баспатабағы 18.4. Есепті баспа табағы 16.3.
Қалыбы 60*84 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік.
Басу тәсілі ризографиялық. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 1371. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 2011 жылғы ведомстволық әдебиеттер басып шығару тақырыптық жоспарының № 21 позициясы.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының баспаханасында басылды
Қарағанды қаласы, Ермаков көшесі, 124.